ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

Анықтамалық материалдар жинағы

Жаңартылып, толықтырылған 2-ші басылымы

ICNL
INTERNATIONAL CENTER FOR NOT-FOR-PROFIT LAW
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҚҰҚЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Басып шығару мәселелерімен байланысуға өтінеміз:

Вашингтондағы коммерциялық
емес құқықтын Халықаралық
орталығы (ICNL):
Тел.: (202) 452 8600
Факс: (202) 452 8555
www.icnl.org

ICNL-дің Алматыдағы өкілдігі:
Тел.: +7(727) 266 8140
факс: +7(727) 266 8140
e-mail: carlawyer@icnl.org.kz







ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

Анықтамалық материалдар жинағы

Жаңартылып, толықтырылған 2-ші басылымы

Алматы, 2013

УДК 347
ББК 67.404
Қ18

Авторлар:

В.П.ни, Халықаралық коммерциялық емес құқық орталығының Орталық Азия бойынша бұрынғы кеңесшісі – **I бөлім**;

Г.М.Кужукеева,Халықаралық коммерциялық емес құқық орталығының Қазақстан бойынша кеңесшісі – **I бөлім, II бөлім, IY бөлім**;

В.В.Овчаренко, Халықаралық коммерциялық емес құқық орталығының Орталық Азия бойынша бұрынғы кеңесшісі – **I бөлім, III бөлім, Y бөлім**;

Н.А.Кәрімов, «Мүгедектер құқығы бойынша «Жан» Азиялық қоғамы» қоғамдық бірлестігінің заң бөлімінің бұрынғы бастығы – **IY бөлім**;

Н.А.Янцен, «Салық мәдениетін орнықтыру» қоғамдық бірлестіігінің заңгер-кеңесшісі – **Y бөлім**.

Редакторлар: **А.Б.Каптаева, А.В.Коровина, Г.М.Кужукеева**

Қазақстан Республикасындағы Коммерциялық емес ұйымдардың құқықтық мәртебесі / анықтамалық материалдар жинағы/, жаңартылып, толықтырылған 2-ші басылымы, – Алматы, LEM баспасы, 2013 ж., 316 бет.

ISBN 978-601-239-275-3

«Коммерциялық емес ұйымдардың құқықтық мәртебесі» кітабы Қазақстанда коммерциялық емес ұйымдарды (КЕҰ) құру, тіркеу және салық төлеу мәселелеріне қатысты анықтамалық материалдар жинағы болып табылады. Жинақта сонымен бірге КЕҰ-дың қызметін реттейтін заңдар мен заңнамалық актілер қамтылған.

Бұл жинақ көпшілік оқырман қауымға араналған. Жинақтың КЕҰ-дың басшыларына, заңгерлеріне, мамандары мен құрылтайшыларына (мүшелеріне), мемлекеттік орган қызметкерлеріне, ғылыми қызметкерлерге, студенттер мен Қазақстан Республикасындағы коммерциялық емес ұйымдар секторының жұмысын құқықтық реттеу мәселелеріне қатысы бар басқа да азаматтарға берер пайдасы аз емес.

Кітапты сондай-ақ коммерциялық емес ұйым саласының арнаулы мамандарын дайындау барысында оқу құралы ретінде пайдалануға болады.

Нормативтік құқықтық материал 01.02.2013 жылға сәйкес берілген.

Бұл басылым Халықаралық коммерциялық емес құқық орталығымен (ICNL) АҚШ Халықаралық Даму агенттігінің (USAID) қолдауымен «Орталық Азиядағы Азаматтық Қоғамға құқықтық қолдау көрсету» бағдарламасының аясында дайындалып (келісім № 176-A.00-09-00026-00) және USAID қолдауымен «Азаматтық Қоғамды Дамыту Ассоциациясы «АРГО» жүзеге асыратын «Аймақтық ынтымақтастық арқылы даму» бағдарламасының шеңберінде басылған.

Осы басылым америка халқының көмегімен АҚШ Халықаралық Даму Агенттігі (USAID) арқылы жарық көру мүмкіндігіне ие болды. Халықаралық коммерциялық емес құқық орталығы басылымның мазмұны үшін жауап береді, ол АҚШ Үкіметі немесе USAID көз қарасын міндетті түрде білдірмейді.

Жауапкершіліктен бас тарту жөніндегі өтініш. Осы басылымда қамтылған материалдар жалпы ақпарат тарату мақсатына арналғандықтан, оқырман тарапынан қандай да бір шешімді қабылдау немесе одан бас тарту үшін қолданылмауы керек. Аталған басылымда келтірілген ақпарат заңгерлік кеңес ретінде қаралмайды. Оқырманның белгілі бір шешімді қабылдар алдында өзінің көздеген мүддесіне қатысты нақтылы мәселе бойынша кәсіби құқықтық кеңеске жүгінгені жөн.

ISBN 978-601-239-275-3 © 2013. Халықаралық коммерциялық емес құқық орталығы

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз....4

I. КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ....5

II. КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫ ЗАҢДЫ ТҰЛҒА РЕТІНДЕ ТІРКЕУДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ....24

III. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДЫ ҚҰРУ ҮШІН ҰЙЫМДЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЫСАНЫН ТАҢДАУ....31

IV. КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДЫ ҚҰРУ ЖӘНЕ ТІРКЕУ....41

V. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДАРҒА САЛЫҚ САЛУ....73

ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасының Конституциясы 105

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Үзінді).... 143

Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» 16.01.2001 ж. № 142-II заңы.... 170

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» 31.05.1996 ж. № 3-I заңы 191

Қазақстан Республикасының «Тұтыну кооперативі туралы» 8.05. 2001ж. № 197-II заңы 200

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (үзінді) 222

Қазақстан Республикасының «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» 17.04.1995 ж. № 2198 заңы 245

Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдері туралы» кодексі (үзінді) 262

Гранттар тағайындайтын халықаралық және мемлекеттік ұйымдардың , шетелдік және қазақстандық мемлекеттік емес ұйымдардың , қоғамдық ұйымдар мен қорлардың тізімі 297

Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 30.01.2001ж. кодексі (үзінді) 302

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (16.07.1997ж.).. 311

АЛҒЫ СӨЗ

Бұл басылым халықаралық коммерциялық емес құқық орталығының (ХКЕҚО) Қазақстандағы заңгерлерге, мемлекеттік қызметкерлерге, парламентарийлер мен коммерциялық емес ұйымдардың (КЕҰ) өкілдеріне КЕҰ-ды құру, мемлекеттік тіркеу және салық төлеу мәселелеріне байланысты ақпараттық мағлұмат беру мақсатындағы зерттеу жұмыстарының нәтижесі болып табылады. Жаңартылып, толықтырылған алтыншы нұсқаны дайындау барысында КЕҰ-дың жетекшілері мен мамандар тарапынан түскен ұсыныстар мен пікірлер ескерілді. Қамтылған материалдардың игілігі тек коммерциялық емес ұйым қызметкерлерінің ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік қызметкерлерге, тәжірибе жинақтаушы заңгерлерге, студенттерге, Қазақстандағы коммерциялық емес сектордың жұмысын реттеуге мүдделі барша қауымға ортақ болады деген үміттеміз.

ХКЕҚО мақсаты – КЕҰ-ды құру мен қызметін құқықтық реттеуді жақсарту ісіне атсалысу. Орта Азия мен Қазақстан үшін азаматтық қоғам ұйымдарының басшылары мен қызметкерлерінің құқықтық сауаттылығын жетілдіру олардың қызметінің тек тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін ғана маңызды емес, сонымен бірге КЕҰ-дың қызметінің неғұрлым кәсіби және құзіретті қызметін ұтымды пайдалану дың арқасында бүкіл халықтың өмірін жақсартуға, жергілікті жердегі, сондай-ақ мемлекеттік маңызы бар ауқымды әлеуметтік мәселелерді тиімді шешудің жолдарын қарастыруда өмірлік маңызға ие болады деген ойдамыз.

I. КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

1. Коммерциялық емес ұйымның мәні, коммерциялық ұйымнан айырмашылығы, мемлекеттік емес және мемлекеттік коммерциялық емес ұйымдардың ерекшеліктері

Қазақстан Республикасының (ҚР) Азаматтық кодексі (АК) коммерциялық емес ұйымға (КЕҰ) өз қызметінің негізгі мақсаты табыс келтіру болып табылмайтын және алынған таза табысты қатысушылар арасында бөліске салмайтын ұйым ретінде анықтама береді. Азаматтық кодекс коммерциялық ұйымды өз қызметінің негізгі мақсатын табыс келтіру көздейтін ұйым ретінде анықтайды[1]. Осылайша, КЕҰ мен коммерциялық ұйым арасындағы айырмашылық деп (1) КЕҰ-ның қызметінде табыс келтіруден басқа мақсаттарының болатындығы; (2) КЕҰ үшін табыс келтіру қызметінің негізгі мақсаты бола алмайтындығы; (3) КЕҰ-ға қатысушылар арасында таза табысты үлестіруге тыйым салынғандығы. Одан әрі айырмашылық ерекшеліктердің әрқайсысы жеке қарастырылады.

КЕҰ-дың коммерциялық ұйымдардан елеулі өзгешелігі – біріншісін табыс келтіру мақсатынан ерекшелейтін белгілі бір мақсаттарының болуы керектігі болып табылады. (оны көбінесе жарғылық деп те атайды). ҚР-ның «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңының 4 бабында КЕҰ-ның мүмкін болатын бірнеше жарғылық мақсаттары көрсетілген, бұл – «әлеуметтік, мәдени, ғылыми, білім беру, қайырымдылық, басқарушылық мақсаттар; азаматтар мен ұйымдардың заңды мүдделері мен құқықтарын қорғау, дау-дамай мен келіспеушілікті шешу; азаматтардың рухани және басқа да қажеттіліктерін қанағаттандыру; азаматтардың денсаулығын сақтау, қоршаған ортаны қорғау, дене шынықтыру мен спортты дамыту; заңгерлік көмек көрсету». Сөз жоқ, КЕҰ жүзеге асыра алатын барлық мақсаттарды қандай да болсын бір заңнамалық кесім аясында қамтып шығу мүмкін емес, олардың негізінде қоғамда туындап отырған және әлі де туындай беретін сан түрлі зор әлеуметтік талаптар мен коммерциялық емес мүдделер жатады ғой. Сондықтан «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңда көрсетілген тізбенің жеткіліксіз болып табылатындығы және КЕҰ-дардың «қоғам игілігі мен өз мүшелерінің (қатысушыларының) игілігіне бағытталған» басқа да мақсаттарда құрыла алатындығы айтылған.

КЕҰ-дың коммерциялық ұйымдардың басқа айырмашылығы КЕҰ үшін қызметінің негізгі мақсаты табыс келтіруді талап етпейтіндігі. Іс жүзінде КЕҰ өзінің қызметін құрылтай құжаттарында өзі белгілеген мәнімен мақсаты аясында жүзеге асырады.[2] КЕҰ-ның мәні мен қызме-

[1] Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (ҚР АК) 34 бабы.

[2] ҚР АК-нің 41 бабы, 3 тармақ.

тінің мақсаттары оның құқықтары мен міндеттеріне әсер етуі мүмкін. Мәселен, ҚР Экологиялық кодексінің 14-бабында экологияны қорғау саласына қатысты қоғамдық бірлестіктерге арналған бірқатар арнайы құқықтар бекітілген; алайда бұл құқықтардың көпшілігін жарғылық мақсатына басқалармен бірге қоршаған ортаны қорғау мәселесі кіретін қоғамдық бірлестіктер ғана пайдалана алады.

КЕҰ-дың коммерциялық ұйымдардан тағы бір басты айырмашылығы таза табысты қатысушылар арасында үлестіруге заңнамалық тиым салынуы болып табылады. Таза табыс деп мемлекетке барлық салықтық және салықтан тыс төлемдерді тапсырғаннан артылған, соның ішінде салықтан босатылған ақшалай табыс деп түсіндіріледі.

Таза табысты үлестіруге тыйым салу КЕҰ-ның құрылтай құжаттарына сәйкес алдын ала қарастырылмағанын, немесе іс жүзінде қатысушыларына таза табыстан ақша төлей алмайтындығын көрсетеді. КЕҰ-ның қызметінен түскен таза пайда жарғылық мақсаттарды іске асырумен байланысты шығындарды өтеуге кетеді. Егер заңнамада қарастырылса КЕҰ-ның жарғылық мақсаттарының шеңберінде қатысушыларға қызмет көрсету және басқа да игілікті шаралардың мұндай тыйымнан тысқары болатынын атап айтқан жөн. Тұтынушылар кооперативі сияқты осындай КЕҰ-дар, жекеменшік мекемелер немесе акционерлік қоғамдар өздерінің қатысушыларының арасында заңнамамен бекітілген жарғылық мақсаттар шеңберінде экономикалық тиімділікті үлестіреді. КЕҰ-ғы «қатысушы» термині заңнамалық тұрғыдан анықталған, алайда ҚР-ның «Коммерциялық емес ұйымдар туралы заңында көбінесе «мүше» немесе «құрылтайшы» терминдеріне ұқсас мағынада қолданылады. «Қатысушы» термині мүше болмаған КЕҰ-дың ұйымдастыру-құқықтық нысандарында қолданылады. Іс жүзінде көбінесе КЕҰ-мен қарым-қатынасы реттелген КЕҰ-дар қызметіне атсалысушыларды, құрылтайшыларды, мүшелерді, басқа да тұлғаларды қатысушы деп түсінеді.

КЕҰ-да табыс келтіруге бағытталған «негізгі мақсатының» болмауын оның кәсіпкерлікпен айналысуына толық тыйым салу деп түсінбеу керектігін атап айтқан жөн. КЕҰ-дар кәсіпкерлік қызметпен өзінің жарғылық мақсаттарының сәйкестігі шегінде ғана айналыса алады[3]. Заңнамада «жарғылық қызметке сәйкестік» ұғымы нақтылы реттелмеген. Тәжірибе жүзінде КЕҰ-дардың көбінесе жарғылық мақсатқа қарама-қайшылық туғызатын қызметпен айналыса алмайтындығы аңғарылады. Мысалы, балалар қоғамдық бірлестігі спирттік ішімдіктер мен темекі түрлерін сатумен айналыса алмайды.

ҚР-ның заңнамасы КЕҰ-ды мемлекеттік және мемлекеттік емес деп бөледі. Мемлекеттік емес КЕҰ азаматтармен және мемлекеттік емес заңды тұлғалармен құрылатын КЕҰ болып табылады. Олардың қата-

[3] ҚР АК-нің 34 бабы, 3 тармақ.

рына барлық қоғамдық және діни бірлестіктер, пәтер иелерінің кооперативтері, тұтынушылар кооперативтері, адвокаттар коллегиялары, аудиторлар палаталары, қоғамдық қорлар, жекеменшік мекемелер кіреді. КЕҰ-дың жекелеген түрлері, мысалы мемлекеттік қорлар, тек мемлекеттік қана болуы мүмкін.

Тәжірибе жүзінде және заңнамада «мемлекеттік емес ұйым» деген терминнің қолданылатынын ескерген жөн.

ҚР-ның «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс»[4] жөніндегі заңында берілген анықтамаға сәйкес, мемлекеттік емес ұйымға жататын КЕҰ-дар ҚР-ның заңнамасы негізінде (саяси партияларды, кәсіптік одақтарды және діни бірлестіктерді қоспағанда), ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін азаматтардан және (немесе) мемлекеттік емес заңды тұлғалардан ерікті түрде құрылады.

Сонымен қатар ҚР-ның бірқатар заңдарында «мемлекеттік емес» деген термин Қазақстанда жұмыс істейтін шетелдік және халықаралық мемлекеттік емес коммерциялық емес мекемелерді белгілеу үшін қолданылады[5].Тәжірибе жүзінде Қазақстанда бұл термин КЕҰ-ның синонимі ретінде қолданылады. Арнаулы мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру үшін мемлекеттік коммерциялық емес ұйым құрылып, және бұл мекеменің ресми мемлекеттік емес болып аталу жағдайы белгілі.[6]

2. Коммерциялық емес ұйымдардың мәртебесін реттейтін заңнама жүйесі

КЕҰ-ның құрылуы, қызметі қайта құрылуы мен таратылуына қатысты жалпы мәселелер. ҚР-ның АК-мен реттелуі ҚР АК-де коммерциялық емес және коммерциялық ұйымдар арасындағы айырмашылықпен бірге КЕҰ-дың негізгі ұйымдық-құқықтық нысандары анықталған.

АК-тің 2 тарауындағы VII бөлімі КЕҰ-ға арналған және коммерциялық емес ұйымдардың негізгі ұйымдық-құқықтық нысандарына қатысты ережелер мен нормаларды қамтиды.

ҚР-ның коммерциялық емес ұйымдар туралы заңы 2001 жылдың 16 қаңтарында қабылданды. Ол мемлекеттік емес және мемлекеттік коммерциялық емес ұйымдардың жұмысын реттеуді «қалыпқа түсірген» құқықтық нормативтік кесім болып саналады. Осы заң баптарының басым көпшілігі КЕҰ-дың барлық ұйымдық-құқықтық нысандарына, түрлеріне кеңінен қолданылады. Онда қызмет мақсаттары, құқықтары мен міндеттері, КЕҰ-дың құрылуына, қызметіне, қайта құрылуы мен таратылуына қатысты арнайы ережелер «Коммерциялық емес ұйымдар»

---

[4] «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» ҚР заңы, 1 бап, 7 тармақ.

[5] «Қоғамдық бірлестіктер туралы» ҚР заңы,3,9,13,14,19 және 24баптар; «Білім беру туралы» заңы, 65 бап, 2 тармақ; ҚР Салық Кодексі, 12 тармақ.

[6] «Қазақстан Республикасының аз қамтылған азаматтарына шағын несие берудің 1998-2000 жылдарға арналған бағдарламасы жөнінде» ҚР Үкіметінің № 103 Қаулысы, 12.04.1998 ж.

туралы заңда АК-ке қарағанда қор мен заңды тұлғаларды біріктіретін ассоциация (одақ) сияқты жекелеген түрлерінің ұйымдық-құқықтық нысандары едәуір нақтыланып реттелген.

Қазақстандағы КЕҰ-дың ұйымдық-құқықтық нысандарына және жекелеген түрлеріне қатысты арнаулы заңдар қабылданған. Оның қатарында 1992 жылғы 15 қазанда қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңы, 1993 жылғы 9 сәуіріндегі «Кәсіптік одақтар туралы» заңы, 1996 жылғы 31 мамырында қаабылданған «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заң, 2002 жылғы 15шілдесіндегі «Саяси партиялар туралы» заңы,1997 жылғы 16 сәуіріндегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» заң, 1994 жылғы 21 шілдесіндегі «Ауылдық тұтыну кооперациясы» туралы» заң және 2001 жылғы 8 мамырдағы «Тұтыну кооперативі туралы», 2003 жылғы 8 сәуіріндегі «Суды пайдаланушылардың ауылдық тұтынушылар кооперативі туралы» заң бар. Қазақстан Республикасының заңнамасында 2003 жылғы 8 мамырындағы «Акционерлік қоғам туралы» заңын ерекше атаған жөн, өйткені онда «Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырған жағдайда» акционерлік қоғам ұйымдастыру-құқықтық нысанында коомерциялық емес ұйым құрыла алатындығы қарастырылған.

Жоғарыда санамаланған заң құжаттарын КЕҰ-дың түрлері мен ұйымдастыру-құқықтық нысандарының құрылуына, мемлекеттік тіркелуіне, қызметіне, қайта құрылуы мен таратылуына байланысты барлық мәселелерді жеткілікті түрде нақтылап реттеп берді.

Қоғамдық бірлестік заңнамада едәуір реттелген коммерциялық емес ұйым болып табылады. Қазақстан Республикасының бірқатар заңдарында қоғамдық бірлестіктердің жекелеген түрлері жөнінде арнаулы ережелер бар. Мәселен, 2010 жылғы 4 маусымындағы «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңда тұтынушылар бірлестігі реттеледі («қоғамдық бірлестік» ұйымдастыру-құқықтық нысаны ретінде тіркеледі).

2005 жылғы 13 сәуіріндегі «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңда – мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері, 2004 жылы 7 шілдесіндегі «Жастар жөніндегі мемлекеттік саясат» туралы заңда – қоғамдық бірлестіктер түріндегі жастар ұйымдары; ҚР Экологиялық кодексінде – қоршаған ортаны қорғау саласындағы қоғамдық бірлестіктер жөніндегі заңдарда реттеледі.

Бұл заңдар қоғамдық бірлестіктердің тиісті түрлерін құруға, мемлекеттік тіркеуге, басқаруға, қайта құруға немесе жоюға қатысты бір арнаулы ережелер тағайындамайды, олар тек тиісті қызмет саласына сәйкес арнайы құқықтар мен міндеттерді ұсынады немесе мемлекет тарапынан қолдау көрсетуді белгілі бір түрде қарастырады.

Сондай-ақ экономиканың жекелеген салалары мен тармақтарының арасындағы қатынасты реттейтін көптеген заңдарға, тиісті салаларға қызмет атқаратын заңды тұлғалардың бірлестіктерін құру мүмкінді-

гін қарастыратын арнайы ереже қосылады. Мәселен, заңды тұлғалар асоциацияларын (одақтарын) құру туралы ереже 1995 жылғы 31 тамыздағы «Банктер және банк қызметі туралы» заңда, 2000 жылғы 25 желтоқсанындағы «Ауыл шаруашылық серіктестері мен олардың ассоциациялары (одақтары)», 2001 жылғы 13 шілдедегі «Туристік қызмет туралы», 2010 жылғы 4 мамырдағы «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» заңда орын алған.

Жеке кәсіпкерлерді және (немесе) заңды тұлғаларды қауымдастық (одақ) түрінде біріктіруге арналған бұл заңдарда Азаматтық кодекстің 110 – бабымен салыстырғанда қандай да бір арнайы ережелер мен нормалар жоқ, олар тек қауымдастықтардың (одақтардың) әрбір нақтылы жағдайға қатысты қызметінің мақсаты мен мәнін айқындайды.

1997 жылғы «Нотариат туралы» заң, 1997 жылғы 5 желтоқсандағы «Адвокаттық қызмет туралы» заң, 1998 жылғы 28 қарашадағы «Аудиторлық қызмет туралы» заң, 2000 жылғы 30 қарашадағы «Бағалау қызметі туралы» заңдар жеке топты құрайды. Бұл заңдардың әрқайсысы нотариустарды, адвокаттарды, аудиторлар мен бағалаушыларды жеке құқықтық коммерциялық емес ұйым түрінде құруды мемлекеттік тіркеуқызметін, қайта құрылуы мен жойылуына байланысты мәселелерді реттейді.

Сондай-ақ, 2006 жылғы 31 қаңтардағы «Жеке кәсіпкерлік туралы» заңды ерекше, бөле жара айтуға болады. Онда кәсіпкерлер бірлестіктеріне (мемлекеттік ереже тәртібімен аккредитацияланған) кәсіпкерлердің құқығына қатысты нормативтік құқықтық актілер жобаларын сараптамадан өткізуге арнайы құқық беріліп, сондай-ақ мемлекеттік мекемелердің нормативтік актілер жобаларын сараптамадан өткізуге міндеттілігін анықтайды.

3. Коммерциялық емес ұйымдардың ұйымдық-құқықтық нысандары

ҚР-ның заң құжаттарына сәйкес коммерциялық емес ұйымдар тек белгілі бір ұйымдық-құқықтық нысандарының негізінде құрылуы мүмкін. «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңда бұлардың қатарында қоғамдық бірлестіктер, қорлар, заңды тұлғалар қауымдастығы (одақтары), тұтыну кооперативтері коммерциялық емес акционерлік қоғамдар, пәтер иелерінің кооперативтері, нотариалдық палаталары, адвокаттар алқасы, аудиторлар палатасы, сауда-өнеркәсіптік палатасын жатқызады.[7]

Сонымен қатар ҚР АК-і КЕҰ-дың осындай ұйымдық-құқықтық нысанын жеке кәсіпкерлердің және (немесе) заңды тұлғалардың қауымдастыққа (одаққа) бірігуі ретінде қарастырады. КЕҰ-ның басқа ұйымдық-құқықтық нысандары заңнама актілері бойынша енгізіледі.[8]

[7] «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» ҚР-ның заңы, 2 бөлім.

[8] ҚР АК-нің 110 бабы.

КЕҰ-дың ұйымдық-құқықтық нысандары өзара қызметінің мақсаттары мен сипаттарына қарай, қатысушылар құрамына мүше болу болмауына, мүліктің қалыптасуы мен оған билік ету, басқару және бақылау жүйесіне және басқа да бірнеше өлшемдерге байланысты ерекшеленеді, сондықтан олардың әрқайсысына түрлі құқықтық реттеу тәртібі қолданылады.[9] Кейбір жеке коммерциялық емес ұйымдардың ұйымдық-құқықтық нысандары, атап айтқанда қоғамдық және діни бірлестіктер, тұтыну кооперативі бойынша бүгінде арнайы заңдар қабылданып, қолданылуда, ал басқа нысандар бойынша мұндай заңдар қабылданбаған. Бір ұйымдық-құқықтық нысанындағы КЕҰ-дар қызметінің жарғылық мақсаттарынан тыс, мүшелік құрамына және бірқатар басқа белгілеріне қарай бірлестіктер арасынан саяси партияларда кәсіптік одақтар, тұтынушылар құқықтарын қорғау қоғамдары, ұлттық мәдени орталықтар ерекшеленеді. Олардың кейбіреуінің құрылу ерекшелігі, қызмет ерекшелігі арнайы заңдармен реттелуі мүмкін.

Заңнамалық актілерге конституциялық заң, ҚР Президентінің жарлықтары, кодекстер, заңдар, ҚР Парламентінің қаулылары, Сенат пен Мәжіліс қаулылары жатады. (ҚР-ның «Нормативтік актілер туралы» заңының (24.03.1998) 1 бабы.

Бір ұйымдық-құқықтық нысанындағы коммерциялық емес ұйымдардың ұйымдық құқықтық нысандары мен түрлерін ажырата білу керек (елеулі айырмашылықты ұйымдық-құқықтық нысандарына КЕҰ-дың ресми атауының құрамдас бөлігі ретінде сілтеме берілуі тиіс)[10].

Әрі қарай біз жекелеген коммерциялық емес ұйымның мәселелерінің құқықтық реттеуін неғұрлым тиянақтырақ қарастыратын боламыз.

Қоғамдық бірлестіктер

Қоғамдық бірлестіктер азаматтардың ҚР заңнамасына қайшы келмейтін ортақ мақсатқа қол жеткізу үшін ерікті бірлестік нәтижесінде құрылған ұйым болып табылады[11].

Бұл анықтауыш КЕҰ-ның ұйымдық-құқықтық нысаны ретінде қоғамдық бірлестіктің мынадай айырмашылықтарын ерекшелеуге мүмкіндік береді. Біріншіден, қоғамдық бірлестік азаматтардың бірлестігі болып табылады. Бұл бір жағынан алғанда заңды тұлғалар оны құруға бастамашы да, мүше де бола алмайтындығын көрсетеді. Екіншіден, бірлестік ерікті болу керек және бірлестік құқығын іс жүзіне асыруға қызмет етуі керек.

Азаматтар бірлестіктерді қалай құруға құқылы болса, солай құрмауға да және құрылған бірлестіктерге кірмеуге де құқылы екендігі осы ұйымдық-құқықтық нысаны шеңберінде олардың конститутциялық құқықтары

[9] «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» ҚР-ның заңы, 34 бап, 3 тармақ; 17 бап, 3 тармақ.

[10] ҚР АК-нің 38 бабының 1 т.

[11] ҚР АК-нің 106 бабы, ҚР-ның «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңы, 11 бап, «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңы, 2 бап.

жүзеге асырылады. Үшіншіден, бұл-ұйымдық-құқықтық нысанының маңызды белгісі бірігуші азаматтардың мүдде ортақтығы болып табылады. Қоғамдық бірлестік, ең алдымен, ақшалай қаржымен мүліктің бірігуінен емес, азаматтардың ортақ (жақын) мүдде тұрғысынан күш біріктіруі және онда бірлескен қатысушылардың (мүшелердің) өз ұйымының қызметіне қатысуы қарастырылған. Төртіншіден, қатысушылар үшін ортақ мақсатты таңдау тек заңнама тұрғысынан тікелей тыйым салу арқылы шектелуі мүмкін (мысалы, бір ғана мақсаты – пайда келтіру болуы мүмкін емес). Қоғамдық бірлестікте ұйымға мүше болу үшін құрылтай құжаттарына өзгеріс енгізудің қажеті жоқ. Мүшелікке қабылдау тәртібі құрылтай құжаттарында реттеліп, ереже бойынша азаматтың мүшелікке қабылдау жөнінде берген өтінішінен кейін бірлестіктің жоғарғы органында қаралып, мүшелікке қабылдау жөнінде шешім шығарылады. Әдетте ұйымның барлық мүшелері бірдей құқықтар мен міндеттерді пайдаланады. Мүшелердің бірлестік қызметіне қатысуы кіру және мүшелік жарналаларын төлеу арқылы жүзеге асырылады, алайда кіру және мүшелік жарнаны төлеу талабы барлық бірлестіктер үшін міндетті емес. Жарнаны төлеу мәселесін, оның мөлшерін және мерзімін т.б. ұйымның өзі шешеді. Қоғамдық бірлестіктің басқа КЕҰ-дың ұйымдық-құқықтық нысандарына қарағанда маңызды ерекшелігі – бірлестіктің таралу аумағының шектеулілігіне қатысты заңды құжаттың бекітілуі қызмет ету аумағына байланысты қоғамдық бірлестік республикалық, өңірлік немесе жергілікті дәрежеде болуы мүмкін.

Республикалық мәртебе алу үшін қоғамдық бірлестік ҚР-ның тең жартысынан артық облыстар аумағында филиалдарын (өкілдіктерін) тіркеуге тиіс; өңірлік мәртебе үшін – тең жартысына жуық облыстар қамтылады.[12]

Бір облыста, мемлекеттік маңызы бар қалада, астанада тіркелген жағдайда қоғамдық бірлестік жергілікті мәртебеге ие болады және қызметі саласына қарай облыспен немесе республикалық маңызы бар қаламен шектеледі. Қоғамдық бірлестіктердің құрылтайшылары ҚР-ның азаматтары бола алады. Қазақстанда қоғамдық бірлестікті тіркеуден өту үшін Қазақстан Республикасының кем дегенде 10 азаматы қатысуы талап етіледі. Шетелдік азаматтар немесе азаматтығы жоқ тұлғалар құрылтайшы бола алмайды,[13] бірақ егер осы бірлестіктердің жарғысында бұл қарастырылған болса, саяси партиядан басқа кез келген қоғамдық бірлестіктерге мүшелікке қабылдана алады.

Саяси партиялардың жанындағы жастар қоғамдық бірлестіктерінің мүшелігіне 16 жасқа толған азаматтар қабылдана алады. Басқа жастар және балалар қоғамдық бірлестіктері мүшелерінің жасы олардың жарғыларында (ережелерінде) көрсетіледі.[14]

---

[12] Қоғамдық бірлестіктің құрылымдық салалары аумақтың тең жартысында, яғни ҚР-ның 7 облысында тіркелген жағдайы туралы (онда осы қоғамдық ұйым республикалық та, аймақтық та болып анықталуға жатпайды ғой) заңда ештеңе айтылмаған.

[13-14] «Қоғамдық бірлестіктер туралы» ҚР-ның заңы, 10,11 баптар.

Қоғамдық бірлестіктің жоғарғы басқару органы ұйым мүшелерінің жалпы жиналысы (съезі, конференциясы) болып табылады. Жоғарғы басқару органының құзырына жарғыны қабылдау, коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу; өз еркімен қайта құру және тарату; ұйымның басқару органдарын құру және ұйымдастарушылық құрылымының құзіретін анықтау, ұйымның басқару органдарын құру және құзіретін тоқтату тәртібі; басқа заңды тұлғалардың, сондай-ақ өзінің филиалдары мен өкілдіктерінің құрылуы мен қызметіне қатысу жөнінде шешім қабылдау; атқарушы органмен қаржылық есеп берудің мерзімі мен тәртібін белгілеу, сондай-ақ бақылау органымен тексеру жүргізіп, нәтижесін бекіту жатады.

Құрылуға, мемлекеттік тіркеуге, қызметіне, қайта құру мен таратуға байланысты жалпы мәселелер Азаматтық кодекс пен «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңымен реттеледі.

Қоғамдық бірлестіктің ұйымдық-құқықтық нысаны КЕҰ түрлерін біріктіреді. Олардың қатарында саяси партиялар, кәсіби одақтар, мүгедектер қоғамдары, ардагерлер ұйымдары, экологиялық қоғамдар, мамандық бойынша құрылған бірлестіктер, мүдделер бойынша клубтар, көптеген ұлттық-мәдени орталықтар, әйелдер, жастар және балалар бірлестіктері т.б. кіреді.

Саяси партиялар мен кәсіподақтар: заң қабылдаушылардың назарында болды, олар «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңымен қатар 2000 жылғы 15 шілдедегі «Саяси партиялар туралы» және 1993 жылғы 9 сәуірдегі «Кәсіптік одақтар туралы» заңдармен реттелінеді. Оларға арнайы талаптар қойылады.

Мәселен, саяси партияны тіркеу үшін оның құрамында салалық құрылымдардан (филиалдар мен өкілдіктердегі) қырық мыңға жуық партия мүшесі болу керек, және олар барлық облыстардан, мемлекеттік маңызы бар қалалардан және астанадан, әрқайсысынан 600-ден кем мүше болмауы керек[15], ал кәсіподақтар өндірістік-салалық талап бойынша құрылуы тиіс.[16]

Қор

Азаматтар және (немесе) заңды тұлғалар ерікті мүліктік жарналар негізінде құрылған, әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім беру және өзге де қоғамдық пайдалы мақсаттарды көздейтін мүшелігі жоқ коммерциялық емес ұйым қор деп табылады.[17]

Қор – мүшелігі жоқ ұйым болып танылады. Бұл қор заңды немесе жеке тұлғалардың бірлестігі негізінде емес, мүліктік жарналар негізінде құралады. Қор өсиет бойынша құрыла алады.

Қор «әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім беру және басқа да қоғамдық пайдалы мақсаттарға»[18] арналып құрылады. ҚР заңнама-

[15] «Саяси партиялар туралы» 2002 ж.15 шілдесіндегі № 344-II ҚР-ның заңы, 6 бап, 10 тармақ.

[16] «Кәсіподақтар туралы» 1993 ж. 9 сәуіріндегі № 2107-XII ҚР-ның заңы, 5 бап.

[17-18] «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» ҚР-ның заңы, 12 бап.

сы «қоғамдық пайдалы» және «қайырымдылық» мақсаттарына түсінік бермейді. Іс жүзінде олардың қатарына «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» ҚР заңының 4 – бабында санамаланған әлеуметтік, мәдени, ғылыми, қайырымдылық, білім беру, басқарушылық мақсаты, құқық қорғау, азаматтар мен ұйымның заңды мүддесі, дау дамай мен келіспеушілікті шешу, азаматтардың рухани және басқа да сұраныстарын қанағаттандыру, азаматтардың денсаулығын қорғау, қоршаған ортаны қорғау, денешынықтару мен спортты дамыту, заңгерлік көмек көрсету сияқты қызмет түрлерін қамтиды. Қор құрылтайшылары жеке бастың сұранысы мен мүддесіне байланысты мақсатты көздемейді.

«Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заң қызметінің мақсаттарына байланысты қорларды әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім беру және басқа да қорлар деп бөледі.[19]

Қордың негізін ортақ қызметті жүзеге асыру мақсатында тұлғалардың бірігуі арқылы емес, мүлікті біріктіру арқылы құрылатын коммерциялық емес ұйым құрайды. Яғни осы ұйымдық-құқықтық нысаны қаржыны жинақтауда және әрі қарай қоғамдық пайдалы бағдарламаларды қаржыландыруға немесе тікелей қордың өз шеңберінде барлық қоғамға пайдалы қызмет атқаруға қолайлы. Қордың мүліктік базасы ерікті мүліктік жарналардан, құрылтайшылардың түсімдерін қосқанда, қайырымдылық көмек, тауар сатудан түскен табыс, жұмыс, қызмет көрсету, дивиденді және басқа да заңмен тыйым салынбаған түсімдер т.б. негізінде қалыптасады.[20]

Қоғамдық қордың құрылтайшылары азаматтар да, заңды тұлғалар да бола алады. Құрылтайшылардың құрамына байланысты қорлар – жеке меншік, корпоративтік, қоғамдық және мемлекеттік болып бөлінеді. Жеке қорды бір жеке тұлға немесе бір отбасы мүшелерінен құралатын бірнеше жеке тұлғалар ашады. Мемлекеттік қор мемлекеттік органдардың шешімі бойынша құрылады.

Қордың басқару органы – құрылтайшы немесе құрылтайшылардың жалпы жиналысы (жоғарғы басқару органы), тұрақты түрде қызмет атқаратын қамқорлық ұйымы (алқалы басқару органы), жетекші және бухгалтер (атқару органы) болып табылады.

Қордағы жоғарғы басқару органы – құрылтайшы немесе құрылтайшылардың жалпы жиналысы. Бұл органның ерекше құзырына қабылдау мәселесі, коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарын қабылдау, өзгертулер мен толықтырулар енгізу, ұйымның басқару органдарын құру және құзіретін тоқтату тәртібі, қайта құру және тарату; ұйымдастыру құрылымының құзіретін анықтау; басқа заңды тұлғаларды құру және қызметі жөнінде шешім қабылдау, атқарушы органмен қаржылық есеп беру тәртібі мен мерзімін белгілеу, сондай-ақ бақылау органымен тексеріс жүргізу мен оның нәтижесін тұжырымдау жатады.

[19] «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» ҚР-ның заңы, 13 бап, 1 тармақ.

[20] «Коммериялық емес ұйымдар туралы» ҚР-ның заңы, 35 бап.

Қорды басқаруда тұрақты түрде қызмет атқаратын алқалы орган – қамқорлық кеңес. Заң оның құзырына атқарушы органды тағайындауды, қор қызметінің жарғылық мақсаттарға сәйкестігін бақылауды және жарғымен осы органға бекітілген басқа да өкілеттілікті берді.

Қордың қамқорлық кеңесінің көпшілік мүшелерінің қатары туыстық және неке байланысы жоқ тұлғалар, сондай-ақ штат қызметкерінің қатарында жоқ бөтен тұлғалар болып табылады.[21]

Қордың атқаратын органы қордың жоғарғы органының және қамқорлық кеңесінің шешімдері негізінде және оларды орындау мақсатында қызмет атқарады әрі олардың алдында есеп береді, сонымен қатар әдетте осы органның өкілеттігіне қор атынан мәміле жасауға, сотта, мемлекеттік органдарда және басқа ұйымдарда қордың сенімхатсыз өкілі етеді. Қор басшысы және есепшісі өзара неке, жақын туыстық қатынастарда болмауы тиіс және бір тұлғаға екі міндет атқаруға тыйым салынған.[22]

Құрылтайшылардың қорға берген мүлкі қор меншігі болып табылады. Қор бұл мүлікті жарғыда көрсетілгендей қоғамға пайдалы мақсаттар үшін пайдаланады.

Қор құрылтайшыларының қор мүлкіне ешқандай мүліктік құқығы жоқ, яғни олар не меншіктік не міндеттемелік құқыққа ие бола алмайды, сондықтан құрылтайшы мүлікті қайтарып алып, өз мақсатына пайдалана алмайды.

Құрылтайшылар қор қарызына жауап бермейді, сондай-ақ қор да құрылтайшылар қарызы үшін жауапты емес. Заң құжатнамада қорлар үшін қор мүлкін пайдалану жөнінде жылда есебін жариялау міндеті жүктелген.[23]

Діни бірлестік

Рухани қажеттерін қанағаттандыру үшін мүдде ортақтығы негізінде, заң құжаттарында белгіленген тәртіп бойынша біріккен азаматтардың ерікті түрдегі бірлестігі діни бірлестік деп танылады. Діни бірлестіктер дінді бірлесіп ұстану және басқа да діни талаптарды қанағаттандыру мақсатын көздейді.[24] Осылайша бұл коммерциялық емес ұйымның нысаны азаматтардың дін бостандығы құқықтарын жүзеге асыруға арналған ұйымдастырушылық мүмкіндіктерін туғызады. Жергілікті діни бірлестікті құруға кемінде 10 кәмелетке толған азаматтар бастамашы болу керек. Діни басқармалар (орталықтар), өз кезегінде діни оқу орындары, мешіттер, монастырлер, діни бірлестіктердің өкілетті басқару

[21] «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» ҚР-ның аңы, 12 бап, 2 тармақ.

[22] Заңнамада«жақын туыстық қатынастарда болмауы тиіс және бір тұлғаға екі міндет атқаруға тыйым салынған» деген сөздің мәні ашылмаған. ҚР Қылмыстық кодексі бойынша (ҚК) «жақын туыстарға ата-аналары, балалары, атасы, апасы, немерелері жатады (7 бап).

[23] ҚР.АК-нің 6 бабы, 107 тармақ,. »Коммерциялық емес ұйымдар туралы» ҚР-ның заңы,7 бап, 12 тармақ.

[24] «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» ҚР-ның заңы, 15 бап.

органдарының шешімімен құрылады. Діни бірлестіктер қатарында діни ұжымдар (қауымдастықтар), діни бағдарламалар (орталықтар) және олардың құрылымдық бөлімшелері, діни оқу орындары, құрылымдық ұйымдар, діни бауырластықтар, монастырлер, мешіттер бар. Діни бірлестіктер қызмет атқару аумағына байланысты жергілікті және екі немесе екіден астам облыс аумағын қамтитын болып бөлінеді. Азаматтық кодекспен қатар діни бірлестіктер қызметі коммерциялық емес ұйымдар туралы заң құжаттарымен және Қазақстан Республикасының «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» 1992 жылғы 15 қаңтардағы арнаулы заңымен реттеледі.

Мекеме

Басқару, әлеуметтік-мәдени немесе өзге де коммерциялық емес сипаттағы міндеттерді жүзеге асыру үшін меншік иесі құрған және қаржыландырған ұйым мекеме деп аталады.[25]

2011 жылы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңға тиісті өзгеріс енгізіліп, мемлекеттік мекемелер КЕҰ қатарынан шығарылды. Осылайша, тек КЕҰ-дар ғана жекеменшік болып саналады. Жекеменшік мекемелер жеке тұлғалар және (немесе) мемлекеттік емес заңды тұлғалар арқылы құрылады. Азаматтық кодексте де, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңда да мекемені құруға керекті тұлғалар санына шектеу қойылмайды, яғни ол бір немесе одан көп жеке тұлғалармен құрылуы мүмкін. Алайда іс жүзінде көбінесе мекеме бір жеке немесе заңды тұлға арқылы құрылады. Құрылған мекеме айналысатын қызмет түріне байланысты салаларға бөлінеді, оларға тиесілі міндеттердің жобасы заңнамада көрсетілді, олардың қатарына әлеуметтік, мәдени, басқару және коммерциялық емес сипаттағы басқа да міндеттер кіреді. Егер мекеме лицензиялауға жататын қызметпен айналысатын болса, онда тиісті лицензияны алуға міндетті. Мекеме мүлкі оралымды басқару құқығымен бекітілген мүлік және жеке меншікке алынған мүлік болып бөлінеді.

Өзіне бекітілген және өзі меншікке сатып алған мүлікке қатысты мекеме құқығы Азаматтық кодекстің 202-208 баптарына сәйкес анықталған. Азаматтық кодекстің 206 бабының 1-тармағында мекеменің мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатылып алынып, өзіне бекітіліп берілген мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе басқа әдіспен билік етуге құқықтық еркі жоқ деп көрсетілген.

Меншік иесі мекеменің басқару қызметіне белсенді түрде қатыса алады. Біріншіден, ол осы міндеттерді мекеменің құрылтай құжаттарында өзі жазған өкілеттік негізінде жүзеге асыра алады. Екіншіден, меншік иесі мекемеге меншік иесі берген мүліктің тиімді пайдаланылуына және мекемеде сақталуына бақылау жасай алады.[26]

[25] Коммерциялық емес ұйымдар туралы ҚР-ның заңы, 8 бап.

[26] ҚР АКнің 204 бабы, 2 тармақ.

Мекеме өзінің міндеттері бойынша қарамағындағы ақшалай қаражатқа жауап береді. Мекемеде қаражат жетіспеуіне оның міндеттемесі бойынша құрылтайшы жауап береді.[27] Және құрылтайшы өзінің бүкіл мүлкіне жауап береді, соның ішінде мекеменің міндеттемелерін орындау үшін ақшадан тыс мүлкін де пайдалана алады.

Тұтыну кооперативі

Қатысушылардың материалдық және басқа да қажеттерін қанағаттандыру үшін мүшелік негізінде мүліктік (үлестік) жарналарын біріктіру арқылы жүзеге асырылатын азаматтардың ерікті бірлестігі тұтыну кооперативі деп танылады[28]. Қоғамдық және діни бірлестіктерден айырмашылығы мұнда, қатысушылар, негізінде өздерінің материалдық талаптарын қанағаттандыру үшін бірігеді. Осы ұйымдық құқықтық нысанының тағы бір ерекшелігі қатысудың үлестік сипатында. Тұтыну кооперативінің жекелеген түрі ретінде қолданыстағы заң құжаттарында ауылдық тұтыну кооперативтері, тұрмыстық және тұрғын үй[29] құрылыс кооперативтері белгіленді.[30] Тұтыну кооперативі кем дегенде екі адамның бірлесуінен құрылады және он сегіз жасқа толған азаматтар мен заңды тұлғалар мүше бола алады.

Тұрғын үй және тұрғын үй-құрылыс кооперативтерін құру үшін кемінде кәмелетке толған үш азамат болуы керек.

Пәтер иелерінің кооперативі

Пәтер (ғимарат) иелерінің кооперативтері (ПИК) көп пәтерлі тұрғын үйде немесе қатар орналасқан үйлердегі кондоминиум нысанын басқару үшін құрылады. Ішінде кіріктірме тұрғын емес үй жайы жоқ үйлер пәтер меншік иеленуші кооперативтері деп аталады, ал кіріктірме тұрғын емес үй жайы бар ғимараттар ғимарат иеленуші кооперативтер деп аталады.[31].

Бүгінде ПИК көп пәтерлі тұрғын үйлердегі кондоминиум объектісін бірлесіп басқарудың, ортақ мүліктерді (төбелер, шатырлар, жертөлелер, үйдің ортақ инженерлік желілері, жер телімі т.б.) бірлесіп пайдалану бойынша негізгі қызмет көрсету нысаны болып табылады. Сондай-ақ ПИК шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үйлерді коммуналдық қызметпен қамтамасыз етудің орталықтандырылған мәселелері шешімін табады.

«Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңның 17 бабының 7 тармағында ПИК жеке ұйымдық-құқықтық нысаны ретінде аталады, алайда оның құқықтық мәртебесі күні бүгінге дейін жеткілікті анықталмаған.

---

[27] ҚР АК-нің 44 бабы, 1 тармақ.

[28] «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» ҚР-ның заңы, 1 бап, 14 тармақ.

[29] «Ауылдық тұтынушылар кооперациясы» ҚР-ның заңы.

[30] «Тұрғын үй қатынастары» жөнінде ҚР-ның заңы, 8 бөлім.

[31] «Тұрғын үй қатынастары» жөнінде ҚР-ның заңы, 43 бап.

ПИК туралы арнайы ережелер қамтылған «Тұрғын үй қатынастары туралы» заң 1997 жылдың 16 сәуірінде қабылданған, бірақ көптеген ПИК-тер бұл заңды қабылдаудан әлдеқайда бұрын, пәтер иелерінің тұтыну кооперативтері нысанында құрылған. «Тұрғын үй қатынастары туралы» заң ПИК жарғыларының мазмұнын анықтауда тұтыну кооперативтеріне қатысты Азаматтық Кодекстің 108 – бабына сілтеме жасалған, бұл пәтер иелері кооперативтерінің құқықтық мәртебесін одан әрішатастырды. Сонымен бірге ПИК-тер бірқатар белгілері тұтыну кооперативінің құқықтық мәртебесіне сәйкес емес (бірлесудің еріктілік қағидасы қамтылмаған, үлестік жарналар жоқ және т.б.), сол себептен оларды коммерциялық емес ұйымдық-құқықтық жеке нысан деп тану керек.

Заң құжаттарына сәйкес пәтер йелерінің, кондоминиум қатысушылары және олардың сенімді тұлғаларының кем дегенде жартысы қатысқан жағдайда өткізілген болып есептеледі. Шақырылуына, өткізілуіне қатысты заң талаптары ескерілсе, қайтадан жиналыс шақырылса, қатысушылар санына қарамастан өткізілген болып саналады. Осылайша ПИК-ті құру шешімі алғашқы құрылтай жиналысында шешілген болса, онда шешімді қабылдауға қатысушылардың үштен екі бөлігінің дауыс беруі және кондоминиумға қатысушылардың жартысынан көбінің жиналысқа қатысуы шарт. Егер ПИК құру туралы шешім қайта өткізілетін жиналыста қабылданса, шешімді қабылдауға үштен екі бөлігі қатысуы және қатысушы құрылтайшылар саны екіден кем болмауы керек.

ПИК – мүшелік ұйым және мүшелері – пәтер иелері – кондоминиум қатысушылары болып табылады. Пәтер иелері кооперативінің жоғарғы басқару органы – мүшелерінің жалпы жиналысы болып табылады. Кооператив мүшелері жиналысқа өздерінің сенімді өкілдері арқылы қатысуға құқылы. Кооператив мүшелерінің жалпы жиналысының ерекше құзырына келесі мәселелерді қарастыру жатады:

- Кондоминиум нысанын тіркеу туралы мемлекеттік актіге, жарғыға өзгертулер енгізу керектігін анықтау және басқа ережелер мен тәртіптерді өзгерту мен қабылдау;
- Коппертивтің басқарма төрағасын, басқару мүшелерін және тексеру комиссиясын сайлау, оларға сыйақы төлеу туралы шешім қабылдау;
- Кооперативтің жылдық есебін бекіту;
- Жылдық бюджетті және жылдық кіріс пен шығыс сметасын бекіту;
- Кооперативпен тұрғын үйді пайдалану және коммуналдық қызмет көрсету туралы шарт жасасу;
- Шарт бойынша тұрғын үйге сырттан басқарушыны, оның ішінде заңды тұлғаны тарту;
- Сметаның жиырма бес пайыздан аса шығыс бөлігінің сомасына осы жылға несие алуға рұқсат беру;
- Ғимарат меншік иеленушілері кооперативін тарату.

ПИК-те алқалық басқару органын – басқармасын құру заңмен қарастырылған, алайда 10 ға жетпейтін мүшелерден құрылған шағын ПИК-тер үшін бұл талап міндетті емес және басқару міндетін кооператив төрағасы жүргізе алады. Басқарма жоғарғы органның құзырына қатысты ерекше мәселелерден басқа кооперативтегі кез келген мәселені шешуге өкілетті. Құрамында 10-нан астам мүшелері бар кооперативтерде қаржылық бақылау қызметін атқару үшін ревизиялық комиссия құрылады, ал мүшелер саны аз шағын ПИК-терде бұл міндетті ревизор атқарады.

Мүліктік жағынан ПИК-тің өз мүшелерінің міндеттеріне жауап бермейтіндігін, ал мүшелер кооператив қарызына жауап бермейтіндігін айта кету керек.

Пәтер (ғимарат) иелері өздерінің үлесіне сәйкес ортақ игілікті пайдалануына және ұстауына байланысты ортақ шығындарды өтеуге қатысуға міндетті. Кооператив жарғысында басқаша қарастырылмаған болса, міндетті төлемдерден тыс және бүкіл үйдің пайдаланылуын қамтамасыз етуге кететін қосымша шығындарды пәтер иелеріне олардың келісімінсіз жүктеуге болмайды.

Жеке кәсіпкерлер бірлестігі және (немесе) қауымдастық түріндегі заңды тұлғалар

2007 жылдан бері Қазақстанда кәсіпкерлік қызметін үйлестіру, сондай-ақ ортақ мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстандағы КЕҰ-ды құруға қатысты игілікті заңнама жетістігі болып табылатын жеке кәсіпкерлер мен (немесе) заңды тұлғалардың қауымдастықтары (одақтары)[32] құрыла бастады. «Салық және басқа да бюджетке төленетін төлемдер туралы» (ҚР СК) ҚР Салық Кодексінің 134-бабына сәйкес, бұған дейін заңды және жеке тұлғалар айтарлықтай салық жеңілдігіне құқығы бар «салық салу мақсатындағы коммерциялық емес ұйым» деген ұғымдағы ұйымдық – құқықтық нысанына біріге алмайтын.

ҚР-ның «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңында қауымдастық тек заңды тұлғалар бірікken жағдайдағы бұл ұйымдық – құқықтық нысандарын неғұрлым тиянақты реттейді:

«Коммерциялық ұйымдар олардың кәсіпкерлік қызметін үйлестіру, сондай-ақ жалпы мүліктік мүдделерді білдіру мен қорғау мақсатында өзара сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдармен бірлескен шарт бойынша қауымдастықтар (одақтар) нысанында бірлестіктер құра алады. Коммерциялық емес ұйымдар осы ұйымдардың қауымдастығына (одақтарына) өз еркімен біріге алады.»[33]

Қауымдастықтың (одақтың) құрылтайшысы ретінде екі және одан көбірек жеке кәсіпкерлер және (немесе) заңды тұлғалар болуы мүмкін. Заң құжаттарында бір-бірімен және жеке кәсіпкерлермен бірлесетін

[32] ҚР АК-нің 110 бабы.

[33] «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» ҚР АК-нің 18 бабы.

заңды тұлғалар түрлеріне шектеу қойылмаған, мысалы, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар, қазақстандық және шеттелдік заңды тұлғалар бірлесуі мүмкін. Қазақстандық заң құжаттарында да, тәжірибеде де «қауымдастық» пен «одақ» арасында нақты айырмашылық жоқ. Екеуі де бірдей жеке кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың бірлестігінің түрі ретінде қарастырылады.[34]

Тек қалыптасқан ұғымдарға түсініктеме беру ережелеріне қарасақ, бір текті қызмет түрін атқаратын тұлғалардың бірлестігі – қауымдастық деп аталса, ал қандай да бір ортақ мақсат үшін бірігуді – одақ деп аталатынын[35] айта кету керек. Яғни, қауымдастық үшін қатысушылардың біртектілігі басым болса, ал одақтық негізгі белгісі – ортақ мақсат үшін бірлесу.Сондықтан тәжірибе жүзінде әдетте қауымдастықтар ортақ ұйымдасубелгісі бойынша құрылады, ал одақтар – аумақтық және басқа белгілер бойынша құрылады.

Қауымдастықтар (одақтар) өздерінің жарғылық құжаттарында мүшелікке қабылдау мен шығарудың ережесін белгілей алады. Сонымен бірге мүшелерді қабылдау немесе шығару өзгерістер енгізуді, сәйкесінше құрылтай құжаттарын мемлекеттік қайта тіркеуге өзгеріс енгізуді талап етпейді.

Алайда заң бойынша жаңа мүшенің қабылдауда қауымдастықтың (одақтың) барлық мүшелерінің келісімі талап етілмейді және ондай келісім шарты анықталмаған. Бұл мәселелерді бірлестік өзінің құрылтай құжаттарымен реттей алатыны айтпаса да түсінікті болар.

Қауымдастық мүшелерінің қаржылық жыл аяқталған соң, егер құрылтай құжаттарында басқаша қарастырылмаған болса, заңды тұлғалар қауымдастығынан (одақтан) ерікті түрде шығу құқығы сақталады.

Қауымдастық (одақ) өз мүшелерінің қарыздарына жауап бермейді, алайда қауымдастық (одақ) мүшелеріне құрылтай (одақ) құжаттарында қарастырылған міндеттеме бойынша ережеге сәйкес көлемде және қосымша жауапкершілік талап етіледі. Осыған орай қауымдастықтың (одақтың) заңды тұлғасына оның қауымдастықтан (одақтан) шығар алдындағы екі жыл бойғы үлесіне сәйкес қауымдастықтың (одақтың) міндеттемелері бойынша қосымша жауапкершілік жүктеледі.

Мүшелердің қосымша жауапкершілік міндеттемесі ереже бойынша қауымдастық (одақ) қызметін оның мүшелерінің қаржыландыру жағдайынан туындайды. Қауымдастыққа (одаққа) қабылдану мүшелердің құқық қабілеттілігінің мазмұнын өзгертпейді. Олар бірлестікте ерікті түрде өкілеттіліктерін, өздерінің дербестігін сақтап қалады. ҚР-ның «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңының 18 – бабы, 7 – тармағында бірлестіктің атауына қатысты және оның жекешелеуіне арналған міндетті белгілері көрсетілген.

---

[34] Ожегов С.И.., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. М., 1993, с.28.

[35] Ожегов С.И.., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. М., 1993, с.779.

Бірлестіктер атауына «Қауымдастық» немесе «одақ» сөздерін, сонымен қатар бірлестік мүшелері қызметінің негізгі мәнін, мысалы, «Банкілер қауымдастығы», «Алматы қаласының үкіметтік емес ұйымдар одағы» деген сөздер қосылуы керек.

Бүгінгі күні жеке кәсіпкерлердің және (немесе) заңды тұлғалардың бірлестігі жеткілікті реттелмеген, тек заңды тұлғалар ғана бірігетін жекелеген жағдайда базалық нысан бірігуші субъектілердің талабына ыңғайлы, икемді жасалады.

Басқа ұйымдастыру-құқықтық нысандары

КЕҰ-дың басқа ұйымдастыру нысандарына коммерциялық емес акционерлік қоғамды, адвокаттар алқасын, нотариаттық палатаны, аудиторлар палатасын және бағалаушылар палатасын жатқызуға болады. КЕҰ-дың ұйымдық-құқықтық нысандарының реттелу ерекшеліктері бұл жарияланымда талданбайды.

Коммерциялық емес акционерлік қоғам. Өзінің қызметін қаржыландыру үшін акцияларды шығаратын және барлық табыстарын тек осы қоғамның дамуына пайдаланатын заңды тұлға – коммерциялық емес акционерлік коғам болып табылады[36].

Коммерциялық емес акционерлік қоғамның құрылтайшысы біреу немесе одан көп заңды тұлғалар бола алады. АК және «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңмен қатар осы коммерциялық емес ұйымның ұйымдастыру-құқықтық нысаны «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жыл 13 мамырдағы заңмен реттелген. Коммерциялық емес акционерлік қоғамды коммерциялық қоғам ретінде өзгертуге болмайды. Коммерциялық емес акционерлік қоғам нысаны ретінде құрылған ұйымның нақты мысалы ретінде қор биржасын атауға болады.[37] Адвокаттар алқасы. Адвокаттар алқасы коммерциялық емес, тәуелсіз, кәсіби, өзін-өзі басқаратын және қаржыландыратын, жеке және заңды тұлғаларға білікті құқықтық көмек көрсету үшін, адвокаттардың заңды мүдделерін өкіл етуге және құқықтарын қорғауға құрылған адвокаттар ұйымы болып табылады.[38]

Адвокаттар алқасының негізгі міндеттері:

- Алқа мүшелерін олардың адвокаттық қызметті жүзеге асыруына қолдау көрсету, кәсіби көмек беру, қорғау.

- Алқа мүшелерінің қызметін материалдық-техникалық және анықтамалық – ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз ету.

- Алдын ала тергеу органдары мен соттың тағайындауы бойынша ақысыз көрсетілетін заңгерлік көмек және қорғау.

- Адвокаттық қызметті кәсіби бақылау.

Адвокаттар алқасы адвокат мәртебесі бар кем дегенде он құрылтайшының бастамасымен құрылады. Облыстық, республикалық мәртебесі бар қала, астана аумағында тек бір адвокаттар алқасы құрылып

[36] Коммерциялық емес ұйымдар туралы ҚР-ның заңы, 16 бап, 1 тармақ.

[37] «Бағалы қағаздар рыногы туралы» ҚР-ның заңы, 88 бап, 1 тармақ, 1 тармақша.

[38] «Адвокаттық қызмет туралы» ҚР-ның заңы, 20 бап, 2 тармақ.

қызмет атқаруы мүмкін. Адвокаттар алқасы мүшелік кәсіби ұйым болып табылады және адвокаттар үшін оған мүше болу міндет.

Адвокаттар алқасының жоғарғы басқару органы алқа мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) болып табылады. Адвокаттар алқасының басқару органдары құрылымында атқарушы орган ретінде – президиум және ревизиялық комисия қарастырылуы керек.

Нотариаттық палата. Нотариаттық палата кәсіби, өзін-өзі қаржыландыратын заңды мүшелері мен құқықтарын білдіру үшін жеке тәжірибемен айналысушы нотариустардың, сондай-ақ нотариаттық іс-әрекеттерді жүзеге асыру кезінде нотариат жөніндегі заңдардың сақталуын бақылауға арналып құрылған коммерциялық емес ұйым.[39]

Нотариаттық палата мүшелік кәсіби ұйым болып табылады. Заң нотариустардың нотариаттық палатаға мүше болуын міндеттемейді. Бірақ Қазақстан Республикасының әрбір облыстарында, астанасында және республикалық мәртебесі бар қалада тек бір ғана нотариаттық палата құрыла алады.

ҚР Заңының «Нотариат туралы» 26 – бабына сәйкес палата төмендегі міндеттерді атқарады:

- Жеке нотариустарға қызметіне үйлестіріп жалпы басшылық жасау;
- Мемлекеттік ұйымдағы, мемлекеттік емес ұйымдағы өздерінің мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін жариялау, қорғау, олардың нотариаттық қызметінің дамуына атсалысып көмек беру;
- Нотариаттық шараларды іс жүзіне асырғанда нотариат жөніндегі заңнаманың орындалуын бақылау;
- Нотариустың лицензиясын тоқтату және қайтарып алу туралы ұсыныс жасау;
- Нотариаттық іс-әрекет нәтижесінде келтірілген зияннан азаматтық-құқықтық жауапкершілік міндеттемесі бойынша сақтандыруды ұйымдастыру;
- Нотариустың оқуын және сынақтан өтуін ұйымдастыру;
- Өз мүшелерінің қызметіне байланысты істер бойынша сот тағайындаған сараптамаға жұмсалған шығындарды өтеу;
- Нотариустың ар-намыс кодексіне сәйкес кәсіби міндеттері мен этиканы бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту;
- Нотариустардың қызмет жағдайына қатысты азаматтар мен заңды тұлғалардың шағымдары мен өтініштерін қарау.

Аудиторлар палатасы. Аудитролар палатасы тәуелсіз, кәсіби, өзін өзі басқаратын және қаржыландыратын коммерциялық емес ұйым болып табылады.[40]

Аудитролар палатасы мүшелік ұйым және оның мүшелері аудиторлармен қатар, аудиторлық ұйымдар болуы да мүмкін. Заң құжаттары-

[39] «Нотариат туралы» ҚР-ның заңы, 26 бап, 1 тармақ.

[40] «Аудиторлық қызмет туралы» ҚР-ның заңы, 7 бап, 1 тармақ.

мен аудиторларға және аудиторлық ұйымдарға аудиторлық палатаға міндетті түрде мүше болу талабы қойылмайды.

Облыс, республикалық, маңызы бар қала, астана дәрежесіндегі аумақтық аудиторлар палатасын құру үшін осы аумақта аудиторлық қызметпен айналысатын аудиторлардың кем дегенде 50 пайызының өкілдігімен конференция (жиналыс) өткізілуі керек. Сонымен қатар сол аумақта тек бір ғана аудиторлық палата құрыла алады. Республикалық аудиторлар палатасын құру туралы шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасының аудиторлық қызметпен айналысатын аудиторлардың кемінде елу пайызының өкілдігімен конференция (жиналыс) шақырылады.

«Аудиторлық қызмет туралы» заңның 8-бабына сәйкес аудиторлар палатасы төмендегі мәселелерді шешуге уәкілетті.

Аумақтық аудиторлар палатасы:

- Аудиттің дамуына атсалысу, оның тиімділігін арттыру, аудиторлардың және аудиторлық ұйымдардың қызметін ұйымдастыру және үйлестіру;

- Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар мен аудиттік стандарт талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;

- Аудиторлық қызметті атқарумен байланысты аудиторлар, аудиторлық ұйымдар мен аудиттен өтетін тұлғалар арасында аудиторлық қызмет барысында пайда болатын дауларды қарау;

- Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды қызметті жүзеге асырумен заңнамалық кесімдер және әдістемелік құжаттармен қамтамасыз ету;

- Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар жұмысын зерттеу, тұжырымдау және жұмыс тәжірибелерін тарату;

- Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар мүдделері жөнінде мемлекеттік, қоғамдық, шетелдік және халықаралық ұйымдарға өкіл ету;

- Заң құжаттарына және халықаралық шарттарға қайшы келмейтін басқа да қызметтерді атқару;

Республикалық аудиторлар палатасы:

- Жарғы негізінде аудиторлар палаталарының қызметін үйлестіру;

- Аудиторлар, аудиторлық ұйымдар және аудиторлар палаталарының мүдделері жөнінде мемлекеттік, қоғамдық, шетелдік және халықаралық ұйымдарға өкіл болу;

- Халықаралық тәжірибе негізінде аудит стандарттарын шығару, аудиторлар және аудиторлық ұйымдармен аудиттік стандарт талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;

- Аудиторлық қызметті атқарумен байланысты аудиторлар, аудиторлық ұйымдар мен аудиттен өтетін тұлғалар арасында пайда болатын дауларды қарау;

- Аудиторға кандидаттарды оқыту және аттестацияға дайындауды ұйымдастыру, кәсіби оқытуды, аудиторлардың және басқа мамандардың біліктілігін арттыру;

- Өкілетті мемлекеттік органдарға аудиторлық қызмет атқару лицензиясын қайтару және аудитордың квалификациялық куәлігін жарамсыз деп тану туралы ұсыныс енгізу;

- Заң құжаттарына және халықаралық шарттарға қайшы келмейтін басқа да қызметтерді атқару.

Бағалаушылар палатасы. Бағалаушылар палатасы түрінде құрылған заңды тұлға кәсіби, өзін өзі қаржыландыратын коммерциялық емес ұйым болып табылады.[41]

Бағалаушылар палатасының қызметі ҚР заңнама кесімдерімен, құрылтай келісім шартымен және жарғысымен реттеледі. Бағалаушылар палатасы заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы ҚР бекіткен заңнама тәртібімен тіркелуге алынады. Бағалаушы құрылтай шартын, палата жарғысын мойындап және палатаға қабылдану талаптарын орындаса, оны қабылдаудан бас тартуға болмайды.[41]

Палата мүшелігінен бас тартқан жағдайда сотқа шағымдануға болады.

Бағалаушылар палаталары қауымдастық (одақ) нысанында республикалық бағалаушылар палатасына бірлесуге және кіруге құқылы:

- Мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда өз мүшелерінің мүдделерін қорғауға өкілетті;

- Бағалаушылар қызметін және оның даму қарқындарын жан-жақты және объективті зерттеу, тұжырымдау және сараптама жасау;

- Бағалау қызметін атқару негіздерін және талаптарын бағалаушы тарапынан орындауға жәрдемдесу;

- Ақпараттық насихаттау шараларын жүргізу;

- Бағалау қызметін атқаруға байланысты кеңестік жұмыс жасау;

- Мемлекеттік органдармен байланыс орнату және қатынасу;

- Басқа елдердің және халықаралық бағалаушылар ұйымдарымен байланыс орнату және қатынасу;

- Өз мүшелерінің кәсіби біліктілігін арттыру үшін оларды оқыту;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттіктер атқару.

[41] «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» ҚР-ның заңы, 13 бап, 30.11.2000 ж.

II. КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫ ЗАҢДЫ ТҰЛҒА РЕТІНДЕ ТІРКЕУДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ

Осы тарауда бейресми ретінде заңды тұлғаны тіркемей қызмет атқаратын ұйымға қарағанда заңды тұлға ретінде тіркелетін коммерциялық емес ұйымның артықшылықтары мен кемшіліктері қарастырылады.

КЕҰ-ды тіркеу немесе тіркемеу жөніндегі шешім құрылтайшының (қызметті ұйымдастырушының) алдына қойған мақсаттары мен жұмыс жоспарына байланысты. Коммерциялық емес іс әрекетті ұйымдастырудың екі түрлі нұсқасы бар:

Ресми емес ұйымды (яғни ҚР заңнамасы бойынша заңды тұлға болып саналмайтын ұйым) төмендегі нысанда құру:

Заңды тұлға болып құрылмайтын жеке азаматтардың ұйымы;

Заңды тұлға болып құрылмайтын жеке азаматтар мен заңды тұлғалардың аралас ұйымы;

Жай серіктестік[42] (яғни ортақ мақсатқа жету үшін бірлескен қызмет туралы әріптестік шарт жасасу).

ҚР заңнамасында бекітілген коммерциялық емес ұйымдарды ұйымдық-құқықтық нысанының бірі ретінде, заңды тұлға мәртебесі бар ұйым түрінде құру.

Әрбір нысанның өзіндік артықшылығы мен кемшілігі бар. Қазіргі уақытта КЕҰ-ды тіркеудің (яғни құқықтық жаңа субъектіні құрудың) қажеті бар ма, жоқ па деген сұраққа жауап табу үшін немесе таңдаушы салада ерікті азаматтардың тобы ретінде жұмысты бастау/жалғастыру үшін осы нұсқалардың әрқайсысын жеке қарастырған пайдалы. Одан әрі әрбір нұсқа бойынша жұмыс мысалдармен көрсетіледі:

Бірнеше энтузиаст жас ғалымдар бірнеше жыл бойы «Студенттердің дара ерекшеліктері мен білімді игеру қарқыны» атты жобамен жұмыс істеді. Олар өздерінің алдына студенттерінің дара ерекшеліктері мен білімді игеру қарқыны арасындағы өзара байланысты табу мақсатын қойған. Осы өзара байланысты орнатып, ғалымдар соның негізінде оқу қызметін ұйымдастырудың арнайы тәсілдерін тапқан.

Осы ғылыми зерттеудің нәтижесін ғалымдар педагогтарға білім беру мен кәсіби білім беру саласының барлық деңгейіндегі ғылыми қызметкерлерге арналған ғылыми-тәжірибелік басылымдарда жариялады, жоғары оқу орындарындағы (ЖОО) оқу қызметін ұйымдастырудың өздері дайындаған әдістемесін түсіндіретін интернет-портал орнатты. Аталған әдістеме зор сұранысқы ие болып, көптеген жоғары оқу орындары оны өздерінің оқу процестерінде қолдана бастады. Бірлескен жұмысты жүзеге асыру барысында ғалымдар ресми емес ұйым құрды:

[42] Бірлескен қызмет туралы келісімшарт (простое товарищество)», ҚР АК-і, 12 бөлім.

оларды біртұтас ортақ мақсат алға ұмтылдырды, олар жоспарлы және үйлесімді түрде әрекет етті. Бұл деңгейде оларға заңды тұлға мәртебесінің керегі болған жоқ, себебі жоғарыда аталған қызметтердің жүзеге асырылуына ешқандай кедергі де, шектеу де қойылған жоқ.

Жаңа әдістемені қолдану барысында жинақталған тәжірибе нәтижесінде ғалымдар оған көптеген өзгертулер енгізді және ЖОО-да қалыптасқан әдістемелерден үлкен айырмашылығы бар, тіпті кейбір жағдайларда қалыптасқан ескі әдістемелерге үзілді-кесілді қарсылық білдірген. Жаңартылған әдістемеге шет елдің үлкен бір донорлық ұйымы қызығушылық танытып, егер екі шартты орындаса ғалымдардың осы бағыттағы зерттеулерін қаржыландыруға ниет білдірген:

1) Донорлық ұйыммен гранттық келісімге заңды тұлға мәртебесі бар ғалымдардың ұйымы қол қою керек, себебі донорлық ұйымның саясатына сәйкес жеке тұлғаларды тікелей қаржыландаруға тыйым салынған.

2) Осы әдістеме тәжірибеде, яғни мемлекеттік ЖОО-да оқу процесінде қолданылуы тиіс. Осыған орай ғалымдар тобының алдында олардың ресми емес ұйымының заңды тұлға мәртебесінің болмауы жөніндегі мәселе тұңғыш рет қойылды. Оған қоса ЖОО-ның жаңалықтарға қырын (консерват) қарайтыны белгілі. Жаңа әдісті еліміздің жоғары оқу орындары салқын қарсы алды, олардың ішінде басым көпшілігі оқу процесіне елеулі өзгерістер енгізуден қорықты.

Осылайша, ғалымдар тобымен ынтымақтасатын бірде-бір жоғары оқу орны табылмады. Қос мәселені бірден шешу үшін өздерінің идеялдарын толығымен жүзеге асыруға мүмкіндік туғызатын университетке өздері құрылтайшы болуды шешті. Бұл білім беруге қатысты сала болғандықтан білім беру қызметін атқаруға лицензия алу мәселесі туындады. Сонымен бірге ондай лицензия тек қана заң талабына сай заңды тұлға болып саналатын білім беру ұйымдарына берілетіні белгілі.

Сөйтіп, барлық иә мен жоқты таразылай келе, ғалымдар тобы білім беру ұйымының мәртебесіне үміткер бола алатын заңды тұлғаны тіркеу жөнінде шешім қабылдады.

Осы мысалдан заңды тұлғаны тіркеу қажеттігі жөніндегі мәселенің мынандай шарттарға тәуелді екендігі көрініп тұр:

− Тұлғалар тобының алдына қандай мақсат қоятындығына;

− Оладың қандай қызмет түрімен айналысатындығына;

− Азаматтар тобының азаматтық-құқықтық қатынастарға қатысу деңгейі қаншалықты тартылғандығына;

− Тек заңды тұлғаларға ғана қолжетімді (айталық, лицензия алуға, немесе салықтық жеңілдіктерге) белгілі бір құжаттар қажет пе?

Топтың белгілі бір әрекет сатысында заңды тұлғаны тіркеу оның әрі қарай дамуына, қызмет аясының кеңеюіне қажетті шарт болып табылады.

І нұсқа

Коммерциялық емес саладағы заңды тұлғаның тіркелуінсіз қызметін ұйымдастырудың 1 – нұсқасын нақтылы қарастырып, мұнда қандай артықшылықтар бар екендігіне, қандай шешілмеген мәселелерге тап болғандарыңызға жауап беруге тырысып көрейік.

Коммерциялық емес ұйымды қандай нысанда жүзеге асыру керектігі туралы мәселені шешуде сіз үшін сол мақсатқа жету мүддесінен бастау маңызды. Егер сіз, немесе сіздің бастамашыл тобыңыздың мақсаттары сіздің жеке басыңыздың немесе топтың ішкі мүдделерін қанағаттандыруға бағытталса және олар қысқа мерзімдік сипатта болса, (мәселен, ата-аналар тобы өз балаларын оқытуға репетитор жалдауды жоспарлап, сол мақсатқа арнап қаражат жинаса) онда бірінші нұсқаға тоқтаған дұрыс. Бұл жағдайда ата-аналардың өздері бірігіп оқуға немесе шара ұйымдастыруға (қайырымдылық кеш, жәрмеңке, базар т.б.) репетитордың ақысын өздері бірігіп төлей алады.

Басқа әдіс – ол серіктестік, келісім талаптарының құқықтары мен міндеттері ортақ мақсатқа жетуге арналған әр қатысушының жарналары қарастырылатын бірігіп жұмыс істеу (қарапайым серіктестік) туралы өзара келісімшарт жасасу.

Сондай-ақ келісімшартта ата-аналардың үшінші жақпен қарым-қатынастарында (мысалы, ұстаздармен, сабақ өткізілетін оқу ғимаратының меншік иесімен) барлық ата-аналардың ішінен бір өкіл анықталады. Ата-аналар демеуші тапқан жағдайда немесе мақсаттардың жеке сипатта болуы тоқтаған кезде, мысалы ата-аналар балаларына білімдерін жақсарту үшін репетитор жолдау ғана емес, Алматы қаласындағы орта мектептердің жоғары сынып оқушыларына жекелеген мектеп пәндерін тереңірек оқытатын курстар ашқысы келген жағдайда осы әдісті қолдануға болады.

Ұйымның заңды тұлға болып тіркелумен қызмет жасауының барлық қарастырылған жағдайларында ерекше атап айтарлық бір қаіуп бар.

Егер осындай ұйымның мүшелері тек жеке тұлғалар болған жағдайда және заңды тұлға ретінде тіркелмесе, онда бұл ұйымның мемлекеттік бақылау органдарымен арасында қиындақтар туындауы мүмкін. Дәлірек айтқанда, осындай ұйымдардың қызметі тіркелмеген қоғамдық ұйым ретінде заңсыз деп табылады.

ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі (КОАПРК) осы тектес қызмет үшін жауапкершілікті белгілейді.[43]

---

[43] ҚР АҚБК374-1 бабы:

1. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген, сол сияқты қызметі тоқтатылған немесе тыйым салынған қоғамдық, діни бірлестіктердің қызметіне басшылық жасау,

жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеліп соғады.

2. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген, сол сияқты қызметі тоқтатылған немесе тыйым салынған қоғамдық, діни бірлестіктердің қызметіне қатысу, –

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген, сол

Мемлекеттік органдар тарапынан (ең алдымен барлық прокуратура органдырының) тіркелмеген топтарға, көбінесе діни сипатта жұмыс істейтін бірлестіктерге әкімшілік құқық бұзушылыққа қатысты әкімшілік іс қозғау тәжірибесі бар.[44] Мұндай қызмет «тіркелмеген қоғамдық бірлестіктің қызметі» ретінде қарастырылуы мүмкін.[45]

КЕҰ бола ма, жоқ па заңды тұлғаны тіркеу туралы шешімді қабылдауда қатысушылардың жеке жауапкершілігін үшінші жақ арқылы шектеу мәселесі тағы бір маңызды фактор болып саналады.

Заңды тұлға – КЕҰ жағдайында қатысушылар КЕҰ міндеттемелеріне жауапты емес. Ал КЕҰ қатысушылар міндеттемелеріне (мекемені есепке алмағанда) жауапты емес. Егер КЕҰ заңды тұлға ретінде қатысты болса, шығын келтірген жағдайда келісім бойынша КЕҰ-ның құрылтайшы қатысушылары емес, тек оның қарамағындағы мүлік арқылы жауап береді.

Егер заңды тұлғалар болмаған жағдайда екінші келісім топпен (тіркелмеген КЕҰ) жасалса, онда барлық топ мүшелері келісілген тарапқа шығын келтірілген жағдайда түгелдей барлық мүлікпен жауапты болады. Егер топ ретінде, тіпті коммерциялық емес мақсатта болса да, шаруашылық қызметпен айналысуға ниеттенсе, бұл есеп жүргізудің маңызды факторы болып табылады.

II нұсқа

Ұйымды жария түрде құру, яғни әділет органдары арқылы тіркеуден өтіп, заңды тұлға мәртебесін иелену тіркелмеген ұйымдарға қарағанда мынадай артықшылықтар береді:

1. Азаматтық-құқықтық қарым-қатынасқа құрылтайшылар мен қатысушылар құқықтарынан бөлек құқықтар иеленіп, міндеттер атқаратын ұйымның өзі түседі (мысалы, мүлік иеленеді, сотта мүддесін қорғайды).

Ұйым барлық қатысушылардың мүддесін қорғайды. Ұйымның өзі (көбінесе директор немесе уәкілетті тұлға) келісімшартқа отырады, банкте есеп шоты болады, қаржыны есеп бойынша жұмсайды және осы қаржының пайдаланылуына және келісімшарт бойынша міндет-

---

сияқты қызметі тоқтатылған немесе тыйым салынған қоғамдық, діни бірлестіктердің қызметін қаржыландыру, –

екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеліп соғады.

[44] ҚР ӘҚ БК 375 бабының 1 тармағында «діни бірлестіктердің жетекшілерінің мемлекеттік басқару органдарына тіркелуден жалтарған діни бірлестік жетекшілеріне» ескерту жасалып, немесе жиырма пайызға дейін, заңды тұлғаға жүз есептік көрсеткішке дейін айыппұл салынып, қызметі алты айға дейін тоқтатылады немесе қызмет етуіне тыйым салынады».

[45] Алматылық Хелльсинки Комитеті жинаған осы іс қағаздары және басқа да материалдар азаматтардың, діни топтар және бірлестіктердің өтініші бойынша діни сенім еркіндігіне қатысты биліктің көзқарасы «Қазақстандағы ар-ождан еркіндігі» атты жинақтың үшінші бөліміне енді. Бұл жинақ АХК сайтының мекенжайы бойынша орналасқан:http: www. Humanrights. Kz/ pdf/ book2. pdf.

теменің орындалуына жауап береді. Ресми емес ұйымда немесе жай келісімшарт жасасуында қиындықтар туындауы мүмкін (топ атынан келісімшартқа кім қол қоюы керек, ақшаны кім алады, оның пайдаланылуына кім есеп береді);

2. Ұйым міндеттемелеріне құрылтайшының жауап бермейтіндігі немесе осындай жауапкершіліктің шектелуі.

Жоғарыда көрсетілгендей, құрылтайшылар (мүшелерінің, қатысушыларының) ұйымның қарызына жауап бермейді, ал ұйым құрылтайшының (мүшелерінің, қатысушыларының) ұйымның қарызына жауап бермейді; ал ұйым құрылтайшының (мүшелерінің, қатысушыларының) қарызына жауапты емес.

Ресми емес ұйымның мүшелерінде (жай серіктестіктің қатысушыларында) бірігіп қызмет ету нәтижелері бойынша шектелмеген мүліктік жауапкершілігі сақталады.

3. Салықтық және басқа да жеңілдіктерді, гранттарды, субсидияларды (демеу қаржы) алу мүмкіндіктері.

ҚР АК тек заңды тұлғаларға – КЕҰ-ға бірқатар жеңілдіктер береді. Егер топ оларды алуға мүдделі болса, онда КЕҰ – заңды тұлға ретінде тіркелуі керек. Сонымен бірге шетелдік және отандық донорларымыз да мынадай себептерге байланысты КЕҰ-ға қолдау көрсетуге жеке тұлғалардан гөрі заңды тұлғалармен жұмыс істеуге тырысады; заңды тұлға тұрақты және ұйымдастырылған құрылым болып табылады; оның өмір сүруі мен қызмет етуі заңды тұлғаны құрған жеке тұлғалардың өмір сүруі мен жағдайына байланысты емес; ұйым шешімі бір адамның пікіріне бағынышты болмай жария түрде қабылданады; заңды тұлғамен заң жағынан да, салықтық, техникалық жағынан да өзара қарым-қатынас әлдеқайда жеңіл жасалады;

4. Мемлекеттік сатып алуға қатысу мүмкіндігі.

2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы заңында» мемлекеттік сатып алуға жеке тұлғалардың қатысу мүмкіндігі қарастырылғанмен, іс жүзінде жеткізуші ретінде мемлекеттік сатып алуға негізінен заңды тұлғалар қатысады, себебі оларға мемлекеттік сатып алу процесіне байланысты талаптарды орындау әлдеқайда жеңіл.

5. Қоғамдық бірлестіктерге қарастырылған арнайы құқықтарды жүзеге асыру мүмкіндігі.

Мәселен, тіркелген діни бірлестіктердің құдайға құлшылық етуге немесе діни жиындар өткізуге жұрт емін-еркін келе алатын орындар, сондай-ақ қайсыбір дінді ұстанушылар құрметтейтін қасиетті зиярат орындар (қажылық және басқа да) ашып, оларды ұстау құқығы[46]; тіркелген мүгедектер қоғамдық бірлестіктерінің орталық республикалық, қайтарымсыз иелену құқығын беру (мемлекеттік меншіктен жекеменшік-

[46] «Діни бірлестіктердегі діни сенім еркіндігі туралы» ҚР-ның заңы, 12 бап, 15.01.1992 ж.

ке берілуі);[47] мүгедектер қоғамдық бірлестіктігінің ғимараты орнласқан (құрылыс, қосалқы) жер теліміне, сондай-ақ республикалық бюджеттен мемлекеттік тапсырыс аясында тіркелген қоғамдық ұйымдардың сурдо-тифлотехника қаржысымен қамтамасыз ету құқығы қоршаған орта саласындағы мемлекеттік органдардың қоршан орта мәселелеріне қатысты шешім қабылдауына қатысуы. Қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастыру және қоғамдық тыңдалымды өткізу.

Қоғамдық экологиялық бақылауды жүзеге асыру; мемлекеттік органдар мен мекемелерден дер кезінде толық және нақты экологиялық ақпарат алу; қоршаған орта мәселелері бойынша олардың дайындалу кезеңінде құқықтық нормативтік актілерін талқылауға қатысу және тиісті ескертпелер жасау; қоршаған ортамен байланысты жоспарлар мен бағдарламалар дайындау процесіне қатысу; кәсіпорындарды, құрылыстар мен экологиялық жағынан зиянды өзге де объектілерді орналастыру, салу, қайта құру және жеке тұлғалардың қоршаған орта мен адам денсаулығына зиянын тигізетін шаруашылық және өзге де қызметін шектеу, тоқтату туралы шешімдердің әкімшілік немесе сот тәртібімен күшін жоюды талап етуге; кінәлі ұйымдарды, лауазымды адамдар мен азаматтарды жауапқа тарту туралы мәселелер қоюға, қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардың бұзылуы салдарынан азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиянды өтеу туралы сотқа өтінішарыз беру[48] құқықтары болып табылады.

6. Тек заңды тұлғаларға рұқсат етілген қызмет түрлерімен айналысу мүмкіндігі (мысалы, жекелеген банктік операцияларды өткізу, білім беру қызметі).

Сонымен бірге заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуде өзіндік кемшіліктер де бар.

1) Тіркеу рәсіміне ақша төлеу керек және қыруар уақыт кетеді.

Сөйтіп, егер сіз республикалық дәрежедегі қоғамдық қор құрмақ болсаңыз, онда әділет органына құжат тапсырудан бұрын бюджетке 78624[49] теңге тіркеу алымын аударуыңыз қажет. Бұдан басқа да бірқатар төлемдер талап етіледі: маманның құрылтай құжаттарын дайындау қызметіне, оларды мемлекеттік тілге аударуға мөр дайындауға, банктен есеп шот аштыруға (егер сіз таңдаған банкте төлем қарастырылған болса) және т.б. Республикалық дәрежедегі қоғамдық бірлестікті тіркеу үшін, егер құрылтайшылар Қазақстанның астанасында болмаса, ұйымды тіркеуге жауапты адамның Астанаға дейінгі поездың әрлі-берлі жолына, ондағы жатар орны мен ішетін тамағына төлеуге де тура келеді, өйткені әділет органдарындағы мамандардың КЕҰ-ды тіркеу жөнінде-

[47] «ҚР мүгедектерін әлеуметтік қорғау» ҚР-ның № 3 39 – III ЗРК заңы, 12 бап, 13.04.2005 ж.

[48] ҚР Экологиялық кодекстің 14-бабы.

[49] Бұл сан КЕҰ тіркеуге арналған жинақтың 6,5 АЕК-ін құрайтынын (2011 ж. 1 АЕК 1512 теңге) көрсетсе, ал республикалық мәртебе алу үшін кемінде 8 облыста тіркелуі талап етіледі.

гі өтінішпен бірге өткізілген құрылтай құжаттарын тексеру барысында айтылған ескертпелері болса, тіркелу ресімі созылуы мүмкін;

2) Ұйым қызметі әртүрлі мемлекеттік органдар тарапынан бақылауға алынады (әділет органдары мен салық органдарынан бастап өрт қауіпсіздігі мен еңбек қатынастарын бақылау органдарына дейін).[49] (40 бет)

3) Салықтар мен басқа да бюджетке төленетін міндетті төлемдерді заңды тұлғалар үшін белгіленген ақы бойынша төлеу міндеттеледі.

4) Өз қызметкерлері үшін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына жіберілетін әлеуметтік төлемдердің есептелуі мен төленуі бойынша міндеттеме туындайды[50].

5) Заңды тұлғаларға әдетте коммуналдық және байланыс қызметтері үшін төлемнің ең жоғарғы тарифтері қойылады.

6) Ұйымның күнделікті қызметіне байланысты қосымша шығыстар (кеңсені ұстау, оның ішінде оны жалға алу, бухгалтерлік есеп жүргізу, ұйым қызметкерлеріне немесе ең азы, бірінші басшы мен бухгалтерге ай сайын еңбекақы төлеу).

7) Салықтық, статистикалық және тіркеуші органдарға есеп беру және дер кезінде есеп бермегені үшін жауапкершілікке тартылып, айыппұл, өсімпұл, кепілпұл т.б. сияқты күтпеген шығындарды төлеуге мәжбүр болады.

8) Қоғамдық бірлестікті әкімшілік жауапкершілікке, ал оның мүшелері мен басшыларын әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тарту мүмкіндігі.

ҚР заң құжаттарында құқық субъектісі ретінде қоғамдық бірлестікті әкімшілік және қылмыстық жауапқа тарту мүмкіндігі қарастырылған. Сонымен бірге оның басшысы мен басшы орган мүшелерін де әкімшілік пен қылмыстық құқық субъектілері ретінде осындай жауапкершілікке тартуға болады[51].

Және ҚР Қылмыстық Кодексінің 141, 164, 233-1, 336, 337 – баптарында белгіленген қылмыстарды қоғамдық бірлестік басшысының жасауы, қылмыстық жауапкершілік пен жазаны ауырлататын жағдай болып табылады.

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеуге қатысты міндеттеменің пайда болу мүмкіндігі.

Егер сіз иә мен жоқтың бәрін таразылап, заңды тұлға мәртебесін алу туралы шешімге келсеңіз, онда өз ұйымыңызды қандай ұйымдастыру-құқықтық нысанында тіркейтіңізді шешуіңіз керек. Келесі бөлімде сіз осы қиын таңдауды жасауға көмек беретін ақпаратты таба аласыз.

---

[50] «Міндетті әлеуметтік төлем туралы» ҚР-ның № 405-II заңы, 25.04. 2003 ж.

[51] «Азаматтардың тең құқықтылығын бұзу», ҚР ҚК –і, 141 бап;

III. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДЫ ҚҰРУ ҮШІН ҰЙЫМДЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЫСАНЫН ТАҢДАУ

Бұл тараудың міндеті – оқырманға КЕҰ-ды заңды тұлға ретінде тіркеу үшін нысанды таңдауды жеңілдету үшін КЕҰ-ның әртүрлі ерекшеліктерін түсінуге көмек беру.

КЕҰ-ды тіркеу туралы шешімге келу үшін көптеген факторларды және әрбір шешімді жеке есепке алуды талап етеді. Өкінішке орай, бір тараудың тіпті жеке мақаланың көлеміне ұйымдық-құқықтық нысандарын таңдаудың барлық мүмкіндіктерін сыйғызу мүмкін емес.

«Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік және діни арандатушылықты қоздыру», ҚР ҚК-і, 164 бап;

«Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде үндеу», ҚР ҚК-і, 233-1 бап; «Террористік топ құру, жетекшілік жасау, оның жұмысына қатысу», 232-2 бап; «Қоғамдық бірлестік мүшелерінің мемлекеттік органдардың қызметіне заңсыз араласуы», ҚР ҚК-і, 336 бап; «Қоғамдық және басқа да заңсыз бірлестіктер құру немесе олардың жұмысына қатысу», ҚР ҚК-і, 337 бап; «Қоғамдық бірлестіктер туралы заңдарды бұзу»; ҚР ӘҚБК375-бап. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заң бұзушылық», ҚР ӘҚБК-і, 375 бап.

КЕҰ-дың қандай нысанда тіркелуіне байланысты әрбір шешімнің күрделілігі мен жеке сипатына қарай біз тіркелуге шешім қабылдаған оқырманға бұл басылыммен ғана шектеліп қалмай, КЕҰ-ды тіркеу бойынша қосымша түсініктемелер мен көмек алу үшін кәсіби заңгерге жүгіну жөн деген кеңес берер едік.

Қазақстанда неғұрлым кең тараған ұйымдық-құқықтық нысандар мыналар:[52]

1) Қоғамдық бірлестіктер.

2) Жеке кәсіпкерлер мен (немесе) заңды тұлғалар қауымдастығы.

3) Жеке мекеме.

4) Қоғамдық қор.

Осы шолуда сарапталған КЕҰ-ның ұйымдық-құқықтық нысандарының ішінен әрқайсысының нақтылы жағдайға қатысты артықшылық жақтарын ескере отырып қорытынды жасауға болады.

[52] Шатастырмау үшін ұйымдық-құқықтық нысандарының атаулары ҚР АК-де қалай анықталса, солай аталады. «Коммерциялық емес ұйымдар» туралы ҚР заңында, мысалы, жеке тұлғаларды тіркеу туралы нұсқамада бірқатар ұйымдық-құқықтық нысандардың басқаша атауларын қолданған. Көрсетілген нормативтік актіде «қоғамдық қор» орнына «қор» ұғымы қолданылған. «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» ҚР заңы тек «заңды тұлғалар қауымдастығын» ғана мойындайды, заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің бірлесу мүмкіндігін үндемей айналып өтеді. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу жөніндегі аталған нұсқама жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың үш түрін ерекшелейді : (1) заңды тұлғалардың қауымдастығы (одағы), (2) жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар бірлестігі және (3) жеке кәсіпкерлер бірлестігі.

1. Қоғамдық бірлестіктер

Артықшалақтары:

А) Азаматтардың мүшелік негізде бірігу нысаны мүшелері үшін ұйымға кіру одан шығудың қарапайым ережесі.

Б) Ұйымды басқарудың демократиялық сипаты (барлық мүшелер тең құқылы бір дауысқа иелігі, неғұрлым маңызды шешімдерді қабылдауға қатыса алатындығы, ереже бойынша барлық мүшелер қамтылатын алқалық ұйым басқарудың жоғарғы органы болып табылады).

В) Мүшелердің ұйым міндеттемелері бойынша жеке жауапкершілігі жоқ.

Г) ҚР салық кодексінің 134 – бабына сәйкес коммерциялық емес ұйым мемлекеттік тіркеуден өткен уақыттан бастап салық төлеушінің мәртебесіне ие болады, сондықтын өтеусіз табыстарға салық төлеуге болады.

Д) Оңай құруға болатындығы, атап айтқанда, бір облыстың немесе республикалық маңызы бар қала аумағында әрекет ететін жергілікті ұйымды (яғни құрылтай құжаттарында қойылған қолдарды растау үшін нотариустың қажеті жоқ).

Е) Басқару және ұйым ішіндегі шешімдерді қабылдау жүйесінің (құрылтайға жалпы ұқсастығы бар) жеңіл және түсінікті болуы.

Ж) Барлық КЕҰ ұйымдық-құқықтық нысандарының ішінде тек қоғамдық бірлестіктерге ғана митингтер, пикеттер, шерулер мен демонстрациялар өткізуге өтініш беру құқығы берілген.

Кемшіліктері:

А) Барлық негізгі шешімдерінің ұжымдық түрде қабылдануы. Демократия шешімдердің қабылданылуын күрделендіріп, ұйымды басқаруды қиындатады. Ұйым мүшелерінің саны көп болса шешім қабылдау үшін немесе жоғарғы органның жиналысына кворум жинау қиынға соғады.

Б) Заңды тұлғаларды қоғамдық бірлестікке мүшелікке алуға болмайды.

В) Басшылық тарапынан жіберілген заңсыздықтар үшін ұйым мүшелері әкімшілік және қылмыстық жауапқа тартылуы мүмкін. Қоғамдық бірлестік – әкімшілік құқықтың арнайы субъектісі, ал оның мүшелері – қылмыстық және әкімшілік құқықтың арнайы субъектілері. Сонымен бірге қоғамдық бірлестіктің қызметіне қатысуға немесе басшылық жасауға қиындық туғызатын жағдай қарастырылады.[53]

Г) Қоғамдық бірлестіктер қызметінің аумақтық шектеулілігі (Қоғамдық бірлестіктер туралы ҚР заңының 7 – бабы): қоғамдық бірлестік қамтитын қызмет аумағына байланысты республикалық, аймақтық немесе жергілікті мәртебеге ие болуы мүмкін.

[53] ҚР ҚК-нің 336 және 337 баптары, 164, 233-1, 233-2, баптары;
ҚР ӘҚБК-нің 374, 374-1 баптары.

Республикалық мәртебе бүкіл Қазақстан Республикасы аумағында қызмет етуге мүмкіндік береді, бірақ тіркелуі қымбатқа түседі әрі ең күрделісі. Аймақтық дәреже ҚР-ның жартысына жуық аумақты қамтитын филиалдары мен өкілеттіліктері бар бірлестіктерге беріледі және жергілікті дәреже (ең жеңілдетілген тіркелу) облыс аумағымен, республикалық маңызы бар қаламен немесе тіркелген орны бойынша астанамен шектеледі.

Қоғамдық бірлестіктер қызметінің аумақтық шектелуінде ҚР «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңының ұзақ жыл өмір сүргеніне қарамастан, заң бұзушылыққа қарсы құқық қолдану тәжірибесі бізге беймәлім. Заңнама осы құқық бұзушылыққа қатысты қандай да бір арнайы санкциялар белгілемесе, жарғылық мақсаттың шегінен тысқары жасалған әрекеттерге санкция қолдана алады[54].

Заң құжаттарында тіркелу аумағы шегіндегі қызметтің нені қамтитыны туралы түсінік берілмейді.

Д) Егер құрылтайшылар қызметі белгілі бір аумақпен шектелмесе, онда оларға республикалық дәрежедегі қоғамдық бірлестікті тіркеу нұсқасын қарастыру пайдалы. Мұндай тіркелу Астанада жүргізіледі, ол үшін кемінде 8 облыстық филиалды тіркеу қажет. Тіркеу шығыны 100000 теңгеден астам соманы құрауы мүмкін (сегіз филиалды мемлекеттік тіркеу үшін 78624 теңге қажет, шамамен 500 АҚШ долларына тең) өз филиалдараның қызметін қамтамасыз ету және басқару қосымша шығынды қажет етеді.

Е) Қоғамдық бірлестікті құру үшін бастамашы болуға жеткілікті азаматтар қатары жиналуы қажет (кемінде 10 адам)[55].

Ж) Қоғамдық қордың тіркелуі кезінде[56] бастамашы азаматтардың барлығы ҚР-ның азаматы болуы керек[57].

З) Егер қоғамдық бірлестік мүшелерінің саны заң белгілеген мөлшерден (10 адам) кем болған жағдайда, ешқандай заң құжаттарымен де, құқық қолдану жүйесі тәжірибесімен де реттелмеген.[58]

И) Қоғамдық бірлестіктер (мемлекеттік органдармен, жауапты тұлғалармен және бұқаралық ақпарат құралдарымен тең) әрбір азаматтың

---

[54] ҚР ӘҚБ-нің 374 бабы ҚБ мүшелері мен жетекшілерін жарғылық мақсаттың шегінен тысқары әрекеттері үшін әкімшілік жауапкершілікті қарастырады. (ҚБ мүшелеріне – 20 АЕК-ке дейін айыппұл, жетекшілеріне – 50 АЕК мөлшерінде айыппұл, ал ұйымның өзіне 200 АЕК-ке дейін айыппұл салынады).

[55] «Қоғамдық бірлестіктер туралы» ҚР-ның заңы, 10 бап.

[56] «Қоғамдық бірлестіктер туралы» ҚР –ның заңы,11 бап.

[57] Алайда мемлекеттік тіркеуден соң қоғамдық бірлестіктерге егер мұндай мүмкіндік осы бірлестіктің шартында қарастырылса, өзінің мүшелігіне шетелдік азаматтарды қабылдауға тыйым салынбайды. Бұл ереже тек ҚР азаматтары ғана мүше бола алатын саяси партияларға қатысты емес.

[58] Қазақстан прокуратурасының бастамасы бойынша діни бірлестік мүшелерінің саны 10-нан төмен түскен жағдайда діни бірлестіктердің жұмысын тоқтату жөніндегі кең тараған және қызықты тәжірибесін атап айтқан жөн.

Алайда авторларға саяси емес және діни емес бірлестіктердегі Қазақстан азаматтарының іс тәжірибесіне қатысты жағдайлар белгісіз.

өзінің құқығына қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен[59] танысуға мүмкіндік берілуі тиісті.

Аталған талапты іс жүзіне асыруды ұйымдастыруға оның персоналы үшін жұмсалатын уақытқа қосымша шығын жұмсалуы мүмкін.

2. Жеке кәсіпкерлер және (немесе) заңды тұлғалар қауымдастығы (одақ) нысанындағы бірлестік.

Артықшылығы:

А) Мүшелікке негізделген кәсіпкерлер мен (немесе) заңды тұлғалар бірлестігі нысаны Ұйымға кіру шығудың жеңіл тәртібі.

Б) КЕҰ салықтық мәртебесі ҚР НК-нің 134 бабы бойынша мемлекеттік тіркеу аяқталғаннан бастап, барлық өтемсіз алынған кіріске салық төлемеуге мүмкіндік береді.

В) Қауымдастық (одақ) қызметінің аумағы заңмен шектелмейді.

Г) Өзінің құрамына заңды тұлғаларды қабылдай алмайтын қоғамдық бірлестіктерден айырмашылығы қауымдастық (одақ) өзінің құрамына жеке тұлғаларды да, заңды тұлғаларды да бірдей, тек бір шартпен қабылдай алады: егер соңғылары жеке кәсіпкер болған жағдайда ғана[60] (келесі бетте).

Д) Қауымдастықты (одақты) құру үшін екі заңды тұлға (жеке кәсіпкер) жеткілікті. Бұл іс жүзінде бірігуге шешім қабылдаған тұлғалардың «ұлттық аумақтық құқықтық қабілеттілікке» неғұрлым жылдам және жеңіл ие болуы үшін жиі қолданылады.

10 Адам жергілікті дәрежедегі екі түрлі қоғамдық бірлестікті тіркеген жағдай белгілі, мысалы Алматыда, сосын заңды тұлғалар қауымдастығына бірігеді, ал қазір қоғамдық бірлестік мүшелері, және ең бастысы олардың басшылары қауымдастық аясында заңды түрде жұмыс істейт-

---

[59] ҚР Конституциясының 18 бабы, 3 тармақ.

[60] Жеке кәсіпкерлердің тіркелуге міндетті еместігін (құқықтық органдарға) аңғарған жөн. «Жеке кәсіпкерлік туралы» ҚР 27 бабының 2-1 тармағында көрсетілгендей жұмысшылардың еңбегін тұрақты негізде пайдаланбайтын жеке тұлға ҚР салық заңнамасы белгілеген мынадай табыстарды алған жағдайда **жеке кәсіпкер ретінде тіркелуі міндетті емес:**

1) **төлем көзінен салынатын;**

2) мүліктік табыс;

3**) басқа табыстар.**

Бұл дегеніміз кез келген кәмелет жасына толған адамның, мысалы банкте депозиті болса (одан түскен пайыздық үстеме, басқа табыс ұғымына енгізіліп, жеке кәсіпкер ретінде жариялауына болады және оның қауымдастыққа (одаққа) мүшелігінің заңдылығы дау тудырмайды.

Осылайша қандай да бір қосымша табыс табатын ҚР-ның кез келген азаматы (шетелдіктер мен азаматтығы жоқтарды қосқанда) жеке кәсіпкерлердің бірлестігіне біріге алады, тіпті мұндай бірлестіктерге мүше саны бар болғаны екі адам болса да қызмет аумағы мен бастамашыларының азаматтығына шектеу қойылмайды. Бастысы, осындай бірлестіктердің қызметін «ортақ мүдделерін қорғау» деген ұғымның төңірегіне жинақтау. Мұндай бірлестіктердің потенциалды қаржы донорларының көз алдындағы жалғыз кемшілігі оның іс-әрекетінің қоғамдық сипатын көрсететін атаудың жоқтығы (мәселен, қоғамдық бірлестік немесе қоғамдық қормен салыстырғанда).

індерін мәлімдей алады, қоғамдық бірлестіктерге қойылған аумақтық шектеу оларға қойылмайды. Алайда бұл нұсқа мәселені жан-жақты шешe алмайды.

Мұндай қауымдастықта (одақта) жоғарғы органдағы дауыстарға жеке тұлғалар – осы қоғамдық бірлестіктің мүшелері (құрылтайшылар емес) тек екі бірігуші қоғамдық бірлестік өкілдері ғана ие болады.

Е) Жеке кәсіпкерлерді және (немесе) заңды тұлғаларды біріктіруші қауымдастықтар (одақтар) бүгінде олардың тек заңды тұлға бірігетін жеке жағдайға қарағанда заң құжаттарымен анағұрлым аз реттелген.

Осы нысанға қатысты (тек заңды тұлғалар бірігетін жеке жағдайды есепке алмағанда) заң құжаттарында заңнамалық талаптар мен шектеулер анағұрлым аз белгіленген.

Кемшіліктері

А) Заңды тұлғалар қауымдастығына (одаққа) жаңа мүшелерді қабылдау мен мүшеліктен шығару тәртібінің ерекше, шектеулі құқығы қарастырылған:

5. Қауымдастық (одақ) мүшелері, егер құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе, қаржы жылы аяқталған соң өзінің қалауы бойынша қауымдастықтан (одақтан) шығуға құқылы. Бұл жағдайда қауымдастық (одақ) мүшесі өзі қауымдастықтан шыққанға дейін туындаған міндеттемелері бойынша шыққан кезінен бастап екі жыл бойына оның өзінің жарнасына бара-бар жәрдемшілік жауаптылықта болады.

Қауымдастық (одақ) мүшесі қауымдастықтың (одақтың) құрылтай құжаттарында белгіленген ретте және тәртіппен қауымдастық (одақ) мүшелерінің шешімі бойынша одан шығарылуы мүмкін. Қауымдастықтан (одақтан) шығарылған мүшесінің жауапкершілігіне қатысты қауымдастықтан (одақтан) шығуға арналған ереже тәртібі қолданылады.

6. Қауымдастық (одақ) мүшелерінің келісімімен оған қауымдастықтың жаңа мүшесі кіре алады. Қауымдастыққа (одаққа) жаңа мүшенің кіруі қауымдастықтың (одақтың) ол кіргенге дейін туындаған міндеттемелері бойынша оның субсидиарлық жауаптылығымен байланыстырылуы мүмкін».

Б) Егер заңды тұлғалар қауымдастық мүшелігіне заңды тұлғалардың бірлестігі ретінде тіркелсе, онда оларды қабылдауға болмайды[61].

[61] «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», ҚР-ның заңы,18 бап.

В) Қауымдастық мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауапкершіліктері.[62] (Ол жағы тұтыну кооперативімен туыстас)[63]

г) Қауымдастық (одақ) құрылтайшыларының (мүшелерінің) қауымдастыққа берген мүліктеріне мүліктік құқығын сақтау мәселесі заң жүзінде реттелмеген, яғни ол қауымдастық (одақ) құрылтайшыларының (мүшелерінің) қарауына қалдырылып, құрылтайшылық құжаттарда көрсетілуі тиіс (ҚР-да ымыраға келмейді – қоғамдық қорларға қатысты түсініктемелерді де қараңыз). Сонымен, қауымдастық (одақ) жарғысында нақтылы мүше арқылы берілген мүлікті соңғысының қауымдастықтан шығуына байланысты шығару мүмкіндігіне қатысты қарастыруға болады, бұл қауымдастық (одақ) пен тұтыну кооперативін жақындастырады.

Д) Қауымдастықтың (одақтың) атауы осы қауымдастықтың (одақтың) негізгі қызметінің мәніне бағытталып, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» ҚР заңының 7 – бабының 18 – тармағына сәйкес «қауымдастық» немесе «одақ» деген сөздерді қатыстыруы тиіс. Бірақ бұл «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» ҚР заңының 18 – бабынан шығатын талап тек заңды тұлғалар бірлестігіне (одағына) ғана тараталады.

1. Жеке мекемелер

Артықшылықтары:

А) Бір тұлғамен құрылу мүмкіндігі.[64]

Б) ҚР Заңнамасында жеке мекеме тәртібінің нақтыланбағаны құрылтайшының жарғылық шығармашылығына ауқымды кеңістік береді.

В) Заңнама құрылтайшыны басқару тәртібін өзінің талабы бойынша орнатуға, соның ішінде жеке мекеменің қызметіне толық жеке дара бақылау жасауды жүзеге асыру мүмкіндігін береді.

Г) Жеке мекеменің қызмет аумағы заңмен шектелінбейді.

---

[62] «Субсидиялық (жәрдемшілік) жауапкершілік», ҚР-ның заңы, 357 бап, 1 т. Заңдарға немесе міндеттеменің шарттарына сәйкес негізгі борышкер болып табылатын (субсидиялық жауапкершілік) басқа адамның жауапкершілігіне қосымша жауапты болатын адамға талап қойғанға дейін, кепіл беруші талапты негізгі борышқорға қоюға тиіс. Егер негізгі борышқор несие берушінің талабын қанағаттандырудан бас тартса, не оны толық орындамаса немесе несие беруші одан қойылған талапқа ақылға қонымды мерзімде жауап алмаса, бұл талаптың орындалмаған бөлігі субсидиялық жауапкершілігі бар адамға қойылуы мүмкін.

2. Егер бұл талап негізгі борышқорға қарсы қойылған талапқа жатқызу (осы Кодекстің 370бабы) арқылы қанағаттандырылуы мүмкін болса, несие беруші өзінің негізгі борышқорға қоятын талабын субсидиялық жауапкершілігі бар адамның қанағаттандыруын талап етуге құқылы емес.

3. Субсидиялық (жәрдемшілік) жауапкершілігі бар адам оған несие беруші қойған талапты қанағаттандыруға дейін бұл туралы негізгі борышқорға ескертуге, ал егер мұндай адамның үстінен талап арызы түссе, негізгі борышқорды іске қатыстыруға тиіс.

Олай болмаған жағдайда негізгі борышқордың несие берушіге қарсы айтайын деген қарсылықтарын субсидиялық жауапкершілігі бар адамның регрестік талабына қарсы қоюға құқығы бар.

[63] ҚР АК-нің 108 бабы, 2 тармақ.

[64] «Коммерциялық емес ұйымдар туралы»,. ҚР АК-нің заңы 20 бап, 1 тармақ.

Д) Құрылтайшыдан кез келген уақытта жеке мекеменің мүлкі тартып алынуы мүмкін (құрылтайшының өзінің әкелгені, сондай-ақ қызмет барысында жеке мекеменің өзінің тапқаны (ҚР АК-нің 205 – бабы). Алайда, жеке мекеменің құрылтайшысының да ҚР «Коммерциялық ұйым туралы» заңының 28 – бабының 1 – тармағында көрсетілгендей, жеке мекемені жою кезінде мекеме құрылтайшысының құқығын жүзеге асыруға кедергілер (теориялық тұрғыдан болса да) бар.

ҚР «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңының 28 – бабының 1 – тармағында «Коммерциялық емес ұйым салық жеңілдіктерін және басқа да жеңілдіктерді пайдаланған және мүшелерінің және (немесе) құрылтайшыларының жарналары мен өз қызметінен түскен кірістері, жұртшылықтың қайырмалдықтары есебінен жұмыс жасаған, мемлекеттен немесе мемлекеттік емес ұйымдардан гранттар алған жағдайда, таратылған кезде кредит берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүлікті ұйымның мүшелері, құрылтайшылары, лауазымды адамдары немесе жалдамалы қызметкерлері арасында қайта бөлуге болмайды, ол ұйымның жарғысына сәйкес оның жарғылық мақсаттарына пайдаланылуға тиіс. Егер ұйымның жарғысында мұндай тәртіп көзделмесе, тарату туралы шешім қабылдаған органның ұйғаруы бойынша қалған мүлік таратылатын ұйымдікі сияқты мақсаттарды немесе оларға жақын мақсаттарды ұстанатын коммерциялық емес ұйымға берілуі мүмкін».

Алайда тәжірибе жүзінде құрылтайшының өзі құрған жеке мекемеден әуелі мүлікті алып, содан кейін ғана тарату жөнінде шешім қабылдауға құқығы бар.

Кемшіліктері:

А) ҚР АК-нің 134 бабы бойынша коммерциялық емес ұйымдарда салық мәртебесінің жоқтығы мемлекеттік тіркеуден бастап барлық өтеусіз кірістерге салық төлемеуге мүмкіндік бермейді. ҚР СК-нің 135 бабына сәйкес салық жеңілдіктерін алу үшін «әлеуметтік салада қызмет етуші ұйым» мәртебесін алу қажет.[65]

Б) Жеке мекеменің пайдаланылуындағы мүлікке жеке меншік пайдаланылуындағы мүлікке жеке меншік құқығының жоқтығы (ие болу құқығы, пайдалану, иелік ету құқықтары бар, меншік құқығы жоқ). Бұл тек мүлік меншіктенушілерімен жасалатын жұмыстарға кері әсерін тигізуі мүмкін. Яғни мұндай құрылтайшының (ол мүмкін басқа қалада, шетелде болуы мүмкін) қатысуы қажет.

В) Мекеме құрылтайшыларының ара қатынасын реттеуге қатысты (мекеменің біреуден артық құрылтайшысы бар болған жағдайда) белгілі бір заң тәртібінің болмауы, әсіресе құрылтайшылардың біреуі құрамнан шығатын жағдайда, құрылтайшының мекеме міндеттемесі бойынша толық жауапкершілігін қалай реттеуіне байланысты. (ҚР АК-нің

[65] Коммерциялық емес ұйымдардың салық тәртібі мен салықтық жеңілдіктері осы құралдың соңғы тарауында тиянақты көрсетілген.

105 бабында тек бір ғана құрылтайшы болған жағдайға қатысты қарастырылған). Алайда «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» ҚР АК-нің 204 бабы бірнеше меншік иелері арқылы мекемені құрудың мүмкіндігін қарастырып, мекеме міндеттемесі бойынша жауапкершілікті бөлісу мәселесін құрылтай шартында немесе соған ұқсас келісімде анықтауды көздейді.

Г) Жеке мекеме міндеттемелері бойынша құрылтайшының мүліктік жауапкершілігі шектеулі емес (ҚР АК-нің 44 бабы).

1. Қоғамдық қорлар

Артықшылығы:

А) Қоғамдық қорға бір немесе одан артық жеке тұлғалар да, заңды тұлғалар да құрылтайшы бола алады.[66]

Б) Заңнамада шектеу реттелмегендіктен құрылтайшылар басқару мәселелері мен қор қызметін реттеуде кең өкілеттіліктерге ие болады. (ҚР АК-і мен ҚР-ның «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңы).

В) Коммерциялық емес ұйымдардың салықтық мәртебесі ҚР-ның СК-нің 134 бабы бойынша мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап өтеусіз кірістердің бәріне салық төлемеуге рұқсат беріледі.

Г) Қоғамдық қордың қызмет аумағы заңмен шектелмейді.

Д) Құрылтайшылар қоғамдық қордың міндеттемелері бойынша жауапты емес.

Е) Қор бірнеше құрылтайшы жеке тұлғалары (қоғамдық бірлестіктермен салыстырғанда) бола тұра, әкімшілік және қылмыстық құқықтың ерекше субъектісі болмайды.

Кемшіліктері:

А) Қор тіркеуден заңды тұлға ретінде өткізілген соң құрылтайшылар құрамын өзгерту мүмкін емес. Бұл қорды басқару мен қызметіне қатысты маңызды мәселелер бойынша тек құрылтайшылардың бастапқы құрамы ғана ерекше құзыретке ие бола алатындығын көрсетеді.

Б) ҚР-ның «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңы қордың басқарылуы мен қызметіне байланысты бірқатар мәселелерді шешпейді. Мәселен, ҚР-ның «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңы бірқатар мәселелерді қор құрылтайшыларының ерекше құзыретіне қатыстырған. Қордың ерекше құзыретіне қабылдау мәселелері, қордың құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу; ерікті қайта құру мен тарату; ұйымдастырушылық құрылымының құзіретін анықтау ұйымның басқару органының өкілеттілігін құру мен тоқтату тәртібі. Басқа заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне, сондай-ақ өзінің филиалдары мен өкілеттіліктеріне қатыстыру туралы шешім қабылдауы; атқарушы орган-

66 ҚР «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңының 12 бабы, 1 тармағы.

дардың қаржылық есебін тапсыру мерзімінің тәртібін анықтау, сондай-ақ бақылаушы органдардың тексеруін өткізіп және олардың нәтижелерін бекіту. Алайда, егер құрылтайшылар қор жұмысына қатыспаса, қолжетімсіз болса, онда қор күрделі жағдайдан бас тарта алады.

В) Қамқоршылық кеңес – декоративті орган болып табылады, өйткені оған өз мүшелерін кооптациялау құқығы арнаулы заңмен берілмеген (яғни өз құрамына жаңа мүшелерді өздері сайлап алады), ал құрылтайшылар кез келген уақытта қамқоршылық кеңесінің бүкіл құрамын ауыстыра алады.

Г) Жеке және заңды тұлғалардың бірлескен мекемесін (қоғамдық бірлестік емес) құру мүмкіндігі заңда қарастырылмаған.[67]

«Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңда қордың төрт түрі қарастырылады: жекеменшік, корпоративтік, қоғамдық және мемлекеттік. Жекеменшік қорға бір жеке тұлға немесе жеке тұлғалар, яғни отбасының мүшелері құрылтайшы бола алады. Сондай-ақ ол жеке тұлғаның нотариалды расталған өсиеті бойынша құрылуы мүмкін. Корпоративті қор бір немесе бірнеше жеке тұлғалардан құралады. Қоғамдық қор бір отбасының мүшелерінен не (немесе) заңды тұлғалардың құрылтайшылары болып табылады.

Және ақыр аяғында мемлекеттік қор мемлекеттік органдардың шешімімен құралады.

Д) Қордың басшысы мен бухгалтері болуға тиіс[68], қордың басшысы мен бухгалтері болуының құқықтық тәртібі заңда реттелмеген. Салық органдарының қызметкерлері болу керек дегенді көбінесе былайша түсіндіреді: көрсетілген тұлғалар, яғни басшысы мен бухгалтері еңбек шарты негізінде ұйымның штатында болуын талап етеді. Ол КЕҰ басшы мен бухгалтерге заңда бекітілген еңбекақының ең төменгі мөлшерінен кем емес еңбекақы тағайындауға тиіс (мысалы, 2011 жылдың 1 қаңтарынан ең төменгі еңбекақы мөлшері 15 мың 999 теңгені құрайды) және тиісті салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлеу (мысалы, мемлекеттік қызметкерлер үшін әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік төлемдер).

Ж) Қор жыл сайын өз мүлкін пайдалану туралы есебін ресми басылымдарда жариялауы тиіс.[69] Сонымен бірге «Ресми басылымдар» ұғымы ҚР-ның заңнамасында еш анықталмаған. Мәселен, ҚР Парламентінің Хабаршысы ҚР Президентінің және ҚР Парламентінің Актілер жинағы «кәдімгі ресми басылымдар» болып табылады.[70]

«Мемлекеттік органдардың басшылары» немесе кәдімгі «мемлекеттік органдардың» арнайы басылымдары бар. Тәжірибе жүзінде қорлар өздерінің есебін кез келген бұқаралық ақпарат құралдарында (газет-

[67] ҚР-ның «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңының 13 бабы.
[68] ҚР-ның «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңының 12 бабы, 4 тармағы.
[69] ҚР АК-нің 107 бабы, 6 тармағы.
[70] ҚР-ның «Нормативті-құқықтық актілер заңы».

терінде) жариялап береді және бізге қор басшылығына «ресми емес» басылымдарда жарияланғаны үшін санкция салынған жағдайлар белгісіз. Алайда, жариялануға қатысты талаптың орындалуы өзінің есебінен басқа басылымдарда жарнама жасау қорға қосымша шығын әкеледі.

3) Қоғамдық қордың таратылуы оған мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша ҚР АК-нің 107 бабының 7 тармағына сәйкес ереже бойынша жүзеге асырылады:

1) егер қор мүлкі оның мақсаттарын жүзеге асыруға жеткіліксіз болса және қажетті мүлікті алу мүмкін болмаса;

2) егер қор мақсаты орындалмаса, ал қор мақсатына қажетті өзгертулер енгізілмесе;

3) қор қызметінің жоғарыда белгіленген мақсаттырынан ауытқу жағдайында.


Бұл норманың Қазақстанда тіркелген қорлар үшін қолданылуы қауіпті бола тұра, бізге ҚР АК-нің 107 бабының сот тәжірибесінде қолдану жағдайы белгісіз.

IV. КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДЫ ҚҰРУ ЖӘНЕ ТІРКЕУ

Осы бөлімде КЕҰ-ды құру мен заңды тұлға ретінде тіркеу тәртібі баяндалған. Қазақстанда заңды тұлғаларды тіркеудің «бір терезе» принципіне бағынатын біртұтас тіркеу жүйесі орнатылғанмен, соған сәйкес құжаттарды тіркеуге қабылдануы мен берілуі халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚҚО) арқылы жүзеге асырылады, тіркеу процесіне көптеген мемлекеттік органдар қатысатынын және тіркеу аяқталған соң солардың ішінен кейбіреуімен (мысалы, салық комитетімен) өзара жаңа деңгейдегі қарым-қатынас басталатынын ұмытпау керек.

I. Ұйымды құру

Коммерциялық емес ұйымды құру ресімінің сызбасы



1. Ұйымды құру туралы шешім қабылдау

• КЕҰ-ның құрылтай жиналысы (құрылтайшының шешімі)

КЕҰ құрудың бірінші қадамы – ұйымды құру туралы шешім қабылдау болып табылады. Ол үшін, біріншіден, заңнамада қарастырылған өзіңіз қалаған ұйымдық-құқықтық нысанын тіркеуге азаматтар мен заңды тұлғалардың керекті саны жиналуы тиіс. (қоғамдық бірлестік үшін ҚР азаматтығы болуы міндетті бастамашыл азаматтар 10-нан кем болмауы керек[71]; заңды тұлғалардың бірлестігі үшін ең кемінде 2 заңды

[71] Азаматтыққа қатысты осы талап тек қоғамдық бірлестікті құратындарға ғана байланысты. Қоғамдық бірлестікті тіркегеннен кейін ол өз қатарына егер осы бірлестіктің жарғысында көрсетілген жағдайда өзінің мүшелігіне шетелдік азааматтар мен азаматтығы жоқ тұлғаларды қабылдай алады.

тұлға, қор үшін 1 жеке немесе заңды тұлға, мекеме үшін бір жеке немесе заңды тұлға; екіншіден, құрылтай жиналысы өткізіледі немесе жеке шешім қабылданады (егер құрылтайшы жалғыз болған жағдайда), соның нәтижесінде мынадай құжаттарға қол қойылады:

1) Құрылтай жиналысының хаттамасы (№ 1 Қосымшаны қараңыз) немесе құрылтайшының шешімі (№ 2 Қосымшаны қараңыз):

- Қоғамдық бірлестіктің, қауымдастықтың (одақтың), коммерциялық емес акционерлік қоғамның, тұтыну кооперативі құрылтай жиналысының хаттамасына қолды төраға мен хатшы қояды;

- Мекеменің, қордың құрылтай жиналысының хаттамасына қолды барлық құрылтайшылар қояды (егер құрылтайшы жалғыз болған жағдайда өз шешіміне қолды өзі қояды);

2) КЕҰ-ның құрылтай құжаттары:

- Қоғамдық бірлестіктің, қауымдастықтың (одақтың), тұтыну кооперативінің жарғысына қолды бірінші басшы қояды;

- Қордың, мекеменің, коммерциялық емес акционерлік қоғамның жарғысына қолды барлық құрылтайшылар қояды.

- Қордың, мекеменің, коммерциялық емес акционерлік қоғамның құрылтай келісімшартына қолды барлық құрылтайшылар қояды.

• Тіркеу үшін алым төлеу

Бұдан әрі КЕҰ-ды тіркеу үшін мемлекеттік алым төленеді: ҚР Салық кодексінің 456 бабы республикалық бюджет туралы заңда бекітілген және алымды төлеген күнге айлық есептік көрсеткіш мөлшері бойынша келесі алымдарды анықтайды:

1) Балалар мен жастар қоғамдық бірлестіктерін, сондай-ақ мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерін, олардың филиалдары мен өкілеттіктерін, республикалық және аймақтық ұлттық-мәдени қоғамдық бірлестіктерінің филиалдарын құруды мемлекеттік тіркеуден өткізу алым төленетін күні қолданылатын екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерлемесін құрайды.

2) Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын мекемелерді, қазыналық кәсіпорындарды және ғимарат меншік иелерінің (пәтер) кооперативтерін, олардың филиалдары мен өкілеттіктерін құруды мемлекеттік тіркеуден өткізу алым төленетін күнгі бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерлемесін құрайды.

3) Заңды тұлғаларды мемелекеттік тіркеу үшін алым мөлшерлемесі заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілеттіктерін (шағын кәсіпкерлік пен олардың филиалдары мен өкілеттіктерін және саяси партияларды, олардың филиалдары мен өкілеттіктерін) құруды мемлекеттік тіркеуден өткізу алым төленетін күнгі 6,5 есептік көрсеткіш мөлшерлемесін құрайды.

Ескертпе: *Айлық есептік көрсеткіш – республикалық бюджет туралы заңмен жыл сайын бекітіліп, зейнетақыларды, жәрдемақыларды,*

басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын қолдану, салық және басқа да төлемдер көрсеткіші (ҚР-ның «2013-2015 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңына сәйкес 2013 жылдың 1 қаңтарынан 1731 теңгені құрайды).

2. КЕҰ-ды тіркеу үшін құжаттарды дайындау

Ұйымды құру жөнінде шешім қабылдап, тіркеу үшін алымды төлегеннен кейін КЕҰ-ды әділет органдарында тіркеуге арналған құжаттар жинағын дайындау керек. КЕҰ-ның ұйымдастыру-құқықтық нысанына байланысты мынадай құжаттар дайындалуы қажет[72]:

1) Қоғамдық бірлестік

- тіркеу туралы өтініш – 1 дана
- құрылтай жиналысында (конференцияда, съезде) қабылданған жарғы қазақ, орыс тілдерінде нөмірленіп, тігілген түрінде – 3 дана

Ескертпе: Заңнамада қоғамдық бірлестіктің жарғысын міндетті түрде нотариалдық растау туралы талап қойылмаған, оны қолдану-қолданбау азаматтардың өз құқығында. Бірақ егер бастапқы жарғы нотариалды түрде расталса, онда жарғыға кейінгі енгізілген өзгерістердің барлығы да

нотариалдық растауды талап етуі мүмкін;

- жарғыны қабылдаған және төраға мен хатшының қолы қойылған құрылтай съезінің (конференцияның, жиналыстың) хаттамасы – 1 дана (№4 Қосымшаны қараңыз);
- Аты-жөні, туған күні, айы, жылы, жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), мекенжайы, үй және жұмыс телефоны көрсетіліп, әрқайсысының жеке қолы қойылған[73] қоғамдық бірлестіктің бастамашы азаматтарының тізімі – 1 дана;
- Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін және филиалдар мен өкілеттіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алымның төленгенін растайтын құжат немесе түбіртек – 1 дана.

Ескертпе:

Саяси партияларды тіркеу кезінде қосымша ұсынылатындар:

- партияның бағдарламасы;

- партия мүшелерінің тізімі, ондағы партия мүшелерінің саны қырық мыңнан кем болмауы керек және олар салалық бөлімшелерден (филиалдар мен өкілеттіктерден, барлық облыстардан, республикалық

---

[72] 2007 жылдың 12 сәуіріндегі «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу бойынша нұсқаманың бекітілуі туралы» ҚР Әділет министрінің № 112 Бұйрығы, 5 қосымшасы.

[73] 1996 жылдың 31 мамырындағы ҚР-ның « Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңының 13 бабы.

маңызы бар қалалардан және астанадан, әрқайсысының құрамында кемінде 600 партия мүшесі болуы керек, әрқайсысының тегі мен аты, әкесінің аты , туған жылы, айы, күні, ЖСН, мекенжайы көрсетіледі.

Бұл орайда заңнамада қоғамдық бірлестікті тіркеу туралы әділет органына өтінішті құрылған күннен (алғашқы құрылтай жиналысы өткізілген күн құрылған күні болып саналады) кейін екі ай мерзім ішінде[73] беру талап етіледі, керісінше жағдайда, мерзімнің өткізіліп алу себептері дәлелденбесе, әділет органдары қоғамдық бірлестікті тіркеуден бас тартуы мүмкін.

Тіркеудің «бір терезе» ұстанымы бойынша жүргізілуіне байланысты, әділет органдарына құжат тапсырмастан бұрын бірлестіктің бірінші басшысын сайлап алу керек, сонымен бірге құрылтай жиналысының хаттамасында бұл шешім көрсетілуі керек. Сонымен қатар заңды тұлғаны мемлекеттік (есептік) тіркеу туралы өтініштің жаңа нысанына сәйкес (2010 жылдың 13 тамызынан бастап қолданылады), өтініште бастамашы азаматтар жөнінде мынадай қосымша мәліметтерді көрсетулеріңіз қажет: құрылтайшылар құрамының саны, тегі, аты, әкесінің аты (жеке тұлғалар үшін), атауы (заңды тұлғалар үшін), сондай-ақ олардың жарғылық капиталға қатысты ақшалай пайыздық үлесі (ондай бар болса).

Іс жүзінде әділет органдары өтініште көрсетілген мәліметтерді растау үшін әрбір бастамашы азаматтың жеке куәлігінің (немесе төлқұжатының) көшірмесін және (2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЖСН[74]) талап етеді.

Әрине, ол құжаттардың жарамдылық мерзімі өтіп кетпеуі тиіс. Және мемлекеттік тіркеу мерзімінің ішінде барлық бастамашыларды көрсетілген телефондар мен мекенжайдан табуға болатынына көз жеткізген дұрыс. Ол тіркеуші органның берілген мәліметтердің (мекенжайын, байланыс телефондарын) дұрыстығын тексеру құқығының болу себебімен байланысты. Ал мәліметтер расталмаған жағдайда, Сізден нақтыланған тізім талап етіледі, онда жоғарыда айтылған қолдарды қайтадан жинауыңызға тура келеді.

Сонымен бірге өтінішіңізде заңды тұлға басшысының аты, жөні және ЖСН көрсетілуі керек.

Ескертпе:

Жоғарыда қаралған нысан бойынша заңды тұлғаны мемлекеттік (есептік) тіркеу туралы өтініште заңды тұлғаның құрылтайшылары мен (бастамашы азаматтар) басшысы туралы мәліметтерді көрсету талабы КЕҰ-ның барлық жоғарыда қарастырылған ұйымдастыру-құқықтық нысандарына қатысты.

[74] ЖСН мен БСН-ге көшу 2012 жылдың 1 қантарынан 2013 жылдың 1 қантарына ауыстырылды.

Қор

- жарғы;
- құрылтай шарты (құрылтайшысы бір адамнан көп болғанда);
- Жарғысы бекітілгендігі туралы уәкілетті органның шешімі;
- Атқарушы органын тағайындағаны жөніндегі алқа органының (қамқоршы кеңесін) шешімі;
- заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе құжат.

Ескертпе: *Заңды тұлғаларды «бір терезе» тәртібі бойынша тіркеуге байланысты әділет органдары бұрын тек статистикалық және салық органдары талап ететін қордың бірінші басшысы туралы мәліметтерді тапсыруды талап етеді. ҚР заңнамасына сәйкес қордың атқарушы органын (басшысын) тағайындау құқығына Қамқоршылық кеңес қана ие. Бұдан шығатын қорытынды құрылтайшының жалпы жиналысының (жалғыз құрылтайшының шешімі) хаттамасымен бірге* ***Қамқоршылық кеңесінің*** *қор басшысын тағайындау шешімі туралы* ***отырыс хаттамасын*** *дайындап (1,2,3 Қосымшаларды қараңыз), осы құжаттарды әділет органдарына тапсыру керек.*

3) Қауымдастық (одақ) түріндегі заңды тұлғалардың бірлестігі

- тіркеу туралы өтініш;
- жарғы;
- бірлестіктің барлық мүшелері қол қойған құрылтай шарты;
- заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін және филиалдар мен өкілеттіктерді есептік тіркеуге алу үшін бюджетке алымның төленгенін растайтын құжат немесе түбіртек.

4) Діни бірлестік

- діни бірлестіктің басшысының қолы қойылған діни бірлестіктің жарғысы;
- Құрылтай жиналысының (съезд, конференция) хаттамасы;
- электрондық түрдегі және қағазға басылған діни бірлестікті құрған бастамашы азаматтардың тізімі;
- дін үйрету негіздерін, тарихын ашатын және тиісті діни қызметтері туралы мәліметтерді қамтитын діни баспа материалдары;
- заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе құжат.
- діни бірлестіктің басшысын тағайындау туралы шешімі немесе басшысын шетел діни орталығымен тағайындаған жағдайда, уәкілетті органмен келісім жасалғандығын растайтын құжат.

Ескерту:

1. Өңірлік діни бірлестігін тіркеу үшін қосымша, аймақтық діни бірлестікті тіркеуге бастамашы болған әрбір жергілікті діни бірлестік мүшелерінің, тіркеуші органмен белгілеген нысан бойынша тізімі және нотариалды түрде куәландырылған жергілікті діни бірлестіктердің жарғылары ұсынылады.

2. Республикадан тыс жерде басқарушы орталығы бар діни бірлестіктер қосымша ұсынады:

мемлекеттік және орыс тілінде нотариалды куәландырылған аудармасымен шетел орталығы жарғысының көшірмесі;

діни орталық өз елінің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатындығын растайтын мемлекеттік және орыс тілінде нотариалды куәландырылған аудармасымен тізілімнен көшірме немесе басқа құжат.

3. Діни басқармалар (орталықтар) негізін салған рухани (діни) оқу мекемелерінің, мешіттерінің, монастырлардың және басқа да діни бірлестіктердің жарғыларын (ережелерін) осы діни басқармалар (орталықтар) бекітеді. Тіркеу үшін оларды құру туралы діни басқарманың (орталықтың) уәкілетті органының шешімі ұсынылады.

5) Мекеме

- тіркеу туралы өтініш;
- мекемені құру туралы меншік иесінің шешімі;
- ереже (жарғы);
- құрылтай шарты немесе басқа да келісім (меншік иелері (құрылтайшылары) бірден көп болған жағдайда);
- тұрған жерін растайтын құжат;
- заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе құжат.

6) Коммерциялық емес акционерлік қоғам

- тіркеу туралы өтініш;
- мекемені құру туралы меншік иесінің шешімі;
- ереже (жарғы);
- құрылтай шарты немесе ұқсас келісім (меншік иелерінің, құрылтайшыларының саны біреуден артық болса);
- заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін және филиалдар мен өкілеттіктерді есептік тіркеуге алу үшін бюджетке алымның төленгенін растайтын құжат немесе түбіртек.

7) Ғимарат (пәтер) меншік иелерінің кооперативі

- тіркеу туралы өтініш;
- кондоминиум объектісіндегі үй (пәтер) иелері құрылтай жиналысының хаттамасы немесе дауыс беру парақтары қосылған жазбаша түрдегі пікір сұрау нәтижесінің хаттамасы;

- жарғы;

- кондоминиум объектісінің тіркелгені, қайта тіркелгендігі туралы мемлекеттік акт немесе кондоминиумды мемлекеттік тіркегенін растайтын тіркеуші органның мөртабаны басылған құжат;

- заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін және филиалдар мен өкілеттіктерді есептік тіркеуге алу үшін бюджетке алымның төленгенін растайтын құжат немесе түбіртек.

8) Тұтыну кооперативі

- тіркеу туралы өтініш;

- жарғы;

- заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін және филиалдар мен өкілеттіктерді есептік тіркеуге алу үшін бюджетке алымның төленгенін растайтын құжат немесе түбіртек.

Ескерту: *Тұтыну кооперативі азаматтар үшін – кооператив мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, ЖСН, тұрған жері, заңды тұлға үшін – тұрған жері туралы, банк реквизиті және БСН мәліметтер көрсетілген тізімді ұсынады.*

9) Ауылдық тұтыну кооперативтері

- тіркеу туралы өтініш

- құрылтай жиналысының хаттамасы;

- жарғы;

- мекенжайын растайтын құжат;

– заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін және филиалдар мен өкілеттіктерді есептік тіркеуге алу үшін бюджетке алымның төленгенін растайтын құжат немесе түбіртек.

- азаматтар үшін – тегі, аты, әкесінің аты, мекен-жайы және ЖСН және заңды тұлғалар үшін – атауы, тұрған жері, БСН туралы мәліметтер көрсетілген жарна салушылардың тізімі.

Ескерту: *Су пайдаланушылардың ауылдық тұтыну кооперативтерін тіркеу кезінде қосымша:*

Тегі, аты, әкесінің аты, тұратын жері және ЖСН, сондай-ақ заңды тұлғалардың атауы мен тұрған жері көрсетілген кооператив мүшелерінің тізімі, сондай-ақ кооператив мүшелерінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы суармалы жерлердің суын пайдаланушылардың болуы туралы мәліметтер ұсынылады.

10) Адвокаттар коллегиясы

- тіркеу туралы өтініш

- адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысымен (конференциямен) бекітілген жарғы;

- Жарғысы бекітілгендігі туралы уәкілетті органның шешімі;
- заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе құжат.

11) Нотариалдық палата
- тіркеу туралы өтініш
- құрылтай жиналысымен бекітілген Жарғы;
- Жарғысы бекітілгендігі туралы уәкілетті органның шешімі;
- заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе құжат.

12) Аудиторлар палатасы
- тіркеу туралы өтініш;
- жарғы;
- заңды тұлғаны құру жөніндегі уәкілетті органның шешімі;
- заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе құжат.

13) Бағалаушылар палатасы
- тіркеу туралы өтініш;
- жарғы;
- заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді заңды тұлғаны құру туралы уәкілетті органның шешімі.
- есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе құжат.

Тапсырылатын барлық құжаттар тізбесіне қатысты ЕСКЕРТПЕЛЕР:

1. Заңды тұлғаны тіркеу үшін тіркеуші органға ҚР Әділет министрлігі бекіткен нысанда (№5 және №6 Қосымшаны қараңыз) өтініш беріледі және құрылтай құжаттары мемлекеттік және орыс тілдерінде 3 данадан дайындалып, сондай-ақ заңды тұлғаның басшылары мен құрылтайшыларының жеке куәліктерінің көшірмелері, олардың ЖСН және БСН тапсырылады.

2. Өтініш құрылтайшымен (құрылтайшылармен) немесе өкілетті тұлғамен қол қойлып, Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген сәттерде нотариалдық расталған құрылтай құжаттарымен бірге тапсырылады.

3. Шетелдіктің қатысуымен заңды тұлғаларды тіркеу Қазақстан Республикасында бектілген заңды тұлғаларды тіркеу тәртібімен жүзеге асырылады. Егер Қазақстан Республикасы ратификацияла-

ған халықаралық келісімдерде басқаша бекітілмесе, осы тәртіп бойынша тапсырылатын құжаттарға қосымша мынадай құжаттар тапсырылуы тиіс:

1) шетел мемлекетінің заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылатынын растайтын, мемлекеттік тілде және орыс тіліне аударылып, нотариалды түрде расталған сауда реестрінен заңдастырылған үзінді немесе басқа заңдастырылған құжат;

2) мемлекеттік және орыс тілдеріне аударылып, нотариалды түрде расталған шетел құрылтайшысы – шетелдіктің төлқұжаты немесе басқа жеке құжатының көшірмесі.[75]

4. Қоғамдық діни бірлестіктерді тіркеу осы бапта бекітілген ережеге сәйкес және ҚР «Қоғамдық бірлестіктер туралы, «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңдарында қарастырылған ерекшеліктерді ескере отырып жүзеге асырылады.

5. Сонымен бірге, тіркеуші органға заңды тұлғаның мекенжайын растайтын құжат, сондай-ақ, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін және филиалдар мен өкілеттіктерді есептік тіркеуге алу үшін бюджетке алымның төленгенін растайтын құжат немесе түбіртек тапсырылады.

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуге қатысты Нұсқамада және «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» ҚР Заңында және басқа да заңнама актілерінде көрсетілмеген құжаттарды талап етуге тыйым салынады.[76]

3. КЕҰ-ды тіркеуге арналған құжаттарды әділет органына тапсыру

КЕҰ-ды әділет органдарына тіркеуде басшылыққа алынуға тиісті нормативтік-құқықтық актілер:

- «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» ҚР-ның 1995 ж. 17 сәуіріндегі № 2198 Заңы.

- 2007 жылдың 12 сәуіріндегі «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу бойынша нұсқаманың бекітілуі туралы» ҚР Әділет министрінің № 112 Бұйрығы.

- «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің діни істер жөніндегі комитетінің мәселелері», ҚР Үкіметінің 2005 ж. 30 желтоқсанындағы №1319 Қаулысы.

---

[75] 2007 жылдың 12 сәуіріндегі «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу бойынша нұсқаманың бекітілуі туралы» ҚР Әділет министрінің № 112 Бұйрығы, 6 тармағы.

[76] 2007 жылдың 12 сәуіріндегі «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу бойынша нұсқаманың бекітілуі туралы» ҚР Әділет министрінің № 112 Бұйрығы, 4 бабы.

• Мемлекеттік тіркеу деген не?

Мемлекеттік тіркеу – бұл ұйымның заңды тұлға құқықтық қабілеттілікке ие болу рәсімі. Оның ішінде мемлекеттік тіркеуге ұсынылған құрылтай және басқа құжаттардың Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкестігін тексеру, оларға тағайындалған идентификациялық нөмірмен бірге мемлекеттік тіркеу туралы анықтама беру, КЕҰ туралы Ұлттық бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің реестіріне мәлімет беру[77].

Ескертпе: *Заңды тұлғаның құқықтық қабілеттілігі КЕҰ-ның әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында құқықтар мен міндеттерге ие болу қабілеттілігі. Лицензиялауға жататын қызмет түрімен айналысу құқықтық қабілеттелігі осындай лицензияны алған кезден басталады.*

Ұлттық бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің реестірі осының алдында қолданыста болған бірыңғай мемлекеттік заңды тұлғалар регистрі мен филиалдар мен өкілдіктер реестрінің орнына енгізілген.

• Мемлекеттік тіркеу қайда жүргізіледі?[78]

Назар аударыңыздар: Қазіргі уақытта «бір терезе» тәртібімен заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін тіркеуге және қайта тіркеуге өтініш қабылдау, сондай-ақ құжаттарды беру халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚКО-ы) арқылы жүзеге асырылады. Сонымен бірге тіркеуші орган бұрынғысынша әділет органы болып қалды.

- ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті (Астана қаласы) мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді), атап айтқанда, банктерді, республикалық және аймақтық мәртебесі бар қоғамдық және діни бірлестіктерді (оның ішінде барлық саяси партияларды); шетелдік және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктерін;

- ҚР Әділет министрлігінің аудандық (қалалық) әділет басқармалары, Тіркеу қызметі комитетінде тіркеуге жататындарды қоспағанда, тиісті салалар бойынша құрылған, қайта құрылған және таратылған заңды тұлғаларды, филиалдар мен өкілдіктердің есептік тіркеуін жүзеге асырады (қайта тіркейді және таратылуын тіркейді).

---

[77] «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімі – құрылған және қызметін тоқтатқан заңды тұлғалар (филиалдар мен өкілдіктер), қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер туралы мәліметтерді есепке алуға және сақтауға, берілген бизнес-сәйкестендіру нөмірлері туралы мәліметтерді қалыптастыруға және сақтауға арналған ақпараттық жүйе.

[78] 2007 жылдың 12 сәуіріндегі «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу бойынша нұсқаманың бекітілуі туралы» ҚР Әділет министрінің № 112 Бұйрығы, 51 бабы.

- Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының Әділет департаменттері жергілікті мәртебесі бар қоғамдық және діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді және таратылуын тіркеуді) жүзеге асырады. Тиісті облыстарда қоғамдық және діни бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу, қайта тіркеу, есептік тіркеуден шығару.

• Мемлекеттік тіркеу мерзімдері:

Жоғарыда көрсетілген құжаттарды тапсырғаннан кейін әділет органдары өтініш берген күннен бастап барлық тиісті құжаттарды мемлекеттік тіркеуді (саяси партияларды қоспағанда) 10 жұмыс күнінен кешіктірмей тіркеуге алады.Осы мерзім жеке кәсіпкерлікпен айналыспайтын мекемелерге де бекітілген. Басқа мекеме түрлеріне басқа мерзім тағайындалған.

Шағын кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін кәсіпкерлік қызметі басталғаны туралы хабарлама тәртібі орнатылған, ол үшін құрылтайшы (құрылтайшылар) тіркеуші органға Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша электрондық құжат нысанында толтыру арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарлама береді және оны «электрондық үкіметтің» веб-порталында толтырады.

4. Әділет органдарынан БСН (Бизнес сәйкестендіру нөмірі) тағайындалған КЕҰ-ды мемлекеттік тіркеу туралы анықтама алу

Көрсетілген мерзімдер өткеннен кейін әділет органдары берілген күні туралы және тіркеу органы туралы мәліметтері бар, БСН, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) күні, заңды тулғаның аталуы мен мекен жайы жазылған анықтаманы береді.

КЕҰ-ға мемлекеттік тіркелу туралы анықтаманың берілуі заңды тұлғаның құрылуын және ол туралы мәліметтердің Ұлттық бизнес-сәйкестендіру реестіріне енгізілгендігін білдіреді.

КЕҰ-ды тіркеу кезінде үзіліс жасау немесе тіркеуден бас тарту

Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған, оларда кемшіліктер болған, құрылтай құжаттары бойынша сарапшының (маманның) қорытындысын алу қажет болған жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша тіркеу мерзімі анықталған кемшіліктер жойылғанға немесе тиісті қорытынды (сараптама) алынғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Үзілістен кейін тіркеу мерзімі қайта басталады, өйткені үзіліске

дейінгі уақыт мерзімі есепке алынбайды.[79]

Заңды тұлғаны құрудың, қайта тіркеудің және қайта ұйымдастырудың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртібінің бұзылуы, құрылтай құжаттарының Қазақстан Республикасының заңына сәйкес келмеуі, тапсыру актісін немесе бөліну балансын ұсынбауы, не оларда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқықтық мирасқорлығы туралы ережелердің болмауы, егер заңды тұлға немесе заңды тұлғаның жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы) іс-әрекет етпейтін заңды тұлға болып табылса, егер заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) және (немесе) басшысы болып табылатын жеке тұлға іс-әрекет етпейтін заңды тұлғалардың жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы) және (немесе) басшысы болып табылса және (немесе) әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылса, және (немесе) хабарсыз кеткен деп танылса, және (немесе) қайтыс болған деп жарияланса, және (немесе) оның Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 192, 216 және 217-баптары бойынша қылмыстары үшін жойылмаған немесе алынбаған соттылығы бар болса, жеке басты куәландыратын жоғалған және (немесе) жарамсыз құжаттарды ұсынуы, сот актілерінің және сот орындаушылары мен құқық қорғау органдарының қаулылары (тыйым салуларының, қамауға алуларының) болса, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден бас тартылады.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден немесе қайта тіркеуден, филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден немесе қайта тіркеуден бас тартқан жағдайда, тіркеуші орган заңнамада көрсетілген мерзім ішінде ҚР заң актілерінің талаптарына сәйкес келмейтіндігіне сілтеме жасай отырып, жазбаша түрде дәлелді жауап дайындайды.[80]

5. Ұйымның мөрін жасау

КЕҰ азаматтық айналымда өзін ерекшелеу үшін өзінің атауы жазылған мөрі болуы тиіс. Арнайы мекемеде мөр жасаттыру үшін тіркелуі туралы анықтама тапсыруы тиіс.

6. Банктен шот ашу

Қазақстан Республикасының резидент-заңды тұлғалары және олардың оқшауланған бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) банк шотын ашу үшін мынадай құжаттар ұсынуы қажет:

---

[79] «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу» туралы ҚР заңының 6-1 бабы

[80] 2007 жылдың 12 сәуіріндегі «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу бойынша нұсқаманың бекітілуі туралы» ҚР Әділет министрінің № 112 Бұйрығы, 81 тармағы

- осы Ереженің 5-тарауына сәйкес ресімделген қол қою үлгілері және мөр таңбасы бар құжат;[81]

- клиенттің салық төлеуші ретінде тіркелуін растайтын құжаттың көшірмесі;

- заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) не филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі;

- жарғының (оқшауланған бөлімшелер үшін – Ереженің) не үлгі жарғының негізінде клиент қызметінің фактісін растайтын құжаттың нотариатпен куәландырған көшірмесі;

- осы Ереженің 5-тарауына сәйкес ресімделген, қол қою үлгілері және мөр таңбасы бар құжатқа сәйкес клиенттің банк шотын жүргізуге (банк шотындағы ақшаға иелік етуге) байланысты операциялар жүргізу кезінде төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландыратын құжаттың (құжаттардың) көшірмесі;

- қоғамдық немесе діни бірлестіктің жарғысында және оның филиалы немесе өкілдігі туралы ережеде (қоғамдық немесе діни бірлестіктердің филиалдары және өкілдіктері үшін) көзделген тәртіппен сайланған (тағайындалған) қоғамдық немесе діни бірлестіктің филиалы немесе өкілдігі басшысының өкілеттіктерін растайтын, орыс тіліндегі және/немесе мемлекеттік тілдегі нотариатпен куәландырған құжаттар;

- филиалдың немесе өкілдіктің (өзге нысандардағы заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері үшін) басшысына заңды тұлға берген сенімхаттың көшірмесі;

- мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін – бюджеттің орындалуы жөніндегі уәкілетті органның рұқсаты;

Ескертпе:

Банктен шот ашу заңды тұлғаның міндеті емес, құқығы болып табылады. Негізінде, КЕҰ-ның есеп шотсыз да жұмыс істеуіне болады. Бірақ іс жүзінде көбінесе қолма-қол ақшасыз төлем жасау қолайлырақ болып саналады.

Егер қаржылық құқығы директордан басқа тағы біреуге берілсе, онда қосымша тұлғаны лауазымға тағайындау туралы және оған қаржылық құжаттарға қол қою құқығын беру туралы бұйрық тапсырылады. (№ 7 қосымшаны қараңыз).

• Салық төлеушілерді тіркеу деген не?[82]

Жеке тұлғаны, заңды тұлғаны, заңды тұлғаның құрылымдық бөлім-

[81] Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есепшоттарын ашу, жүргізу және жабу ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 2 маусымдағы № 266 Қаулысының 11 тармағы.

[82] ҚР СК 560 бабы.

шелерін салық төлеуші ретінде тіркеу үшін:

1) Салық төлеушілер туралы мәліметтерді салық төлеушілердің мемлекеттік тізіліміне енгізу;

2) мемлекеттік тізілімге енгізілген салық төлеушілердің тіркелу мәліметтеріне өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу;

3) Салық төлеуші туралы мәліметті салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімінен алып тастау.

• Салық төлеушінің бірегей бизнес нөмірі деген не?[83]

Ол – бірлескен кәсіпкер ретінде жұмыс істейтін заңды тұлғаға (филиал мен өкілдікке) және жеке кәсіпкерге арналып тағайындалатын бірегей нөмір. Ол бірегей ұлттық бизнес нөмірі тізіліміндегі, сондай-ақ мемлекеттік органның ақпараттық жүйелерінің және басқа да мемлекеттік мекемелердің белгілі бір заңды тұлғаға қатысты мәліметтерін жинақтауға жағдай туғызады[87].

• Тіркеу есебі деген не?[84]

Салық төлеушінің тіркелу есебіне салық төлеушінің жеке кәсіпкер, жеке нотариус, адвокат, ретінде тіркелу есебіне қою; қосымша құн салығы бойынша; электронды салық төлеуші ретінде; жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде; салық салу нысанының тұрған орнына және (немесе) салық салу нысанына байланысты салық төлеушінің тіркелу мәліметтеріне өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу, салық төлеушіні тиісті тіркелу есебінен шығару қызметтері кіреді.

Салық органдарының пікірінше, әділет органдары тіркеуден өткізу кезінде заңды тұлғадан талап ететін мәліметтер (№ 5 қосымшаны қараңыз) заңды тұлғаны тіркеу есебіне тұрғызу үшін жеткіліксіз болып табылады. Осыған байланысты іс жүзінде бірқатар аумақтық салық органдары әділет органдарынан мемлекеттік тіркеуден өткен заңды тұлғалардан, оның ішінде коммерциялық емес ұйымдардан мынадай құжаттарды талап етеді:

- № 004 нысанындағы өтініш «Салық төлеуші ретінде заңды тұлға (филиал, өкілдік, құрылымдық бөлімшені тіркеу туралы өтініш» (004 нысаны бойынша өтінішке қол қою құқығына құрылтайшы, басшы немесе басқа да өкілетті тұлға ие бола алады);

- Ұйымның бірінші басшысының бюджетпен есеп айырысуға жауапты қызметкерді тағайындау жөніндегі бұйрығының көшірмесі (бұл қызметкер ұйым басшысының өзі немесе кез келген басқа тұлға бола алады, бірақ көбінесе бухгалтер тағайындалады);

- Бюджетпен есеп айырысуға жауапты қызметкердің жеке куәлігінің және СТН көшірмелері.

---

[83] ҚР 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 223 «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» Заңының 1 бабы.

[84] ҚР СК 560 бабы.

Алайда осы талаптар салық заңнамаларында тікелей қарастырылмай, салық органдарының сараптауынан туындайтынын атап кету керек.

Сонымен бірге салық органдарының пікірінше, (бюджетпен есеп айырысуға жауапты қызметкер туралы және 004 нысанындағы басқа да мәліметтер) әділет органына тіркелу кезінде тапсырылмағандықтан, оларды **салық төлеушінің тіркелу мәліметтеріндегі өзгеріс ретінде қарастыруға болады.** Сондықтан коммерциялық емес ұйымдардың «**тіркеу мәліметтеріне өзгеріс енгізу үшін** тіркеу есебіне тұрған жері бойынша салық оганына тіркеу туралы өтініш беру» міндеті пайда болады. Және де осындай міндеттерді орындау мерзімі ҚР Салық кодексінің 563 бабының 5 тармағына сәйкес мұндай өтініш өзгерістің пайда болған күнінен бастап **он жұмыс күнінен кешіктірілмей** табыс етілуі тиіс. Салық органдары өзгерістің пайда болған мерзімін бірінші басшының бюджетпен есеп айырысуға жауапты қызметкерді тағайындауы туралы бұйрығы шыққан күннен бастап есепке алады.

Қаласаңыз, өз ұйымыңызды ҚҚС-ын (қосымша құн салығы) төлеуші ретінде есепке тұрғыза аласыз.[85] Ол үшін салық төлеуші куәлігін алғаннан кейін арнайы бланкінің екі данасын толтырып (ол өте оңай толтырылады), салық көмитетіне тапсырасыз. 10 күн өткеннен соң ҚҚС бойынша есепке тұру туралы куәлікті аласыз.

• Есепке тұрғызу мерзімі

Салық органы ҚҚС бойынша тіркеу есебіне тұрғызуды салық төлеуші өтініш берген күннен бастап 10 жұмыс күнінің ішінде жүзеге асырады. Салық төлеушінің қалауы бойынша, салық органы өкілетті мемлекеттік орган бекіткен нысан бойынша ҚҚС бойынша тіркеу есебіне тұрғаны туралы растама береді.

II. Коммерциялық емес ұйымды қайта тіркеу, құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу

1. Қайта тіркеу

Қайта тіркеуді бұрын тіркелген ұйымның құқықтық мәртебесіне енгізілген өзгерістің мемлекеттік есепке алынуы деп түсіндіреді. Коммерциялық ұйымның атауы өзгергенде, сондай-ақ жарғылық капиталының (егер бар болса) мөлшері азайған жағдайда міндетті түрде қайта тіркелуі тиіс.[86]

[85] Негізінде бұл белсенді мөлшерде айналымға салынатын тауарлар, жұмыстар мен атқарылатын қызметтерге ҚҚС салынатын кәсіпкерлік қызметпен айналысатын ұйымдарға қатысты. Ең төменгі айналым мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 30000 еселенген мөлшерін құрайды (СК 568 бабын қараңыз.

[86] ҚР АК 42-бап, 6-т.

Аталған негіздер бойынша құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер заңды тұлға қайта тіркелмейінше жарамсыз болып табылады.

Бұл жағдайда:

1) Мемлекеттік алым мынадай мөлшерде төленуі тиіс. Заңды тұлғаларға, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне (шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлғаларды және саяси партиялар мен олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептемегенде), жинақтың төленген күніне 6,5 айлық есеп көрсеткішін құрайды.

- Бюджет есебінен қаржыландырылатын қазыналық кәсіпорындарға және ғимарат (пәтер) меншіктенушілерге, олардың филиалдары мен өкілдіктерін тіркеуге арналған тиісті мөлшерлеменің 50%-ы, яғни 0,5 айлық есептік көрсеткіш белгіленді;

- Балалар мен жастардың қоғамдық бірлестіктерін, сондай-ақ мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерін, олардың филиалдары мен өкілдіктерін, республикалық және аймақтық ұлттық-мәдени қоғамдық бірлестіктер филиалдарын құруды тіркеуге тиісті мөлшерлеменің 50%-ы, яғни бір айлық есептік көрсеткіш белгіленді;

2) Өкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап бір ай мерзім ішінде тіркеу органына қайта тіркеу үшін өтініш беріп, онымен бірге мынадай құжаттарды қоса тапсыруы тиіс:

- 12 к қосымшаға сәйкес заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеуге арналған өтініш, өз қызметін Үлгілікк жарғы негізінде осы нұсқаулардың 13,14, 15 қосымшасына сәйкес атқаратын шағын, орта және ірі кәсіпкерлік үшін Заңды тұлғалар мемлекеттің қатысуымен тізілімді ұстаушының белгісімен өтінішін тапсырады;

- өкілетті органның мемлекеттік қайта тіркеу туралы құрылтай құжаттарына өзгерістер (толықтырулар) енгізуді көздейтін заңды тұлғаның мөрімен расталған шешімінің көшірмесі;

- өзгерістер (толықтырулар) енгізілген құрылтай құжаттарының үш данасы. Және де өзгертулер мен толықтыруларды екі түрлі жолмен енгізуге болады: құрылтай құжаттарының жаңадан дайындалған редакциясы түрінде немесе өзгертулерді (толықтыруларды) бұрынғы құрылтай құжаттарының қосымшасы түрінде. Егер құрылтай құжаттарын заңға сәйкес нотариалды растау талап етілсе, онда оған енгізілген өзгертулер мен толықтырулар да нотариалды тәртіппен расталуы тиіс;

- мемлекеттік тіркелу (қайта тіркелу) туралы куәліктің түпнұсқасы, салық төлеушінің куәлігі;

- заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу және филиалдары мен өкілдіктерін қайта тіркеу есебіне алу үшін алымның бюджетке төленгені жөнінде түбіртек немесе басқа растайтын құжат;

Көрсетілген құжаттар тізімі тіркелуден өтуге байланысты жағдайлардың барлығында да тапсырылады.

Құжаттар тапсырылғаннан кейін тіркеуші орган:

- ұсынылған құжаттар жинағын түгендеп, құрастырылуының дұрыстығын, ҚР-ның заңнама актілеріне сәйкестігін тексереді;

- қолданыстағы заңдар бұзылмаған жағдайда заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы бұйрық шығарады;

- Ұлттық тізілімге заңды тұлғаның қайта тіркелуі туралы мәліметтерді енгізеді;

- тіркелгеннен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркелуден өткендігі, БСН тағайындалғандығы туралы хабарлама жасайды;

- заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы Заңның 15 бабына сәйкес анықтама береді;

- істі жаңа құрылтай құжаттарымен немесе бұрынғы құрылтай құжаттарына қосымша ретінде енгізілген өзгертулер мен толықтырулармен, сондай-ақ заңды тұлғаның басқа құжаттарымен толықтырады. Іс қағаздары дайын болған кезде (БСН тағайындалғанын растайтын мөр мен тиісті бұрыштама қойылғанда) құрылтай құжаттарының түпнұсқалары өкілетті тұлғаға қайтарылады.[87]

Заңды тұлғаларды мемлекеттік қайта тіркеуден өткізу (шағын кәсіпкерлік нысандарын, сондай-ақ өз қызметін типтік болып саналмайтын жарғы негізінде жүргізетін орта және ірі кәсіпкерлік нысандарын қоспағанда) қажетті құрылтай құжаттарымен бірге өтініш берілген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде жүргізілуі тиіс.

Заңды тұлға жөніндегі мәліметтердің өзгергендігі туралы бір айдың ішінде тиісті мәліметтерді хабарламау жауапсыздығы оны қайта тіркелуге мәжбүрлейтіні ҚР-ның заңнамасында қарастырылмаған.

2. Құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу

Заңды тұлға құрылтай құжаттарына төлемсіз жүзеге асырылатын және қайта тіркелуге әкелмейтін басқа да өзгертулер енгізу туралы хабарлауы тиіс (мекенжайдың өзгеруі, филиал немесе өкілдіктің ашылуы, жарғының (ереженің) жаңа нұсқауын қабылдау). Жарғылық құжаттарға қайта тіркелуге әкеліп соқтырмайтын өзгертулер мен толықтыруларды енгізу үшін мынадай құжаттар тапсырылады:

1) Нұсқаудың бекітілген үлгісіндегі өтініш 16 қосымшаға сәйкес, акционерлік қоғамдарға өз қызметін Типтік жарғы негізіндегі 17 қосымшасына сәйкес жүргізетін заңды тұлғаның басшысының немесе өкілетті тұлғаның қолы қойылып, мөрмен расталады. (заңды тұлғалар мемлекеттің қатысуымен – тізілім ұстаушының белгісі қойылған өтініш).

---

[87] 2007 жылдың 12 сәуіріндегі «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу бойынша нұсқаманың бекітілуі туралы» ҚР Әділет министрінің № 112 Бұйрығы, 50 тармағы.

3) заңды тұлғаның құрылтайшысы басқа заңды тұлға болған жағдайда, тіркеуші органға мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің және салық төлеушінің куәлігінің көшірмелері тапсырылады.

4) нақты мекенжайы өзгерген жағдайда заңды тұлға мөрімен бекемделген, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына, филиал (өкілдік) туралы ережеге енгізілген өзгерістер мен толықтырулар мәтінінің үш данасы немесе жаңа редакцияда ресімделген, заңды тұлға құрылтай құжаттарының, филиал (өкілдік) туралы ереженің үш данасы. Егер заң талаптарына сәйкес құрылтай құжаттары нотариалдық куәландыруды талап етсе еңгізілетін толықтырулар мен өзгерістер де нотариалды түрде куәландырылады;

5) заңды тұлғаның бұрынғы құрылтай құжаттарының, филиал (өкілдік) туралы ереженің түпнұсқалары;

6) нақты орналасқан жерін (орналасқан жерін өзгерткен жағдайда) растайтын құжат ұсынылады.[88]

Көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін тіркеуші орган:

- Ұлттық тізілімге құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы мәлімет енгізеді;

- Заңның 12-бабына сәйкес, жаңа мекенжайы, заңды тұлғаны тіркеген (қайта тіркеген) күні және бастапқы мемлекеттік тіркелген мерзімі көрсетілген заңды тұлғаны, филиалмен өкілдікті тіркеу, қайта тіркеу туралы анықтама береді;

- заңды тұлғаның бұрынғы мекенжайы бойынша тіркеуші органнан оның құжаттарын сұратып алады;

- іске бұрынғы құжаттарды, сол сияқты жаңа ұсынылған құжаттарды тігеді;

Ескерту:

Қайта тіркелуге әкеліп соқтырмайтын өзгертулер мен толықтыруларды тіркеу мерзімдері тиісті мекеменің тіркеу және қайта тіркеу мерзімдеріне сәйкес келеді (кез келген КЕҚ үшін 10 жұмыс күні).

---

[88] 2007 жылдың 12 сәуіріндегі «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу бойынша нұсқаманың бекітілуі туралы» ҚР Әділет министрінің № 112 Бұйрығы, 55 тармағы.

Заңды тұлғаның орналасқан жерін растайтын құжаттар: жалдау, сатып алу-сату шарттары, қозғалмайтын мүлікке құқықтық тіркеу жүргізілгендігі туралы мөртабан басылған жылжымайтын мүлікке құқықты растайтын құжат және азаматтық заңнамада көзделген өзге де құжат.

Егер үй-жайдың иесі жеке тұлға болған жағдайда, онда жеке тұлғаның үй-жайды заңды тұлғаның тұратын жері ретінде бергені туралы нотариалдық куәландырған келісімі табыс етіледі.

ҚҰЖАТТАРДЫҢ ҮЛГІЛЕРІ МЕН МЫСАЛДАРЫ

№ 1 қосымша

Үлгі

ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ №1 ХАТТАМАСЫ
ҚҚ «_____»

Алматы қ. **«___»_____20__ ж.**

Қордың атауы: _____қоғамдық қоры (әрі қарай Қор деп аталады)
Өткізілу орны: Алматы қаласы,_____ көшесі, _____үй.

Қорға қатысқан құрылтайшылары:
1. Тегі, аты, әкесіні аты
2. Тегі, аты, әкесінің аты
3. Тегі, аты, әкесінің аты

Жиналыс төрағасы болып _____(аты-жөні) сайланды.
Жиналыс хатшысы болып _____(аты-жөні) сайланды.

Төрағалық етуші жиналғандарға Құрылтай жиналысында Қордың барлық құрылтайшылары жиналғанын хабарлады.
Төрағалық етуші мынадай күн тәртібін ұсынды:

Күн тәртібі:
1. Қорды құру туралы.
2. Қор қызметінің негізгі бағыттарын белгілеу
3. Қор жарғысын бекіту туралы.
4. Құрылтай келісімшартын жасасу туралы.
5. Қордың қамқорлық кеңесін құру туралы.
6. Қорды ҚР әділет органдарында тіркеу туралы.
7. Қордың заңды мекенжайы туралы.

ҚАБЫЛДАНУЫ: бірауыздан

ШЕШІМІ: күн тәртібін қабылдау.

1. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша Төраға сөз сөйледі. Ол қорды құру туралы ұсыныс берді.

ДАУЫС БЕРУ: бірауыздан

ШЕШІМІ: Қоғамдық қорын құру «_____»

2. Екінші мәселе бойынша сөйлеген төрағалық етуші қор қызметінің негізгі бағыттарын анықтауды ұсынып, мынадай бағыттарды талқыға салды:

-
-
-

ДАУЫС БЕРУ: бірауыздан

ШЕШІМІ: Мынадай бағыттарды Қор қызметінің негізгі бағыттары деп санау:

-
-
-

3. Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша Төрағалық етуші құрылтай жиналысына ұсынылған Қор жарғысын бекіту жөнінде ұсыныс жасады.

ДАУЫС БЕРУ: бірауыздан

ШЕШІМІ: Қор жарғысын бекіту

4. Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша Төрағалық етуші құрылтай келісім-шартын бекіту жөнінде ұсыныс жасады.

ДАУЫС БЕРУ: бірауыздан

ШЕШІМІ: құрылтай келісімшартын бекіту.

5. Күн тәртібінің бесінші мәселесі бойынша Төрағалық етуші сөз сөйлеп, Қордың Қамқорлық кеңесін төмендегі құрамда құруды ұсынды:

1) Аты-жөні
2) Аты-жөні
3) Аты-жөні
4) Аты-жөні
5) Аты-жөні

Бүкіл тізімге ДАУЫС БЕРУ: бірауыздан

ШЕШІМІ: Қордың қамқорлық кеңесін мынадай құрамда бекіту:

1) Аты-жөні
2) Аты-жөні
3) Аты-жөні
4) Аты-жөні
5) Аты-жөні

6. Күн тәртібінің алтыншы мәселесі бойынша Төрағалық етуші сөз сөйлеп, Қорды ҚР Әділет органдарында тіркеуден өткізуге, тіркеу бары-

сында _____(аты-жөні) Қордың өкілі ретінде тағайындау жөнінде ұсыныс жасады.

ДАУЫС БЕРУ: бірауыздан

ШЕШІМІ:

1) Қорды ҚР Әділет органдарында тіркеуден өткізу

2)_____(аты-жөні) тіркеу барысында Қордың өкілі ретінде тағайындап, оған Қорды әділет органдарында тіркеу міндетін тапсыру.

7. Күн тәртібінің жетінші мәселесі бойынша Төраға қордың орналасатын жерін мына мекенжай бойынша белгілеуді ұсынды: Қазақстан Республикасы_____

ДАУЫС БЕРУ: бірауыздан

ШЕШІМІ: Қордың орналасқан жері ретінде мынадай мекенжайды белгілеу: Қазақстан Республикасы _____

Құрылтай жиналысы мынадай ШЕШІМ қабылдады:

1. « _____» Қоғамдық қорын құру

2. Қордың негізгі қызмет бағыттары деп мынадай мәселелерді белгілеу: _____

3. Қор жарғысын бекіту.

4. Құрылтай келісімшартын жасау

5. Қордың Қамқорлық кеңесін мынадай құрамда құру: Аты-жөндері.

6. Қорды ҚР Әділет органдарында тіркеу

7. _____(аты-жөні) тіркеу барысында Қордың өкілі ретінде тағайындап, оған Қорды Әділет органдарында тіркеуден өткізуді тапсыру.

8. Қордың орналасқан жері ретінде мына мекенжайды белгілеу: Қазақстан Республикасы, _____

Осымен жиналыс жабылды.

ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР:

Аты-жөні

Аты-жөні

Аты-жөні

№ 2 қосымша

_____қаласы 20__ ж. «___»_____

Үлгі

№ _____ ШЕШІМІ
(мекеме атауы) құрылтайшысының

Мен, (аты-жөні,) – (мекеме атауы) құрылтайшысы мынадай

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес , «_____» Қоғамдық қорын құру;

Қордың негізгі қызмет бағыттары деп төмендегі мәселелерді белгілеу:

Қор жарғысын бекіту;

Қордың Қамқорлық кеңесін мынадай құрамда құру: Аты-жөндері;

Қорды ҚР Әділет органдарында тіркеу;

_____(аты-жөні) тіркеу барысында Қордың өкілі ретінде тағайындап, оған Қорды Әділет органдарында тіркеуден өткізуді тапсыру;

Қордың орналасқан жері ретінде мына мекенжайды белгілеу: Қазақстан Республикасы, _____.

Құрылтайшының аты-жөні _____

қолы

№ 3 қосымша

Үлгі

«_____»

ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ
ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КЕҢЕСІ ОТЫРЫСЫНЫҢ
№ 1 ХАТТАМАСЫ

Алматы қ. **20__ ж. «___» _____**

Қордың толық атауы: «_____» Қоғамдық қоры
Қордың мекенжайы: Алматы қаласы, _____ көшесі ____үй.
Өткізілген орны: Алматы қаласы, _____көшесі ____үй.

Қордың Қайрымдылық кеңесінің қатысқан мүшелері:
1. Аты-жөні
2. Аты-жөні
3. Аты-жөні
4. Аты-жөні
5. Аты-жөні

Қордың қайырымдылық кеңесінің төрағасы болып (аты-жөні) сайланды

Қордың қайырымдылық кеңесінің төрағасының орынбасары болып (аты-жөні) сайланды

Қордың қайырымдылық кеңесінің хатшысы болып (аты-жөні) сайланды

Күн тәртібі:
1) Қор директорын тағайындау туралы.
Күн тәртібі бойынша Тораға сөйлеп, Қор директоры лауазымына (аты-жөні) азаматты тағайындауды ұсынды.
ДАУЫС БЕРУ: бірауыздан
ШЕШІМІ:
(Аты-жөні) Қор директоры ретінде тағайындау.
Қайырымдылық кеңесінің төрағасы (аты-жөні): _____
Қайырымдылық кеңесі төрағасының орынбасары (аты-жөні) _____
Қайырымдылық кеңесінің хатшысы (аты-жөні) _____
Қайырымдылық кеңесінің мүшесі (аты-жөні) _____
Қайырымдылық кеңесінің мүшесі (аты-жөні) _____

№ 4 қосымша

Үлгі

«___» қоғамдық бірлестігі құрылтай жиналысының
№ 1 ХАТТАМАСЫ

Алматы қ. **20__ ж. «___»_____**

ҚР азаматтары болып табылатын мынадай бастамашы азаматтар қатысты:

1. Аты-жөні
2. Аты-жөні
3. Аты-жөні
4. Аты-жөні
5. Аты-жөні
6. Аты-жөні
7. Аты-жөні
8. Аты-жөні
9. Аты-жөні
10. Аты-жөні

Бірлестіктің атауы: «___» Қоғамдық бірлестігі (әрі қарай Бірлестік)
Өткізілген орны: _____

Жиналыс төрағасы болып _____(аты-жөні) сайланды.
Жиналыс хатшысы болып _____(аты-жөні) сайланды.

Төраға қатысушыларға Құрылтай жиналысына Бірлестіктің барлық бастамашы азаматтары қатысып отырғанын мәлімдеді.

Төраға мынадай күн тәртібін ұсынды:

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Бірлестік құру жөнінде шешім қабылдау.
2. Бірлестіктің жарғысын қабылдау.
3. Бірлестіктің басқару органдарын құру.
4. Бірлестікті әділет органдарында тіркеу туралы.
5. Бірлестіктің орналасатын жерін белгілеу.

ДАУЫС БЕРУ: бірауыздан
ШЕШІМІ: күн тәртібін қабылдау.

1.Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша Төраға сөз сөйледі. Ол бірлестікті құру туралы ұсыныс жасады.

ДАУЫС БЕРУ: бірауыздан
ШЕШІМІ: Қоғамдық бірлестікті құру.

2. Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша Төрағалық етуші сөз сөйлеп, Бірлестіктің құрылтай жиналысына ұсынылған жарғысын бекіту жөнінде ұсыныс жасады.
ДАУЫС БЕРУ: бірауыздан
ШЕШІМІ: Қор жарғысын қабылдау

3. Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша Төрағалық етуші сөз сөйлеп, бірлестіктің басқару органын мынадай құрамда құруды ұсынды:
1) Бірлестіктің атқарушы органының жауапкершілігі Бірлестік директорының өзіне міндеттелетінін бекіту
2) (Аты-жөні) Бірлестік директоры ретінде және (аты-жөні) Бірлестік директорының орынбасары ретінде сайлап, тағайындау.
3) Бірлестіктің үш адамнан тұратын бақылау органын (ревизиялық комиссиясын) құру.
4) Ревизиялық комиссияның құрамына (аты-жөндері) сайлау
ДАУЫС БЕРУ: бірауыздан
ШЕШІМІ:
1) Бірлестікті ҚР Әділет органдарында тіркеу.
2) (Аты-жөні) тіркеу барысында Бірлестік өкілі ретінде тағайындап, Бірлестіктің құрылтай құжаттарына қол қоюға және бірлестікті Әділет органдарына тіркеуге тапсырма беру.

5. Төрағалық етуші бірлестікті мыны мекенжай бойыншы орналастыруды ұсынды: Қазақстан Республикасы, _____
ДАУЫС БЕРУ: бірауыздан
ШЕШІМІ: Бірлестікті мына мекенжай бойынша орналастыру: Қазақстан Республикасы._____

Бірлстіктің құрылтай жиналысы мынадай ШЕШІМДЕР қабылдады:
1. « _____» Қоғамдық бірлестігін құру;
2. Бірлестіктің жарғысын қабылдау;
3. Бірлестікті басқарудың атқарушы органының міндетін Бірлестік директорының өзі атқаратынын бекіту;
4. (Аты-жөні) Бірлестік директоры ретінде және (аты-жөні) Бірлестік директорының орынбасары ретінде сайлап,тағайындау;
5. Бірлестіктің үш адамнан тұратын бақылау органын (ревизилық комиссиясын) құру;
6. Ревизиялық комиссияның құрамына (аты-жөндері) сайлау;
7. Бірлестікті ҚР әділет органдарында тіркеуден өткізу;
8. (Аты-жөн) тіркеу барысында Бірлестік өкілі ретінде тағайындап,

Бірлестіктің құрылтай құжаттарына қол қоюға және Бірлестікті әділет органдарында тіркеуге тапсырма беру;

9. Бірлестікті мына мекенжай бойынша орналастыру: Қазақстан Республикасы, _____

Осымен жиналыс жабылды.

Жиналыс төрағасы аты-жөні

Жиналыс хатшысы аты-жөні

№ 5 қосымша

_____

Тіркеу органының аталуы

Заңды тұлғаны, филиалды (өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу туралы өтініш

1. Ұйым нысаны (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз)

1) заңды тұлға _____ 2) филиал _____ 3) өкілдік _____

2. Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) атауы _____

_____

3. Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) құрамында шетел инвесторларының қатысуы (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз)

1) иә_____ 2) жоқ_____

4. Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) мекен-жайы

Пошта индексі: _____ Облыс: _____

Қала, аудан, қаладағы ауданы: _____

Елді мекен: _____

Көше, ықшамаудан, квартал, тұйық көше, даңғыл: _____

_____

Үйдің нөмірі: _____ пәтер, бөлме: _____ телефон нөмірі (факс) _____

5. Басшының Т.А.Ә. _____

ЖСН, (жоқ болған жағдайда салық тіркеу нөмірінің аналогы немесе елдің коды көрсетілуі тиіс) _____

6. Құрылтайшылардың құрамы және мөлшері (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз, мөлшері сан түрінде):

1) заңды тұлға _____ 2) жеке тұлға _____

Заңды тұлғаның атауы _____

БСН, салық тіркеу нөмірінің аналогы немесе елдің коды көрсетілуі тиіс (шет ел заңды тұлғасы үшін)

Жарғылық капиталдағы үлесі % _____ Үлес сомасы (мың теңге) _____

Жеке тұлғаның А.Т.Ә. _____

ЖСН, (жоқ болған жағдайда салық тіркеу нөмірінің аналогы немесе елдің коды көрсетілуі тиіс)_____

Жарғылық капиталдағы үлесі % _____ Үлес сомасы (мың теңге) _____

Егер құрылтайшылар саны бірнеше болған жағдайда олар туралы мәліметтер: қосымша парақта (жеке тұлға) Т.А.Ә. ЖСН және азаматтың жеке куәлігінің мәліметтерін көрсете отырып, салық тіркеліміндегі аналог нөмірін немесе ел кодын, (заңды тұлға) БСН көрсете отырып атауын, салық тіркеліміндегі аналог нөмірін немесе ел кодын, сондай-

ақ олардың жарғылық капиталдағы пайыз түріндегі және ақшалай үлесін көрсете отырып ұсынады.

7. Экономикалық қызмет негізгі түрінің кодын көрсетіңіз:

_____

8. Жарғылық капиталдың мөлшері

_____

9. Филиалды (өкілдікті) құрушы заңды тұлға жайлы мәліметтер. Заңды тұлға (резидент емес)

Атауы _____

БСН (жоқ болған жағдайда СТТН аналогы немесе елдің коды көрсетілуі тиіс) _____

10. Жұмыспен қамтылатын адамдардың күтілетін (шамамен) саны

_____

11. Жеке кәсіпкерлік субъектісі (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз):

1) шағын кәсіпкерлік субъектісі _____ 2) орта кәсіпкерлік субъектісі _____ 3) ірі кәсіпкерлік субъектісі _____

12. Заңды тұлғаның құрылуына қайта ұйымдастыру негіз болды (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз):

1) қайта құру _____ 2) қосылу_____

3) бөлініп шығу _____ 4) бөліну _____

_____ 20 жылдың «____»_____

Өтінішке қоса тіркеледі:

_____

Өтініш берушінің қолы және Т.А.Ә.

№ 6 қосымша

Үлгі

ӨТІНІШ

Астана қ. «___»_____ 20___ ж.

Мен, (аты-жөні), мекен-жайым: Қазақстан Республикасы,_____қаласы, _____ (индекс), _____ ықшамауданы, ____үй, _____пәтер,(№_____жеке куәлік, ____ж. ҚР ІІМ берген), осы өтінішпен мына мекенжайдағы пәтерімді_____(КЕҰ атауы) мекенжай ретінде пайдалануға рұқсат беретінімді мәлімдеймін: Қазақстан Республикасы, _____ қаласы, _____ (пошта индексі),_____ ықшамауданы, ___ үй,____ пәтер. №___ «___» ___ж. сатып алу-сату шартының негізінде пәтер менің жеке меншігім болып саналады және мекенжайы: Қазақстан Республикасы, _____қаласы, _____ (пошта индексі),_____ ықшамауданы, ___ үй, ___пәтер.

Қолы _____Тегі, аты, әкесінің аты *(пәтер иесінің немесе ұйым директорының)*

Қосымша тіркеледі:

«_____»_____20___ ж. № _____пәтерді сату-сатып алу шартының көшірмесі.

Пәтер иесінің жеке куәлігінің көшірмесі

Пәтер иесі СТН–інің көшірмесі

Ескертпе:

(1) Пәтер меншік иесінің өтініші нотариалды түрде расталуы тиіс немесе заңды тұлға тарапынан жалға беру, сатып алу-сату шарты ғимаратқа құқығын тіркеу туралы немесе азаматтық зынамада көрсетілген ғимаратқа құқық бекітуші басқа да нотариалды расталған куәліктерінің көшірмелері.

(2) Салық органдары іс жүзінде мынадай құжаттарды талап етеді:

- Пәтер иеленушінің жеке куәлігінің және СТН-інің (ИИН) көшірмесі.

№ 7 қосымша

Үлгі

БҰЙРЫҚ №

«_____»_____ 20___ ж.бастап тегі, аты, әкесінің аты (лауазым атауы) тағайындап, және оған (мекеме атауы) барлық төлемдік және қаржылық құжаттарына бірінші (екінші) қол қою құқығы берілсін.

(Басшының тегі, аты, әкесінің аты, қолы)

№ 8 қосымша

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуден өткізу қызметін атқармайтын облыстар мен Астана, Алматы қалаларының Әділет департаменттерінің аудандық (қалалық) бөлімшелерінің (басқармаларының) Тізімі

1. Ақмола облысы Әділет департаментінің Көкшетау қалалық Әділет басқармасы;
2. Алматы облысы Әділет департаментінің Талдықорған қалалық Әділет басқармасы;
3. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Ақтөбе қалалық Әділет басқармасы;
4. Атырау облысы Әділет департаментінің Атырау қалалық Әділет бөлімі;
5. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Өскемен қалалық Әділет басқармасы;
6. Жамбыл облысы Әділет департаментінің Тараз қалалық Әділет басқармасы;
7. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Орал қалалық Әділет басқармасы;
8. Қарағанды облысы Әділет департаментінің Қарағанды қалалық Әділет басқармасы;
9. Қостанай облысы Әділет департаментінің Қостанай қалалық Әділет басқармасы;
10. Қызылорда облысы Әділет департаментінің Қызылорда қалалық Әділет басқармасы;
11. Маңғыстау облысы Әділет департаментінің Ақтау қалалық Әділет бөлімі;
12. Павлодар облысы Әділет департаментінің Павлодар қалалық Әділет басқармасы;
13. Солтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінің Петропавл қалалық Әділет басқармасы;
14. Оңтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінің Шымкент қалалық Әділет басқармасы;
15. Алматы қаласы Әділет департаментінің Алмалы аудандық Әділет басқармасы;
16. Алматы қаласы Әділет департаментінің Әуезов аудандық Әділет басқармасы;
17. Алматы қаласы Әділет департаментінің Бостандық аудандық Әділет басқармасы;

18. Алматы қаласы Әділет департаментінің Жетісу аудандық Әділет басқармасы;

19. Алматы қаласы Әділет департаментінің Медеу аудандық Әділет басқармасы;

20. Алматы қаласы Әділет департаментінің Түркісіб аудандық Әділет басқармасы;

21. Астана қаласы Әділет департаментінің «Алматы» аудандық Әділет басқармасы;

22. Астана қаласы Әділет департаментінің «Сарыарқа» аудандық Әділет басқармасы;

V. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДАРҒА САЛЫҚ САЛУ

1. Салық салу мақсатындағы коммерциялық емес ұйым ұғымы

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің (әрі қарайғы мәтінде – СК) 134 бабында тек салық салу мақсатында пайдаланылатын КЕҰ ұйымға анықтама беріліп, соған сәйкес:

коммерциялық емес ұйым деп, ҚР азаматтық заңнамасына сәйкес коммерциялық емес ұйым нысанында тіркелген акционерлік қоғамдарды, мекемелерді және пәтер (үй-жайлар) иелері кооперативтерінен басқа тұтыну кооперативтерін қоспағанда, өз қызметін қоғамдық мүдде мақсатында жүзеге асыратын және мынадай шарттарға сай келетін:

1) Осындай қызметіне орай табыс киргізу мақсаты жоқ;

2) Түскен таза табысты немесе мүлікті қатысушылар арасында бөліске салмайтын ұйым коммерциялық емес ұйым болып табылады.

СК-нің «Корпоративтік табыс салығы» тарауында (134 бап) берілген коммерциялық емес ұйымның анықтамасы бюджетке төленетін басқа да салықтар мен міндетті төлемдерге де қатысты қолданылады.

СК-нің 134 бабындағы КЕҰ анықтамасы КЕҰ-ның негізгі маңызды нышандарын еске салғанмен, ҚР –ның азаматтық заңнамасындағы анықтаманы (өзінің негізгі мақсаты ретінде табыс табу емес және түскен табысты қатысушылар арасында бөліске салмайтын ұйым)[89] қайталамайды. ҚР АК-мен салыстырғанда СК-і КЕҰ анықтамасына қосымша критерийлер қосты:

1) осы баптың аясына салық салу мақсатындағы коммерциялық емес ұйымның бәрі жатпайды;

2) Осы бап тек ***қоғамдық мүддеге*** қызмет ететін коммерциялық емес ұйымдарға ғана қатысты;

3) Ұйым ***кіріс келтіру*** мақсатын көздемеу керек. (Азаматтық кодекс таза кіріс келтіру қызметінің негізгі мақсаты болмауын ғана талап етеді).

4) КЕҰ таза кірістен басқа, сондай-ақ ***мүлікті*** де қатысушылар арасында бөліске салмауға тиіс («таза кірісті» емес).

Салық салу мақсатында СК-нің 134 бабы бойынша ұйымды коммерциялық емес деп табу үшін ол ***қоғамдық мүддеге*** қызмет етуі тиіс. Сөйте тұра, Қазақстан заңнамасында «қоғамдық мүдде» мақсатында жүзеге асырылатын қызмет түрі анықталмаған. Алайда әзірге іс жү-

[89] ҚР Азаматтық кодексінің 134 бабы.

зінде СК-де КЕҰ-ның анықтамасына қатысты мәселе туындаған жоқ, өйткені жергілікті салық органдары бұл мәселені қазбаламай, салық тәртібін СК-нің 134 бабы бойынша коммерциялық емес ұйым ретінде тіркелген және *салық салу мақсатындағы* коммерциялық емес ұйым деп танылған ұйымдастыру-құқықтық нысаны бойынша қолданады. Әрі қарай біз салық салу мақсаты үшін КЕҰ-ның қандай ұйымдастыру-құқықтық нысандары танылатынына тоқталамыз.

КЕҰ-ға СК-нің 134 – бабында берілген анықтамада акционерлік қоғамдар, тұтынушылар кооперативтері, (жеке пәтер иелері кооперативтері) салық салу мақсатындағы коммерциялық емес ұйым болып табылмайды, және соған сәйкес олар коммерциялық емес ұйымдар бюджетке төлейтін немесе төлей алатын салықтардың барлық түрі мен міндетті төлемдер бойынша *Салық Кодексінде көрсетілген коммерциялық емес ұйымдардың жеңілдіктерін пайдалана алмайды.* СК—нің 134 бабы бойынша аталған мекемелердің жеңілдікпен салық төлеу тәртібінен алынып тасталуының себептері толығымен түсінікті:

Коммерциялық емес акционерлік қоғам және тұтыну кооперативтерінің мақсаттары шектеулі, атап айтқанда:

- Коммерциялық емес акционерлік коғамның өзін ғана дамытады;

- Осы тұтыну кооперативінің қатысушыларының ғана сұраныстарын қанағаттандырады (яғни, салық салу мақсатындағы коммерциялық емес ұйым ретінде танылуының басты кәсіби белгісінің бірі болып саналатын «қоғамдық мүдде» қызметі тұрғысынан мамандана алмаған).

- Мекеме салық салу мақсатындағы коммерциялық емес ұйым ретінде мойындала алмайды, өйткені ҚР азаматтық заңнамасына сәйкес меншік иесі мекеме мүлкін алып, қайта бөліске салу құқығына ие, ал мүлікке заттай да, ақшалай да құндылықтар жатады.

- Сонымен, қоғамдық бірлестік, қор, діни ұйым, ассоциация (одақ), пәтер иеленуші кооперативтер немесе заң актілерінде көрсетілген заңды тұлғалардың басқа да коммерциялық емес ұйымдастыру-құқықтық нысандарында құрылған ұйымдар заң құжаттарында көрсетілгендей **салық салу мақсатындағы коммерциялық емес ұйымдар** болып табылады және *олар СК-нің КЕҰ-ға арналған жеңілдіктерін пайдалануға құқылы.* Заңнамаға сәйкес басқа құрылымдық-құқықтық нысандарға нотариалдық палаталар, адвокаттар палаталары, сауда-өндіріс палаталары, аудиторлар палаталары, бағалаушылар палаталары мен басқа да комммерциялық емес ұйымдар жатады. Олардың әрқайсысының құқықтық жағдайының ерекшеліктері арнаулы заң құжаттарымен реттеледі.

2. Әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдар

Коммерциялық емес ұйымдар **әлеуметтік қызмет саласындағы ұйымдармен** салықтық жеңілдік тәртібінде жұмыс істей алады. Салық

кодексінің 135 – бабы осындай ұйымдар қатарына екі ұйымды жатқызады.

I түрі

Қызметін әлеуметтік салада жүзеге асыратын ұйымдарға СК белгіленген төменде көрсетілетін қызмет түрлерін жүзеге асыратын, өтеусіз алынған мүлік түріндегі табыстар және депозиттер бойынша сыйақылар ескеріле отырып, олардан алынатын табыстар осындай ұйымдардың жылдық жиынтық табысының кемінде 90 пайызын құрайтын ұйымдар.

1. Косметологиялық, санитарлық-курорттық қызметті қоспағанда; медициналық қызмет көрсету;

2. Білім беру қызметін жүргізу құқығына тиісті лицензиялар бойынша жүзеге асырылатын бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, сондай-ақ қосымша білім беру, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту жөнінде қызметтер көрсету;

3.Салалық қызмет

- ғылым саласындағы уәкілетті орган аккредиттеген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері жүзеге асыратын ғылым (ғылыми зерттеулер жүргізуді, автордың ғылыми зияткерлік меншікті пайдалануын, оның ішінде іске асыруын қоса алғанда);

- Спорт (коммерциялық сипаттағы спорттық ойын-сауық шараларынан басқа);

- Мәдениет (кәсіпкерлік қызметті қоспағанда);

- Сақтау бойынша қызмет түрлері (ақпарат пен насихатты тарату-ды қоспағанда) тарихи-мәдени құндылықтар нысандарының немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тарихи-мәдени жәдігерлер тізіліміне енгізілген тарихи-мәдени мұраларды қорғау.

4. Кітапхана қызметі

Осылайша, Салық кодексінде көрсетілген шарттар орындалған жағдайда, әлеуметтік салада қызмет ететін ұйымдарға кез келген құрылымдық-құқықтық нысандағы коммерциялық емес ұйымдарды, Салық кодексі коммерциялық емес ұйым ретінде таныса да, танымаса да, бірақ азаматтық заңнама бойынша коммерциялық емес болып табылатын ұйымдарды, мекемелерді немесе акционерлік қоғамдарды жатқызуға болады.

Әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асыратын ұйымның тәртібін қолданушы ұйымның салық төлеуге қатысты ерекшелігі әлеуметтік сала қызметінен және басқа да қызмет түрлерінен түскен кіріс бойынша, егер мынадай бірқатар шарттар орындалған жағдайда корпоротивтік табыс салығынан толық босатылатын болады:

- Ұйымның негізгі кірісі Салық Кодексінің 134 – бабында санамаланған әлеуметтік қызмет түрлерінен алынады:

- Әр түрлі салық түрлерінен алынған кірістің қатынасы үшін белгілі бір шектеу қойылуы керек:

- Акцизді (подакцизные) тауарларды шығару мен сатуға рұқсат берілмейді;

- Кірістер көрсетілген әлеуметтік қызмет түрлеріне бағытталады, яғни ағымдағы қызметті жабуы тиіс, тек қана көрсетілген әлеуметтік қызмет түрлерін дамытуға жұмсалып, құрылтайшылар арасында таратылмай, сондай-ақ басқа да қызмет түрлеріне таратылуы керек.

Осы шарттар бұзылған жағдайда коммерциялық (немесе басқа) ұйым осы салық тәртібін қолдануға құқылы емес. Сонымен бірге 134 – бап бойынша *коммерциялық емес ұйымның* салық жеңілдіктері үшін *әлеуметтік қызметпен айналысатын ұйымның* салық жеңілдігі ережесін қолдануға қатысты қандай да бір арнаулы мүмкіндік қарастырылмаған. Бұл ереже КТС-ы бойынша тапсырылған 140.00 белгілі декларациясында қолданылады.

Кірістің 90 пайызының ішіне жоғарыда тізілген әлеуметтік қызмет түрлерінен түсетін кіріс қана емес, грант, қайырымдылық көмек сияқты өтемсіз түскен кірістер де енгізіледі.

II түрі

Әлеуметтік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың екінші түріне мынадай шарттарға сәйкес келетін ұйымдар жатады:

1) Салық есебі аралығында (күнтізбек бойынша бір жыл) мүгедектердің саны қызметкерлердің жалпы санының кемінде 51 пайызын құрауы керек;

2) Салық есебі аралығында мүгедектердің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар еңбекақы төлеу бойынша жалпы шығыстардың кемінде 51 пайызын (есту, сөйлеу,сондай-ақ көру қабілетінен айырылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдарда – кемінде 35 пайызын) құрауы тиіс;

Осы баптың ережелері акцизделетін тауарлар өндіру мен өткізу жөніндегі қызметтен және акцизделетін қызмет түрлерінен табыстар алатын ұйымдарға қатысты қолданылмайды.

Сөйтіп, **екінші түрі** бойынша жұмыс істейтін ұйымдар осы ереженің тек сандық және жалақыға қатысты шарттарын қолданады, акциздік тауарлар өндіру мен сату қызметіне тыйым салынады. Ұйым алынған кірісті құрылтайшылар мен қатысушылар арасында бөліске салып, заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген қызмет түріне бағыттай алады.

Шарттар сақталған жағдайда алынған барлық кірістерге корпоративтік табыс салығы салынбайды. Осы жүйені енгізуге арналған қандай да бір амал көрсетілмеген. Осы ережені қолдану КТС-тің (корпоративтік табыс салығы) белгілі нысаны бойынша тапсырылатын 140.00 декларацияда жарияланады.

3. Корпоративтік табыс салығы

3.1. КЕҰ-дар үшін СК-і тағайындаған жеңілдіктер

КЕҰ-ға корпоративтік табыс салығы бойынша бірқатар жеңілдіктер қарастырылған. КЕҰ-дың белгілі бір табыс түрлеріне корпоративтік салық салынбайды, және де кірістің мұндай түрлеріне:

• Өзінің жарғылық қызметін жүзеге асыруға өтеусіз алынған кірістер (грант, кіру және мүшелік жарналар, кондоминиумға қатысушылардың жарналары, қайырымдылық көмек, өтеусіз берілген мүлік, өтеусіз негіздегі аударымдар мен қайырмалдық түрінде алынған табысы).

• Кәсіпкерлік қызметтен алынатын (келісімшарт бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың орындалғандығы үшін, сондай-ақ банктік депозиттер бойынша сыйақы түрінде) кіріс. СК-нің 134 бабының 2 тармағы бойынша коммерциялық емес болып табылатын ұйымдардың сыйақы, грант, кіру және мүшелік жарналар, қайырымдылық көмек, өтеусіз берілген мүлік, өтеусіз негіздегі аударымдар мен қайырмалдық түрінде алынған кірісіне мынадай шарттар орындалған жағдайда салық салынбайды:

1) коммерциялық ұйымның салық салу мақсатында берілген мәртебесі болу керек, яғни ол белгілі бір ұйымдық-құқықтық нысанында құрылуы тиіс (Салық салу мақсатындағы коммерциялық емес ұйым ұғымын қараңыз);

2) коммерцилық емес ұйым қоғамдық мүдде негізінде қызмет етуі тиіс;

3) КЕҰ-ның табыс табу мақсаты болмау керек;

4) коммерциялық емес ұйым таза табысын немесе мүлкін қатысушылар арасында бөлмеуі тиіс.

Осы шарттардың барлығын сақтаған жағдайда коммерциялық емес ұйым жоғарыда көрсетілген табыс түрлері бойынша корпоративтік табыс салығын төлеуден босатылады. Егер осы шарттардың жоқ дегенде біреуі орындалмай қалса,онда коммерциялық емес ұйымның осы табыстарына жалпыға бірдей ереже бойынша корпоративтік табыс салығы салынады.(СК-нің 134 бабы, 3 тармақ).

ҚР Коституциясының 5 бабының 4 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында саяси партияларды және кәсіптік одақтарды шетелдік заңды тұлғалардың, шет мемлекеттердің азаматтары мен халықаралық ұйымдардың аржыландыруына тыйым салынған.

Осылайша, ҚР аумағындағы саяси партиялар мен кәсіптік одақтарға шетелдік заңды тұлғалар, шетел мемлекеттерінің азаматтары мен халықаралық ұйымдар грант тағайындай алмайды, қайырымдылық көмек, қайырымдылық аударым және басқа да қаржыландыру жасай алмайды.

3.2. Табыс түрлері

3.2.2. Грант

СК-нің 12 бабы 1 тармағының 11 тармақшасына сәйкес **грант–бұл белгілі бір мақсатқа (міндетке) арналып – өтемсіз негізде бір тұлғадан екінші тұлғаға аударылатын қаржы,** атап айтқанда:

• ҚР Үкіметіне, мемлекетіне, ҚР үкіметіне, сондай-ақ заңды және жеке тұлғаларға;

• халықаралық және мемлекеттік ұйымдар, халықаралық және қайырымдылық сипатында қызмет ететін қазақстандық мемлекеттік емес қоғамдық ұйымдар мен қорлар және (немесе) мемлекеттік органдардың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбеге енгізілген Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмейтін Қазақстан Республикасына, ҚР Үкіметіне, жеке және заңды тұлғаларға; Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ тұлғаларға, ҚР-сы мен ҚР Үкіметіне.

2010 жылдың 1 қаңтарынан грант ұғымына өзгерістер енгізілді, соған сәйкес қайырымдылық мақсатында қызмет ететін және ҚР-ның Конституциясына қайшы келмейтін қазақстандық мемлекеттік емес ұйымдар мен қорлар қайырымдылық сипаттағы халықаралық мәнге ие болғандықтан, егер ҚР Үкіметі белгілеген тізбеге енгізілсе, салық салу мақсатындағы грант берушілер болып саналады. Бұрынғы жылдарда қазақстандық ұйымдар тізбеге ену үшін бәсекелесе алмаушы еді.

Сондай-ақ осы бапқа сәйкес салық салу мақсатындағы қазақстандық мемлекеттік емес қоғамдық қорларының ҚР қатысушысы болып саналатын мемлекетаралық келісім арқылы ҚР-ның тұрмысы төмен отбасыларын қолдауға (көмек көрсетуге) осындай келісіммен белгіленген мақсаттар (міндеттер) үшін өтемсіз алынатын мүлік грант болып саналады. Бұл норма әйгілі «Бота» қоғамдық қорының қызметін қамтамасыз ету үшін арнайы қосылды.

«Грант» ұғымы Қазақстанда тек салық салу үшін, осындай гранты алушылар мен бенефициарды белгілі бір салықтардан босату мақсатына байланысты анықталған. Бұл халықаралық, шетелдік немесе шетелдік үкіметтік ұйым берген гранттың барлығы бірдей Қазақстанда салық төлеу мақсатындағы құқықты иелене алмайтынын көрсетеді. Алушы Салық Кодексі бойынша грант үшін берілетін салықтық жеңілдіктерді пайдалану үшін, «грантты» бөлуші ұйым бірқатар шарттарға сәйкес болуы керек, атап айтқанда:

1) шетелдік немесе қазаақстандық ұйым **қоғамдық** болуы тиіс (қазақстандық заңнама «қоғамдық» деген ұғымды анықтамаған);

2) шетелдік немесе қазақстандық ұйым **үкіметтік емес** болуы тиіс (сонымен бірге қазақстандық заңнама «үкіметтік емес» ұғымын тек қана Қазақстанда тіркелген және тек мемлекеттік әлеуметік тапсырысқа

қатысу мақсатында тіркелген коммерциялық емес ұйымдарға қатысты анықтайды);

3) мемлекеттік, халықаралық, шетелдік және қазақстандық ұйымдардың қызметі **қайырымдылық** және (немесе) **халықаралық** сипатта болуы тиіс (сөйте тұра қазақстандық заңнама «қайырымдылық», «халықаралық сипаттың» мағынасын ашып, ұйым қызметін анықтамаған).

4) мемлекеттік, халықаралық, шетелдік және қазақстандық ұйымдардың қызметі **ҚР Конституциясына қайшы келмеуі керек;**

5) мемлекеттік, халықаралық, шетелдік және қазақстандық ұйымдар ҚР Үкіметі белгілеген **Тізімге** кіруі тиіс. Мұндай ұйымдардың тізімі 2009 ж. 20 наурызындағы «Грант беретін халықаралық және мемлекеттік ұйымдардың, шетелдік үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар мен қорлардың Тізімін бекіту туралы» (әрі қарай «тізім) ҚР Үкіметінің № 376 Қаулысында белгіленді.

Салық салу мақсатындағы грант берушілер болып саналмайтындар:

Қазақстандық және шетелдік коммерциялық заңды тұлғалар, сондай-ақ тізімге енгізілмеген шетелдік үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар, халықаралық және мемлекеттік ұйымдар.

Егер қандай да бір ұйымдар Қазақстан аумағында грант беретін болса, бірақ осы тізімге енгізілмеген болса, онда мұндай табыс салық төлеу мақсатындағы грант болып саналмайды, жай ғана өтеусіз табыс болып саналады. Бұл табыс өтемсіз алынған мүлік түрінде болса да, бірақ сөйте тұра, осы табыс бойынша төлемге Салық кодексінде грантқа қатысты жеңілдіктер қарастырылмағандықтан корпоративтік табыс салығынан босатылады (әлеуметтік салықтан, жеке табыс салығынан, қосымша құн салығынан, сондай-ақ кеден салығынан). Одан басқа ондай табысты алған жағдайда болашақта салық органдарымен осы табыс түрінің салығын төлеу бойынша даулы мәселелер туындамас үшін, шартта ақшалай қаржының өтемсіз берілгендігі нақтылы көрсетілуі тиіс.

Тізімге енгізу үшін және одан шығару үшін қандай да бір арнаулы шара қарастырылмағандығын атап өткен жөн. Барлығы қызығушылық танытқан ұсыныстардың түсуіне қарай Үкіметтің шешімімен анықталады. Яғни, ұйым үшін Тізімге енгізілудің жалғыз мүмкіндігі ҚР Үкіметіне мүдделі мемлекеттік органның тиісті ұсынысты енгізуі болып табылады.

3.2.3. Қайырымдылық көмек

СК-нің 12 бабының 1 тармағы 24 тармақшасында **қайырымдылық көмекті өтеусіз негізде берілетін қаржы деп анықтаған:**

- Жеке тұлғаларға әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында;
- Коммерциялық емес ұйымдарға жарғылық қызметін қолдау үшін;

- Әлеуметтік салада қызмет істейтін ұйымдарға осы ұйымдардың СК-нің 135 бабының 2 тармағында көрсетілген әлеуметтік қызмет түрлерін (білім беру қызметі, медициналық қызмет) жүзеге асыру үшін;

- Әлеуметтік салада қызмет ететін СК-нің 135 бабының 3 тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес ұйымдарға (мүгедектер саны мен жалақы бойынша белгілі бір тепе-теңдікте жұмыс істейтін ұйымдар).

- Қайырымдылық жасауға кез келген заңды немесе жеке тұлғалардың құқығы бар. КЕҰ-дар қайырымдылық көмекті қалай ала алатын болса, солай өзі де басқа КЕҰ-ға немесе жеке тұлғаларға жоғарыда айтылған мақсаттар үшін бере алады. Және заңнамада жеке тұлғаларға әлеуметтік қолдау туралы мәселе реттелмеген. Салық органдары (жекелеген түсінік хаттар негізінде) әлеуметтік қолдау ретінде халықтың әлеуметтік қорғалмаған бөлігіне төлемді жүзеге асыру қажет деп таниды. Мысалы, мүгедектерге, зейнеткерлерге, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, т.б. Салық органдарымен келіспеушілікті болдырмау мақсатында қайырымдылық көмекті берушілер мен алушылар арасында тиісті азаматтық-құқықтық келісімдерді рәсімдеу керек, растайтын құжаттар болуы тиіс (қайырымдылық көмекті алушының қолы қойылған кассалық шығыс ордері, құжаттардың көшірмелері, мысалы, зейнеткердің жеке куәлігі т.б.).

3.2.4. Демеушілік көмек

СК-нің 12 бабының 1 тармағының 13 тармақшасында **демеушілік көмек** осы көмекті көрсететін тұлға туралы ақпаратты тарату мақсатында өтеусіз негізде берілетін мүлік ретінде анықталған:

- Жеке тұлғаларға жарыстарға, конкурстарға, көрмелерге, байқауларға және шығарамашылық, ғылыми, ғылыми-техникалық, өнертапқыштық қызметін, білімін және спорттық шеберлік деңгейін жетілдіру үшін қаржылай көмек (әлеуметтіктен басқа) ретінде;

- Коммерциялық емес ұйымдарға өздерінің жарғылық мақсаттарын іс жүзіне асыру үшін беріледі.

Сонымен, «демеушілік көмек» ұғымын нақтыласақ, демеуші болуға кез келген заңды және жеке тұлғалардың құқықтық еркі бар. КЕҰ демеушілік көмекті қалай ала алатын болса, солай өзі де басқа КЕҰ-ға немесе жеке тұлғаларға жоғарыда айтылған мақсаттарға бере алады.

Салық органдарымен келіспеушілікті болдырмау мақсатында демеушілік көмекті берушілер мен алушылар арасында тиісті азаматтық-құқықтық келісімдер рәсімделіп, онда коммерциялық ұйымның демеушілік көмектің қаражатына атқарылатын жұмыс жобасының мақсаты ғана емес, демеуші жөніндегі ақпараттың қайда және қалай таратылатыны да анықталуы тиіс.

3.2.4. Қайырмалдық

Салық Кодексінде **қайырмалдық** ұғымы жоқ. ҚР АК-нің 516 бабына сәйкес, қайырмалдық жалпы пайдалану мақсатында затты немесе құқықты сыйға тарту болып табылады. Қайырмалдық азаматтарға, емдеу, тәрбие беру мекемелеріне, әлеуметтік қорғау мекемелеріне және басқа да сол сияқты мекемелерге, қайырымдылық, ғылыми және оқу мекемелеріне, қорларға, мұражайлар мен басқа да мәдениет мекемелеріне, қоғамдық және діни бірлестіктерге, сондай-ақ мемлекетке және Азаматтық Кодекстің 111-112 баптарында аталған азаматтық құқықтың басқа да субьектілеріне жасалуы мүмкін (ҚР мен оның әкімшілік-аумақтық бірліктері).

КЕҰ-дар қайырмалдықты жасайды да, алады да. «Қайырмалдық» ұғымын нақтыласақ, қайырмалдық берушілер кез келген заңды немесе жеке тұлғалар бола алады, ал КЕҰ (салық салу мақсатында), қоғамдық бірлестіктің, қордың, діни бірлестіктің ұйымдастыру-құқықтық нысанында тіркелгендер ғана қайырмалдықты алушылар болып табылады.

Салық салу мақсатында мойындалған коммерциялық емес ұйымдардың ішінде заңды тұлғалардың ассоциациялары (одақтары), нотариалдық палаталар, аудиторлар палаталары, адвокаттар коллегиялары мен өзге құқықтық-құрылымдық нысанда құрылған басқа да коммерциялық емес ұйымдар қайырмалдық ала алмайды.

КЕҰ-ның басқа КЕҰ-ға және жеке тұлғаларға қайырмалдық көмек көрсетуге құқықтық еркі бар.

Қайырмалдық жасау туралы шешім қадылдағанда және жасаған кезде КЕҰ тарапынан (ҚР АК-нің 516 бабы) ескерілетін жағдайлар:

1) ҚР АК бойынша «қайырмалдық» ұғымына ақшалай қаржы кірмейді;

2) Қайырмалдықты алуға ешкімнің рұқсаты мен келісімі қажет емес;

3) Қайырмалдық берудің міндетті шарты қайырмалдық үшін берілген заттың белгілі бір пайдаға жарамдылығы талабының бар екендігі;

4) Қайырмалдық жеке табыс салығы салынбайтын кіріс болып саналмайды. Сондықтан КЕҰ-нан қайырмалдық алған жеке тұлға салық заң құжаттарына сәйкес, төлем көзінен салық салынбайтын табыс алып, өз бетімен осы табыстан 10 % жеке табыс салығын төлеуге тиіс.

ҚР Азаматтық кодексі (516 бабы) қайырмалдық берушінің заңды тұлғаға берілген затты белгілі бір пайдаға жарату талаптарының болуын міндетті шарт ретінде талап етпейді. Қайырмалдық беруші осындай талапты өз қалауы бойынша қоя алады. Бірақ оның заң құжаттарында бекітілуі міндетті шарт емес. Осындай шарт болмаған жағдайда қайырмалдыққа берілген мүлікті заңды тұлға қажетіне сәйкес пайдаланады.

Белгілі мақсатқа пайдалану шарты қойылған қайырмалдықты алған заңды тұлға оны пайдалануға қатысты барлық амалдардың есебін жекеше жүргізуге тиіс.

Егер жағдайдың өзгеруіне байланысты қайырмалдықты берушінің талабына сәйкес пайдалану мүмкін емес болса, онда ол берушінің келісімі бойынша басқа мақсаттарға да пайдаланылуы мүмкін. Ал қайырмалдық беруші азаматтың қаза болуына байланысты немесе заңды тұлға жойылған жағдайда сот шешімі бойынша пайдаланады.

Қайырмалдыққа берілген мүліктің берушінің шарты бойынша пайдаланылмауы немесе осы шарт берушінің (оның мұрагерлерінің, сottың) келісімін алмай өзгертілуі қайырмалдық жасаушыға, оның мұрагерлеріне немесе басқа заңды мұрагеріне қайтаруды талап ету құқығын береді.

Қайырмалдық жасалған кезде беруші мен алушының арасындағы қарым-қатынастар заңды түрде рәсімделуі тиіс, яғни азаматтық-құқықтық шарт жасалады.

3.2.5. Кіру және мүшелік жарналар

Салық Кодексі кіру және мүшелік жарналар ұғымын анықтаған жоқ. ҚР заң құжаттарына сәйкес, мүшелік негізінде құрылған коммерциялық ұйымдарға ҚР заңнамасына сәйкес ассоциациялар (одақтар), қоғамдық бірлестіктер, діни бірлестіктер, аудиторлар палатасы, адвокаттар коллегиялары, нотариалдық палаталар, бағалаушылар палаталары кіреді. Тек бұл ұйымдар кіруге арналған және мүшелік жарналардан табыс алу құқығына ие. Бұл құқық ұйымның жарғысында, ішкі нормативтік құжаттарында, (мысалы, кіру мен мүшелік жарна туралы ереже) кіру және мүшелік жарналардың мөлшері мен оларды төлеудің рәсімі мен мерзімдерін бекіту арқылы белгіленуі тиіс.

Сондай-ақ, біздің ойымызша, кез келген ұйымдастыру-құқықтық КЕҰ нысанын құрған кезде (мүшелік те, мүшелік емес те ұйым), құрылтайшылар корпоротивтік табыс салығы салынбайтын бастапқы жарнаны бере алады.

3.2.6. Өтеусіз негіздегі аударымдар

Салық кодексінде «өтеусіз негіздегі төлемдер» ұғымына анықтама берілмеген. Бұл ұғым азаматтық заңнамада да ашылмаған. Аударым деген сөздің мағынасын табыстың бір бөлігін бөліп беру деп шамалауға болады. Сонымен бірге төлем субъектілері, мақсаттары белгіленбеген. Негізгі шарты – табыстың бір бөлігін коммерциялық емес ұйымның пайдасына өтемсіз негізде аудару. Сонымен, аударым объектіісі кез келген құқық субъектісі бола алады. КЕҰ өтеусіз негізде жасалатын төлемдерді қабылдай алады және жасай алады.

Салық органдарымен келіспеушілікті болдырмау мақсатында төлемдерді өтемсіз негізде беруші тұлға мен өтемсіз негізде қабылдаушылар арасында тиісті азаматтық-құқықтық келісімдерді рәсімдеп,

тараптардың қалауына байланысты аударымның мақсатын анықтауға болады.

3.2.7. Кондоминиум қатысушыларының жарнасы

СК-і салық салу мақсатындағы кондоминиум қатысушыларының жарналары ретінде:

- Ғимарат (пәтер) меншік иелерінің ортақ мүлікті пайдалануға және қолдануға қатысты шығындарды жабуға бағытталған міндетті төлемдері;

- Ғимарат (пәтер) меншік иелерінің үйді тұтастай пайдалануды қамтамасыз ететін және міндетті болып саналмайтын ғимарат (пәтер) меншік иелеріне олардың келісімімен жүктелген қосымша шығындарды жабуға бағытталған төлемдер;

- ҚР заңнамасы белгілеген мөлшердегі ғимараттың (пәтердің) меншік иелері тарапынан жалпы шығын есебіне кешіктіріліп аударылған міндетті төлемдердің өсімпұлдары.

- Кондоминиум қатысушыларының жарна мөлшері мен төлеу тәртібі тұрғын үй қатынастары туралы ҚР заңнамасында көрсетілген тәртіппен ғимарат (пәтер) меншік иелері кооперативі мүшелерінің жалпы жиналысында бекітіледі.

3.2.8. Қайырымдылық көмек

Салық кодексінің 12 бабының 1 тармағының 12 тармақшасына сәйкес: «**гуманитарлық көмек** – Қазақстан Республикасына өтемсіз негізде азық-түлік, халық тұтыну тауарлары, техника, құрал-жабдықтар, медициналық құралдар мен дәрі-дәрмектер түрінде, шет мемлекеттерден халақаралық ұйымдардан халықтың өмірі мен тұрмысын жақсартуға, сондай-ақ әскери, экологиялық, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға арналып жіберілетін көмек Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілетті органдары арқылы бөлініп таратылады.

Сонымен, СК-не сәйкес ҚР-на келіп түскен қайырымдылық көмек ҚР Үкіметінің өкілетті ұйымдары арқылы таратылады. КЕҰ қайырымдылық көмекті шетелдерден және халықаралық ұйымдардан тікелей ала алмайды. Қайырымдылық көмекті жалғыз алушы – Қазақстан Республикасының өзі, оның Үкіметі.

Үкімет қайырымдылық көмекті өкілетті ұйымдар арқылы таратады. Халықаралық қайырымдылық көмекті таратуға өкілетті ұйымдардың соңғы тізбесі халықаралық қайырымдылық көмек мәселелері бойынша 2003 жылдың 11 сәуіріндегі комиссия отырысы шешімінің хаттамасында бекітілді.

СК–не сәйкес қайырымдылық көмекке корпоротивтік табыс салығы салынбайды. Қайырымдылық көмекке салық салу басқа тұрғыдан

қарастырылған. СК-де салық төлеушілердің қайырымдылық көмектен табыс бойынша салық салу табысын азайту қарастырылған.

СК-нің 133 бабының 2 тармағының 4 тармақшасына сәйкес салық төлеушінің салық салынатын табысты қайырымдылық көмек түрінде алынған мүліктің құны түрінде табиғи немесе техногендік төтенше жағдайлар туындағанда және қажеттілігіне қарай пайдаланылуына байланысты азайтуға құқықтық ерекі бар.

3.2.9. Банк депозиттері бойынша сыйақы

Банк депозиттері бойынша сыйақы кәсіпкерліктен алынатын табыстың бір түрі болып табылады. Бос қаржыны уақытша коммерциялық банктердің депозиттеріне салып, белгілі уақыт өткеннен кейін табыс алған коммерциялық емес ұйымдардан бұл табыс түрінен корпоротивтік табыс салығы алынбайды. Алайда бұл төлем көзінен алынатын салықтан босатылады деген сөз емес, яғни банктер депозит бойынша сыйақы түрінде төленетін табыстан 15 % корпоративтік табыс салығын ұстап қалады.

3.2.10. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарды орындау үшін жасалған шарт бойынша табыстар

КЕҰ-ның мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орындау үшін жасалған келісімшарт бойынша түсетін табысы КЕҰ-ның қызметінен, яғни кәсіпкерлік қызметінен алынады. Алайда табыстың бұл түрінен КТС (корпоротивтік табыс салығы) алынбайды және ол 130. 00 түріндегі декларацияда көрсетіледі.

3.2.11. КЕҰ-ның кәсіпкерлік қызметінен алынатын табыстар (банк депозиттерінен алынатын сыйақы табыстары мен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарды орындауға арналған келісімшарт бойынша табыстардан басқа)

Жеңілдетілген болып саналмайтын КЕҰ-ның басқа табыстары, мәселен, кәсіпкерлік қызметтен алынатын табысына (банк депозиттерінен түсетін сыйақыдан, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орындау үшін жасалған келісімшарт бойынша түсетін табысынан басқа) салық жалпыға ортақ ережеге сәйкес салынады.

КЕҰ-ның табыс кіргізуге бағытталған кез келген қызметі табыстың қайда жұмсалғанына қарамастан, тіпті кәсіпкерлік қызметтен түскен бүкіл пайда қайырымдылық мақсатқа немесе КЕҰ-ның жарғылық мақсатына жұмсалса да, кәсіпкерлік қызметке жатады.

КЕҰ-дар ҚР Азаматтық заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік қызметпен тек жарғыда көрсетілген мақсаттарына қаншалықты сәйкестігі аясында

айналысуға құқықтық еркі бар екендігін естен шығармаулары тиіс. Мәселен, егер ұйымның жарғылық қызметі тұтынушылардың құқықтарын қорғау болса, онда бұл ұйым – тұтынушы ретінде құқықтары бұзылған азаматтардың мүдделерін соттарда қорғайтын ақылы өкілі болуға құқылы. Бірақ дәл осы ұйымның салық органдары шешіміне шағымдану жөнінде әлдебір заңды тұлғаның мүдделерін ақылы негізде қорғауға немесе медицина препараттарын сату қызметімен айналысуға құқықтық еркі жоқ.

КЕҰ-дың табысы КТС-нан босатылған табыс және жалпыға ортақ белгіленген ереже бойынша табыс ретінде (СК-нің 134 бабының 4 тармағы) жеке-жеке есепке алынуы тиіс. Табыс бойынша жеке-жеке есепке алу мынаны білдіреді:

1) Салық органдарына жылдық жиынтық табыс жөнінде екі декларацияны, яғни өтеусіз алынған табыс бойынша – 130.00 түріндегі декларацияны және кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс бойыншы – 100.00. түріндегі декларацияны тапсыру.

2) Бухгалтерлік есепте кәсіпкерлік қызметтен түскен табысты көрсету, КЕҰ-ның шығыс сомасынан алынатын шегерімдер салық төлеушінің қалауы бойынша **сәйкестендіру** немесе жекешелеу әдісімен анықталады.

Сәйкестендіру әдісі бойынша КЕҰ-ның шегерімге жатқызылатын шығыстың жалпы сомасы кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстың меншікті салмағына қарай (банк депозиттері бойынша сыйақыдан, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстан басқа) КЕҰ-дардың табысының жалпы сомасымен анықталады.

Жекешелеу әдісі бойынша салық төлеуші өтеусіз түскен табыстарға қатысты (грант, т.б) және жалпыға ортақ ережеге жатқызылатын табыстарға қатысты шығыстардың есебін жекеше жүргізеді.

«Осы баптың ережелері (ҚР СК 134 бабы):

1) осы Кодекстің 135-1-бабына сәйкес дербес білім беру ұйымдарына;

2) осы Кодекстің 135-бабына сәйкес әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдар болып танылатын коммерциялық емес ұйымдарға қолданылмайды»[90].

---

[90] 135-1-бап. Дербес білім беру ұйымдарына салық салу

1. Осы Кодекстің мақсаттары үшін:

1) осы тармақтың 2) – 5) тармақшаларында айқындалған дербес білім беру ұйымдарын қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының бастамасы бойынша құрылған, жоғары басқару органы Жоғары қамқоршылық кеңес болып табылатын коммерциялық емес ұйым;

2) бір мезгілде мынадай талаптарды сақтаған кезде:

Қазақстан Республикасының Үкіметі құрған;

жоғары басқару органы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған Жоғары қамқоршылық кеңес болып табылатын;

мынадай:

қосымша білім беру;

Басқа КЕҰ-ға шығыс әдісін таңдауда жекешелеу әдісі болса да, сәйкестендіру әдісі болса да, қай-қайсысына да жауапкершлікпен қарау керек. Әртүрлі әдістердің ерекшеліктерін қарастырамыз.

Шығыстарды есепке алудың сәйкестендіру әдісі

Сәйкестендіру әдісін қолданғанда ұйым шегерімге алуға тиіс кәсіпкерлік қызмет бойынша алынған шығыс нақтылы жұмсалған шығыннан аз болып шығуы мүмкін.

Сәйкестендіру әдісімен есепке алуда кәсіпкерлік қызмет бойынша шегерімге жатқызылатын шығыстардың алгоритмін анықтау үшін:

1) Бүкіл табысты анықтаймыз (кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс + грант т.б. түріндегі өтеусіз табыс);

2) Кәсіпкерлік қызметтен алынатын **үлес салмағын анықтаймыз**: кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс/ бүкіл табысқа.

3) Бүкіл шығынды анықтаймыз: кәсіпкерлік қызмет бойынша шығыстар + грант, т.б. түріндегі өтемсіз түскен табыс шығыны;

4) Шегерімдер сомасын анықтаймыз: жалпы шығын мөлшерін үлес салмағына көбейтеміз.

Әртүрлі жағдайлардағы мысалдарға, соның ішінде кейбір кереғар жайттарды да қарастырамыз.

1 нұсқа

КЕҰ 1 000 000 теңге мөлшеріндегі грант түрінде және 100 000 теңге ақылы семинар өткізуден табыс алды делік. Жалпы табыс 100 000 + 1000 000 = 1 100 000 теңге. Кәсіпкерлік қызметтен алынған табыстың үлес салмағы 9 % : 100 000/1 100 000. Грант бір жылдың ішінде толық жұмсалды, яғни грант бойынша шығыстар 1 000 000 теңгені құрады. Семинар өткізуге жұмсалған шығыстар 100 000 теңгені құрады. Табыстың үлесі 9% болғандықтан біз шегерімдерге шығыстардың жалпы сомасынан 9% : 1 100 000 х 9 % = 99 000 ала аламыз. Сонымен, біз осы жағдайда сәйкестендіру әдісі арқылы шегерімдерге 100 000 теңге мөлшеріндегі кәсіптік қызметке жұмсалған шығыстардың барлығын емес, тек 99 000 теңгені ғана ала аламыз.

2 нұсқа

КЕҰ грант түрінде екі жылға 1 0000 000 теңге және ақылы семинар өткізуден 100 000 теңге табыс алды. Кәсіпкерлік қызметтен алынған табыстың үлесі 9%-ды құрады. Бір жылдың ішінде грант толық жұм-

---

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген:

мектепке дейінгі тәрбие және оқытуды қоса алғанда, бастауыш мектеп;

негізгі мектеп;

жоғары мектеп;

орта білімнен кейінгі білім беру;

жоғары білім беру;

жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейлері бойынша білім беру қызметінің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыратын коммерциялық емес білім беру ұйымы.

салып, шығыс 1 000 000 теңгені құрады. Семинар өткізу шығыстары 50 000 теңгені құрады. Жалпы шығыс сомасы 1 050 000 теңгені құрады. Шегерімдердің болжамды мөлшері 94 500 теңге (1050 000 х 9%). Алайда ұйымның нақтылы шығысы 50 000 теңге болғандықтан, шегерімге ол 94 500 теңге емес, тек 50 000 теңге нақтылы шығыс құжаттары бойынша алынады.

3 нұсқа

КЕҰ 1 000 000 теңге грант түрінде және 100 000 теңге ақылы семинар өткізуден табыс алды. Жалпы табыс 100 000 + 100 000 = 200 000 теңге. Кәсіпкерлік қызметтен алынған табыстың үлес салмағы 50 % -ды құрады. Грант бір жылдың ішінде толық жұмсалды, грант бойынша шығыстар 1 000 000 теңгені құрады. Семинар өткізуге жұмсалған шығыстар 100 000 теңгені құрады. Шығыстардың жалпы сомасы 200 000 теңгені құрады. Шегерімнің болжамды мөлшері 100 000 теңге (200 000 х 50%). Сонымен, біз осы жағдайда кәсіпкерлік қызметке жұмсалған 100 000 теңге мөлшеріндегі барлық шығыстарды шегерімге ала аламыз.

4 нұсқа

КЕҰ 1 0000 000 теңге грант және мүшелік жарна түрінде 1000 000 теңге және ақылы семинар өткізуден 500 000 теңге табыс алды. Бір жыл ішіндегі жалпы табыс 1 500 000 теңге. Кәсіпкерлік қызметтен алынған табыстың үлес салмағы 33 % -ды құрады. Бір жылдың ішінде грант пен мүшелік жарна толық жұмсалған жоқ, өтемсіз табыстар бойынша шығыстар 600 000 теңгені құрады. Семинар өткізуге жұмсалған шығыстар 500 000 теңгені құрады. Шығыстардың жалпы сомасы 1 100 000 теңгені құрады. Шегерімге біз жалпы табыс сомасының 33 %-ын, яғни 363 000 теңге аламыз. Ал, құжаттарға сәйкес нақтылы жұмсалғаны – 500 000 теңге.

Сонымен біздің соңғы мысалымызда кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс бойынша корпоративтік табыс салығын анықтауда біз мынаны білдік: 500 000 теңге (СГД) – 363 000 теңге (мөлшерлі шегерімдер)= 137 000 теңге (салық салынған табыс) х 20 % (мөлшерлі КТС-ы) =27 400 теңге (КТС).

КЕҰ кәсіпкерлік қызмет кірісінен нақтылы бір тиын да пайда көрмей, шығыстарды есепке алудың сәйкестендіру әдісімен 27 400 теңге КТС төлеуге міндетті болады, ал осыған ұқсас жағдайда жекешелеу әдісін қолданғанда корпоротивтік табыс салығы туындамайды.

Шығыстарды жекеше есепке алу әдісі

КЕҰ жекешелеу әдісі бойынша кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстарға қатысты (грант, т.б) және жалпы бекітілген ереже бойынша салық салынатын табыстарға қатысты және өтемсіз табыстарға (грант, т.б) қатысты шығыстардың есебін жекеше жүргізеді.

Жеке салық есебі Салық кодексінің талаптарына сәйкес есеп құжаттарының негізінде жүргізіледі. КЕҰ салық салушы нысандарды біріктіре

алмайды, салық салумен байланысты Салық кодексі жеке салық есебін жүргізу талабы көрсетілген қызмет түрлері бойынша салықтық міндеттерді есептейді.

КЕҰ міндетті ереже бойынша салықтық есеп саясатын өз бетінше белгіледі:

- Салық есебін жеке жүргізу ережесі.
- Соның ішінде жалпы кіріс пен шығыс түрлерінің тізімі;
- СК белгілеген әр түрлі салық салу шарттары бойынша мұндай кіріс-шығыстардың қызмет түрлері арасында бөлу әдістері. Жалпы табыс пен шығыс дегенде есепті салық кезеңіндегі табыс пен шығыс, соның ішінде жалпы назарға алынған актив бойынша жекелеген қызмет түрін жүзеге асыруға тікелей байланысты себеп-салдары жоқ және СК белгілеген әр түрлі салық салу шарттарын толық көлемде жүзеге асыратын қызметтің бір түріне жатпайды. Мұндай шығыстарға жалға төленетін ақы, коммуналдық қызмет, байланыс қызметі, т.б., толық тізімі салықтық есеп саясатында нақтылы көрсетілуі тиіс. Оларды табыс салығы салынбайтын кіріс табыстары және табыс салығы салынатын шығыстарға қатысты түрлі амалдарды, мәселен, ең кең тараған әдіс алынған табыс бойынша (КТС салынатын және салынбайтын) пайыздық үлеспен бөліп қарастыруға болады. Алайда КЕҰ басқа әдістерді де қолдана алады. Бастысы, қолданылған әдістер салықтық есеп беру саясатында анық, нақтылы жазылу керек.
- Егер КЕҰ өзінің салықтық есеп беру саясатында салық есебін беру әдісін анықтай алмаса (жекеше ме, сәйкестендіру ме), жекеше есеп беру ережесін орнатпаса, салықтық тексеруде, салықтық органдар КЕҰ-ның кіріс-шығысын есепке алу үшін сәйкестендіру әдісін қолданады.

3.5. Қайырымдылық көрсетуші заңды тұлғалардың табысына салық төлемдерін азайту

СК-і КЕҰ-ның жалпыға ортақ салықтық ережемен жұмыс істейтін қайырымдылық немесе демеушілік көмек көрсеткен және КЕҰ-ға қызмет еткен заңды тұлғалардан, сондай-ақ өтеусіз берілген мүліктен алынатын салық төлемдерін азайтуды қарастырады.

СК-нің 133 бабына сәйкес салық төлеуші салық есептелетін табысынан 3 пайыздан аспайтын жалпы сома мөлшеріндегі мынадай шығыс түрлеріне салықтық жеңілдіктер қарастыруға құқықтық еркі бар:

- СК-нің 97 бабының 2 тармағы бойынша қарастырылған әлеуметтік сала нысандарын пайдалану үшін салық төлеушінің нақты жұмсаған шығыстарына;
- коммерциялық емес ұйымдарға және қызметін әлеуметтік салада жүзеге асыратын ұйымдарға өтеусіз негізде берілген мүліктің құнын. Өтеусіз орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құны осындай жұмыстарды орындаумен, қызметтер көрсетумен байланысты

шеккен шығыстар мөлшерінде айқындалады. Өтеусіз берілген өзге де мүліктің құны аталған мүлікті қабылдау-беру актісінде көрсетілген, берілген мүліктің баланстық құны мөлшерінде айқындалады;

- Салық төлеушінің көмекті алушы тұлға тарапынан берілген өтініш негізінде, демеушілік немесе қайырымдылық көмек көрсеткен жағдайда.

Жоғарыда аталған шығыстарды кәсіпкерлік қызметтен алынған табыстан төлесе, осы жеңілдіктерді коммерциялық та, коммерциялық емес ұйымдар да пайдалана алады. Алайда бұл жеңілдіктер өте мардымсыз болғандықтан, оны көбінесе ірі бизнес өкілдері ғана пайдалана алады.

Мысалы, егер КЕҰ-ға жыл бойында S 10 000 (1 500 000 S=150 теңге) мөлшерінде қайырымдылық немесе демеушілік көмек көрсетілсе, осы сомаға салынатын табыс салығы азайтылады, яғни ҚТС салынбайды, ұйымның салық салынатын табысы 50 000 000 теңгені құрайды (S 333 333). Осындай ұйым 5 пайыздық жылдық рентабельділігімен **бір миллиард** теңгені құрайды (S 6 666 666). Ал бұл ірі кәсіпкерлік нысанының айналымын сипаттайды («Жеке кәсіпкерлік туралы» ҚР-ның заңы, 6 бап, 7 тармақ).

КЕҰ-ға және жеке тұлғаларға өтеусіз берілген мүлік пен қайырымдылық көмектен түскен салық салынатын табысты азайту түріндегі жеңілдікпен пайдалану мүмкіндігі жалпыға ортақ ережелер негізінде қызмет істейтін заңды тұлғаларға тиесілі. Оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық ережесі бойынша жұмыс істейтін заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер мен жеке тұлғалардың табыс салығын азайтуға құқықтары жоқ. Осы салық төлеушілерге заңнамада қайырымдылық көмекті жүзеге асырғандары үшін ешқандай жеңілдік қарастырылмаған.

Жеке тұлғаның табыс салығы

Жеке тұлғаның табыс салығы ҚР Конституциясының 35 бабына сәйкес заң жүзінде белгіленген салықтарды, жинақтарды және басқа да міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы және міндеті. Жеке тұлғалар табысының жеке түрлерін жариялап, белгілі бір салық заңнамалары жағдайында (тіркелген жеке кәсіпкерлер, нотариустар мен адвокаттар, ҚР – нан тыс, шетелден табыс алатын жеке тұлғалар). Басқа жеке тұлғалардан жеке табыс салығы төлем көзінен ұсталады. Және КЕҰ –ға жеке тұлғалар арқылы жүзеге асырылатын төлемнің бір бөлігі салықтан босатылады.

КЕҰ үшін СК тағайындаған жеңілдіктер

1. 156 баптың 1 тармағы бойынша коммерциялық емес ұйымдар мен мен әлеуметтік салада қызмет атқаратын ұйымдардан алатын жеке тұлғаның табысына мынадай жағдайларда салық салынбайды: 1) грант қаржылары есебінен жасалатын төлемдер (еңбекақы түріндегі төлемдерден басқасы). Мысалы, қызметтік іссапар кезінде төленетін

тәуліктік өтемдер, оның ішінде Салық Кодексінің 101 бабында көрсетілген нормалардан асатындары да бар).

2. Грант есебінен жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасы қатысушы болып есептелетін мемлекетаралық келісімдер аясында Қазақстан Республикасындағы аз қамтылған отбасыларға қолдау көрсетуге (көмек беруге) бағытталған төлемдер, яғни жалақыны қосқандағы кез келген төлемдер.

3. Қайырымдылық көмек;

4. Қайырмалдық және демеушілік көмек;

5. Ең төменгі жалақы мөлшерінде бюджет не (немесе) грант қаражаты есебінен жүзеге асырылатын қоғамдық жұмыстарды орындау мен кәсіби оқуларға байланысты республикалық бюждеттің қаржылық жылына сәйкес белгіленген төлемдер. Яғни, егер бюджет есебінен шарт бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қоғамдық жұмыс арқылы жүзеге асырылса, онда ең төменгі жалақы мөлшерінде ол салық салынудан босатылады.

Кәсіптік білім беру кәсіби білім беруді көздейді. «Білім туралы» ҚР Заңының 21 тармағының 3 бабына сәйкес кәсіптік білімге кіретіндер:

1) Бастауыш кәсіби білім;

2) Орта кәсіби білім;

3) Жоғары кәсіби білім;

4) Жоғары білімнен кейінгі кәсіби білім;

5) Қосымша кәсіби білім.

Автордың көзқарасы бойынша кәсіптік білімге байланысты төлемдердің ішінде оқу орнына дейінгі жолы, оқу материалына жұмсалған шығыстар бар.

Сонымен, коммерциялық емес ұйым немесе әлеуметтік салада қызмет ететін ұйым кәсіби білім беруді көздейтін грант алса, онда олар білім беруге жіберілетін төлемдерді жеке тұлғаға табыс салығын салмай-ақ жасай алады, бірақ төменгі жалақы мөлшерінде. Егер осы шығыстар айына ең төменгі жалақы мөлшерінен асса, онда артық сомадан ЖТС ұстап, бюджетке төлеу керек. Іс жүзінде жеке табыс салығы нормаларын қолдануға байланысты туындаған әр түрлі сұрақтар СК № 156 бабының 1 тармағы 11 тармақшасында бекітілген нормаларға сәйкес КЕҰ-ның салық төлеушілері мен салық қызметі органының жауапты қызмекерлері тарапынан шешімін табады.

СК-нің 156 бабының 11 тармағына сәйкес грант қаражаты есебінен алынған жеке тұлғалардың табысына (жалақы түрінде төленгеннен басқасы) жеке табыс салығы салынбайды. КЕҰ-да мұндай төлемдер көбінесе екі жағдайда туындайды.

1 жағдай

Нақтылы грант бойынша жұмыс істейтін қызметкер іссапарда болған уақытында 6 АЕК мөлшерінде тәуліктік ақы Қазақстан бойынша, 8

АЕК Қазақстаннан тыс шет елдер бойынша төленеді. Салық органдарының лауазымды тұлғалары тек 101 бапта бекітілген, яғни 6 АЕК Қазақстан бойынша, 8 АЕК ҚР шегінен тыс мөлшеріндегі табысқа ғана шектеулі шамада жеке табыс салығы салынбайды, төлем көзінен табысқа шектеулі шамада салық салынбайтын іссапар кезіндегі берілетін өтемақыға жатқызылады. Олардың пікірінше, тәуліктік төлемдер мөлшері арттырылса, онда ол қызметкердің еңбекақысы болып табылады.

Біздің ойымызша, СК-нің осы бабы жеткілікті қарастырылмаған, яғни жетілдіруді қажет етеді. Жеке тұлғаның табысына салық салынбайтын тәуліктік төлемақылардың мөлшерін шектеу салық төлеушілердің бәріне бірдей қолданылатын құқықтық жалпы норма болып табылады, ал СК-нің 156 бабының 1 тармағының 11 тармақшасы осы жалпы құқық нормасынан шегеру болып табылады. Бұл шегеру нақтылы жағдайда жеке тұлғаларға тәуліктік төлемақы түріндегі **төлемдердің грант қаражаты есебінен** жүзеге асырылған жағдайда қолданылады. Тәуліктік төлемақылар еңбекақы болып табылмайды. ҚР еңбек туралы заңына сәйкес қызметкердің еңбекақысы жеке немесе ұжымдық еңбек шартына сәйкес төленуі тиіс. Сонымен, еңбекақы мен оның құрамдастарын анықтау мүмкін емес. Белгілі бір деңгейде грант қаражаты есебінен тәуліктік төлемақы ретінде 6 АЕК-дан көп алатын грант бойынша орындаушылардың еңбек шарттарында бекітілмесе, оларды еңбекақы ретінде санауға болмайды. Грант қаражатынан тәуліктік төлемақы түрінде төлеу және олардың мөлшері грант туралы шартта, нақты айтқанда,оның қосымшасы – грант бюджетінде бекітілуі тиіс.

Грант бюджетінде коммерциялық емес ұйымның шығыс түрлері нақты анықталған жағдайда грант бойынша орындаушылардың еңбекақысы бөлек, ал грантта ұйым орналасқан жерден тыс барып қайту көзделсе, тәуліктік төлемақы бөлек көрсетілуі тиіс. Өйткені, тәуліктік төлемақы ешбір жағдайда жеке тұлғаның еңбекақысы болып саналмайды. Осы төлемдер қызметкердің еңбекақысы емес, тәуліктік төлемақы болып табылатынын дәлелдеу үшін грант пен оған қосымша грант бюджетін көрсету жеткілікті. Сонымен, біз заңда тура ұғылып, қолдануға тиісті болғандықтан, **грант есебінен төленетін кез келген төлемерге** еңбекақыдан басқа жеке тұлғаның табысына салынатын салық салынбайды. Ал Қазақстан бойынша 6 АЕК мөлшерінен асқан тәуліктік төлемақы еңбекақы болып табылмағандықтан, олар келесі шарттарға келгенде осы төлемдер еңбек шарттарында еңбекақы құралы ретінде бекітілмесе және грант шартының қосымшасы – бюджетте еңбекақы мен тәуліктік төлемақылары нақтылы бөлек бекітілген жағдайда оларға **жеке тұлға табысына салынатын салық салынбайды.** Сонымен бірге барлық құжаттар дұрыс рәсімделуі тиіс: оларға ісссапар туралы бұйрық, іссапар куәліктері т.б жатады.

2 жағдай

Бұл жағдай біріншіге ұқсас. Коммерциялық емес ұйымдар грант бойынша жобаны жүзеге асыру шеңберінде семинарлар мен жаттығуларды жиі өткізіп, оған қатысушылар ретінде Қазақстанның басқа қалаларынан, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдерін және мемлекеттік қызметкерлерді шақырады. Сонымен бірге осындай семинарларды ұйымдастырушылар шақырылғандардың барып-қайтар жолын, жатар орнын, тамағын төлейді. Егер осы төлемдердің барлығы грант есебінен төленіп, грант шартының қосымшасында – бюджетте қарастырылып, жүзеге асырылса, онда олар семинарлар мен жаттығуларға қатысатын **жеке тұлғалардың жеке табыс салығына жатпайтын кірісі болып табылады.**

Әлеуметтік салық

Коммерциялық емес ұйымдар мен әлеуметтік салада қызмет ететін ұйымдарға Салық Кодексінде берілетін жеңілдіктер.

Салық Кодексінің 357 бабы 2 тармағының екінші бөлігі 1 тармақшасына сәйкес мемлекет, үкімет және халықаралық ұйымдар арқылы берілетін гранттар қаражаты есебінен жасалатын төлемдер әлеуметтік салық салу объектісі болып табылмайды. Сонымен бірге төлемдер грант мақсатын (міндетін) жүзеге асыру үшін тағайындалған грант алушы немесе орындаушымен жасасқан келісім (шарт) негізінде төленеді (СК-нің 357 бабының 4 тармағы). Яғни КЕҰ грант берушіден грантты алған жағдайда грант берушінің болжалды тізіміне сәйкес (корпоративтік табыс салығын қараңыз) грант келісімшарты болғанда және өз қызметкерлеріне табысты еңбекақы түрінде төлесе, КЕҰ-ға бұл төлемдерден әлеуметтік салық өндірілмейді.

Қосылған құн салығы

Салық кодексінде берілетін жеңілдіктер.

А. Салық кодексіне сәйкес коммерциялық емес ұйымдардың қызмет көрсету бойынша келесі қаржылық айналымдары ҚҚС төлеуден босатылады:

1) балаларды, қарттарды, соғыс және еңбек ардагерлері мен мүгедектерді қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру жөнінде көрсетілетін қызмет түрлері;

2) діни ұйымдардың әдет-ғұрыптар мен рәсімдерді жүзеге асыруына және қажетті діни шараларды өткізуіне байланысты қызметтер;

3) тауарларды өткізуден түскен айналымдар (жұмыстар, қызмет көрсетулер), делдалдық сауда қызметінен түскен (жұмыстар, қызмет көрсетулер) өткізу жөніндегі айналымдардан және акцизделетін тауарлар мен қызмет түрлерін өндіру мен өткізу бойынша айналымдардан басқа мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері, сондай-ақ өндіріс ұйымдары келесі шарттарға сәйкес келетін болса:

• осындай өндірістік ұйымдар қызметкерлерінің жалпы санының кемінде 51 пайызы мүгедектер болса;

• мүгедектерге еңбекақы төлеу бойынша жалпы шығыстардың кемінде 51 пайызы (мамандандырылған ұйымдарда жұмыс істейтін, есту, сөйлеу, көру қабілетінен айырылған мүгедектер – кемінде 35 пайыз) болса.

В. Салық кодексінің 255 б. 1 т. сәйкес, қосылған құн салығынан мынадай тауарлар импорты босатылады:

1) мемлекеттердің, мемлекеттердің үкіметтері мен халықаралық ұйымдардың желісі бойынша берілген гранттар қаражаты есебінен жүзеге асырылатын тауарлар импорты;

2) акцизделетін тауарларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ізгілік көмек ретінде әкелінген тауарлар импорты;

3) акцизделетін тауарларды қоспағанда, мемлекет, мемлекеттердің үкіметтері, халықаралық ұйымдар желілері бойынша қайырымдылық көмек мақсатында әкелінген тауарлар импорты, оның ішінде техникалық жәрдем көрсету.

Жоғарыда көрсетілген тауарлар импортын қосылған құн салығынан босату тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметімен белгіленеді.

С. Салық кодексінің 272-б. грант қаражаты есебінен алынатын тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша салық төлеушілерге төленген қосылған құн салығын қайтару көзделген. Бірақ мұндай қайтару ҚР СК 275 б. сәйкес заңды тұлғалардың екі санатына ғана мүмкін:

1) грант алушыға – ҚР грант беру және атқарушысын тағайындау бойынша халықаралық келісім шартына сәйкес бенефицар болып табылатын мемлекеттік ұйымға, егер аталмыш халықаралық келісім шартында басқа жағдайлар көрсетілмесе;

2) атқарушыға – грант мақсаттарын жүзеге асыру үшін грант алушы тағайындаған тұлғаға (бұдан әрі – атқарушы)

Осылайша СК ҚҚС бюджеттен қайтаруды бір жағдайда, егер ол ҚР мемлекеттік ұйымнан халықаралық грант алушы және осы гранттың орындаушысы болып табылса ғана талап етуге құқылы болады. Мұндай әрекеттер ерекше жағдай орын алған кезде ғана мүмкін болатындықтан, біз тауардың құны ішінде төленген, жабдықтаушыларға грант есебінен жеңілдік ретінде көрсетілген қызметтер мен жұмыстарды КЕҰ үшін ҚҚС-ын бюджеттен қайтаруды қарастырмаймыз. Қалған барлық басқа КЕҰ-ға Мемлекеттік ұйымнан грант орындаушысы болып табылмайтындарға, мұндай ҚҚС-ын қайтару ҚР заңнамасында көрсетілмеген.

Жер салығы

Салық Кодексі КЕҰ үшін олардың ұйымдық-құқықтық нысандарына байланысты жер салығы бойынша жеңілдіктің екі түрін қарастырады.

1) 373-б.3-т.7-тармақшасына сәйкес, діни ұйымдар жер салығын төлеуден толық босатылады. Бірақ діни бірлестіктер өздеріне пайдалануға немесе жалға берілген жер телімдері бойынша жер салығын төлеуден босатылмайды.

2) 387-б.2-т.2-3-т. сәйкес, қалған коммерциялық емес ұйымдар мен әлеуметтік салада қызмет атқаратын ұйымдардың бәрі жер салығын есептеген кезде салық мөлшерлемелеріне 0,1 коэффицентін қолданады. Яғни, КЕҰ-нан салық өндіру мөлшері басқа салық төлеушілерге қарағанда 10 есе аз. Бірақ, жер телімін не оның бөлігін жалға, пайдалануға (оның ішінде ақысыз) бергенде немесе коммерциялық мақсаттарда пайдаланған кезде коммерциялық емес ұйымдар жер салығын 0,1 коэффицентін қолданбай, жалпы тәртіпке сәйкес есептейді.

3) 387-б. 3-т. сәйкес, әлеуметтік салада қызмет атқаратын ұйымдар (135-б. 3-т. сәйкес мүгедектерге олардың санына байланысты еңбекақы төлеу талаптары сақталған ұйымдарда) және дербес білім беру ұйымдары жер салығын есептегенде салық мөлшерлемелеріне 0 коэффицентін қолданады. Яғни, осындай КЕҰ ұйымдарға жер салығы 0-ге тең.

Мүлік салығы

Салық Кодексі КЕҰ үшін олардың ұйымдық-құқықтық нысандарына байланысты мүлік салығы бойынша жеңілдіктің екі түрін қарастырады.

1) 394-б. 4-т. 4-т. сәйкес, діни ұйымдар мүлік салығын төлемейтіндер болып саналады. Сонымен қатар оларға сеніп тапсырылған басқару немесе жалға берілген объектілері болса, онда діни бірлестіктер осы салықты төлеушілер болып табылады.

2) 398-б. 3-т. сәйкес, коммерциялық емес ұйымдар мен әлеуметтік салада қызмет атқаратын ұйымдар мүлік салығын төлеушілер болып табылады. Бірақ мөлшерлеме бойынша жеңілдіктері бар. Коммерциялық емес ұйымдардың мүлік салығының мөлшерлемесі салық салу объектілерінің, яғни негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің орташа жылдық құнының 0,1 пайызын құрайды. Орташа жылдық баланстық құн бухгалтерлік есептің деректері бойынша анықталады.

Сонымен бірге ҚР СК 396 – б. 1-т. сәйкес, салық салу объектілеріне жататын ғимараттар – техникалық реттеу аясында мемлекеттік уәкілетті ұйым орнатқан классификацияға сәйкес және негізгі құралдарға жататын немесе жылжымайтын мүлікке салынған инвестиция болып табылатын, қаржы есебінің халықаралық стандарттарына сәйкес және ҚР бухгалтерлік есеп, қаржылық есеп жөніндегі заңнамалары талаптарына сәйкес ғимараттар жатады.

Техникалық реттеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген сыныптамаға сәйкес осындайларға жататын ғимараттар халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заң-

намалық актісіне сәйкес ұзақ мерзімді дебиторлық берешек ретінде ескерілетін, сатып алу құқығымен ұзақ мерзімді жалға алу шарттары бойынша жеке тұлғаларға берілген осындай ғимараттардың бөліктері.

Егер коммерциялық емес ұйымдар немесе әлеуметтік салада қызмет атқаратын ұйымдар (мүгедектер ұйымы ҚР СК 135 б. 3-т.) салық объектілерін пайдалануға әлде жалға берген жағдайда, олар бұл салықты әдеттегі мөлшерлемеде – 1,5% (398-б. 4-т) аударып, төлеуге міндетті.

Мемлекеттік баж

Салық Кодексінің 532-б. сәйкес, мемлекеттік баж – өкілдік берілген мемлекеттік ұйымдардың немесе лауазымды тұлғалардың заңдық мәні бар іс-әрекет жасағаны және (немесе) құжаттарды бергені үшін алынатын міндетті төлем.

Коммерциялық емес ұйымдар заңдық мәні бар іс-әрекет жасау және (немесе) құжаттар беру кезінде мемлекеттік баж төлеушілері болып саналады.

Мемлекеттік бажға қатысты коммерциялық емес ұйымдардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер қарастырылған.

1) Мүгедектердің қоғамдық ұйымдары және (немесе) олар құрған ұйымдарда есту, сөйлеу, көру қабілетінен айырылған мүгедектер – кемінде 35 пайыз болса, өздерінің мүдделерін қорғау кезінде соттарда мемлекеттік баж төлеуден босатылады.

2) «Қазақстан мүгедектерінің ерікті қоғамы» одағы (ҚМЕК), Қазақ саңыраулар қоғамы (ҚСҚ), Қазақ зағиптар қоғамы (ҚЗҚ), сондай-ақ олардың өндірістік кәсіпорындары барлық нотариалдық іс-әрекет бойынша мемлекеттік баж төлеуден босатылады.

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені үшін алым

Коммерциялық емес ұйымдар мен әлеуметтік салада қызмет атқаратын ұйымдар келесі жағдайда заңды тұлғаларды тіркеу үшін алымның төлеушілері болады:

1) Заңды тұлғаларды және олардың филиалдары мен өкілдіктерін құру мемлекеттік (есептік) тіркеуден өткізгенде;

2) Заңды тұлғалардың қызметін тоқтатуды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен мен өкілдіктерінің қызметін тоқтатуды есептік тіркегенде;

3) Заңды тұлғаларды мемлекеттік қайта тіркеу, сондай-ақ олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркегенде;

4) Заңды тұлғалардың, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің мемлекеттік (есептік) тіркеу туралы куәліктің дубликатын алғанда.

Алым сомасы СК 456-б. белгіленген мөлшерлемелер бойынша есептеледі.

1) Балалар мен жастардың қоғамдық бірлестіктерін, мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерін, олардың филиалдары мен өкілдіктерін,

аймақтық ұлттық-мәдени қоғамдық бірлесіктерін мемлекеттік (есептік) тіркеу – 2 АЕК көрсеткішті құрайды. Қайта тіркеу үшін – 1 АЕК.

2) Үй-жай (пәтер) иелері кооперативтерін, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есептік) тіркеу – 1 АЕК. Қайта тіркеу үшін – 0,5 АЕК.

3) Саяси партияларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есептік) тіркеу үшін – 14 АЕК.

4) Басқа заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есепке алу) тіркеу (қайта тіркеу) – 6,5 АЕК құрайды.

Бюджетке төленетін салықтың басқа түрлері және міндетті төлемдері бойынша КЕҰ салық салудың басқа ерекшеліктері жоқ.

Коммерциялық емес ұйымдарға әдеттегі жағдайларда салық салынуы

Жеке тұлғаларға әр түрлі төлемдер бойынша салық салу – ҚР резиденттері мен резидент еместерге коммерциялық емес ұйымдардың әр түрлі көздерінен.

КЕҰ нақты төлемдерге жеңілдіктерді қолдану арқылы салық салудың ерекшеліктерін қарастырамыз. (1- ші кесте)

1 Кесте

Грант қаражаты бойынша төлемдерге салық салу
(«БОТА» қорынан алынған гранттан бөлек)

Табыс түрі	Жеке табыс салығы	Әлеуметтік салық	Зейнеткерлік шегерім	Әлеуметтік шегерімдер
Қызметкердің еңбекақысы	+	-	+	+
Жеке тұлғаның азаматтық-құқықтық келісімшарты бойынша қызмет (еңбек келісімшарты бойынша емес)	-/+	- Салымдар объектісі жоқ	- Салымдар объектісі жоқ	- Салымдар объектісі жоқ
Қызметкердің іс-сапары бойынша нормадан тыс тәуліктігі	-	-	+	+
Азаматтық-құқықтық келісім шарт бойынша қызмет көрсететін тұлғаның іс-сапары (тәуліктік, жүру, тұру)**	-	- Салымдар объектісі жоқ	- Салымдар объектісі жоқ	- Салымдар объектісі жоқ

Семинарларға шақырылған ҚР резиденттері тұлғаларының шығындарын төлеу (жүріп өту, тұру)***	-	- Салымдар объектісі жоқ	- Салымдар объектісі жоқ	- Салымдар объектісі жоқ

«+» белгісі – салықпен салым салуға жатады.

«-» – салықпен алым салуға жатпайды.

*Азаматтық-құқықтық келісімшарт бойынша қызметтерді төлеу еңбекақы болып табылмайды және істелінген жұмыстарға акті жасалынады, бірақ салық ұйымы алдында түсіндіруді талап етеді және даулы болу ықтималдығы бар. Сондықтан кімдер дауласқысы келмесе, солар үшін «+»

** Тәуліктік ұғымы еңбек заңнамаларына жатады, сондықтан ұйымда жұмыс істемейтіндерге, азаматтық-құқықтық келісімшарт бойынша қызмет көрсететіндерге тәуліктік болуы мүмкін емес. Тәуліктік деп аталған сома салық ұйымдары алдында туындайтын түсініспеушіліктен сақтану үшін сыйақы ішіне енуі керек, (егер жеке тұлға бөлек сыйақы, бөлек тәуліктік алатын болса, салық ұйымдары тұлғаны қызметкерлер қатарына санайды, ал қызмет көрсету бойынша акт салықты аз төлеу мақсатында істелінген деп қабылданады. Мұндай кезде үдемелі салық салыну қаупі бар). Жүріп өту, тұру бойынша шығындарды жабу сомасы құжаттармен расталуы керек. (шот-фактуралар, чектер ж.т.б). Бұл шығыстардың бәрі бюджет грантында қарастырылуы тиіс.

*** Шақырылған тұлғаларға шыққан шығындар бюджет грантында ескерілуі керек.

2. Грант қаржысы арқылы төлемдерден салық өндіру, Қазақстан Республикасы қатысушы болып отырған үкімет аралық келісімшарттың аясында Қазақстан Республикасының кіріс деңгейі, меншік көлемі, тұрмысы төмен, азаматтарын қолдауға бағытталған (көмек көрсету. («БОТА» қорынан алынған)

Табыс түрі	Жеке табыс салығы	Әлеуметтік салық	Зейнеткерлік шегерім	Әлеуметтік шегерімдер
Қызметкердің еңбекақысы	+	-	+	+
Жеке тұлғаның азаматтық-құқықтық келісім шарты бойынша қызмет (еңбек келісімшарты бойынша емес)	-	- Салымдар объектісі жоқ	- Салымдар объектісі жоқ	- Салымдар объектісі жоқ
Қызметкердің іс-сапары бойынша нормадан тыс тәуліктігі	-	-	+	+
Азаматтық-құқықтық келісімшарт бойынша қызмет көрсететін тұлғаның іс-сапары (тәуліктік, жүру, тұру)*	-	- Салымдар объектісі жоқ	- Салымдар объектісі жоқ	- Салымдар объектісі жоқ

Семинарларға шақырылған ҚР резиденттері тұлғаларының шығындарын төлеу (жүріп өту, тұру)**	-	- Салымдар объектісі жоқ	- Салымдар объектісі жоқ	- Салымдар объектісі жоқ

* Тәуліктік төлемдер ұғымы еңбек заңнамаларына жатады, сондықтан ұйымда жұмыс істемейтіндерге, азаматтық-құқықтық келісімшарт бойынша қызмет көрсететіндерге тәуліктік болуы мүмкін емес. Тәуліктік төлемдер деп аталған сома салық ұйымдары алдында туындайтын түсініспеушіліктен сақтану үшін сыйақы ішіне енуі керек, (егер жеке тұлға бөлек сыйақы, бөлек тәуліктік алатын болса, салық ұйымдары тұлғаны қызметкерлер қатарына санайды, ал қызмет көрсету бойынша акт салықты аз төлеу мақсатында істелінген деп қабылданады. Мұндай кезде үдемелі салық салыну қаупі бар). Жүріп өту, тұру бойынша шығындарды жабу сомасы құжаттармен расталуы керек. (шот-фактуралар, чектер ж.т.б). Бұл шығыстардың бәрі бюджет грантында қарастырылуы тиіс.

** Шақырылған тұлғаларға шыққан шығындар бюджет грантында ескерілуі керек.

3. Гранттан басқа кез келген қаржылар арқылы болған төлемдерге салық салу, (қайырымдылық көмек, мемлекеттік-әлеуметтік тапсырыс, кәсіпкерлік қызмет ж.т.б.).

Табыс түрі	Жеке табыс салығы	Әлеуметтік салық	Зейнеткерлік шегерім	Әлеуметтік шегерімдер
Қызметкердің еңбекақысы	+	+	+	+
Жеке тұлғаның азаматтық-құқықтық келісімшарты бойынша қызмет атқарғаны үшін сыйақысы (еңбек келісімшарты бойынша емес)	+	- Салымдар объектісі жоқ	- Салымдар объектісі жоқ	- Салымдар объектісі жоқ
Қызметкердің іс-сапары бойынша нормадан тыс тәуліктігі	+	+	+	+
Азаматтық-құқықтық келісімшарт бойынша қызмет көрсететін тұлғаның іс-сапары (тәуліктік*, жүру, тұру)**	-/+	- Салымдар объектісі жоқ	- Салымдар объектісі жоқ	- Салымдар объектісі жоқ
Семинарларға шақырылған ҚР резиденттері тұлғаларының шығындарын төлеу (жүріп өту, тұру)**	-/+ **	- Салымдар объектісі жоқ	- Салымдар объектісі жоқ	- Салымдар объектісі жоқ

* Тәуліктік төлемдер ұғымы еңбек заңнамаларына жатады, сондықтан ұйымда жұмыс істемейтіндерге, азаматтық-құқықтық келісімшарт бойынша қызмет көрсететіндерге тәуліктік төлем төленуі мүмкін емес. Тәуліктік төлемдер деп аталған сома салық ұйымдары алдында туындайтын түсініспеушіліктен сақтану үшін сыйақы ішіне енуі керек, (егер жеке тұлға бөлек сыйақы, бөлек тәуліктік алатын болса, салық ұйымдары тұлғаны қызметкерлер қатарына санайды, ал қызмет көрсету бойынша акт салықты аз төлеу мақсатында істелінген деп қабылданады. Мұндай кезде үдемелі салық салыну қаупі бар). Жүріп өту, тұру бойынша шығындарды жабу сомасы құжаттармен расталуы керек. (шот-фактуралар, чектер ж.т.б.). Егер бұл шығындар ұйым мойнында болса – онда ЖТС пайда болмайды.

Егер шығындар жеке тұлғаға ақшалай қаржылармен жабылған болса, онда салық агентінен түскен пайда ретінде ЖТС пайда болады.

**Егер жүріп өту билеті және тұру шақырылған тұлғаның өз атынан, өзімен төленген болса және КЕҰ оған бұл шығындарды жабқан болса, онда салық агентінен түскен пайда ретінде – ЖТС пайда болады. Егер шақырылған тұлғаның жүріп өту билеті мен тұру шығындары ұйымның тікелей өз атынан жарғылық қызметіне сәйкес төленген болса, онда бұл шығындардың төлем көзіне ЖТС салынбайды. Өйткені бұл жерде жеке тұлғаға тікелей жасалған төлемдер жоқ.

Азаматтық шарт бойынша қызмет атқаратын тұлғаның жол ақысы және тұру шығындарын өтеу сомасы және семинарларға шақырылған резидент тұлғалардын (жол ақысы мен тұру) шығындарын өтеу құжаттармен расталу керек (түбіртек, шот фактура).

2013 жылдың қаңтарына дейін бұл шығындар егер ұйым өзі өтегенде ЖТС пайда болматын ал егер шығындар ақшамен жеке тұлғаға қайтарылған жағдайда ЖТС салықтық агенттін табысынан пайда болатын. Кәзіргі уақытта ұйымдардан соның ішінде коммерциялық емес ұйымдардан резидент жеке тұлғаның (КЕҰ қызметкері емес) үшінші тараптардан алынған табысы бойынша ЖТС есептеп бюджетке салық аудару 2013 жылдың 1 қаңтарынан талап етіледі[91].

---

[91] 2013 жылдың 1 қаңтарында күшіне еңген Қазақстан Республикасының Салық кодексіне «Жеке тұлғаның салық агентінен алатын табысы» 168-бабы 1 тармағы 2 тармақшасына өзгерістер еңгізілді.

168-бап. Жеке тұлғаның салық агентінен алатын табысы

1. Жеке тұлғаның салық агентінен алған, төлем көзінен салық салынатын табысы осы Кодекстің 156-бабында көзделген түзетулер ескеріле отырып, жеке тұлғаның салық агентінен алған, салық салуға жататын табысы ретінде айқындалады.

Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, мыналар:

1) жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық агентімен жасасқан азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыстары;

2) жеке тұлға табысының төлемі, оның ішінде:

жеке тұлға үшінші тұлғалардан алған тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құнын салық агентінің жеке тұлғаға немесе үшінші тұлғаларға төлеуі;

берешекті өтеу есебінен және (немесе) өтеусіз негізде жүргізілген жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету;

борышты кешіру;

мәміле шарттарының өзгеруіне байланысты есептен шығарылған тұрақсыздық айыбын қоспағанда, борышкерге қойылған талаптар мөлшерін азайту;

репо операциялары бойынша сыйақы төлемі жеке тұлғаның салық агентінен алған, салық салынуға жататын табысы болып табылады.

4. КЕҰ резиденттері емес, шет ел азаматтарына көрсетілетін бір жолғы қызметтерге салық салу.

КЕҰ таяу және алыс шет елдерден шет елдік мамандарды қызмет көрсету үшін шақырған жағдайлар болады (тренингтер өткізу, сараптама жүргізу және т.б). олар резидент емес және олардың ҚР тұрақты мекемелері жоқ. Олармен еңбек келісім шартын жасасу мүмкін болмайды, себебі арнайы жұмыстарды атқару үшін, резидент емес тұлғаны шақырған салық агентінде шет елдік жұмыс күшін пайдалану құқығын беретін рұқсат жоқ. Қызметтер бойынша резидент емес тұлғамен азаматтық-құқықтық сипаттағы келісім шарт жасауға болады.

Резидент еместермен көрсетілген бір жолдық қызметке салық салудың 2 нұсқасы бар. Олар келісімшарттың жасалуына тәуелді болады: Резидент емес қызметтерді көрсеткенде, өз атынан немесе ұйым атынан іске асыруына байланысты болады және КЕҰ халықаралық келісімшартты қолдануына, қажетті құжаттардың болу-болмауына байланысты. Бұл нұсқаларды 4-ші кестеде қарастырайық.

4 кесте

1 нұсқа (халықаралық келісімшарттарды қолданбай)

Резидент емес жеке тұлғаның, резидент емес заңды тұлғаның атынан көрсеткен қызметтерінен салық өндіру	Резидент емес жеке тұлға көрсеткен қызметінен салық өндіру
Төлеу көзінен 20% мөлшерлемеде КТС салу	20% мөлшерлемеде ЖТС салынады
Егер табыс төлеп отырған КЕҰ ҚҚС төлеушісі болса, онда төлеу көзінен 12% резидент емеске төлеген сомадан салық салынады. Егер КЕҰ ҚҚС төлемейтін болса – бұл салық пайда болмайды.	2) Егер табыс төлеп отырған НПО ҚҚС төлеушісі болса, онда төлеу көзінен 12% резидент емеске төлеген сомадан салық салынады. Егер КЕҰ ҚҚС төлемейтін болса – бұл салық пайда болмайды.

2 нұсқа (халықаралық келісім шарттарды қолдану, қосарланған салық салудан сақтану конвенциялары)

Резидент емес жеке тұлғаның, резидент емес заңды тұлғаның атынан көрсеткен қызметтерінен салық өндіру	Резидент емес жеке тұлға көрсеткен қызметінен салық өндіру

Өз мемлекетінде КТС салынып, Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес КТС салынбайды, егер конвенциялар болған жағдайда резидент емес заңды тұлға СК сәйкес мерзімде резиденттік туралы сертификатты көрсеткен болса.	1) Өз мемлекетінде ЖТС салынып, Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес ЖТС салынбайды, егер конвенциялар болған жағдайда резидент емес жеке тұлға СК сәйкес мерзімде резиденттік туралы сертификатты көрсеткен болса.
ҚҚС салынбайды. (1 нұсқаны қара)	2) ҚҚС салынбайды. (1 нұсқаны қара)

Резидент емеске табыс төлеген КЕҰ, салық агенті болып табылады, сондықтан резидент емес үшін КТС, ЖТС бюджетке төлеуге, есептен шығаруға, ұстап қалуға міндетті және төлеу көзіне табыс салығы бойынша есепті өткізу керек. КЕҰ салық агенті есепте қосарланған салық салудан сақтану конвенцияларына, халықаралық келісім шарттарға сәйкес салық салудан босатылған резидент емес заңды (жеке) тұлғаға төленген табыс сомасын көрсетуге міндетті. Барлық аталған қызметтерге КЕҰ мысалы көрсеткендей, салық агенті жауапты болып табылады.

ҚОСЫМША

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

(1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған)
(2011.02.02. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен*)*

Конституцияның қабылданған күні – 1995 жылғы 30 тамыз

Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз.

I БӨЛІМ
ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап

1. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

2. Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу.

2-бап

1. Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет.

2. Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді.

3. Республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысы, оның елордасының мәртебесі заңмен белгіленеді. Қазақстанның елордасы Астана қаласы болып табылады.

4. Қазақстан Республикасы және Қазақстан атауларының мәні барабар.

3-бап

1. Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық.

2. Халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді.

3. Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кетушілік заң бойынша қудаланады.

Халық пен мемлекет атынан билік жүргізуге Республика Президентінің, сондай-ақ өзінің конституциялық өкілеттігі шегінде Парламенттің құқығы бар. Республика Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдар мемлекет атынан оларға берілген өкілеттіктері шегінде ғана билік жүргізеді.

4. Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады.

4-бап

1. Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттары мен Республиканың басқа да міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады.

2. Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады.

3. Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде, тікелей қолданылады.

4. Барлық заңдар, Республика қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттар жарияланады. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми түрде жариялау оларды қолданудың міндетті шартты болып табылады.

5-бап

1. Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси әр-алуандылық танылады. Мемлекеттік органдарда партия ұйымдарын құруға жол берілмейді.

2. Қоғамдық бірлестіктер заң алдында бірдей. Қоғамдық бірлестіктер ісіне мемлекеттің және мемлекет ісіне қоғамдық бірлестіктердің заңсыз араласуына, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың қызметін жүктеуге жол берілмейді.

3. Мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет

қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынады.

4. Республикада басқа мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіптік одақтарының, діни негіздегі партиялардың қызметіне, сондай-ақ саяси партиялармен кәсіптік одақтарды шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтардың, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қаржыландыруына жол берілмейді.

5. Шетелдік діни бірлестіктердің Республика аумағындағы қызметі, сондай-ақ шетелдік діни орталықтардың Республикадағы діни бірлестіктер басшыларын тағайындауы Республиканың тиісті мемлекеттік органдарымен келісу арқылы жүзеге асырылады.

6-бап

1. Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады.

2. Меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді.

3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.

7-бап

1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі.

2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

3. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды.

8-бап

Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларын құрметтейді, мемлекеттер арасында ынтымақтастық пен тату көршілік қарым-қатынас жасау, олардың теңдігі мен бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу саясатын жүргізеді, қарулы күшті бірінші болып қолданудан бас тартады.

9-бап

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтаңбасы және Гимні бар. Олардың сипаттамасы және ресми пайдаланылу тәртібі конституциялық заңмен белгіленеді.

II БӨЛІМ
АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТ

10-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматтығы заңға сәйкес алынады және тоқтатылады, ол қандай негізде алынғанына қарамастан, бірыңғай және тең болып табылады.

2. Республиканың азаматын ешқандай жағдайда азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ оны Қазақстаннан тыс жерлерге аластауға болмайды.

3. Республика азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуы танылмайды.

11-бап

1. Республиканың халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының азаматын шет мемлекетке беруге болмайды.

2. Республика өзінің одан тыс жерлерде жүрген азаматтарын қорғауға және оларға қамқорлық жасауға кепілдік береді.

12-бап

1. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.

2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады.

3. Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады.

4. Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады.

5. Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс.

13-бап

1. Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы.

2. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар.

3. Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі.

14-бап

1. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең.

2. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

15-бап

1. Әркімнің өмір сүруге құқығы бар.

2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар.

16-бап

1. Әркімнің өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар.

2. Заңда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі. Соттың санкциясынсыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады.

3. Ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы.

17-бап

1. Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды.

2. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды.

18-бап

1. Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар.

2. Әркімнің өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, почта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына құқығы бар. Бұл құқықты шектеуге заңда тікелей белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.

3. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

19-бап

1. Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы.

2. Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар.

20-бап

1. Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады.

2. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді.

3. Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді.

21-бап

1. Қазақстан Республикасы аумағында заңды түрде жүрген әрбір адам, заңда көрсетілгеннен басқа реттерде, оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуға құқығы бар.

2. Әркімнің Республикадан тыс жерлерге кетуіне құқығы бар. Республика азаматтарының Республикаға кедергісіз қайтып оралуына құқығы бар.

22-бап

1. Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар.

2. Ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс.

23-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлесу бостандығына құқығы бар. Қоғамдық бірлестіктердің қызметі заңмен реттеледі.

2. Әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьялар партияларда, кәсіптік

одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдап сөйлемеуге тиіс.

24-бап

1. Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі.

2. Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар.

3. Ереуіл жасау құқығын қоса алғанда, заңмен белгіленген тәсілдерді қолдана отырып, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы мойындалады.

4. Әркімнің тынығу құқығы бар. Еңбек шарты бойынша, жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі.

25-бап

1. Тұрғын үйге қол сұғылмайды. Соттың шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.

2. Қазақстан Республикасында азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалады. Заңда көрсетілген санаттағы мұқтаж азаматтарға тұрғын үй заңмен белгіленген нормаларға сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорларынан олардың шама-шарқы көтеретін ақыға беріледі.

26-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады.

2. Меншікке, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі.

3. Соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды. Заңмен көзделген ерекше жағдайларда мемлекет мұқтажы үшін мүліктен күштеп айыру оның құны тең бағамен өтелген кезде жүргізілуі мүмкін.

4. Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар. Монополистік қызмет заңмен реттеледі әрі шектеледі. Жосықсыз бәсекеге тыйым салынады.

27-бап

1. Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады.

2. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың етене құқығы әрі міндеті.

3. Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті.

28-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматы жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі.

2. Ерікті әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша нысандарын жасау және қайырымдылық көтермеленіп отырады.

29-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар.

2. Республика азаматтары заңмен белгіленген кепілді медициналық көмектің көлемін тегін алуға хақылы.

3. Мемлекеттік және жекеменшік емдеу мекемелерінде, сондай-ақ, жеке медициналық практикамен айналысушы адамдарда ақылы медициналық жәрдем алу заңда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүргізіледі.

30-бап

1. Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті.

2. Азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар.

3. Жекеменшік оқу орындарында ақылы білім алу заңмен белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

4. Мемлекет білім берудің жалпыға міндетті стандарттарын белгілейді. Кез келген оқу орнының қызметі осы стандарттарға сай келуі керек.

31-бап

1. Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды.

2. Адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін деректер мен жағдаяттарды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады.

32-бап

Қазақстан Республикасының азаматтары бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге

және тосқауылдарға тұруға хақылы. Бұл құқықты пайдалану мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделері үшін заңмен шектелуі мүмкін.

33-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей өзі жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға құқығы бар.

2. Республика азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы бар.

3. Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп танығаң, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың сайлауға және сайлануға, республикалық референдумға қатысуға құқығы жоқ.

4. Республика азаматтарының мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы бар. Мемлекеттік қызметші лауазымына кандидатқа қойылатын талаптар лауазымдық міндеттердің сипатына ғана байланысты болады және заңмен белгіленеді.

34-бап

1. Әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

2. Әркім Республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті.

35-бап

Заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып табылады.

36-бап

1. Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті.

2. Республика азаматтары заңда белгіленген тәртіп пен түрлер бойынша әскери қызмет атқарады.

37-бап

Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға міндетті.

38-бап

Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті.

39-бап

1. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін.

2. Ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады.

3. Саяси себептер бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір түрде шектеуге жол берілмейді. Конституцияның 10; 11; 13-15-баптарында; 16-бабының 1-тармағында; 17-бабында; 19-бабында; 22-бабында; 26-бабының 2-тармағында көзделген құқықтар мен бостандықтар ешбір жағдайда да шектелмеуге тиіс.

III БӨЛІМ
ПРЕЗИДЕНТ

40-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті – мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға.

2. Республиканың Президенті – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі.

3. Республика Президенті мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

41-бап

1. Қазақстан Республикасының Президентін конституциялық заңға сәйкес жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде Республиканың кәмелетке толған азаматтары жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайлайды.

2. Республика Президенті болып тумысынан республика азаматы болып табылатын қырық жасқа толған, мемлекеттік тілді еркін меңгерген әрі Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын Республика азаматы сайлана алады.

3. Республика Президентінің кезекті сайлауы желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізіледі және ол мерзімі жағынан Республика Парламентінің жаңа құрамын сайлаумен тұспа-тұс келмеуге тиіс.

3-1. Президенттің кезектен тыс сайлауы Республика Президентінің шешімімен тағайындалады және конституциялық заңда белгіленген тәртіп пен мерзімде өткізіледі.

4. *алынып тасталды*

5. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың елу процентінен астамының дауысын алған кандидат сайланды деп есептеледі. Егер кандидаттардың бірде-бірі көрсетілген дауыс санын ала алмаса, қайтадан дауысқа салынады, оған көп дауыс алған екі кандидат қатысады. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың ең көп дауысын алған кандидат сайланды деп есептеледі.

42-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті: «Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің өзіме жүктелген мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін», – деп халыққа ант берген сәттен бастап қызметіне кіріседі.

2. Ант беру қаңтардың екінші сәрсенбісінде салтанатты жағдайда Парламент депутаттарының, Конституциялық Кеңес мүшелерінің, Жоғарғы Сот судьяларының, сондай-ақ Республиканың бұрынғы Президенттерінің бәрінің қатысуымен өткізіледі. Конституцияның 48-бабында көзделген жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін өзіне қабылдаған адам Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған күнінен бастап бір ай ішінде ант береді.

3. Республика Президентінің өкілеттігі жаңадан сайланған Республика Президенті қызметіне кіріскен кезден бастап, сондай-ақ Президент қызметінен мерзімінен бұрын босатылған немесе кетірілген не ол қайтыс болған жағдайда тоқтатылады. Республиканың бұрынғы Президенттерінің бәрінің, қызметінен кетірілгендерден басқасының, Қазақстан Республикасының экс-Президенті деген атағы болады.

4. *алынып тасталды*

5. Бір адам қатарынан екі реттен артық Республика Президенті болып сайлана алмайды.

Бұл шектеу Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне қолданылмайды.

43-бап

1. Қазақстан Республикасы Президентінің өкілді органның депутаты болуға, өзге де ақы төленетін қызметтерді атқаруға және кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқығы жоқ.

2. 2007.21.05. № 254-III ҚР Заңымен алып тасталды

44-бап

Қазақстан Республикасының Президенті:

1) Қазақстан халқына елдегі жағдай мен Республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жыл сайын жолдау арнайды;

2) Республика Парламентіне және оның Палатасына кезекті және кезектен тыс сайлау тағайындайды; Парламенттің бірінші сессиясын шақырады және оның депутаттарының Қазақстан халқына беретін антын қабылдайды; Парламенттің кезектен тыс сессиясын шақырады; Парламент Сенаты ұсынған заңға бір ай ішінде қол қояды, заңды халыққа жария етеді не заңды немесе оның жекелеген баптарын қайтадан талқылап, дауысқа салу үшін қайтарады;

3) Парламент Мәжілісінде өкілдігі бар саяси партиялар фракцияларымен консультациялардан кейін келісім беру үшін Мәжілістің қарауына Республика Премьер-Министрінің кандидатурасын енгізеді; Парламент Мәжілісінің келісімімен Республиканың Премьер-Министрін қызметке тағайындайды; оны қызметтен босатады; Премьер-Министрдің ұсынуымен Республика Үкіметінің құрылымын айқындайды; Республиканың Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдарын құрады, таратады және қайта құрады, Республика Үкіметінің мүшелерін қызметке тағайындайды; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер, әділет министрлерін қызметке тағайындайды; Үкімет мүшелерін қызметтен босатады; Үкімет мүшелерінің антын қабылдайды; ерекше маңызды мәселелер бойынша Үкімет отырыстарына төрағалық етеді; Үкіметке заң жобасын Парламент Мәжілісіне енгізуді тапсырады; Республика Үкіметі мен Премьер-Министрінің, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдері актілерінің күшін жояды не қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұрады;

4) Парламент Сенатының келісімімен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасын, Бас Прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын қызметке тағайындайды; оларды қызметтен босатады;

5) Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарды құрады, таратады және қайта құрады, олардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

6) Республика дипломатиялық өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды және кері шақырып алады;

7) Орталық сайлау комиссиясының Төрағасын және екі мүшесін, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасын және екі мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды;

8) Республиканың мемлекеттік бағдарламаларын бекітеді;

9) Республика Премьер-Министрінің ұсынуымен Республиканың мемлекеттік бюджеті есебінен ұсталатын барлық органдардың қызмет-

керлеріне арналған қаржыландыру мен еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесіне бекітеді;

10) Республикалық референдум өткізу жөнінде шешім қабылдайды;

11) келіссөздер жүргізеді және Республиканың халықаралық шарттарына қол қояды; бекіту грамоталарына қол қояды; өзінің жанында тіркелген шет мемлекеттердің дипломатиялық және өзге де өкілдерінің сенім грамоталары мен кері шақырып алу грамоталарын қабылдайды;

12) Республика Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы болып табылады, Қарулы Күштердің жоғары қолбасшылығын тағайындайды және ауыстырып отырады;

13) Республиканың мемлекеттік наградаларымен марапаттайды, құрметті, жоғары әскери және өзге атақтарды, сыныптық шендерді, дипломатиялық дәрежелерді, біліктілік сыныптарын береді;

14) Республиканың азаматтығы, саяси баспана беру мәселелерін шешеді;

15) азаматтарға кешірім жасауды жүзеге асырады;

16) Республиканың демократиялық институттарына, оның тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, азаматтарының қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қатер төнген, мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмыс істеуі бұзылған ретте, Премьер-Министрмен және Республика Парламенті Палаталарының Төрағаларымен ресми консультациялардан кейін Республика Парламентіне дереу хабарлай отырып, Қазақстанның бүкіл аумағында және оның жекелеген жерлерінде төтенше жағдай енгізуді, Республиканың Қарулы Күштерін қолдануды қоса алғанда, аталған жағдаяттар талап ететін шараларды қолданады;

17) Республикаға қарсы агрессия жасалған не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей қатер төнген ретте Республиканың бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде әскери жағдай енгізеді, ішінара немесе жалпы мобилизация жариялап, бұл туралы Республика Парламентіне дереу хабарлайды;

18) өзіне бағыныста Республика Президентінің Күзет қызметін және Республикалық ұланды жасақтайды;

19) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Хатшысын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, оның мәртебесі мен өкілеттігін анықтайды; Республика Президентінің Әкімшілігін құрады;

20) Қауіпсіздік Кеңесін және өзге де консультативтік-кеңесші органдарды, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Жоғары Сот Кеңесін құрады;

21) Республиканың Конституциясы мен заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

45-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті Конституция мен заңдар негізінде және оларды орындау үшін Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар жарлықтар мен өкімдер шығарады.

2. Конституцияның 53-бабының 4)-тармақшасында көзделген ретте Республика Президенті заңдар шығарады, ал 61-баптың 2-тармағында көзделген ретте Республиканың заң күші бар жарлықтарын шығарады.

3. Республиканың Президенті қол қоятын Парламент актілері, сондай-ақ Үкімет бастамасымен шығарылатын Президенттің актілері тиісінше осы актілердің заңдылығы үшін заңдық жауапкершілік жүктелетін Парламенттің әр Палатасының Төрағаларының не Премьер-Министрдің алдын-ала қолдары қойылып тиянақталады.

46-бап

1. Қазақстан Республикасының Президентіне, оның абыройы мен қадір-қасиетіне ешкімнің тиісуіне болмайды.

2. Республика Президенті мен оның отбасын қамтамасыз ету, оларға қызмет көрсету және қорғау мемлекет есебінен жүзеге асырылады.

3. Осы баптың ережелері Республиканың экс-Президенттеріне қолданылады.

4. Қазақстанның Тұңғыш Президентінің мәртебесі мен өкілеттігі Республика Конституциясымен және конституциялық заңмен айқындалады.

47-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті науқастануына байланысты өзінің міндеттерін жүзеге асыруға қабілетсіздігі дендеген жағдайда қызметінен мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін. Бұл ретте Парламент әр Палата депутаттарының тең санынан және медицинаның тиісті салаларының мамандарынан тұратын комиссия құрады. Мерзімінен бұрын босату туралы шешім Парламент Палаталарының бірлескен отырысында комиссияның қорытындысымен белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы Конституциялық Кеңес қорытындысы негізінде әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшінің көпшілігімен қабылданады.

2. Республиканың Президенті өзінің міндеттерін атқару кезіндегі іс-әрекеті үшін тек қана мемлекетке опасыздық жасаған жағдайда жауап береді және бұл үшін Парламент оны қызметінен кетіруі мүмкін. Айып тағу және оны тексеру туралы шешім Мәжіліс депутаттарының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша депутаттардың жалпы санының көпшілігімен қабылдануы мүмкін.Тағылған айыпты тексеруді Сенат ұйымдастырады және оның нәтижелері Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен Парламент Палаталары бірлескен отырысының қарауына беріледі. Бұл мәселе бойынша түпкілікті шешім айып

тағудың негізділігі туралы Жоғарғы Сот қорытындысы және белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы Конституциялық Кеңестің қорытындысы болған жағдайда әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшінің көпшілік даусымен Парламент Палаталарының бірлескен отырысында қабылданады. Айып тағылған кезден бастап екі ай ішінде түпкілікті шешім қабылдамау Республика Президентіне қарсы тағылған айыптың күші жойылған деп тануға әкеп соғады. Республиканың Президентіне мемлекетке опасыздық жасады деп тағылған айыптың қабылданбауы оның қай кезеңінде де осы мәселенің қаралуына себепші болған Мәжіліс депутаттарының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға әкеп соғады.

3. Республика Президентін қызметінен кетіру туралы мәселе ол Республика Парламентінің немесе Парламент Мәжілісінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату жөнінде мәселе қарап жатқан кезде қозғалмайды.

48-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен мерзімінен бұрын босаған немесе кетірілген, сондай-ақ қайтыс болған жағдайда Республика Президентінің өкілеттігі қалған мерзімге Парламент Сенатының Төрағасына көшеді; Сенат Төрағасының өзіне Президент өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған ретте ол Парламент Мәжілісінің Төрағасына көшеді; Мәжіліс Төрағасының өзіне Президент өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған ретте ол Республиканың Премьер-Министріне көшеді. Өзіне Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған тұлға тиісінше Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының немесе Премьер-Министрдің өкілеттігін тапсырады. Бұл жағдайда бос тұрған мемлекеттік лауазымдарды иелену Конституцияда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген негіздерде және тәртіппен Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін өзіне қабылдаған тұлғаның Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар туралы бастамашылық жасауға құқығы жоқ.

IV БӨЛІМ
ПАРЛАМЕНТ

49-бап

1. Парламент – Қазақстан Республикасының заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы.

2. Парламенттің өкілеттігі оның бірінші сессиясы ашылған сәттен басталып, жаңадан сайланған Парламенттің бірінші сессиясы жұмысқа кіріскен кезден аяқталады.

3. Парламенттің өкілеттігі Конституцияда көзделген реттер мен тәртіп бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

4. Парламенттің ұйымдастырылуы мен қызметі, оның депутаттарының құқықтық жағдайы конституциялық заңмен белгіленеді.

50-бап

1. Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұрады.

2. Сенат конституциялық заңда белгіленген тәртіппен әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан өкілдік ететін депутаттардан құралады. Сенатта қоғамның ұлттық-мәдени және өзге де елеулі мүдделерінің білдірілуін қамтамасыз ету қажеттілігі ескеріліп, Сенаттың он бес депутатын Республика Президенті тағайындайды.

3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын жүз жеті депутаттан тұрады.

4. Парламент депутаты бір мезгілде екі Палатаға бірдей мүше бола алмайды.

5. Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі – алты жыл, Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі – бес жыл.

51-бап

1. Мәжілістің тоқсан сегіз депутатын сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Мәжілістің тоғыз депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды. Мәжіліс депутаттарының кезекті сайлауы Парламенттің жұмыс істеп тұрған сайланымы өкілеттігінің мерзімі аяқталардан кемінде екі ай бұрын өткізіледі.

2. Сенат депутаттары жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жолымен сайланады. Сайланған Сенат депутаттарының жартысы әрбір үш жыл сайын қайта сайланып отырады. Бұл орайда олардың кезекті сайлауы бұлардың өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейінгі екі айдан кешіктірілмей өткізіледі.

3. Парламент немесе Парламент Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы тиісінше Парламент немесе Парламент Мәжілісінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап екі ай ішінде өткізіледі.

4. Қазақстан Республикасының азаматтығында тұратын және оның аумағында соңғы он жылда тұрақты тұрып жатқан адам Парламент депутаты бола алады. Жасы отызға толған, жоғары білімі және кемінде бес жыл жұмыс стажы бар, тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың не Республика астанасының аумағында кемінде үш жыл тұрақты тұрып жатқан адам Сенат депутаты бола алады. Жасы жиырма беске толған адам Мәжіліс депутаты бола алады.

5. Республика Парламенті депутаттарын сайлау конституциялық заңмен реттеледі.

6. Парламенттің депутаты Қазақстан халқына ант береді.

52-бап

1. 2007.21.05. № 254-III ҚР Заңымен алып тасталды

2. Парламент депутаттары оның жұмысына қатысуға міндетті. Парламентте депутаттың жеке өзі ғана дауыс береді. Депутаттың Палаталар мен олардың органдарының отырыстарына дәлелді себептерсіз үш реттен артық қатыспауы, сол сияқты дауыс беру құқығын басқа біреуге беруі депутатқа заңда белгіленген жазалау шараларын қолдануға әкеп соғады.

3. Парламент депутатының басқа өкілді органның депутаты болуға, оқытушылық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметтен басқа, ақы төленетін өзге де жұмыс атқаруға, кәсіпкерлікпен шұғылдануға, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге құқығы жоқ. Осы ереженің бұзылуы депутаттың өкілеттігін тоқтатуға әкеп соғады.

4. Парламент депутатын оның өкілеттік мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған реттерді қоспағанда, тиісті Палатаның келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

5. Парламент депутатының өкілеттігі орнынан түскен, ол қайтыс болған, соттың заңды күшіне енген шешімі бойынша депутат іс-әрекетке қабілетсіз, қайтыс болған немесе хабарсыз кеткен деп танылған жағдайларда және Конституция мен конституциялық заңда көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

Парламент депутаты:

1) ол Қазақстаннан тысқары жерге тұрақты тұруға кеткен;

2) оған қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;

3) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан кезде өз мандатынан айырылады.

Парламент Мәжілісінің депутаты:

1) депутат конституциялық заңға сәйкес өзін сайлаған саяси партиядан шыққан немесе шығарылған;

2) конституциялық заңға сәйкес депутатты сайлаған саяси партия қызметін тоқтатқан кезде өз мандатынан айырылады.

Парламент Сенатының тағайындалған депутаттарының өкілеттігі Республика Президентінің шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Парламент және Парламент Мәжілісі депутаттарының өкілеттігі тиісінше Парламент немесе Парламент Мәжілісі таратылған жағдайларда тоқтатылады.

6. Депутаттарға жазалау шараларын қолдануға, олардың осы баптың 3-тармағының талаптарын, депутаттық әдеп ережелерін сақтауына,

сондай-ақ депутаттардың өкілеттігін тоқтатуға және өкілеттігінен әрі депутатқа ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан айыруға байланысты мәселелерді әзірлеу Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына жүктеледі.

53-бап

Палаталардың бірлескен отырысында Парламент:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

2) Үкімет пен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекітеді. Үкіметтің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін Парламенттің бекітпеуі Парламенттің Үкіметке сенімсіздік білдіргенін көрсетеді;

3) Президентке оның бастамасы бойынша әр Палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің даусымен бір жылдан аспайтын мерзімге заң шығару өкілеттігін беруге хақылы;

4) соғыс және бітім мәселелерін шешеді;

5) Республика Президентінің ұсынысы бойынша бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Республиканың Қарулы Күштерін пайдалану туралы шешім қабылдайды;

6) Конституциялық Кеңестің Республикадағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы жолдауын тыңдайды;

7) палаталардың бірлескен комиссияларын құрады, олардың төрағаларын сайлайды және қызметтен босатады, комиссиялардың қызметі туралы есептерді тыңдайды;

8) Парламентке Конституция жүктеген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

54-бап

1. Парламент палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі – Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы конституциялық заңдар мен заңдар қабылдайды, оның ішінде:

1) республикалық бюджетті бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

2) мемлекеттік салықтар мен алымдарды белгілейді және оларды алып тастайды;

3) Қазақстанның әкімшілік-аумақтық құрылысы мәселелерін шешу тәртібін белгілейді;

4) мемлекеттік наградаларды тағайындайды, Республиканың құрметті, әскери және өзге де атақтарын, сыныптық шендерін, дипломатиялық дәрежелерін белгілейді, Республиканың мемлекеттік рәміздерін айқындайды;

5) мемлекеттік заемдар мен Республиканың экономикалық және өзге де көмек көрсетуі туралы мәселелерді шешеді;

6) рақымшылық жасау мәселелерін шешеді;

7) Республиканың халықаралық шарттарын ратификациялайды және олардың күшін жояды.

2. Парламент палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі – Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы:

1) республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерді талқылайды;

2) Республика Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзім ішінде қайталап талқылау мен дауысқа салуды өткізеді. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді. Егер Мәжіліс пен Сенат әр Палата депутаттарының жалпы санының үштен екі көпшілік даусымен бұрын қабылданған шешімді растайтын болса, Президент бір ай ішінде заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылығын ең болмаса палаталардың бірі еңсермесе, заң қабылданбайды немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі. Парламент қабылдаған конституциялық заңдарға Мемлекет басшысының қарсылығы осы тармақшада көзделген тәртіппен қаралады. Бұл ретте Парламент Президенттің конституциялық заңдарға қарсылығын әр Палата депутаттарының жалпы санының кемінде төрттен үшінің даусымен еңсереді;

3) республикалық референдум тағайындау туралы бастама көтереді.

55-бап

Сенаттың ерекше қарауына мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Республиканың Жоғарғы Сотының Төрағасын және Жоғарғы Сотының судьяларын сайлау мен қызметтен босату, олардың анттарын қабылдау;

2) Республика Президентінің Республика Ұлттық Банкінің Төрағасын, Бас прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру;

3) Республиканың Бас Прокурорын, Жоғарғы Сотының Төрағасы мен судьяларын оларға ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан айыру;

4) 2007.21.05. № 254-III ҚР Заңымен алып тасталды

5) Мәжілістің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты, ол уақытша болмаған кезеңде Республика Парламентінің конституциялық заңдар мен заңдар қабылдау жөніндегі функцияларын орындау;

6) Конституциямен Парламент Сенатына жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

56-бап

1. Мәжілістің ерекше қарауына мыналар жатады:

1) Парламентке енгізілген конституциялық заңдар мен заңдардың жобаларын қарауға қабылдау және осы жобаларды қарау;

2) Палата депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен Республика Президентіне Республика Премьер-Министрін тағайындауға келісім беру;

3) Республика Президентінің кезекті сайлауын хабарлау;

4) Конституциямен Парламент Мәжілісіне жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

2. Мәжіліс депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен, Мәжіліс депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша Мәжіліс Үкіметке сенімсіздік білдіруге хақылы.

57-бап

Парламенттің әр Палатасы дербес, басқа Палатаның қатысуынсыз:

1) Конституциялық Кеңестің екі мүшесін қызметке тағайындайды; Орталық сайлау комиссиясының екі мүшесін, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің үш мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды;

2) Конституцияның 47-бабының 1-тармағында көзделген ретте Парламент құратын комиссия мүшелерінің тең жартысына өкілеттік береді;

3) Палаталардың бірлескен комиссиялары мүшелерінің тең жартысын сайлайды;

4) Палаталар депутаттарының өкілеттігін тоқтатады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының ұсынуымен оларға ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан Палаталардың депутаттарын айыру мәселелерін шешеді;

5) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша парламенттік тыңдаулар өткізеді;

6) Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша Республика Үкіметі мүшелерінің өз қызметі мәселелері жөніндегі есептерін тыңдауға хақылы. Есепті тыңдау қорытындылары бойынша Үкімет мүшесі Республика заңдарын орындамаған жағдайда Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен оны қызметтен босату туралы Республика Президентіне өтініш жасауға хақылы. Егер Республика Президенті мұндай өтінішті қабылдамай тастаса, онда депутаттар Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен алғашқы өтініш берілген күннен бастап алты ай өткеннен кейін Республика Президентінің алдына Үкімет мүшесін қызметінен босату туралы мәселені қайталап қоюға хақылы. Мұндай жағдайда Республика Президенті Үкімет мүшесін қызметінен босатады;

7) Палаталардың үйлестіруші және жұмыс органдарын құрады;

8) өз қызметінің регламентін, Палатаның ұйымдастыру және ішкі тәртібіне байланысты мәселелер бойынша өзге де шешімдер қабылдайды.

58-бап

1. Палаталарды мемлекеттік тілді еркін меңгерген өз депутаттарының арасынан Палаталар депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы Сенат пен Мәжіліс сайлаған төрағалар басқарады. Сенат Төрағасының қызметіне кандидатураны Қазақстан Республикасының Президенті ұсынады. Мәжіліс Төрағасының қызметіне кандидатураларды Палатаның депутаттары ұсынады.

2. Палаталардың төрағалары, егер бұл үшін Палаталардың депутаттары жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қызметтен кері шақырылып алынуы мүмкін, сондай-ақ олар өз еркімен орнынан түсуге хақылы.

3. Парламент Палаталарының төрағалары:

1) Палаталардың отырыстарын шақырып, оларға төрағалық етеді;

2) Палаталардың қарауына енгізілетін мәселелерді әзірлеуге жалпы басшылық жасайды;

3) Палаталар төрағаларының орынбасарлары қызметіне сайлау үшін Палаталарға кандидатуралар ұсынады;

4) Палаталар қызметінде регламенттің сақталуын қамтамасыз етеді;

5) Палаталардың үйлестіру органдарының қызметіне басшылық жасайды;

6) Палаталар шығаратын актілерге қол қояды;

7) палаталарға Конституциялық Кеңестің, Орталық сайлау комиссиясының, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі қызметіне тағайындау үшін кандидатуралар ұсынады;

8) өздеріне Парламент регламенті жүктейтін басқа да міндеттерді атқарады.

4. Мәжіліс Төрағасы:

1) Парламент сессияларын ашады;

2) Палаталардың кезекті бірлескен отырыстарын шақырады, Палаталардың кезекті және кезектен тыс бірлескен отырыстарына төрағалық етеді.

5. Палаталардың төрағалары өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкімдер шығарады.

59-бап

1. Парламент сессиясы оның Палаталарының бірлескен және бөлек отырыстары түрінде өткізіледі.

2. Парламенттің бірінші сессиясын Қазақстан Республикасының Президенті сайлау қорытындылары жарияланған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей шақырады.

3. Парламенттің кезекті сессиялары жылына бір рет қыркүйектің бірінші жұмыс күнінен маусымның соңғы жұмыс күніне дейін өткізіледі.

4. Парламент сессиясын, әдетте, Республика Президенті ашады және сессия Сенат пен Мәжілістің бірлескен отырыстарында жабылады. Парламент сессиялары аралығындағы кезеңде Республика Президенті өз бастамасымен, палаталар төрағаларының немесе Парламент депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің ұсынысымен Парламенттің кезектен тыс сессиясын шақыра алады. Онда сессияны шақыруға негіз болған мәселелер ғана қаралады.

5. Палаталардың бірлескен және бөлек отырыстары оларға әр Палата депутаттарының жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда өткізіледі.

6. Палаталардың бірлескен және бөлек отырыстары ашық отырыстар болып табылады. Регламенттерде көзделген реттерде жабық отырыстар өткізілуі мүмкін. Республика Президентінің, Премьер-Министр мен Үкімет мүшелерінің, Ұлттық Банк Төрағасының, Бас Прокурордың, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының кез келген отырыстарға қатысуға және сөз сөйлеуге құқығы бар.

60-бап

1. Палаталар әр Палатада саны жетіден аспайтын тұрақты комитеттер құрады.

2. Палаталардың бірлескен қызметтеріне қатысты мәселелерді шешу үшін Сенат пен Мәжіліс тепе-тең негізде бірлескен комиссиялар құруға хақылы.

3. Комитеттер мен комиссиялар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қаулылар шығарады.

4. Комитеттер мен комиссияларды құру, олардың өкілеттігі және қызметін ұйымдастыру тәртібі заңмен белгіленеді.

61-бап

1. Заң шығару бастамасы құқығы Республика Президентіне, Парламент депутаттарына, Үкіметке тиесілі және тек қана Мәжілісте жүзеге асырылады.

2. Республика Президентінің заңдар жобаларын қараудың басымдылығын белгілеуге, сондай-ақ осы жоба жедел қаралады деп жариялауға құқығы бар, бұл Парламент заң жобасын енгізілген күннен бастап бір ай ішінде қарауға тиісті екенін білдіреді. Парламент осы талапты орындамаса, Республика Президенті заң күші бар Жарлық шығаруға хақылы, ол Парламент Конституция белгілеген тәртіппен жаңа заң қабылдағанға дейін қолданылады.

3. Парламент аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, мыналарға:

1) жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, жеке және заңды тұлғалардың міндеттері мен жауапкершілігіне;

2) меншік режиміне және өзге де мүліктік құқықтарға;

3) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру мен олардың қызметінің, мемлекеттік және әскери қызметтің негіздеріне;

4) салық салуға, алымдар мен басқа да міндетті төлемдерді белгілеуге;

5) республикалық бюджетке;

6) сот құрылысы мен сотта іс жүргізу мәселелеріне;

7) білім беруге, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қамсыздандыруға;

8) кәсіпорындар мен олардың мүлкін жекешелендіруге;

9) айналадағы ортаны қорғауға;

10) республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысына;

11) мемлекет қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты негізгі принциптер мен нормалардың белгілейтін заңдар шығаруға хақылы.

Өзге қатынастардың барлығы заңға тәуелді актілермен реттеледі.

4. Мәжіліс депутаттары қараған және жалпы санының көпшілік даусымен мақұлданған заң жобасы Сенатқа беріледі, ол онда әрі кеткенде алпыс күннің ішінде қаралады. Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданған жоба заңға айналады және он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі. Тұтас алғанда, Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданбаған жоба Мәжіліске қайтарылады. Егер Мәжіліс депутаттары жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен жобаны қайтадан мақұлдаса, ол Сенатқа қайта талқылауға және дауысқа салуға беріледі. Қайта қабылданбаған заң жобасын сол сессия барысында қайтадан енгізуге болмайды.

5. Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен заң жобасына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар Мәжіліске жіберіледі. Егер Мәжіліс депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен ұсынылған өзгертулермен және толықтырулармен келіссе, заң қабылданды деп есептеледі. Егер Мәжіліс нақ сондай көпшілік дауыспен Сенат енгізген өзгертулер мен толықтыруларға қарсы болса, Палаталар арасындағы келіспеушілік келісу рәсімі арқылы шешіледі.

5-1. Мәжіліс депутаттары қараған және олардың жалпы санының кемінде үштен екісінің даусымен мақұлданған конституциялық заң жобасы Сенатқа беріледі, онда алпыс күннен асырылмай қаралады. Сенат депутаттарының жалпы санының кемінде үштен екісінің даусымен қабылданған жоба конституциялық заңға айналады және он күн ішінде Республика Президентіне қол қоюға ұсынылады. Конституциялық заң

жобасын тұтастай қабылдамауды Мәжіліс немесе Сенат Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырады.

Сенат депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің даусымен конституциялық заң жобасына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Мәжіліске жіберіледі. Егер Мәжіліс депутаттардың кемінде үштен екісінің даусымен Сенат енгізген өзгерістермен және толықтырулармен келіссе, конституциялық заң қабылданды деп есептеледі.

Егер Мәжіліс, Сенат енгізген өзгерістер мен толықтырулар бойынша дауыс беру кезінде олармен депутаттардың кемінде үштен екісінің даусымен келіспесе, онда палаталар арасындағы келіспеушіліктер келісу рәсімдері арқылы шешіледі.

6. Мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты көбейтуді көздейтін заңдардың жобалары Республика Үкіметінің оң қорытындысы болғанда ғана енгізілуі мүмкін. Республика Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен Парламент Мәжілісіне енгізілген заңнамалық актілердің жобалары үшін мұндай қорытындының болуы талап етілмейді.

7. Үкімет енгізген заң жобасының қабылданбауына байланысты Премьер-Министр Парламент палаталарының бірлескен отырысында Үкіметке сенім туралы мәселе қоюға хақылы. Бұл мәселе бойынша дауыс беру сенім туралы мәселе қойылған сәттен бастап қырық сегіз сағаттан ерте өткізілмейді. Егер сенімсіздік білдіру туралы ұсыныс палаталардың әрқайсысының депутаттары жалпы санының көпшілік даусын ала алмаса, заң жобасы дауысқа салынбай қабылданды деп есептеледі. Алайда Үкімет бұл құқықты жылына екі реттен артық пайдалана алмайды.

62-бап

1. Парламент Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар Қазақстан Республикасының заңдары, Парламенттің қаулылары, Сенат пен Мәжілістің қаулылары түрінде заң актілерін қабылдайды.

2. Республиканың заңдары Республика Президенті қол қойғаннан кейін күшіне енеді.

3. Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшінің көпшілік даусымен енгізіледі.

4. Конституциялық заңдар Конституцияда көзделген мәселелер бойынша әр Палата депутаттарының жалпы санының кемінде үштен екісінің көпшілік даусымен қабылданады.

5. Парламент пен оның Палаталарының заң актілері, егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, Палаталар депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

6. Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелері бойынша кемінде екі оқылым өткізу міндетті.

7. Республиканың заңдары, Парламент пен оның Палаталарының қаулылары Конституцияға қайшы келмеуге тиіс. Парламент пен оның Палаталарының қаулылары заңдарға қайшы келмеуге тиіс.

8. Республиканың заң және өзге де нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу, ұсыну, талқылау, күшіне енгізу және жариялау тәртібі арнаулы заңмен және Парламент пен оның Палаталарының регламенттерімен реттеледі.

63-бап

1. Республика Президенті Парламент палаталары төрағаларымен және Премьер-Министрмен консультациялардан кейін Парламентті немесе Парламент Мәжілісін тарата алады.

2. Парламентті және Парламент Мәжілісін төтенше немесе соғыс жағдайы кезеңінде, Президент өкілеттігінің соңғы алты айында, сондай-ақ осының алдындағы таратудан кейінгі бір жыл ішінде таратуға болмайды.

V БӨЛІМ
ҮКІМЕТ

64-бап

1. Үкімет Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды.

2. Үкімет алқалы орган болып табылады және өзінің бүкіл қызметінде Республика Президентінің алдында жауапты, ал Конституцияда көзделген жағдайларда Парламент Мәжілісінің және Парламенттің алдында жауапты.

3. Конституцияның 57-бабының 6)-тармақшасында көзделген ретте Үкімет мүшелері Парламент палаталарына есеп береді.

4. Үкіметтің құзыреті, ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібі конституциялық заңмен белгіленеді.

65-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті Үкіметті Конституцияда көзделген тәртіппен құрады.

2. Республика Премьер-Министрі тағайындалғаннан кейінгі он күн мерзім ішінде Премьер-Министр Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы Республика Президентіне ұсыныс енгізеді.

3. Үкімет мүшелері Қазақстан халқы мен Президентіне ант береді.

66-бап

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің

негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

2) Парламентке республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;

3) Мәжіліске заң жобаларын енгізеді және заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді;

4) мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады;

5) Республиканың сыртқы саясатын жүргізу жөнінде шаралар әзірлейді;

6) министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды;

7) Республиканың министрліктері, мемлекеттік комитеттері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары актілерінің күшін толық немесе қолданылу бөлігінде жояды немесе тоқтата тұрады;

8) Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

9*) алынып тасталды*

10) өзіне Конституциямен, заңдармен және Президент актілерімен жүктелген өзге де қызметтерді орындайды.

67-бап

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі:

1) Үкімет қызметін ұйымдастырып, оған басшылық жасайды және оның жұмысы үшін дербес жауап береді;

2) 2007.21.05. № 254-III ҚР Заңымен алып тасталды

3) Үкімет қаулыларына қол қояды;

4) Үкімет қызметінің негізгі бағыттары жөнінде және оның аса маңызды барлық шешімдері жөнінде Президентке баяндап отырады;

5) Үкімет қызметін ұйымдастыруға және басшылық жасауға байланысты басқа да қызметтерді атқарады.

68-бап

1. Үкімет мүшелері өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдауда дербестікке ие әрі өздеріне бағынысты мемлекеттік органдардың жұмысы үшін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің алдында жеке-дара жауап береді. Үкіметтің жүргізіп отырған саясатымен келіспейтін немесе оны жүргізбейтін Үкімет мүшесі орнынан түсуге өтініш береді не ол лауазымнан босатылуға тиіс.

2. Үкімет мүшелерінің өкілді органның депутаттары болуға, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқаруға, кәсіпкерлік іспен шұғылдануға, заңнамаға сәйкес өздерінің лауазымдық міндеттері болып табылатын жағдайларды қоспағанда, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге құқығы жоқ..

69-бап

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі өз құзыретінің мәселелері бойынша Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар қаулылар шығарады.

2. Республиканың Премьер-Министрі Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар өкімдер шығарады.

3. Үкіметтің қаулылары және Премьер-Министрдің өкімдері Конституцияға, заң актілеріне, Республика Президентінің жарлықтары мен өкімдеріне қайшы келмеуге тиіс.

70-бап

1. Үкімет жаңадан сайланған Қазақстан Республикасы Президентінің алдында өз өкілеттігін доғарады.

Республиканың Премьер-Министрі жаңадан сайланған Парламент Мәжілісінің алдында Үкіметке сенім туралы мәселе қояды. Мәжіліс сенім білдірген жағдайда, егер Республика Президенті өзгеше шешім қабылдамаса, Үкімет өз міндеттерін атқаруды жалғастыра береді.

2. Егер Үкімет және оның кез келген мүшесі өздеріне жүктелген міндеттерді одан әрі жүзеге асыру мүмкін емес деп есептесе, олар Республиканың Президентіне өз орнынан түсетіні туралы мәлімдеуге хақылы.

3. Парламент Мәжілісі немесе Парламент Үкіметке сенімсіздік білдірген жағдайда Үкімет орнынан түсетіні туралы Республика Президентіне мәлімдейді.

4. Орнынан түсуді қабылдау немесе қабылдамау туралы мәселені Республиканың Президенті он күн мерзімде қарайды.

5. Орнынан түсуді қабылдау Үкіметтің не оның тиісті мүшесінің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді. Премьер-Министрдің орнынан түсуін қабылдау бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

6. Үкіметтің немесе оның мүшесінің орнынан түсуі қабылданбаған жағдайда Президент оған міндеттерін одан әрі жүзеге асыруды тапсырады.

7. Республиканың Президенті өз бастамасы бойынша Үкіметтің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдауға және оның кез келген мүшесін қызметтен босатуға хақылы. Премьер-Министрді қызметінен босату бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

VI БӨЛІМ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

71-бап

1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі жеті мүшеден тұрады, олардың өкілеттігі алты жылға созылады. Республиканың экс-Президенттері құқығы бойынша ғұмыр бойы Конституциялық Кеңестің мүшелері болып табылады.

2. Конституциялық Кеңестің Төрағасын Республиканың Президенті тағайындайды және дауыс тең бөлінген жағдайда оның даусы шешуші болып табылады.

3. Конституциялық Кеңестің екі мүшесін – Республика Президенті, екі-екі мүшеден тиісінше Сенат пен Мәжіліс тағайындайды.

Конституциялық Кеңес мүшелерінің жартысы әрбір үш жыл сайын жаңартылып отырады.

4. Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшесінің қызметі депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлікпен айналысумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

5. Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелерін өздерінің өкілеттігі мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыстар жасаған реттерді қоспағанда, Парламенттің келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

6. Конституциялық Кеңестің ұйымдастырылуы мен қызметі конституциялық заңмен реттеледі.

72-бап

1. Конституциялық Кеңес Қазақстан Республикасы Президентінің, Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігінің, Премьер-Министрдің өтініші бойынша:

1) дау туған жағдайда Республика Президентінің, Парламент депутаттарының сайлауын өткізудің дұрыстығы және республикалық референдум өткізу туралы мәселені шешеді;

2) Парламент қабылдаған заңдардың Республика Конституциясына сәйкестігін Президент қол қойғанға дейін қарайды.

2-1) Парламент және оның палаталары қабылдаған қаулылардың Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды;

3) Республиканың халықаралық шарттарын бекіткенге дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;

4) Конституцияның нормаларына ресми түсіндірме береді;

5) Конституцияның 47-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген реттерде қорытындылар береді.

2. Конституциялық Кеңес соттардың өтініштерін Конституцияның 78-бабында белгіленген реттерде қарайды.

73-бап

1. Конституциялық Кеңес Конституцияның 72-бабының 1-тармағының 1)-тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша өтініш жасалған ретте, Президенттің қызметіне кірісуі, Парламенттің сайланған

депутаттарын тіркеу не республикалық референдумның нәтижелерін шығару тоқтатыла тұрады.

2. Конституциялық Кеңес Конституцияның 72-бабының 1-тармағының 2) және 3)-тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша өтініш жасалған ретте, тиісті актілерге қол қою не оларды бекіту мерзімінің өтуі тоқтатыла тұрады.

3. Конституциялық Кеңес өтініштер түскен күннен бастап бір ай ішінде өз шешімін шығарады. Егер мәселені кейінге қалдыруға болмайтын болса, Республика Президентінің талабы бойынша бұл мерзім он күнге дейін қысқартылуы мүмкін.

4. Конституциялық Кеңестің шешіміне толығымен немесе бір бөлігіне Республика Президенті қарсылық білдіруі мүмкін, бұл қарсылық Конституциялық Кеңес мүшелері жалпы санының үштен екісінің даусымен еңсеріледі. Президент қарсылығы еңсерілмеген жағдайда, Конституциялық Кеңестің шешімі қабылданбады деп есептеледі.

74-бап

1. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес емес деп танылған заңдар мен халықаралық шарттарға қол қойылмайды не, тиісінше, бекітілмейді және күшіне енгізілмейді.

2. Конституциялық емес деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің күші жойылады және қолданылуға жатпайды.

3. Конституциялық Кеңестің шешімдері қабылданған күннен бастап күшіне енеді, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.

VII БӨЛІМ
СОТТАР ЖӘНЕ СОТ ТӨРЕЛІГІ

75-бап

1. Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады.

2. Сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады. Заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылады.

3. Заңмен құрылған Республиканың Жоғарғы Соты, Республиканың жергілікті және басқа да соттары Республиканың соттары болып табылады.

4. Республиканың сот жүйесі Республика Конституциясымен және конституциялық заңмен белгіленеді. Қандай да бір атаумен арнаулы және төтенше соттарды құруға жол берілмейді.

76-бап

1. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды.

2. Сот билігі Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады.

3. Соттар шешімдерінің үкімдері мен өзге де қаулыларының Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады.

77-бап

1. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады.

2. Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді, және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді.

3. Заңды қолданған кезде судья төмендегі принциптерді басшылыққа алуға тиіс:

1) адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі;

2) бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды;

3) өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды;

4) сотта әркім өз сөзін тыңдатуға құқылы;

5) жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тасталса немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады;

6) айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес;

7) ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес. Діни қызметшілер өздеріне сеніп сырын ашқандарға қарсы куәгер болуға міндетті емес;

8) адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады;

9) заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды. Ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде ғана сотталуға тиіс емес;

10) Қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

4. Конституциямен белгіленген сот төрелігінің принциптері Республиканың барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірыңғай болып табылады.

78-бап

Соттардың Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға хақысы жоқ. Егер сот қолданылуға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінуге міндетті.

79-бап

1. Соттар тұрақты судьялардан тұрады, олардың тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады. Судьяның өкілеттігі тек заңда белгіленген негіздер бойынша ғана тоқтатылуы немесе кідіртілуі мүмкін.

2. Судьяны тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған реттерді қоспағанда, Республика Жоғары Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз не Конституцияның 55-бабының 3)-тармақшасында белгіленген жағдайда, Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

3. Республиканың жиырма бес жасқа толған, жоғары заң білімі, заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы бар және біліктілік емтиханын тапсырған азаматтары судья бола алады. Республика соттарының судьяларына заң бойынша қосымша талаптар белгіленуі мүмкін.

4. Судьяның қызметі депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлікпен айналысумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

80-бап

Соттарды қаржыландыру, судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі және ол сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

81-бап

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты азаматтық, қылмыстық, жергілікті және басқа да соттарда қаралатын өзге де істер жөніндегі

жоғары сот органы болып табылады, заңда көзделген іс жүргізу нысандарында олардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады, сот практикасының мәселелері бойынша түсініктемелер беріп отырады.

82-бап

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасын және судьяларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесіне негізделген Республика Президентінің ұсынуымен Сенат сайлайды.

2. Жергілікті және басқа да соттардың төрағалары мен судьяларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша Республика Президенті қызметке тағайындайды.

3. Соттарда конституциялық заңға сәйкес сот алқалары құрылуы мүмкін. Сот алқалары төрағаларына өкілеттіктер беру тәртібі конституциялық заңмен белгіленеді.

4. Жоғары Сот Кеңесі Республика Президенті тағайындайтын Төрағадан және басқа да адамдардан құралады.

5. Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесі және жұмысын ұйымдастыру заңмен белгіленеді.

83-бап

1. Прокуратура мемлекет атынан Республиканың аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын, жедел-іздестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданады, сондай-ақ Республика Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіреді. Прокуратура сотта мемлекет мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңмен белгіленген жағдайда, тәртіпте және шекте қылмыстық қуғындауды жүзеге асырады.

2. Республика Прокуратурасы төменгі прокурорларды жоғары тұрған прокурорларға және Республика Бас Прокурорына бағындыра отырып, бірыңғай орталықтандырылған жүйе құрайды. Ол өз өкілеттігін басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады және Республика Президентіне ғана есеп береді.

3. Республиканың Бас Прокурорын өз өкілеттігі мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыстар жасаған реттерді қоспағанда, Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды. Бас Прокурор өкілеттігінің мерзімі бес жыл.

4. Республика прокуратурасының құзыреті, ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібі заңмен белгіленеді.

84-бап. 2007.21.05. № 254-III ҚР Заңымен алып тасталды

VIII БӨЛІМ
ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ

85-бап

Жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады.

86-бап

1. Жергілікті өкілді органдар – мәслихаттар тиісті әкімшілік-аумақтық, бөліністегі халықтың еркін білдіреді және жалпымемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оны іске асыруға қажетті шараларды белгілейді, олардың жүзеге асырылуын бақылайды.

2. Мәслихаттарды жалпыға бірдей, тең, тәте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге халық сайлайды.

3. Қазақстан Республикасының жиырма жасқа толған азаматы мәслихат депутаты болып сайлана алады. Республика азаматы бір мәслихаттың ғана депутаты бола алады.

4. Мәслихаттардың қарауына мыналар жатады:

1) аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту;

2) өздерінің қарауына жатқызылған жергілікті әкімшілік-аумақтық құрылыс мәселелерін шешу;

3) заңмен мәслихат құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органдар басшыларының есептерін қарау;

4) мәслихаттың тұрақты комиссияларын және өзге де жұмыс органдарын құру, олардың қызметі туралы есептерді тыңдау, мәслихат жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

5) Республика заңдарына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

5. Мәслихаттың өкілеттігін мерзімінен бұрын Республика Президенті тоқтатады, сондай-ақ мәслихат өзін-өзі тарату туралы шешім қабылдаған ретте де оның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылады.

6. Мәслихаттардың құзыреті, ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібі, олардың депутаттарының құқықтық жағдайы заңмен белгіленеді.

87-бап

1. Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының атқарушы органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді, тиісті аумақтың мүддесі мен даму қажеттілігін ұштастыра отырып, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді.

2. Жергілікті атқарушы органдардың қарауына мыналар жатады:

1) аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті әзірлеу және олардың атқарылуын қамтамасыз ету;

2) коммуналдық меншікті басқару;

3) жергілікті атқарушы органдардың басшыларын қызметке тағайындау және қызметтен босату, жергілікті атқарушы органдардың жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

4) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесіне сай Республика заңдарымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру;

3. Жергілікті атқарушы органды Республика Президенті мен Үкіметінің өкілі болып табылатын тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің әкімі басқарады.

4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындайды. Өзге әкімшілік-аумақтық бөліністердің әкімдері қызметке Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған тәртіппен тағайындалады немесе сайланады. Республика Президенті өзінің ұйғаруы бойынша әкімдерді қызметтерінен босатуға хақылы.

5. Мәслихат депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша әкімге сенімсіздік білдіру туралы мәселе қойылуы мүмкін. Бұл жағдайда мәслихат өз депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен әкімге сенімсіздік білдіруге және оны қызметінен босату жөнінде тиісінше Республика Президентінің не жоғары тұран әкімнің алдына мәселе қоюға хақылы. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдерінің өкілеттігі жаңадан сайланған Республика Президенті қызметіне кіріскен кезде тоқтатылады.

6. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті ұйымдастырылуы және олардың қызмет тәртібі заңмен белгіленеді.

88-бап

1. Мәслихаттар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша шешімдер, ал әкімдер – тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің аумағында орындалуға міндетті шешімдер мен өкімдер қабылдайды.

2. Мәслихаттардың жергілікті бюджет кірісін қысқартуды немесе жергілікті бюджет шығысын ұлғайтуды көздейтін шешімдерінің жобалары әкімнің оң қорытындысы болған кезде ғана қарауға енгізілуі мүмкін.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес келмейтін мәслихат шешімдерінің күші сот тәртібімен жойылуы мүмкін.

4. Әкімдердің шешімдері мен өкімдерінің күшін тиісінше Қазақстан Республикасының Президенті, Үкіметі не жоғары тұрған әкім жоюы мүмкін, сондай-ақ олардың күші сот тәртібімен жойылуы мүмкін.

89-бап

1. Қазақстан Республикасында жергілікті маңызы бар мәселелерді тұрғын халықтың өзі шешуін қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқару танылады.

2. Жергілікті өзін-өзі басқаруды тұрғын халық тікелей жүзеге асырады, сондай-ақ ол мәслихаттар және халық топтары жинақы тұратын аумақтарды қамтитын жергілікті қоғамдастықтардағы басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру заңға сәйкес берілуі мүмкін.

3. Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру мен олардың қызметі заңмен реттеледі.

4. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дербестігіне олардың заңмен белгіленген өкілеттігі шегінде кепілдік беріледі.

IX БӨЛІМ
ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

90-бап

1. Республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы референдум нәтижелері ресми түрде жарияланған күннен бастап күшіне енеді, сол мезгілден бастап бұрынғы қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының күші жойылады.

2. Республикалық референдумда Конституция қабылданған күн мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Конституциясы Күні деп жарияланады.

91-бап

1. Қазақстан Республикасының Конституциясына Республика Президентінің өз бастамасымен, Парламенттің немесе Үкіметтің ұсынысымен қабылданған шешімі бойынша өткізілетін республикалық референдум өзгертулер мен толықтырулар енгізуі мүмкін. Егер Президент оны Парламенттің қарауына беру қажет деп ұйғарса, Конституцияға енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар жобасы республикалық референдумға шығарылмайды. Мұндай жағдайда Парламенттің шешімі Конституцияда белгіленген тәртіппен қабылданады. Егер Республика Президенті Конституцияға өзгерістер мен толықтыруларды республикалық референдумға шығару туралы Парламенттің ұсынысын қабылдамай тастаса, онда Парламент Палаталарының әрқайсысының де-

путаттары жалпы санының кемінде бестен төртінің көпшілік даусымен Парламент осы өзгерістер мен толықтыруларды Конституцияға енгізу туралы заң қабылдауға хақылы. Мұндай жағдайда Республика Президенті осы заңға қол қояды немесе оны республикалық референдумға шығарады, егер республикалық референдумға қатысуға құқығы бар Республика азаматтарының жартысынан астамы дауыс беруге қатысса, ол өткізілді деп есептеледі. Республикалық референдумға шығарылған Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар, егер олар үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кемінде үштен екісінде дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан астамы жақтап дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

2. Конституцияда белгіленген мемлекеттің біртұтастығын және аумақтық тұтастығын, Республиканы басқару нысанын өзгертуге болмайды.

92-бап

1. Конституциялық заңдар Конституция күшіне енген күннен бастап бір жыл ішінде қабылдануға тиіс. Егер Конституцияда конституциялық деп аталған заңдар немесе заң күші бар актілер ол күшіне енген кезде қабылданып қойған болса, онда олар Конституцияға сәйкес келтіріледі де, Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары деп есептеледі.

2. Конституцияда аталған өзге заңдар Парламент белгілейтін тәртіп пен мерзімде, бірақ Конституция күшіне енген күннен бастап екі жылдан кешіктірілмей қабылдануға тиіс.

3. Республика Президентінің өзіне берілген қосымша өкілеттікті жүзеге асыру мерзімі ішінде «Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы» 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шыққан және заң күші бар Жарлықтары Республика заңдарын өзгерту, толықтыру немесе күшін жою үшін көзделген тәртіппен ғана өзгертілуі, толықтырылуы немесе күшін жоюы мүмкін. 1993 жылғы 28 қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының 64-бабының 12-15, 18 және 20 тармақтарымен көзделген мәселелер бойынша өзіне берілген қосымша өкілеттікті жүзеге асыру мерзімі ішінде шыққан Республика Президентінің Жарлықтары Республика Парламентінің бекітуіне жатпайды.

4. Конституция күшіне енген кезде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңдары оған қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады және Конституция қабылданған күннен бастап екі жыл ішінде оған сәйкес келтірілуге тиіс.

93-бап

Конституцияның 7-бабын жүзеге асыру мақсатында Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар арнаулы заңға сәйкес Қазақстан Рес-

публикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті.

94-бап

1. Конституция күшіне енген кезде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сайланған Қазақстан Республикасының Президенті Конституция белгілеген Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттіктеріне ие болады және оларды 1995 жылғы 29 сәуірде республикалық референдумда қабылданған шешім бойынша белгіленген мерзім ішінде жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен Республика Президенті өкілеттігінің қазіргі мерзімі Республика Парламенті Палаталарының бірлескен отырысында Палаталардың әрқайсысының депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданған Республика Парламентінің қаулысымен қысқартылуы мүмкін. Мұндай жағдайда Парламент Мәжілісі бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын тағайындайды. Осы сайлаудың қорытындылары бойынша сайланған Республика Президенті сайлау қорытындылары жарияланған күннен бастап бір ай ішінде ант береді және жеті жылдан кейін желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізілуге тиіс кезекті Президент сайлауында сайланған Республика Президенті қызметіне кіріскенге дейін өз өкілеттігін жүзеге асырады.

2. Конституция күшіне енген кезде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сайланған Қазақстан Республикасының Вице-Президенті өзі сайланған мерзім аяқталғанға дейін өкілеттігін сақтайды.

94-1-бап

Конституцияның 41-бабы 1-тармағының Республика Президентінің өкілеттік мерзімін белгілейтін ережесі 2005 жылғы 4 желтоқсандағы сайлауда сайланған Республика Президентінің жеті жылдық өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты өткізілетін президенттік сайлау қорытындысы бойынша Республика Президенті болып сайланған адамға қолданылатын болады.

95-бап

1. Бірінші сайланған Сенат депутаттарының жартысы төрт жыл мерзімге, депутаттардың екінші жартысы екі жыл мерзімге конституциялық заңмен белгіленген тәртіппен сайланады.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының Парламент Мәжілісі депутаттарын партиялық тізімдер негізінде сайлау туралы ережелері екінші шақырылатын Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлаудан бастап қолданылады.

96-бап

Конституция күшіне енген күннен бастап Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті онда белгіленген Қазақстан Республикасы Үкіметінің құқықтарына, міндеттері мен жауапкершілігіне ие болады.

97-бап

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің бірінші құрамы былайша құрылады: Республика Президенті, Парламент Сенатының Төрағасы мен Парламент Мәжілісінің Төрағасы Конституциялық Кеңестің мүшелерінен бір бірден үш жыл мерзімге, ал Конституциялық Кеңестің мүшелерінен бір бірден алты жыл мерзімге тағайындайды, Конституциялық Кеңестің Төрағасын Республика Президенті алты жыл мерзімге тағайындайды.

98-бап

1. Конституцияда көзделген сот төрелігі мен тергеу органдары тиісті заңдарда көзделген тәртіп пен мерзімде құрылады. Олар құрылғанға дейін жұмыс істеп тұрған сот төрелігі мен тергеу органдары өз өкілеттіктерін сақтайды.

2. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының және Жоғары Төрелік Сотының, жергілікті соттардың судьялары Конституцияда көзделген соттар құрылғанға дейін өз өкілеттіктерін сақтайды. Судьялардың бос орындары Конституцияда белгіленген тәртіппен толықтырылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІ (ЖАЛПЫ БӨЛІМ)

(2012.26.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен*)*

§ 2. ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

33-бап. Заңды тұлға ұғымы

1. Меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым заңды тұлға деп танылады.

Заңды тұлғаның дербес балансы немесе сметасы болуға тиіс.

2. Заңды тұлғаның өз атауы жазылған мөрі болады.

34-бап. Заңды тұлғалардың түрлері мен нысандары

1. Өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде табысын келтіруді көздейтін (коммерциялық ұйым) не мұндай мақсат ретінде пайда келтіре алмайтын және алынған таза табысын қатысушыларына үлестірмейтін (коммерциялық емес ұйым) ұйым заңды тұлға бола алады.

2. Коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға мемлекеттік кәсіпорын, шаруашылық серіктестік, акционерлік қоғам, өндірістік кооператив нысандарында ғана құрылуы мүмкін.

3. Коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлға мекеме, қоғамдық бірлестік, акционерлік қоғам, тұтыну кооперативі, қор, діни бірлестік нысанында және заңнамалық актілерде көзделген өзге де нысанда құрылуы мүмкін.

Коммерциялық емес ұйым кәсіпкерлік қызметпен өзінің жарғылық мақсаттарына сай келуіне қарай ғана айналыса алады.

3-1. Коммерциялық емес ұйым болып табылатын және мемлекеттік бюджеттің есебінен ғана ұсталатын заңды тұлға тек қана мемлекеттік мекеме нысанында құрылуы мүмкін.

4. Заңды тұлғалар бірлестік құра алады (осы Кодекстің 110-бабы).

5. Заңды тұлға осы Кодекстің, заңды тұлғалар нысандарының әрқайсысы туралы Заңның, өзге де заң құжаттары мен құрылтай құжаттарының негізінде жұмыс істейді.

35-бап. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі

1. Заңды тұлғаның азаматтық құқықтары болып, өз қызметіне байланысты міндеттерді осы Кодекске сәйкес мойнына алуы мүмкін. Мем-

лекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, коммерциялық ұйымдардың азаматтық құқықтары болуы және заң актілерінде немесе құрылтай құжаттарында тыйым салынбаған кез келген қызмет түрін жүзеге асыру үшін қажетті азаматтық міндеттерді атқаруы мүмкін.

Заң актілерінде көзделген жағдайларда белгілі бір қызмет түрін жүзеге асырушы заңды тұлғалар үшін басқа қызметпен айналысу мүмкіндігі болмауы немесе шектелуі мүмкін.

Заңды тұлға тізбесі заң актілерінде белгіленетін жекелеген қызмет түрлерімен лицензия негізінде ғана айналыса алады.

2. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі ол құрылған кезде пайда болып, оны тарату аяқталған кезде тоқтатылады. Айналысу үшін лицензия алу қажет болатын қызмет саласында заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі сондай лицензияны алған кезден бастап пайда болып, ол қайтарып алынған, оның қолданылу мерзімі өткен немесе заң құжаттарында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылған кезде тоқтатылады.

3. Коммерциялық емес ұйым болып табылатын және мемлекеттік бюджеттің есебінен ғана ұсталатын заңды тұлғаның (мемлекеттік мекеме) құқық қабілеттілігі осы Кодекспен және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен белгіленеді.

36-бап. Құрылтайшылардың (қатысушылардың) өздері құрған заңды тұлғалардың мүлкіне құқықтары

1. Заңды тұлғаның оқшау мүлкіне қатысты оның құрылтайшыларының (қатысушыларының) міндеттемелік және заттық құқықтары болуы мүмкін.

2. Мүлкіне өз қатысушылары (құрылтайшылары) міндеттемелік құқықтарын сақтап қалатын заңды тұлғаларға шаруашылық серіктестіктер, акционерлік қоғам мен кооперативтер жатады.

3. Мүлкіне өз құрылтайшылары меншік құқығын немесе өзге де заттық құқығын сақтап қалатын заңды тұлғаларға шаруашылық жүргізуші құқығында немесе оралымды басқару құқығында мүлкі бар ұйымдар жатады.

4. Мүлкіне олардың құрылтайшылары (қатысушылары) мүліктік құқықтарын сақтамайтын заңды тұлғаларға қоғамдық бірлестіктер, қорлар және діни бірлестіктер жатады.

5. Құрылтайшылардың (қатысушылардың) өздері құрған өзге ұйымдық-құқықтық нысандардағы заңды тұлғалардың мүлкіне құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалады.

37-бап. Заңды тұлғаның органдары

1. Заңды тұлға заң құжаттары мен құрылтай құжаттарына сәйкес жұмыс істейтін өз органдары арқылы ғана азаматтық құқықтарға ие болып, өзіне міндеттер қабылдайды.

2. Алынып тасталды

2. Заңды тұлға органдарының түрлері, тағайындалу немесе сайлану тәртібі және олардың өкілеттігі заңнамалық актілер мен құрылтай құжаттарында белгіленеді.

38-бап. Заңды тұлғаның атауы

1. Заңды тұлғаның оны басқа заңды тұлғалардан айыруға мүмкіндік беретін өз атауы болады.

Заңды тұлғаның атауы оның қалай аталатынын және ұйымдық-құқықтық нысанын көрсетуді қамтиды. Ол заңдарда көзделген қосымша мағлұматты қамтуы мүмкін.

Заңды тұлғаның атауы оның құрылтай құжаттарында көрсетіледі.

Заңды тұлғаның атауында заң талаптарына немесе қоғамдық мораль қалыптарына қайшы келетін аттарды, егер жеке адамдардың есімдері қатысушылардың есімдеріне сәйкес келмесе не қатысушылар бұл адамдардың есімін пайдалануға олардан (олардың мұрагерлерінен) рұқсат алмаса, олардың есімдерін пайдалануға жол берілмейді.

2. Заңды тұлға белгілі бір атаумен Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізіледі.

Заңды тұлғаның атауы Қазақстан Республикасында тіркелген заңды тұлғалардың атауын толық немесе оның елеулі бөлігінде қайталамауға тиіс.

Коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаның атауы заңды тұлға тіркелгеннен кейін оның фирмалық атауы болып табылады.

Заңды тұлғаның фирмалық атауды тек қана өзі пайдалануға құқығы бар. Бөтен бір фирмалық атауды заңсыз пайдаланатын тұлға фирмалық атаудың құқық иесінің талап етуі бойынша мұндай атауды пайдалануды тоқтатуға және келтірілген залалдың орнын толтыруға міндетті.

Заңды тұлғаның фирмалық атауды пайдалануға байланысты құқықтары мен міндеттері заңнамада айқындалады.

3. Алынып тасталды

4. Мемлекеттік органдар болып табылмайтын заңды тұлғалардың фирмалық атауларында, қызмет көрсету таңбаларында, тауар таңбаларында, Қазақстан Республикасының заң актілерінде, Президенті мен Үкіметі актілерінде белгіленген Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ресми атауларына сілтемелерді пайдалануға тыйым салынады.

39-бап. Заңды тұлғаның тұрған жері

1. Заңды тұлғаның тұрақты жұмыс істейтін органы тұрған жер оның тұрған жері болып танылады.

2. Заңды тұлғаның тұрған жері оның құрылтай құжаттарында почталық толық мекен-жайы жазылып, көрсетіледі.

3. Үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда заңды тұлға нақты мекенжайының Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген мекенжайына сәйкес келмейтініне сілтеме жасауға құқылы емес. Бұл ретте, үшінші тұлғалар заңды тұлғаға почталық және өзге де хат-хабарды Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген мекенжайына да, нақты мекенжайына да жіберуге құқылы.

40-бап. Заңды тұлғаның құрылтайшылары

1. Заңды тұлғаны бір немесе бірнеше құрылтайшы құруы мүмкін.

2. Мүлікті меншіктенушілер не олар уәкілдік берген органдар немесе жақтар, ал заң құжаттарында арнайы көзделген реттерде өзге де заңды тұлғалар заңды тұлғаның құрылтайшылары бола алады. Бұл орайда, мүлікті шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығымен иеленетін заңды тұлғала, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, меншік иесінің немесе ол уәкілдік берген органның келісімімен басқа заңды тұлғалардың құрылтайшылары бола алады.

3. Заңды тұлғаның құрылтайшылары, Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы заңды тұлғаның құрылтайшылары болып табылмайтын оның басқа қатысушыларынан қандай да бір артықшылықтарға ие бола алмайды.

41-бап. Заңды тұлғаның құрылтай құжаттары

1. Егер осы Кодексте және Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, заңды тұлға өз қызметін жарғысы және құрылтай шарты негізінде, немесе егер заңды тұлғаны бір тұлға құрған болса, жарғысы және заңды тұлға құру туралы жазбаша түрде ресімделген шешімі (жалғыз құрылтайшының шешімі) негізінде жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда, коммерциялық ұйым болып табылмайтын заңды тұлға ұйымдардың осы түрі жөніндегі жалпы ережелер негізінде іс-әрекет жасай алады.

Шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлға өз қызметін Қазақстан Республикасының Үкіметі мазмұнын белгілейтін үлгі жарғының негізінде жүзеге асыра алады.

2. Заңды тұлғаның құрылтай шарты жасалады, ал жарғысын құрылтайшылары бекітеді. Егер коммерциялық ұйымның құрылтайшысы бір адам болса, құрылтай шарты жасалмайды.

3. Коммерциялық емес ұйым мен мемлекеттік кәсіпорынның құрылтай құжаттарында заңды тұлға қызметінің мәні мен мақсаты белгіленуге тиіс.

Шаруашылық серіктестігі, акционерлік қоғамы мен өндірістік кооперативтің құрылтай құжаттарында олардың қызметінің мәні мен мақсаттары көзделуі мүмкін.

4. Құрылтай шартында тараптар (құрылтайшылар) заңды тұлға құруға міндеттенеді, оны құру жөніндегі бірлескен қызмет тәртібін, оның меншігіне (оралымды басқаруына) өз мүлкін беру және оның қызметіне қатысу ережелерін белгілейді. Егер осы Кодексте немесе заңды тұлғалардың жекелеген түрлері туралы заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шартта құрылтайшылар арасында таза табысты бөлудің, заңды тұлға қызметін басқарудың, оның құрамынан құрылтайшылардың шығуының шарттары мен тәртібі де белгіленеді және оның жарғысы бекітіледі.

Құрылтай шартына құрылтайшылардың келісуі бойынша басқа да ережелер енгізілуі мүмкін.

4-1. Жалғыз құрылтайшының шешімі мүліктерді меншікке беру (шаруашылық жүргізу, оралымды басқару) шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шешімдерді қамтуға тиіс.

Жалғыз құрылтайшының – заңды тұлғаның шешімін Қазақстан Республикасының заңдарына және осы заңды тұлғаның жарғысына сәйкес оның осындай шешім қабылдауға құқығы бар органдары қабылдайды.

5. Заңды тұлғаның жарғысында: онда оның атауы, тұрғылықты орны, оның органдарын құру тәртібі және олардың құзыреті, оның қызметін қайта құру және жою ережелері белгіленеді.

Егер заңды тұлғаны бір адам құрса, онда оның жарғысында мүлікті құру және кірістерді бөлу тәртібі де белгіленеді.

Жарғыда Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да ережелер болуы мүмкін.

6. Бір заңды тұлғаның құрылтай шарты мен жарғысы арасында қайшылықтар болған жағдайда:

1) егер олар құрылтайшылардың ішкі қатынастарына қатысты болса, құрылтай шартының;

2) егер олардың қолданылуы заңды тұлғаның үшінші тұлғалармен қатынастарында маңызы болса, жарғының ережелері қолдануға тиіс.

7. Барлық мүдделі адамдар заңды тұлғаның жарғысымен танысуға құқылы.

42-бап. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу

1. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, заңды тұлға әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өтуге тиіс. Мемлекеттік тіркеу тәртібі заңдарда белгіленеді.

2. Мемлекеттік тіркеу деректері, оның ішінде заңды тұлғалардың атауы, ал коммерциялық ұйымдар үшін – фирмалық атауы Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізіледі.

3. Заңды тұлға мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап құрылды деп саналады.

4. Филиалдар мен өкілдіктер заң құжаттарында белгіленген тәртіппен тіркеледі.

Филиалдар мен өкілдіктер атаулары өзгерген жағдайда қайта тіркелуге жатады.

5. Заңды тұлға құрудың заңда белгіленген тәртібін бұзу немесе оның құрылтай құжаттарының заңға сәйкес келмеуі заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуден бас тартуға әкеліп соқтырады. Заңды тұлға құрудың тиімсіздігін желеу етіп тіркеуден бас тартуға жол берілмейді.

Мемлекеттік тіркеуден бас тартқаны, сондай-ақ мұндай тіркеуден жалтарғаны үшін сотқа шағым берілуі мүмкін.

6. Заңды тұлға мынадай жағдайларда:

1) жарғылық капиталының мөлшері азайтылған;

2) атауы өзгергенде;

3) шаруашылық серіктестіктеріндегі қатысушылардың құрамы өзгергенде (шаруашылық серіктестігі қатысушыларының тізілімін жүргізуді бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы жүзеге асыратын шаруашылық серіктестіктерін қоспағанда) қайта тіркелуге тиіс.

Аталған негіздер бойынша құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер заңды тұлға қайта тіркелмейінше жарамсыз болып табылады.

43-бап. Филиалдар мен өкілдіктер

1. Заңды тұлғаның тұрған жерінен тыс орналасқан және оның міндеттерінің бәрін немесе бір бөлігін, соның ішінде өкілдік міндетін жүзеге асырушы оқшау бөлімшесі филиал болып табылады.

2. Заңды тұлғаның тұрған жерінен тыс орналасқан және оның мүдделерін қорғау мен өкілдігін жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, оның атынан мәмілелер мен өзге құқықтық әрекеттер жасайтын оқшау бөлімшесі өкілдік болып табылады.

3. Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлға болмайды. Бұларға өздерін құрған заңды тұлға мүлкі беріледі және оның бекіткен ережелері негізінде жұмыс істейді.

4. Қоғамдық бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) басшылары қоғамдық бірлестіктің жарғысында және оның филиалдары немесе өкілдіктері туралы ережеде көзделген тәртіппен сайланады.

Діни бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) басшылары діни бірлестіктердің жарғысында және оның филиалы немесе өкілдігі туралы ережеде көзделген тәртіппен сайланады не тағайындалады.

Өзгеше нысандағы заңды тұлғалардың филиалдарды мен өкілдіктерінің басшыларын заңды тұлға уәкілдік берген орган тағайындайды және оның сенімхаты негізінде жұмыс істейді.

44-бап. Заңды тұлғаның жауапкершілігі

1. Мекемелердің және қазыналық кәсіпорындардың құрылтайшысы қаржыландыратын арнайы қаржы компанияларынан басқа заңды тұлғалар өз міндеттемелері бойынша өздеріне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді.

Мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшамен жауап береді. Ақша жеткіліксіз болған жағдайда мекеменің міндеттемелері бойынша оның құрылтайшысы жауаптылықта болады.

Қазыналық кәсіпорын өзінің міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшамен жауап береді.

Қазыналық кәсіпорында ақша жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

Арнайы қаржы компаниясы өз міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасында көзделген тәртіппен жауап береді.

2. Заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) немесе оның мүлкінің меншік иесі оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал заңды тұлға заңды тұлғаның құрылтайшысының (қатысушысының) немесе оның мүлкінің меншік иесінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, бұған осы Кодексте, өзге заң актілерінде не заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында көзделген жағдайлар қосылмайды.

3. Егер заңды тұлғаның банкроттығы оның құрылтайшысының (қатысушысының) немесе оның мүлкінің меншік иесінің іс-әрекетінен туындаған болса, заңды тұлғаның қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда құрылтайшы (қатысушы) немесе оның мүлкінің меншік иесі несие берушілер алдында субсидиарлық жауапкершілікте болады.

4. Заңды тұлға үшінші тұлғалардың алдында заңды тұлғаның органы құрылтай құжаттарында белгіленген өз өкілеттігін асыра пайдаланып қабылдаған міндеттемелері бойынша жауап береді, бұған осы Кодекстің 159-бабының 11-тармағында көзделген жағдайлар қосылмайды.

45-бап. Заңды тұлғаны қайта құру

1. Заңды тұлғаны қайта құру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, өзгерту) оның мүлкін меншіктенушінің немесе меншік иесі уәкілдік берген органның, құрылтайшылардың (қатысушылардың) шешімі бойынша, сондай-ақ заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында уәкілдік берілген органның шешімі бойынша, не заң құжаттарында көзделген реттерде сот органдарының шешімі бойынша жүргізіледі. Заңдарда қайта құрудың басқа да нысандары көзделуі мүмкін.

Заңды тұлға – жинақтаушы зейнетақы қорын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорын, ар-

найы қаржы компаниясын қайта құру Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру, сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі, Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры, жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Акционерлік қоғамдарды қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заң актісінде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады.

2. Қайта құру ерікті түрде немесе ықтиярсыз жүргізілуі мүмкін.

3. Заң құжаттарында көзделген реттерде ықтиярсыз қайта құру сот органдарының шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Егер заңды тұлғаның мүлкін меншіктенуші, ол уәкілдік берген орган, құрылтайшылар немесе заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында қайта құруға уәкілдік берілген органы заңды тұлғаны қайта құруды сот органының шешімінде белгіленген мерзімде жүзеге асырмаса, сот заңды тұлғаның басқарушысын тағайындайды және оған осы заңды тұлғаны қайта құруды жүзеге асыруды тапсырады. Басқарушы тағайындалған кезден бастап заңды тұлғаның ісін басқару жөніндегі өкілеттік соған ауысады. Басқарушы сотта заңды тұлғаның атынан әрекет етеді, бөлу балансын жасайды және оны заңды тұлғаны қайта құру нәтижесінде туындайтын құрылтай құжаттарымен бірге соттың бекітуіне береді. Аталған құжаттарды соттың бекітуі жаңадан пайда болған заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін негіз болады.

4. Заңды тұлға, біріктіру нысанында қайта құрылатын реттерді қоспағанда, жаңадан пайда болған заңды тұлғалар тіркелген кезден бастап қайта құрылған деп есептеледі.

Заңды тұлға оған екінші бір заңды тұлғаның қосылуы жолымен қайта ұйымдастырылған кезде қосылған заңды тұлға қызметінің тоқтатылғаны туралы мәліметтер Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген кезден бастап олардың біріншісі қайта ұйымдастырылды деп есептеледі.

46-бап. Заңды тұлғаларды қайта құрған кездегі құқықты мирасқорлығы

1. Заңды тұлғаларды қосқан кезде олардың әрқайсысының құқықтары мен міндеттері өткізу құжатына сәйкес жаңадан пайда болған заңды тұлғаға ауысады.

2. Заңды тұлғаны екінші бір заңды тұлғаға біріктірген кезде біріктірілген заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттері өткізу құжатына сәйкес соңғысына ауысады.

3. Заңды тұлғаны бөлген кезде оның құқықтары мен міндеттері бөлу балансына сәйкес жаңадан пайда болған заңды тұлғаларға ауысады.

4. Заңды тұлғаның құрамынан бір немесе бірнеше заңды тұлғаларды бөліп шығарғанда, бөлу балансына сәйкес олардың әрқайсысына

қайта құрылған заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттері ауысады.

5. Заңды тұлғаның бір түрін екінші түрдегі заңды тұлғаға өзгерткен кезде (ұйымдық-құқықтық нысанды өзгерткенде) қайта құрылған заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттері өткізу құжатына сәйкес жаңадан пайда болған заңды тұлғаға ауысады.

47-бап. Өткізу актісі және бөлу балансы

1. Қайта құрылған заңды тұлғаның мүліктік құқықтары мен міндеттері жаңадан пайда болған заңды тұлғаға қосылған немесе біріктірілген кезде – өткізу актісіне сәйкес, бөлінген және бөліп шығарылған жағдайда – бөлу балансына сәйкес ауысады.

Өткізу актісі мен айыру балансында қайта құрылған заңды тұлғаның барлық несие берушілері мен борышқорларына қатысты, барлық міндеттемелері бойынша, соның ішінде тараптар дауласқан міндеттемелер бойынша да құқықты мирасқорлығы туралы ережелер болуға тиіс.

2. Өткізу актісі мен бөлу балансын заңды тұлғаның мүлкін меншіктенуші немесе заңды тұлғаны қайта құру туралы шешім қабылдаған орган бекітеді және құрылтай құжаттарымен бірге жаңадан пайда болған заңды тұлғаларды тіркеуге немесе нақтылы бар заңды тұлғалардың құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізу үшін олар құрылтай құжаттарымен бірге тапсырылады.

Құрылтай құжаттарымен бірге тиісті өткізу актісінің немесе бөлу балансының тапсырылмауы, сондай-ақ оларда қайта құрылған заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша құқықты мирасқорлығы туралы ережелердің болмауы жаңадан пайда болған заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден бас тартуға әкеліп соқтырады.

3. Егер заң құжаттарында немесе қайта құру туралы шешімде өзгеше көзделмесе, мүлік (құқықтар мен міндеттер) құқықты мирасқорына ол тіркелген кезден бастап ауысады.

48-бап. Заңды тұлғаны қайта құру кезіндегі оның несие берушілері құқықтарының кепілдігі

1. Заңды тұлға мүлкінің меншік иесі немесе заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған орган қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаның кредиторларын бұл жөнінде жазбаша хабардар етуге міндетті. Талаптарды мәлімдеу мерзімі қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаның кредиторлары хабарламаларды алған кезден бастап екі айдан кем болмауға тиіс.

2. Бөлінген және бөліп шығарылған кезде құрылатын заңды тұлғаның несие берушісі осы заңды тұлға борышқоры болып табылатын міндеттемелердің мерзімінен бұрын тоқтатылуын және келтірілген залалдың орны толтырылуын талап етуге құқылы.

3. Егер бөлу балансы қайта құрылған заңды тұлғаның құқықты мирасқорын анықтауға мүмкіндік бермесе, не егер құқықтық мирасқо-

рында қайта құрылғанға дейін туындаған міндеттемелерді орындау үшін мүлік жеткіліксіз болса, жаңадан пайда болған заңды тұлғалар, сондай-ақ құрамынан басқа заңды тұлға бөлініп шыққан заңды тұлға, қайта құрылған заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша оның несие берушілерінің алдында ортақ жауапты болады.

49-бап. Заңды тұлғаны тарату негіздері

1. Заңды тұлғаның мүлкін меншіктенушінің немесе меншік иесі уәкілдік берген органның шешімі бойынша, сондай-ақ құрылтай құжаттарында шешім қабылдауға уәкілдік берілген заңды тұлға органының шешімі бойынша заңды тұлға кез келген негіз бойынша таратылуы мүмкін.

Заңды тұлға – жинақтаушы зейнетақы қорын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорын, арнайы қаржы компаниясын, мақта өңдеу ұйымын тарату Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру, сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі, Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры, жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру, мақта саласын дамыту туралы заңнамасында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады.

2. Соттың шешімі бойынша заңды тұлға:

1) банкрот болған;

2) заңды тұлғаны құру кезінде заңдардың түзетуге келмейтін сипатта бұзылуына жол берілуіне байланысты оны тіркеу жарамсыз деп танылған;

3) орналасқан жері бойынша немесе нақты мекенжайы бойынша заңды тұлға, сондай-ақ заңды тұлға бір жыл ішінде оларсыз жұмыс істей алмайтын құрылтайшылар (қатысушылар) және лауазымды адамдар болмаған;

4) қызметін заңнаманы өрескел бұза отырып жүзеге асырған:

заңды тұлғаның жарғылық мақсаттарына қайшы келетін қызметті үнемі жүзеге асырған;

қызметін тиісті рұқсатсыз (лицензиясыз) не заңнамалық актілерде тыйым салынған қызметті жүзеге асырған;

5) басқа да заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда таратылуы мүмкін.

3. Осы баптың екінші тармағындағы аталған негіздер бойынша заңды тұлғаны тарату туралы талапты заң актілерінде осындай талап қоюға құқық берілген мемлекеттік орган, ал банкрот болған жағдайда несие берушілер де сотқа беруі мүмкін.

Заңды тұлғаны тарату туралы сот шешімімен заңды тұлғаны таратуды жүзеге асыру жөніндегі міндеттер оның мүлкін меншіктенушіге, меншік иесі уәкілдік берген органға, заңды тұлғаны таратуға оның құрылтай құжаттарында уәкілдік берілген органға, не сот тағайындаған басқа органға (тұлғаға) жүктелуі мүмкін.

4. Егер заңды тұлға жөнінде осы баптың 1-тармағында белгіленген тәртіп бойынша оны тарату туралы шешім қабылданып, оның мүлкінің құны несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болса, ондай заңды тұлға банкроттық туралы заңдарда белгіленген тәртіппен таратылуы мүмкін.

5. Заңды тұлғалардың жекелеген түрлері мемлекет уәкілдік берген тиісті органның шешімімен заң актілерінде көзделген негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

50-бап. Заңды тұлғаны тарату тәртібі

1. Заңды тұлғаның мүлкін меншіктенуші немесе заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған орган бұл туралы заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге асыратын әділет органына, тіркеу орны бойынша салық органына дереу жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

2. Заңды тұлғаның мүлкін меншіктенуші немесе заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған орган тарату комиссиясын құрады және осы Кодексте сәйкес тарату тәртібі мен мерзімін белгілейді.

Тарату комиссиясы құрылған кезден бастап заңды тұлғаның мүлкін және істерін басқару жөнінде өкілеттік соған ауысады. Тарату комиссиясы сотта таратылатын заңды тұлға атынан әрекет етеді.

3. Тарату комиссиясы заңды тұлғаны тарату туралы, сондай-ақ оның несие берушілерінің талаптарын мәлімдеу тәртібі мен мерзімі туралы ақпаратты орталық әділет органының ресми баспасөз басылымдарында жариялайды. Талаптарды мәлімдеу мерзімі тарату туралы жарияланған кезден бастап екі айдан кем бола алмайды.

Тарату комиссиясы несие берушілерді анықтау және қарыздарын алу үшін шаралар қолданады, сондай-ақ несие берушілерге заңды тұлғаның таратылғандығы туралы жазбаша хабарлайды.

4. Несие берушілер талаптарын қоюға арналған мерзім аяқталғаннан кейін тарату комиссиясы аралық тарату балансын жасайды, онда таратылатын заңды тұлға мүлкінің құрамы, несие берушілер қойған талаптар тізбесі, сондай-ақ оларды қарау нәтижелері туралы мәліметтер болады.

Аралық тарату балансын заңды тұлғаның мүлкін меншіктенуші немесе заңды тұлғаны тарату жөнінде шешім қабылдаған орган бекітеді.

Аралық тарату балансын жасаған кезде таратылатын заңды тұлға мүлкінің құрамына арнайы қаржы компаниясының жобалық қаржыландыру кезіндегі міндеттемелері бойынша, Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес шығарылған арнайы қаржы компаниясының секьюритилендіру кезіндегі облигациялары бойынша қамтамасыз ету болып табылатын бөлінген активтер және ипотекалық облигациялар бойынша: ипотекалық тұрғын үй қарызы шарттары бойынша талап ету құқықтары (ипотекалық куәліктерді қоса алғанда), сондай-ақ көрсетілген об-

лигацияларды ұстаушыларда меншік құқығы мәмілелер бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша туындаған немесе оларға ауысқан жағдайларда Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары қамтамасыз ету болып табылатын кепіл мүлкі енгізілмейді. Тарату комиссиясы көрсетілген мүлік пен бөлінген активтерді кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес айқындалған ипотекалық облигацияларды ұстаушылардың өкіліне, кредиторлардың және (немесе) облигацияларды ұстаушылардың өкіліне береді.

5. Егер таратылатын заңды тұлғаның (мемлекеттік мекемелерден басқа) ақшасы несие берушілердің талабын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болса, тарату комиссиясы заңды тұлғаның мүлкін сот шешімдерін орындау үшін белгіленген тәртіп бойынша жария сатуды жүзеге асырады.

6. Таратылатын заңды тұлғаның несие берушілеріне ақша төлеуді тарату комиссиясы осы Кодекстің 51-бабында белгіленген кезек тәртібімен аралық тарату балансы бекітілген күннен бастап, соған сәйкес жүргізеді. Акционерлік қоғамдардың мүлкін бөлу ерекшеліктері олар туралы заңдармен белгіленеді.

7. Несие берушілермен есеп айырысу біткеннен кейін тарату комиссиясы тарату балансын жасайды, оны заңды тұлғаның мүлкін меншіктенуші немесе заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған орган бекітеді.

8. Несие берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлік құрылтай құжаттарында көрсетілген мақсаттарға жұмсалады.

9. Несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру үшін таратылатын қазыналық кәсіпорынның – мүлкі, ал таратылатын мекеменің ақшасы жеткіліксіз болған жағдайда, несие берушілер талаптарының қалған бөлігін осы кәсіпорынның немесе мекеменің мүлкін меншіктенуші есебінен қанағаттандыру туралы талап қойып сотқа жүгінуге құқылы.

9-1. 2011.01.03. № 414-IV ҚР Заңымен алып тасталды

10. Заңды тұлғаның таратылуы аяқталды, ал заңды тұлға өз қызметін тоқтатты деп бұл жөнінде мәліметтер Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілгеннен кейін есептеледі.

51-бап. Несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру

1. Заңды тұлға таратылған кезде оның несие берушілерінің талаптары мынадай кезек бойынша қанағаттандырылады:

1) бірінші кезекте – жалақыдан және (немесе) өзге де кірістен ұсталған алименттерді төлеу жөніндегі талаптар, сондай-ақ таратылатын заңды тұлға өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін алдын-

да жауаптылықта болатын азаматтардың талаптары тиісті мерзімдік төлемдерді капиталға айналдыру жолымен қанағаттандырылады;

2) екінші кезекте – банкроттық мәселелерін реттейтін заң актісіне сәйкес талаптар сомасының бір бөлігі бесінші кезекте қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, еңбек шарты бойынша жұмыс істеген адамдардың еңбегіне ақы төлеу және өтем төлеу, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша, еңбекақыдан ұсталатын міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі берешектерді өтеу, сондай-ақ авторлық шарттар бойынша сыйақы төлеу жөнінде есеп айырысулар жүргізіледі;

3) үшінші кезекте – кредиторлардың таратылатын банкроттың кепілмен қамтамасыз етілген мүлкінің міндеттемелері жөніндегі талаптары, кредиторлардың-ипотекалық тұрғын үй қарызы шарттары бойынша талап ету құқықтары кепілімен (ипотекалық куәлік кепілін қоса алғанда) қамтамасыз етілген ипотекалық облигацияларды, сондай-ақ аталған облигацияларды ұстаушыларда оларға меншік құқығы туындаған немесе мәмілелер бойынша не Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша оларға ауысқан жағдайларда Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын ұстаушылардың талаптарын қоспағанда, қамтамасыз ету сомасы шегінде қанағаттандырылады;

4) төртінші кезекте салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер жөніндегі берешек өтеледі;

5) бесінші кезекте – заң құжаттарына сәйкес басқа да несие берушілермен есеп айырысылады.

2. Әр кезектің талаптары оның алдындағы кезек талаптары толық қанағаттандырылып болғаннан кейін қанағаттандырылады.

3. Таратылған заңды тұлғаның мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда, егер заңда өзгеше белгіленбесе, ол несие берушілер арасында тиісті кезекпен қанағаттандырылуға жататын талаптардың сомаларына қарай бөлінеді.

4. Тарату комиссиясы несие берушінің талаптарын қанағаттандырудан бас тартқан не оларды қараудан жалтарған жағдайда, несие беруші заңды тұлғаның тарату балансы бекітілгенге дейін тарату комиссиясына талап қойып сотқа жүгінуге құқылы. Соттың шешімі бойынша несие берушінің талаптары таратылған заңды тұлғаның қалған мүлкі есебінен қанағаттандырылуы мүмкін.

5. Заңды тұлғаның несие берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлкі, егер заңдарда немесе заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе, оның бұл мүлікке заттық құқықтары бар немесе заңды тұлға жөнінде міндеттемелік құқықтары бар меншік иесіне немесе құрылтайшыларына (қатысушыларына) беріледі.

6. Таратылатын заңды тұлға мүлкінің жеткіліксіз болуына байланысты несие берушілердің қанағаттандырылмаған, сондай-ақ тарату ба-

лансын бекіткенге дейін мәлімделмеген талаптары өтелген деп есептеледі.

Егер несие беруші талап қойып сотқа жүгінбесе, несие берушілердің тарату комиссиясы мойындамаған талаптары да, сот шешімімен несие берушіге қанағаттандырудан бас тартылған талаптар да өтелген деп есептеледі.

52-бап. Банкроттық

Банкроттық – борышкердің соттың шешімімен танылған оны таратуға негіз болып табылатын дәрменсіздігі.

Борышкердің – жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның ақшалай міндеттемелер бойынша несие берушілердің талаптарын толық көлемде қанағаттандыра алмауы, еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдармен еңбегіне ақы төлеу жөнінде есеп айырыса алмауы, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын төлеуді қамтамасыз ете алмайтын қабілетсіздігі сот белгілеген оның дәрменсіздігі деп түсініледі.

53-бап. Банкрот деп тану

1. Банкроттық ерікті түрде немесе мәжбүр ету тәртібімен танылуы мүмкін.

2. Банкроттықты ерікті түрде тану борышкердің сотқа берген өтініші негізінде жүзеге асырылады.

3. Мәжбүр ету тәртібімен банкрот деп тану несие берушінің, ал заң актілерінде көзделген жағдайларда өзге де адамдардың сотқа өтініш беруі негізінде жүзеге асырылады.

54-бап. Оңалту рәсімдері

Төлемге қабілетсіз борышкерге оның таратылуын болғызбау мақсатында төлемге қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталған, заңнамаға қайшы келмейтін кез келген шаралар қолданылуы мүмкін.

Көрсетілген шаралар жеделдетілген оңалту рәсімі, оңалту рәсімі шеңберінде іске асырылады, оларды жүзеге асырудың тәртібі мен мерзімдері банкроттық туралы заңнамада айқындалады.

54-1. Сырттай байқау

Сырттай байқау рәсімін сот:

борышкер мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету;

әдейі және жалған банкроттық белгілерін анықтау;

борышкердің – қаржылық жай-күйіне, төлем қабілетін қалпына келтіру мүмкіндігін немесе мүмкіндігінің жоқтығын айқындауға және кредиторлар алдындағы міндеттемелерін орындаудан жалтару жөніндегі әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) талдау жүргізу;

кредиторлар тарапынан борышкердің қаржы-шаруашылық қызметінің жай-күйіне және олардың қайта ұйымдастыруды жүргізуіне бақылау жасау;

негізгі құралдарды иеліктен шығару, мүлікті кепілге немесе жалға беру бойынша мәмілелер, сондай-ақ орындалуы борышкерге залал келтіруі мүмкін нарықтық бағадан айтарлықтай төмен бағамен не жеткіліксіз негіздер бойынша өзге де мәмілелер жасауға бақылау жасау мақсатында енгізуі мүмкін.

Сырттай байқауды қолдану Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

55-бап. Конкурстық істі қозғау салдары

1. Конкурстық іс қозғалған кезден бастап:

1) шамасы жоқ борышқордың мүлікті иеліктен шығаруына (иеліктен шығаруға несие берушілердің жиналысы рұқсат еткен кезден басқа жағдайда), біреуге беруіне және міндеттемелерді өтеуіне тыйым салынады;

2) шамасы жоқ борышқордың барлық борыштылық міндеттемелерінің мерзімі өткен деп саналады.

3) шамасы жоқ борышқор берешектерінің барлық түрлері бойынша айыпақы мен сыйақыны (мүддені) есептеу тоқтатылады;

4) шамасы жоқ борышқор мүлкінен ақы өндіріп алуға заңдармен қойылған шектеулердің бәрі алынып тасталады;

5) егер шамасы жоқ борышқор қатысатын мүліктік сипаттағы сотта қаралып жатқан даулар туралы шешім заңды күшіне енбеген болса, олар тоқтатылады.

2. Осы кезден бастап мүліктік сипаттағы барлық талаптар борышқорға тек конкурстық істі жүргізу шеңберінде ғана қойылады.

56-бап. Дәрменсіз борышқорды борышқордан босату

1. Мүлікті сатқаннан кейін және сатудан түскен ақшаны несие берушілердің арасында бөлгеннен кейін дәрменсіз борышқор қалған міндеттемелер мен орындауға ұсынылған және заңды тұлғаны банкрот деп тану кезінде есепке алынған өзге де талаптарды орындаудан босатылады.

2. Дәрменсіз борышқор, егер өзінің мүлкінің бір бөлігін тарату іс басталғанға дейінгі үш жыл ішінде жасырса немесе жасыру мақсатымен басқа адамға беріп жіберсе, бухгалтерлік кітаптарды, шоттарды, құжаттарды қоса алғанда, қажетті есеп-қисап ақпаратын жасырса немесе қолдан жасаса міндеттемелерін орындаудан босатылмайды.

57-бап. Банкрот болған заңды тұлға қызметінің тоқтатылуы

1. Заңды тұлғаны соттың банкрот деп тануы оның таратылуына әкеліп соқтырады.

2. Банкрот-заңды тұлға Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен алып тасталған кезден бастап оның қызметі тоқтатылды деп есептеледі.

VII. КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДАР

105-бап. Мекеме

1. Басқарушылық, әлеуметтік-мәдени немесе өзге де коммерциялық емес сипаттағы функцияларды жүзеге асыру үшін өзінің құрылтайшысы құрған және қаржыландыратын ұйым, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, мекеме деп танылады.

2. Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне немесе Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес мемлекет құратын және егер қосымша қаржыландыру көздері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленбесе, тек қана бюджет немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен ұсталатын мекеме мемлекеттік мекеме деп танылады.

3. Мемлекеттік мекеменің шарттық міндеттемелерді қабылдауы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

4. Мекемелердің құқықтық жағдайы осы Кодексте, Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамалық актісінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде айқындалады.

106-бап. Қоғамдық бірлестіктер

1. Қазақстан Республикасында қоғамдық бірлестіктер болып, егер заңдармен өзгеше көзделмесе, саяси партиялар, кәсіптік одақтар және азаматтардың заңдарға қайшы келмейтін, өздерінің ортақ мақсаттарына жету үшін ерікті негізде құрған басқа да бірлестіктері танылады.

Қаржы нарығындағы қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың қоғамдық бірлестіктерді құру және оларға қатысу ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленеді.

Қоғамдық бірлестіктерге қатысушылардың (мүшелерінің) осы бірлестіктерге өздері берген мүлікке, соның ішінде мүшелік жарналарға құқықтары жоқ. Олар өздері мүшелері ретінде қатысатын қоғамдық бірлестіктердің міндеттері бойынша жауап бермейді, ал аталған бірлестіктер өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

2-6-тармақтар алынып тасталды

7. Съездің (конференцияның) немесе жалпы жиналыстың шешімі бойынша таратылған қоғамдық бірлестіктің мүлкі оның жарғысымен көзделген мақсаттарға жұмсалады.

Сот шешімі бойынша таратылған қоғамдық бірлестіктің мүлкі осы Кодексте немесе өзге заң құжаттарына сәйкес пайдаланылады.

8. Қоғамдық бірлестіктің құқықтық ережесі, осы Кодексте, заң құжаттарына сәйкес белгіленеді.

107-бап. Қор

1. Азаматтар және (немесе) заңды тұлғалар ерікті мүліктік жарналар негізінде құрған, әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім беру және өзге де қоғамға пайдалы мақсаттарды көздейтін, мүшелігі болмайтын коммерциялық емес ұйым қор деп танылады.

2. Қор заңды тұлға болып табылады, азаматтық айналымда қордың органдары өкілдік етеді, оның дербес балансы және банк шоты болады.

3. Қорға оның құрылтайшылары берген мүлік қордың меншігі болып табылады.

Қор құрылтайшыларының қордың мүлкіне мүліктік құқықтары болмайды.

4. Құрылтайшылардың ақшасы, сондай-ақ басқа да мүлкі, демеушілік, ерікті түрде жиналған қайырмалдықтар және өзге де заңды түсімдер қордың қаржы көзі болып табылады.

5. Қорды басқару тәртібі және оның органдарын құру тәртібі оның құрылтайшылар бекітетін жарғысында айқындалады.

Қордың жарғысында осы Кодекстің 41-бабының 5-тармағында қамтылатын мәліметтерден басқа, қордың органдары туралы, қордың лауазымды адамдарын тағайындау және оларды босату тәртібі, қор таратылған жағдайда оның мүлкінің тағдыры туралы нұсқаулар қамтылуға тиіс.

6. Қор өз мүлкінің пайдаланылуы туралы есептерін ресми баспасөз басылымдарында жыл сайын жариялап отыруға міндетті.

7. Қор сот шешімі бойынша мынадай жағдайларда:

1) егер қордың мақсаттарын жүзеге асыру үшін оның мүлкі жеткіліксіз болса және оның қажетті мүлікті алу ықтималдығы нақты болмаса;

2) егер қордың мақсаттарына қол жеткізу мүмкін болмаса, ал қор мақсаттарына қажетті өзгерістер жасау мүмкін болмаса;

3) қор өз қызметінде жарғыда көзделген мақсаттардан жалтарған жағдайда;

4) заңнамалық актілерде немесе құрылтай құжаттарында көзделген басқа да жағдайларда таратылуы мүмкін.

8. Қор таратылғаннан кейін қалған мүлік оның жарғысында көзделген мақсаттарға жұмсалады.

108-бап. Тұтыну кооперативі

1. Қатысушылардың материалдық және өзге де қажеттерін қанағаттандыру үшін өз мүшелерінің мүліктік (үлестік) жарналарын біріктіру арқылы жүзеге асырылатын азаматтардың ерікті бірлестігі тұтыну кооперативі деп танылады.

Заң актілерінде көзделген жағдайларда тұтыну кооперативіне заңды тұлғалар кіре алады.

2. Тұтыну кооперативінің мүшелері жыл сайынғы баланс бекітілгеннен кейін пайда болған залалдарды қосымша жарналар төлеу арқылы үш ай ішінде жабуға міндетті. Бұл міндеттерді орындамаған ретте кооператив несие берушілердің талабы бойынша сот тәртібімен таратылуы мүмкін.

Тұтыну кооперативінің мүшелері оның міндеттемелері бойынша кооператив мүшелерінің қосымша төлемеген бөлігі шегінде жәрдем беру жөнінен ортақ жауапты болады.

3. Тұтыну кооперативінің жарғысында, осы Кодекстің 41-бабының 5-тармағында көрсетілген мәліметтерден басқа, кооператив мүшелері жарналарының мөлшері туралы; кооператив мүшелерінің құрамы мен жарна төлеу тәртібі және олардың жарна төлеу жөніндегі міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілігі туралы; кооперативті басқару органдарының құрамы мен құзыреті және олардың шешімдер қабылдау, соның ішінде шешімі бірауыздан немесе білікті көпшілік дауыспен қабылданатын мәселелер жөнінде шешімдер қабылдау тәртібі туралы; кооператив мүшелерінің өздері шеккен залалдарды жабу тәртібі туралы ережелер болуға тиіс.

4. Тұтыну кооперативінің тапқан табыстарын оның мүшелері арасында бөлуге болмайды, олар жарғылық мақсаттарға беріледі.

5. Тұтыну кооперативі таратылған немесе кооператив мүшесі одан шыққан жағдайда ол тұтыну кооперативінің мүлкінен өз үлесін өз жарнасына қарай бөліп алуға құқылы.

Тұтыну кооперативінің мүшесі қайтыс болған жағдайда, егер кооператив жарғысында өзгеше көзделмесе, оның мұрагерлерінің кооператив мүшелігіне қабылдануға бірінші кезекте құқығы болады. Соңғы жағдайда кооператив мұрагерлерге тұтыну кооперативінің мүлкінен оның қосқан жарнасына қарай үлесін төлейді.

6. Тұтыну кооперативінің құқықтық жағдайы, сондай-ақ оның мүшелерінің құқықтары мен міндеттері осы Кодексте сәйкес заң құжаттарында белгіленеді.

7. Селолық тұтыну кооперативтері тек өз мүшелерінің ғана емес, селолық жерлерде тұратын басқа адамдардың да материалдық және өзге қажеттерін қанағаттандыру үшін құрылуы мүмкін.

Селолық тұтыну кооперациясының ерекшеліктері осы бапқа сәйкес арнайы заңда белгіленеді.

8. Өзара сақтандыру қоғамдары – тұтыну кооперативтері қызметінің ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалады.

109-бап. Діни бірлестік

1. Рухани қажеттерін қанағаттандыру үшін өз мүдделерінің ортақтығы негізінде, заң құжаттарында белгіленген тәртіп бойынша біріккен азаматтардың ерікті түрдегі бірлестігі діни бірлестік деп танылады.

2. алынып тасталды

3. Республикадан тыс жерлерде басқару орталықтары бар Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер әділет органдарында тіркеуге жатады. Басқару орталықтарының жарғылары (ережелері), егер олар Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмесе, осындай діни бірлестіктер жарғыларының (ережелерінің) негізіне алынуы мүмкін.

4-8-тармақтар алынып тасталды

9. Діни бірлестіктер өз қаражаты есебінен сатып алған немесе өздері құрған азаматтар, ұйымдар жылу ретінде берген немесе мемлекет берген және заң құжаттарына қайшы келмейтін басқа да негіздер бойынша сатып алынған мүлікке меншік құқығы болады.

10. Діни бірлестіктерге қатысушылардың (мүшелерінің) осы ұйымға өздері берген мүлікке, соның ішінде мүшелік жарналарға құқықтары сақталмайды. Олар діни бірлестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал діни бірлестік өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

11. Діни бірлестіктің құқықтық жағдайының ерекшеліктері осы Кодекске, Қазақстан Республикасының заң құжаттарына сәйкес белгіленеді.

110-бап. Жеке кәсіпкерлердің және (немесе) заңды тұлғалардың қауымдастық (одақ) нысанындағы бірлестігі

1. Жеке кәсіпкерлер және (немесе) заңды тұлғалар өздерінің кәсіпкерлік қызметін үйлестіру, сондай-ақ ортақ мүдделерін білдіру мен қорғау мақсатында қауымдастықтар (одақтар) құра алады.

Заңды тұлғалардың қаржы рыногында қызметті жүзеге асыратын қауымдастығын (одақтарын) құру және оларға қатысу ерекшелігі Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленеді.

2. Қоғамдық бірлестіктер және өзге де коммерциялық емес ұйымдар, соның ішінде мекемелер осы ұйымдардың қауымдастығына (одақтарына) өз еркімен біріге алады.

3. Қауымдастық (одақ) коммерциялық емес ұйым болып табылады.

4. Қауымдастықтың (одақтың) мүшелері өз дербестігін сақтап қалады.

5. Қауымдастық (одақ) өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қауымдастық (одақ) мүшелері оның міндеттемелері бойынша қауымдастықтың (одақтың) құрылтай құжаттарында көзделген мөлшер мен тәртіп бойынша жәрдем жөнінен жауапты болады.

2 БӨЛІМ. МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ЗАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАР

8-ТАРАУ. МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ

188-бап. Меншік құқығы ұғымы және оның мазмұны

1. Меншік құқығы дегеніміз субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы.

Меншік құқығы мәміле жасалған кезде болған барлық жүктемелерімен басқа адамға беріледі.

2. Меншік иесінің өз мүлкін иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы болады.

Иелену құқығы дегеніміз мүлікті іс жүзінде иеленуді жүзеге асыруды заң жүзінде қамтамасыз ету.

Пайдалану құқығы дегеніміз мүліктен оның пайдалы табиғи қасиеттерін алудың, сондай-ақ одан пайда табудың заң жүзінде қамтамасыз етілуі. Пайда кіріс, өсім, жеміс, төл алу және өзге нысандарында болуы мүмкін.

Билік ету құқығы дегеніміз мүліктің заң жүзіндегі тағдырын белгілеудің заңмен қамтамасыз етілуі.

3. Меншік иесі өзіне тиесілі мүлікке қатысты өз қалауы бойынша кез келген әрекеттер жасауға, соның ішінде бұл мүлікті басқа адамдардың меншігіне беріп, иелігінен шығаруға, өзі меншік иесі болып қала отырып, оларға мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету жөніндегі өз өкілеттігін тапсыруға, мүлікті кепілге беруге және оған басқа да әдістермен ауыртпалық түсіруге, оларға өзгеше түрде билік етуге құқылы.

4. Меншік иесінің өз өкілеттігін жүзеге асыруы басқа тұлғалар мен мемлекеттің құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін бұзбауға тиіс. Құқықтар мен заңды мүдделерді бұзушылық басқа нысандарымен қатар, меншік иесінің өзінің монополиялық және өзге де басымдық жағдайын пайдаланып қиянат жасауынан көрінуі мүмкін.

Меншік иесі өз құқықтарын жүзеге асырған кезде азаматтардың денсаулығы мен айналадағы ортаға келтірілуі мүмкін зардаптарға жол бермеу шараларын қолдануға міндетті.

5. Меншік құқығының мерзімі шексіз. Мүлікке меншік құқығы осы Кодексте көзделген негіздер бойынша ғана ықтиярсыз тоқтатылуы мүмкін.

6. Заң құжаттарында көзделген реттерде, жағдайлар мен шектерде меншік иесі өз мүлкін басқа адамдардың шектеулі түрде пайдалануына жол беруге міндетті.

189-бап. Мүлікті күтіп ұстау ауыртпалығы

1. Меншік иесі, егер заң құжаттарында немесе шартта өзгеше көзделмесе, өзіне тиесілі мүлікті күтіп ұстау ауыртпалығын көтереді және

біржақты тәртіппен мұндай ауыртпалықты үшінші жаққа ауыстыра алмайды.

2. Егер мүлік заңды түрде үшінші жақтарда болса, олардың бөтен адамның мүлкін күтіп ұстауға жұмсаған шығындарын, егер шартта өзгеше көзделмесе, меншік иесі өтеуге тиіс.

Затты күтімсіз және заңсыз ұстаған адамға мүлікті күтіп ұстауға жұмсаған шығындары өтелмейді (осы Кодекстің 263-бабы).

190-бап. Мүліктің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупі

1. Иеліктен айырылған заттардың кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупі, егер заң құжаттарында немесе шартта өзгеше белгіленбесе, сатып алушыда меншік құқығы пайда болумен бір мезгілде соған көшеді.

2. Егер иеліктен айырушы адам заттарды беру мерзімінің өткізіліп жіберілуіне кінәлі болса немесе сатып алушы оларды қабылдау мерзімінің өткізіліп жіберілуіне кінәлі болса, кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупі мерзімін өткізіп жіберген тарап көтереді.

191-бап. Жеке меншік ұғымы және оның түрлері

1. Жеке меншік азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен олардың бірлестіктерінің меншігі ретінде көрінеді.

2. Заң құжаттарына сәйкес азаматтарға немесе заңды тұлғаларға тиесілі бола алмайтын жекелеген мүлік түрлерінен басқа кез келген мүлік жеке меншікте болуы мүмкін.

Жеке меншікте болатын мүліктің саны мен құны шектелмейді.

192-бап. Мемлекеттік меншік құқығы

1. Мемлекеттік меншік республикалық және коммуналдық меншік түрінде көрінеді.

2. Республикалық меншік мемлекеттік қазынадан және заң құжаттарына сәйкес мемлекеттік республикалық заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мүліктен тұрады.

Республикалық бюджеттің қаражаты, мемлекеттік меншіктің осы Кодекстің 193-бабында аталған объектілері және мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілмеген өзге де мемлекеттік мүлік Қазақстан Республикасының мемлекеттік қазынасын құрайды.

3. Коммуналдық меншік жергілікті қазынадан және заң құжаттарына сәйкес коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мүліктен тұрады.

Жергілікті бюджет қаражаты және мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілмеген өзге де коммуналдық мүлік жергілікті қазынаны құрайды.

3-1. Коммуналдық меншік жергілікті мемлекеттік басқару деңгейлері бойынша облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)

және аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) меншік болып бөлінеді.

4. Мемлекеттік меншіктегі мүлік мемлекеттік заңды тұлғаларға шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығымен бекітіліп берілуі мүмкін.

5. Жекелеген мемлекеттік мекемелердің иелігіндегі мемлекеттік мүліктің құқықтық режимінің ерекшеліктері заң актілерімен белгіленеді.

6. Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамалық актісіне сәйкес жүзеге асырылады.

Мүлікті жеке меншіктен мемлекеттік меншікке ерікті және өтеусіз беру Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамалық актісінде айқындалатын тәртіппен жүзеге асырылады.

Коммуналдық меншіктегі мүлікті жергілікті мемлекеттік басқарудың бір деңгейінен екінші деңгейіне беру Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамалық актісіне сәйкес жүзеге асырылады.

7. Осы баптың ережелері, егер Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамалық актісінде өзгеше көзделмесе немесе азаматтық құқықтардың мәніне қайшы келмесе, меншік құқығынан басқа, тиісінше мемлекеттік мүлікке өзге де азаматтық құқықтарға қолданылады.

193-бап. Жерге және басқа да табиғи ресурстарға меншік

Жер, оның қойнауы, су, өсімдік және жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекеттік меншікте болады. Жер заң актілерінде белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте болуы да мүмкін.

193-1-бап. Стратегиялық объектілер

1. Қазақстан қоғамының орнықты дамуы үшін әлеуметтік-экономикалық маңызы бар, оны иелену және (немесе), пайдалану және (немесе) оған билік ету Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің жай-күйіне әсер ететін мүлік стратегиялық объект болып табылады.

2. Стратегиялық объектілерге: магистральдық темір жол желілері; магистральдық құбырлар; ұлттық электр тораптары; магистральдық байланыс желілері; телерадио хабарларын тарату объектілері (телевизия және радио хабарларын таратудың жерүсті және жерсеріктік жүйелерінің өндірістік-технологиялық кешені); мұнайды қайта өңдеу өндірістері; қуаты кемінде 50 мегаватт энергия өндіруші объектілер; ұлттық почта тораптары; халықаралық әуежайлар; халықаралық маңызды мәртебесі бар теңіз порттары; әуе қозғалысын басқару жүйесінің аэронавигациялық құрылғылары; кемелердің қауіпсіз жүзуін реттейтін және оған кепілдік беретін құрылғылар мен навигациялық белгілер; атом энергиясын пайдаланатын объектілер; ғарыш саласының объек-

тілері; су шаруашылығы құрылыстары; ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдары; сондай-ақ меншігінде стратегиялық объектілер бар заңды тұлғалар акцияларының пакеттері (қатысу үлестері, пайлары), меншігінде стратегиялық объектілер бар жеке және заңды тұлғалардың шешімдерін тікелей немесе жанама айқындауға немесе қабылдайтын шешімдеріне ықпал етуге мүмкіндігі бар заңды тұлғалар акцияларының пакеттері (қатысу үлестері, пайлары) жатқызылуы мүмкін.

Стратегиялық объектілер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік және жеке меншікте болуы мүмкін.

3. Стратегиялық объектілерге үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салу не оларды иеліктен шығару Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсат беру туралы шешімі негізінде және Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамалық актісінде айқындалатын тәртіппен мүмкін болады.

4. Азамат немесе мемлекеттік емес заңды тұлға стратегиялық объектіні иеліктен шығаруға ниет білдірген жағдайда, сондай-ақ стратегиялық объектіге өндіріп алу қолданылған не стратегиялық объектіні оңалтушы не конкурстық басқарушы иеліктен шығарған не кепіл ұстаушы кепілге салынған мүлікті (стратегиялық объектіні) соттан тыс тәртіппен өткізген, не стратегиялық объект сот актісінің негізінде өндіріп алынған жағдайда Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамалық актісінде айқындалған шарттар бойынша Қазақстан Республикасы стратегиялық объектіні сатып алудың басым құқығына ие болады.

Стратегиялық объектінің нарықтық құны Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамалық актісіне сәйкес айқындалады.

Стратегиялық объектіні сатып алудың басым құқығын пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамалық актісінде айқындалады.

5. Егер стратегиялық объектіге үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салу не оны иеліктен шығару кезінде осы баптың 3 және 4-тармақтарындағы талаптар бұзылса, мұндай мәмілелер олар жасалған сәттен бастап жарамсыз деп танылады.

194-бап. Тұрғын үйге меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтар

Тұрғын үйге меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтарды жүзеге асыру ерекшеліктері тұрғын үй заңдарымен реттеледі.

195-бап. Меншік иесі болып табылмайтын адамдардың заттық құқықтары

1. Меншік құқығымен қатар заттық құқықтарға:

1) жерді пайдалану құқығы;

2) шаруашылық жүргізу құқығы;

3) оралымды басқару құқығы;

3-1) бөтеннің жылжымайтын мүлкін шектеулі түрде нысаналы пайдалану құқығы (сервитут);

4) осы Кодексте немесе өзге заң актілерінде көзделген басқа да заттық құқықтар.

2. Заттық құқықтарға, егер заңдарда өзгеше көзделмесе немесе осы заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, меншік құқығы туралы нормалар қолданылады.

3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, мүлікке меншік құқығының басқа тұлғаға ауысуы осы мүлікке басқа да заттық құқықты тоқтату үшін негіз болып табылмайды.

9-ТАРАУ. ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ

196-бап. Мемлекеттік кәсіпорынның шаруашылық жүргізу құқығы

1. Шаруашылық жүргізу құқығы мүлікті мемлекеттен меншік иесі ретінде алған және бұл мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқықтарын осы Кодекспен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген шекте жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорынның заттық құқығы болып табылады.

2. Мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық жүргізу құқықтарын жүзеге асыру ерекшеліктері Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамалық актісінде айқындалады.

197-бап. Шаруашылық жүргізу құқығының объектісі

Шаруашылық жүргізу құқығының объектісі, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, кез келген мүлік бола алады.

198-бап. Шаруашылық жүргізу құқығына ие болу және тоқтату

1. Мүлікті құрылып үлгірген мемлекеттік кәсіпорынға бекіту туралы меншік иесі шешім қабылдаған мүлікке қатысты шаруашылық жүргізу құқығы, егер заңдарда немесе меншік иесінің шешімінде өзгеше белгіленбесе, бұл кәсіпорында мүлікті кәсіпорынның дербес балансына бекіткен кезде пайда болады.

2. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірісі, сондай-ақ кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік меншік құқығын алуға арналған заңдарда белгіленетін тәртіп бойынша кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне келіп түседі.

3. Мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы меншік құқығын тоқтатуға арналған заңдарда көзделген негіздер мен тәртіп бойынша, сондай-ақ меншік иесінің шешімімен кәсіпорыннан мүлік заңды жолмен қайтарып алынған реттерде тоқтатылады.

199-бап. Меншік иесінің шаруашылық жүргізудегі мүлікке қатысты құқығы

Шаруашылық жүргізудегі мүліктің меншік иесі заң құжаттарына сәйкес кәсіпорын құру, оның қызметінің мәні мен мақсаттарын белгілеу, оны қайта құру мен тарату мәселелерін шешеді, кәсіпорынға тиесілі мүліктің өз мақсатында пайдаланылуы мен сақталуына бақылау жасауды жүзеге асырады.

Меншік иесі өзі құрған кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіндегі мүлікті пайдаланудан келтірілген таза табыстың бір бөлігін алуға құқылы.

200-бап. Мемлекеттік кәсіпорынның мүліктік құқықтарын жүзеге асыру ерекелері

1. Қызметін шаруашылық жүргізу құқығында жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорынның, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе меншік иесінің немесе ол уәкілдік берген мемлекеттік органның жазбаша келісіміншіз:

1) өзіне тиесілі үйлерді, құрылыстарды, жабдықты және кәсіпорынның басқа да негізгі құралдарын иеліктен айыруға немесе өзгеше әдіспен билік етуге (осы бапта көзделген жағдайларды қоспағанда), ұзақ мерзімді (үш жылдан астам) жалға беруге, уақытша тегін пайдалануға беруге;

2) филиалдар, өкілдіктер құруға, жеке кәсіпкерлермен бірге кәсіпорындар мен бірлескен өндірістер құруға, олардың өзінің өндірістік және ақша капиталын сатуға;

2-1) оған тиесілі акцияларға (осы бапта көзделген жағдайларды қоспағанда), сондай-ақ дебиторлық берешекке билік етуге;

3) заемдар беруге;

4) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілдеме немесе кепілдік беру.

2. Мемлекеттік кәсіпорын, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, негізгі құралдарға жатпайтын, өзіне шаруашылық жүргізу құқығымен бекітіліп берілген мүлікке дербес билік етеді.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның мемлекеттік кәсіпорынның негізгі құралдарына жататын мүлікке қатысты, сондай-ақ оған тиесілі акцияларды сатуға және сыйға беру мәмілелерін жасасуға құқығы жоқ.

201-бап. Мемлекеттік кәсіпорындар қатысатын қатынастарға меншік құқығы туралы ережелердің қолданылуы

Мемлекеттік кәсіпорындар қатысатын мүліктік қатынастарға егер осы Кодекстен және өзге заң құжаттарынан өзгеше туындамаса, осы Кодекстің меншік құқығы туралы ережелері қолданылады.

10-ТАРАУ. ОРАЛЫМДЫ БАСҚАРУ ҚҰҚЫҒЫ

202-бап. Оралымды басқару құқығы ұғымы мен оның мазмұны

1. Оралымды басқару құқығы меншік иесінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын мекеменің, меншік иесінен мүлік алушы және өз қызметінің мақсатына, меншік иесінің тапсырмаларына және мүліктің мақсатына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген шекте сол мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асырушы қазыналық кәсіпорындардың заттық құқығы болып табылады.

2. Қазыналық кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерді оралымды басқару құқығын жүзеге асыру ерекшеліктері Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамалық актісінде айқындалады.

203-бап. Оралымды басқару құқығына ие болу және тоқтату

Оралымды басқару құқығына ие болу мен тоқтату, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, осы Кодекстің 13 және 14-тарауларында көзделген ережелер мен тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

204-бап. Оралымды басқаруға берілген мүлікті меншіктенушінің құқығы

1. Оралымды басқарудағы мүлікті меншіктенуші Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мекеме, қазыналық кәсіпорын құру, оның қызметінің мәні мен мақсаттарын белгілеу мәселелерін шешеді, мекеме, қазыналық кәсіпорынның заң жүзіндегі тағдырын, оның қызметінің мазмұнын белгілеуге құқығы бар.

2. Меншік иесі мекеменің, қазыналық кәсіпорынның меншік иесі берген мүлікті тиімді пайдалануы мен сақтауына бақылау жасауды жүзеге асырады.

3. Мекемені бірнеше меншік иесі құрған жағдайда, олардың арасындағы қатынастар мен меншік иелерінің өз мүлкіне билік жүргізу құқықтары құрылтай шартымен немесе сол сияқты келісіммен белгіленеді.

205-бап. Меншік иесінің оралымды басқаруға берілген мүлікті қайтарып алу және қайта бөлу құқығы

Мекемеге немесе қазыналық кәсіпорынға бекітіліп берілген мүлікті меншіктенуші, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, ол мүлікті қайтарып алуға, не өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында өз қалауы бойынша қайта бөлуге құқылы.

206-бап. Мекеменің мүлкіне билік ету

Мекеме өзіне бекітіліп берілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті иеліктен өз бетінше шығаруға немесе оған өзгеше әдіспен билік етуге құқылы емес.

Мемлекеттік мекемелердің табыс әкелетін қызметті жүзеге асыру ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленеді.

207-бап. Қазыналық кәсіпорынның және мекеменің борыштары бойынша құрылтайшының жауаптылығы

1. Қазыналық кәсіпорын өзінің міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшамен жауап береді.

Қазыналық кәсіпорынның ақшалай қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

2. Мекеменің жауапкершілігі осы Кодекстің 44-бабының 1-тармағында көзделген тәртіппен туындайды.

208-бап. Мекемені меншіктену құқығының ауысуы

Мекемені меншіктену құқығы басқа адамға ауысқан кезде бұл мекеме өзіне тиесілі мүлікке оралымды билік жүргізу құқығын сақтап қалады.

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДАР ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

2001 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАҢТАРДАҒЫ № 142-II ЗАҢЫ

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңмен реттелетін мәселелер

Осы Заңмен реттелетін мәселелер коммерциялық емес ұйымдардың құрылуына, қызметіне, қайта ұйымдастырылуына және таратылуына байланысты туындайтын қатынастар болып табылады.

Саяси партиялардың, кәсіптік одақтардың құқықтық жағдайларының, құрылуының, қызметінің, қайта ұйымдастырылуының және таратылуының ерекшеліктері арнайы заңдармен регламенттеледі.

2-бап. Коммерциялық емес ұйым ұғымы

Кіріс түсіру негізгі мақсаты болып табылмайтын және алынған таза кірісті қатысушылар арасында бөлмейтін заңды тұлға коммерциялық емес ұйым деп танылады.

3-бап. Коммерциялық емес ұйымдар туралы заңдар

1. Қазақстан Республикасының коммерциялық емес ұйымдар туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Азаматтық кодекстен, осы Заңнан және басқа да заң актілерінен тұрады.

2. Осы Заңның күші Қазақстан Республикасының аумағында құрылған және әрекет ететін шетелдік және халықаралық коммерциялық емес ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктерінің (оқшауланған бөлімшелерінің) кез-келген ұйымдық-құқықтық нысандағы коммерциялық емес ұйымының қызметіне қолданылады.

3. Жекелеген коммерциялық емес ұйымдардың құрылуына, қызметіне, қайта ұйымдастырылуына және таратылуына байланысты ерекшеліктер осы Заңмен және өзге де заң актілерімен реттеледі.

4-бап. Коммерциялық емес ұйымдар қызметінің мақсаттары

Коммерциялық емес ұйымдар әлеуметтік, мәдени, ғылыми, білім беру, қайырымдылық, басқару мақсаттарына қол жеткізу; азаматтардың және ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау; даулар мен жанжалдарды шешу; азаматтардың рухани және өзге қажеттіліктерін қанағаттандыру; азаматтардың денсаулығын сақтау, қоршаған ортаны қорғау, дене шынықтыру мен спортты дамыту заң көмегін көрсету үшін, сондай-ақ қоғамдық игіліктерді және өз мүшелерінің (қатысушылардың) игіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған басқа да мақсаттарда құрылуы мүмкін.

Коммерциялық емес ұйымдар қызметінің мақсаттары құрылтай құжаттармен айқындалады.

5-бап. Коммерциялық емес ұйымдардың құқықтары мен міндеттері

1. Жарғылық мақсаттарды жүзеге асыру үшін коммерциялық емес ұйымдардың:

1) заңдарда белгіленген тәртіппен банктерде шоттар ашуға;

2) мемлекеттік және орыс тілдерінде ұйымның толық атауы бар мөрі, мөртабаны және бланкілері, сондай-ақ белгіленген тәртіппен тіркелген эмблемасы (нышаны) болуына;

3) меншігінде немесе оралымды басқаруында оқшауланған мүлкі, сондай-ақ дербес балансы немесе сметасы болуға;

4) мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иемденіп алуға және жүзеге асыруға;

5) егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, басқа заңды тұлғалар құруға;

6) филиалдар мен өкілдіктер ашуға;

7) қауымдастықтар мен одақтарға кіруге, сондай-ақ олардың қызметіне қатысуға;

8) жарғыда көзделген мақсаттарды жүзеге асыруға қаражаттарды пайдалануға;

9) сотта талап қоюшы және жауапкер болуға;

10) Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Коммерциялық емес ұйымдар:

1) Қазақстан Республикасының заңдарын сақтауға;

2) белгіленген тәртіппен салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге;

3) өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен (мекемелерді қоспағанда) жауап беруге;

4) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапкершілікте болуға міндетті.

6-бап. Коммерциялық емес ұйымдардың нысандары

Коммерциялық емес ұйымдар мекеме, қоғамдық бірлестік, акционерлік қоғам, тұтыну кооперативі, қор, діни бірлестік, қауымдастық (одақ) нысанындағы заңды тұлғалардың бірлестігі нысанында және заң актілерінде көзделген өзге де нысанда құрылуы мүмкін.

7-бап. Коммерциялық емес ұйымның атауы және орналасқан жері

1. Коммерциялық емес ұйымның атауы оның атын және ұйымдық-құқықтық нысанының көрсетпесін қамтиды. Ол заңдарда көзделген қосымша ақпаратты қамтуы мүмкін.

Коммерциялық емес ұйымның атауында заңдардың талаптарына немесе қоғамдық мораль нормаларына қайшы келетін атауларды;

егер (қатысушылардың есімімен үйлесімді болмаса не егер жеке есімін пайдалануға бұл адамдардың (олардың мұрагерлерінің) рұқсатын қатысушылар алмаған болса, адамдардың өз аттарын пайдалануға жол берілмейді.

2. Коммерциялық емес ұйымның тұрақты қызмет істейтін органы орналасқан жер оның орналасқан жері деп танылады.

3. Коммерциялық емес ұйымның атауы мен орналасқан жері оның құрылтай құжаттарында көрсетіледі.

2-ТАРАУ. КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЫСАНДАРЫ

8-бап. Мекеме

1. Құрылтайшысы басқару, әлеуметтік-мәдени немесе коммерциялық емес сипаттағы өзге де қызметтерді жүзеге асыру үшін құрған және қаржыландыратын ұйым мекеме деп танылады.

Мекеменің өзіне бекітіліп берілген мүлікке құқығы азаматтық заңдарға сәйкес айқындалады.

2. Меншік нысанына байланысты мекемелер мемлекеттік және жеке меншік мекемелер болып бөлінеді.

3. Мекемелердің жекелеген түрлерінің құқықтық жағдайының ерекшеліктері заң актілерімен реттеледі.

10-бап. Жеке меншік мекеме

1. Басқарушылық, әлеуметтік-мәдени немесе коммерциялық емес сипаттағы өзге де қызметтерді жүзеге асыру үшін жеке және (немесе) мемлекеттік емес заңды тұлғалар құрған, мемлекеттік құрылымның бөлігі болып табылмайтын ұйым жеке меншік мекеме деп танылады.

2. Жеке меншік мекеменің мүлкі оған оралымды басқару құқығымен бекітіліп беріледі.

3. Жеке меншік мекеме өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Ақшасы жеткіліксіз болған жағдайда мемлекеттік емес мекеменің міндеттемелері бойынша оның құрылтайшысы жауапты болады.

11-бап. Қоғамдық бірлестік

1. Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін ортақ мақсаттарға жету үшін азаматтардың ерікті бірігуі нәтижесінде құрылған ұйым, егер заңдарда өзгеше белгіленбесе қоғамдық бірлестік болып табылады.

2. Қоғамдық бірлестіктер мүшелерінің (қатысушыларының) сол бірлестіктерге өздері берген мүлікке, соның ішінде мүшелік жарналарға құқықтары жоқ. Өздері мүшелері (қатысушылары) ретінде қатысатын қоғамдық бірлестіктердің міндеттемелері бойынша олар жауап бер-

мейді, ал аталған бірлестіктер өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

3. Қоғамдық бірлестіктердің құқықтық жағдайының ерекшеліктері «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

12-бап. Қор

1. Азаматтар және (немесе) заңды тұлғалар ерікті мүліктік жарналар негізінде құрған, әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім беру және өзге де қоғамдық пайдалы мақсаттарды көздейтін, мүшелігі жоқ коммерциялық емес ұйым қор деп танылады.

2. Қорды құрған кезде құрылтайшылардың (құрылтайшының) шешімімен тұрақты жұмыс істейтін алқалы басқару органы – қордың атқарушы органы тағайындайтын қамқоршылық кеңесі құрылады, ол қор қызметінің оның жарғылық мақсаттарына сай келуіне бақылау жасайды, сондай-ақ қордың жарғысында бекітілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Жұбайлық және жақын туыстық байланысы бар адамдар қордың қамқоршылық кеңесінің көпшілік мүшесі, сондай-ақ осы қордың штаттағы қызметкерлері бола алмайды.

3. Қордың атқарушы органы қордың жоғары басқару органының және тұрақты жұмыс істейтін алқалы басқару органының (қамқоршылық кеңестің) шешімдері негізінде және оларды орындау мақсатында жұмыс істейді және соларға есеп береді.

Қордың атқарушы органының басшысы мен мүшелері қордың құрылтай құжаттарын, осы заңды және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерін бұза отырып өздері қабылдаған шешімдерінің салдарынан келтірілген шығынның орнын бірлесе толтыруға міндетті. Мұндай шешім қабылданған кезде қарсы дауыс берген, қалыс қалған немесе отырысқа қатыспаған адамдар шығынның орнын толтыру міндетінен босатылады.

4. Қордың некеде тұрумен, жақын туыстықпен немесе жекжаттықпен байланыспаған басшысы мен бухгалтері болуға тиіс. Бір адамның екі қызметті қатар істеуіне болмайды. Басшы құрылтай құжаттарының, қорды басқару органының шешімдері негізінде қордың атынан мәмілелер жасауға құқылы. Қордың жарғысында өз бетінше әрекет етіп, мәмілелер жасай алатын басқа уәкілетті адамдардың қызмет аясы белгіленуі мүмкін. Қор басшысының сотта, мемлекеттік органдарда, сондай-ақ ұйымдарда қордың атынан сенімхатсыз өкілдік етуге құқығы бар.

5. Қорға оның құрылтайшылары берген мүлік қордың меншігі болып табылады.

Қор құрылтайшыларының қордың мүлкіне мүліктік құқығы жоқ және оларды міндеттемелерін орындамағаны үшін жарғыда белгілен-

ген тәртіппен құрылтайшылардың жалпы жиналысы қордан шығаруы мүмкін.

6. Қор жарғыда белгіленген мерзімде қаржы қызметін тексеруді жүзеге асыруға міндетті. Тексеруді тексеруші немесе аудиторлық ұйым жүзеге асырады. Тексерушіні сайлау тәртібі жарғыда белгіленеді; аудиторлық ұйымдар заңдарда белгіленген тәртіппен тартылады.

7. Қор жыл сайын ресми басылымдарда өз мүлкін пайдалану туралы есепті жариялауға міндетті.

13-бап. Қордың түрлері

1. Құрылтайшылардың құрамына, сондай-ақ қызмет саласына қарай жеке, корпоративтік, қоғамдық, мемлекеттік қорлар құрылуы мүмкін.

Қызмет мақсаттарына қарай әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім қорлары және өзге де қорлар құрылуы мүмкін.

2. Бір жеке адамның немесе жеке адамдардың – бір отбасы мүшелерінің өзінің (өздерінің) жеке қаражаттары есебінен құрған қоры жеке қор деп танылады. Жеке қор, сондай-ақ жеке адамның нотариалды куәландырылған өсиеті бойынша да құрылуы мүмкін.

Жеке қордың мүлкі жеке тұлғадан (құрылтайшыдан) немесе жеке тұлғалардан – бір отбасы мүшелерінен (құрылтайшылардан) бір жолғы және (немесе) тұрақты түсетін түсімдер есебінен, өсиет бойынша түскен мүліктен, сондай-ақ осы Заңның 35-бабында көзделген және жеке қор қызметінің мақсаттарына сай келетін басқа да көздерден құралады.

Жеке меншік қор құрылтайшысының (құрылтайшыларының) құқықтары, егер ол құрылтай құжаттарында көзделген жағдайда, мұраның құрамына кіргізілуі мүмкін.

3. Бір заңды тұлғаның немесе бірнеше заңды тұлғалардың – коммерциялық және (немесе) коммерциялық емес ұйымдардың осы ұйымдардың қаражаттары есебінен құрған қоры корпоративтік қор деп танылады.

Корпоративтік қордың мүлкі бір немесе бірнеше заңды тұлғалардан коммерциялық және (немесе) коммерциялық емес ұйымдардан (құрылтайшылардан) бір жолғы және (немесе) тұрақты түсетін түсімдер есебінен, сондай-ақ осы Заңның 35-бабында көзделген және корпоративтік қор қызметінің мақсаттарына сай келетін басқа да көздерден құралады.

4. Бір отбасының мүшелері болып табылмайтын жеке адамдардың және (немесе) заңды тұлғалардың – қоғамдық бірлестіктердің құрған қоры қоғамдық қор деп танылады.

Қоғамдық қордың мүлкі заңды тұлғалардан – қоғамдық бірлестіктер мен жеке тұлғалардан бір жолғы және (немесе) тұрақты түсетін түсімдер есебінен, сондай-ақ осы Заңның 35-бабында көзделген және қоғамдық қор қызметінің мақсаттарына сай келетін басқа да көздерден құралады.

Қоғамдық қордың мүлкі бір отбасы мүшелерінен – аталған қордың бірден бір қатысушыларынан түсетін түсімдер есебінен құрала алмайды.

5. Мемлекеттік органдардың шешімімен құрылған, белгіленген тәртіппен мемлекеттік меншікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы берілген; қордың мақсаттары мен міндеттерін мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асыратын қор мемлекеттік қор деп танылады.

Мемлекеттік қордың мүлкі заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің қаражаты есебінен, сондай-ақ осы Заңның 35-бабында көзделген және мемлекеттік қор қызметінің мақсаттарына сай келетін басқа да көздерден құралады.

6. Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген міндетті төлемдер есебінен құрылған қорлардың құрылуына, қызметіне, қайта ұйымдастырылуына және (немесе) таратылуына байланысты туындайтын қатынастар осы Заңмен реттелетін мәселелер болып табылмайды.

14-бап. Тұтыну кооперативі

1. Мүшелік негізде қатысушыларының материалдық және өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өз мүшелерінің мүліктік (пайлық) жарналарын біріктіру жолымен жүзеге асырылатын азаматтардың ерікті бірлестігі тұтыну кооперативі деп танылады.

Заң актілерінде көзделген жағдайларда тұтыну кооперативіне заңды тұлғалар да кіре алады.

2. Селолық тұтыну кооперативтері тек өз мүшелерінің ғана емес, ауылдық жерде тұратын басқа да азаматтардың материалдық және өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құрылуы мүмкін.

3. Тұтыну кооперативтерінің мүшелері оның міндеттемелері бойынша кооператив мүшелерінің қосымша жарнасының енгізілмеген бөлігі шегінде ортақ субсидиарлық жауаптылықта болады.

4. Тұтыну кооперативі алған кірістерді оның мүшелері арасында бөлуге болмайды және олар жарғылық мақсаттарға жұмсалады.

5. Тұтыну кооперативінің мүшелері жинақталып қалған шығынды жыл сайынғы баланс бекітілгеннен кейін үш ай ішінде қосымша жарналар арқылы жабуға міндетті. Бұл міндеттеме орындалмаған жағдайда кооператив кредит берушілердің талабы бойынша сот тәртібімен таратылуы мүмкін.

6. Тұтыну кооперативтерін, соның ішінде селолық кооперативтерді құқықтық реттеу ерекшеліктері арнаулы заң актісімен реттеледі.

15-бап. Діни бірлестік

1. Рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өз мүдделерінің ортақтығы негізінде заң актілерінде белгіленген тәртіппен біріккен азаматтардың ерікті бірлестігі діни бірлестік деп танылады.

2. Діни бірлестік қатысушыларының (мүшелерінің) осы ұйымға өздері берген мүлікке, соның ішінде мүшелік жарналарға құқықтары сақ-

талмайды. Олар діни бірлестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал діни бірлестік өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

3. Діни бірлестіктің құқықтық жағдайының ерекшеліктері заңмен реттеледі.

16-бап. Коммерциялық емес акционерлік қоғам

1. Өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатымен акциялар шығаратын, кірістері тек қана осы қоғамды дамытуға пайдаланылатын заңды тұлға коммерциялық емес акционерлік қоғам деп танылады.

2. Коммерциялық емес акционерлік қоғамдардың артықшылықты акциялар, туынды және айырбасталатын бағалы қағаздар шығаруды жүзеге асыруға құқығы жоқ.

3. Коммерциялық емес акционерлік қоғамның құрылтай шарты осы шартқа әрбір құрылтайшының немесе оның уәкілетті өкілінің қол қоюы арқылы жасалады.

4. Коммерциялық емес ұйым ретінде құрылған қоғамның коммерциялық ұйым болып қайта құрыла алмайтыны сияқты коммерциялық ұйым ретінде құрылған қоғам да коммерциялық емес ұйым болып қайта құрыла алмайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігіндегі талаптар:

1) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасына сәйкес құрылған қор биржаларының қайта құрылу;

2) коммерциялық акционерлік қоғамдардың «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес білім беру ұйымдары болып қайта құрылуы;

3) Қазақстан Республикасының кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңнамасына сәйкес құрылған кредиттік бюролардың қайта құрылуы жағдайларына қолданылмайды.

17-бап. Коммерциялық емес ұйымның өзге де ұйымдық-құқықтық нысаны

1. Коммерциялық емес ұйымдар өзге де ұйымдық-құқықтық нысанда құрылуы мүмкін.

2. Дербес білім беру ұйымдары, нотариаттық палаталар, адвокаттар және жеке сот орындаушылары алқалары, сауда-өнеркәсіп палаталары, кәсіби аудиторлық ұйымдар, меншік пәтер иелері кооперативтері және басқа да коммерциялық емес ұйымдар өзге де ұйымдық-құқықтық нысанда құрыла алады.

3. Өзге де ұйымдық-құқықтық нысандардың құқықтық жағдайының ерекшеліктері заң актілерімен реттеледі.

18-бап. Дара кәсіпкерлердің және (немесе) заңды тұлғалардың қауымдастық (одақ) нысанында бірігуі

1. Дара кәсіпкерлер және (немесе) заңды тұлғалар өздерінің кәсіпкерлік қызметін үйлестіру, сондай-ақ ортақ мүдделерін білдіру және қорғау мақсатында қауымдастықтар (одақтар) құра алады.

2. Коммерциялық емес ұйымдар осы ұйымдардың қауымдастықтарына (одақтарына) ерікті түрде біріге алады.

3. Қауымдастықтың (одақтың) мүшелері өзінің дербестігін және заңды тұлға құқықтарын сақтап қалады.

4. Қауымдастық (одақ) өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қауымдастықтың (одақтың) мүшелері оның міндеттемелері бойынша қауымдастықтың (одақтың) құрылтай құжаттарында көзделген мөлшерде және тәртіпте субсидиарлық жауаптылықта болады.

5. Қауымдастық (одақ) мүшелері, егер құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе, қаржы жылы аяқталған соң өзінің қалауы бойынша қауымдастықтан (одақтан) шығуға құқылы. Бұл жағдайда қауымдастық (одақ) мүшесі өзі қауымдастықтан шыққанға дейін туындаған міндеттемелері бойынша шыққан кезінен бастап екі жыл бойына оның өзінің жарнасына бара-бар субсидиарлық жауаптылықта болады.

Қауымдастық (одақ) мүшесі қауымдастықтың (одақтың) құрылтай құжаттарында белгіленген реттерде және тәртіппен қауымдастық (одақ) мүшелерінің шешімі бойынша одан шығарылуы мүмкін. Қауымдастықтың (одақтың) шығарылған мүшесінің жауапкершілігіне қатысты қауымдастықтан (одақтан) шығуға жататын ереже қолданылады.

6. Қауымдастық (одақ) мүшелерінің келісімімен оған қауымдастықтың жаңа мүшесі кіре алады. Қауымдастыққа (одаққа) жаңа мүшенің кіруі қауымдастықтың (одақтың) ол кіргенге дейін туындаған міндеттемелері бойынша оның субсидиарлық жауаптылықта байланыстырылуы мүмкін.

7. Қауымдастықтың (одақтың) атауында «қауымдастық» немесе «одақ» деген сөздерді қоса отырып, осы қауымдастық (одақ) мүшелері қызметінің негізгі мәніне көрсетпе болуға тиіс.

3-ТАРАУ. КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДЫ ҚҰРУ, ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

19-бап. Коммерциялық емес ұйымды құру

1. Коммерциялық емес ұйым, оны қалыптастыру арқылы, сондай-ақ бұрын бар коммерциялық емес ұйымды қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылуы мүмкін.

Дербес білім беру ұйымының ұйымдық-құқықтық нысанындағы коммерциялық емес ұйым «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Қазақ-

стан Республикасының Заңында көзделген жағдайда акционерлік қоғам болып қайта құрылуы нәтижесінде құрылуы мүмкін.

2. Коммерциялық емес ұйымды (қоғамдық және діни бірлестіктерді қоспағанда), оны қалыптастыру арқылы құру құрылтайшылардың (құрылтайшының) шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Қоғамдық бірлестіктер олардың жарғысы қабылданып, органдары қалыптастырылатын құрылтай жиналысын (съезін, конференциясын) шақырушы кемінде он адамнан тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары тобының бастамасы бойынша құрылады.

Азаматтардың қоғамдық бірлестіктерді құру құқығы тікелей жеке тұлғаларды біріктіру жолымен, сондай-ақ саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды қоспағанда, заңды тұлғалар – қоғамдық бірлестіктер арқылы да іске асады.

Саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды қоспағанда, құрылтай съезін (конференция, жиналыс) шақыратын, онда жарғы қабылданатын және басшы органдар қалыптастырылатын жеке және (немесе) заңды тұлғалар- қоғамдық бірлестіктер қоғамдық бірлестіктердің құрылтайшылары болып табылады. Қоғамдық бірлестіктердің құрылтайшылары – жеке және (немесе) заңды тұлғалар тең құқықтарға ие болады және бірдей міндеттерді атқарады.

3. Заңды тұлға ретінде коммерциялық емес ұйымның құқық қабілеттілігі ол мемлекеттік тіркелуден өткен кезден бастап туындайды.

Коммерциялық емес ұйымның айналысуға лицензия алу қажет болатын қызмет саласындағы құқық қабілеттілігі осындай лицензияны алған кезден бастап туындайды.

20-бап. Коммерциялық емес ұйымның құрылтайшылары

1. Коммерциялық емес ұйымның ұйымдық-құқықтық нысанына қарай, егер осы Заңда, Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, жеке және (немесе) заңды тұлғалар оның құрылтайшылары бола алады.

2. Коммерциялық емес ұйымды, тұтыну кооперативін, қауымдастықтарды (одақтарды) құру жағдайларын және коммерциялық емес ұйымдардың жекелеген түрлері туралы заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларды қоспағанда, жеке тұлға құруы мүмкін.

21-бап. Коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттары

1. Коммерциялық емес ұйымдардың құрылтай құжаттары:

1) мекеме үшін – меншік иесі (меншік иелері) бекіткен ереже (жарғы) және меншік иесінің (меншік иелерінің) құру туралы шешімі;

2) қор, тұтыну кооперативі, коммерциялық емес акционерлік қоғам қауымдастық (одақ) нысанындағы, өзге де ұйымдық-құқықтық нысандардағы заңды тұлғалар бірлестіктері үшін – құрылтайшылар бекіткен жарғы және құрылтай шарты;

3) қоғамдық бірлестік, діни бірлестік үшін – жарғы болып табылады.

2. Коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарының талаптары коммерциялық емес ұйымның өзінің, оның құрылтайшыларының (қатысушыларының) орындауы үшін міндетті.

3. Коммерциялық емес ұйымның бірінің құрылтай шарты мен жарғысы арасында қарама-қайшылықтар болған жағдайда:

1) егер олар құрылтайшылардың ішкі қатынастарына қатысты болса, құрылтай шартының;

2) егер олардың қолданылуы заңды тұлғаның үшінші тұлғалармен қатынасы үшін маңызды болса, жарғының талаптары қолданылуға тиіс.

22-бап. Коммерциялық емес ұйымның жарғысы

1. Коммерциялық емес ұйымның жарғысы:

1) коммерциялық емес ұйымның атауын, соның ішінде ұйымдық-құқықтық нысанын, қызметінің мәні мен мақсатын;

2) коммерциялық емес ұйымның орналасқан жерін;

3) коммерциялық емес ұйымның басқару органдарының құрылымын, қалыптастыру тәртібін және құзыретін;

4) коммерциялық емес ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) құқықтары мен міндеттерін;

5) коммерциялық емес ұйымның мүшелігіне (егер коммерциялық емес ұйымның мүшелігі болған жағдайда) қабылдау және одан шығу шарты мен тәртібін;

6) коммерциялық емес ұйымның мүлкін құрау көздерін;

7) коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібін;

8) коммерциялық емес ұйымды қайта ұйымдастыру және оның қызметін тоқтату шартын;

9) коммерциялық емес ұйым таратылған жағдайда оның мүлкін пайдалану тәртібін;

10) филиалдар мен өкілдіктер туралы мәліметтерді көздеуге тиіс.

2. Коммерциялық емес ұйымның жарғысы Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін, өзге де ережелерді көздеуі мүмкін.

3. Егер коммерциялық емес ұйымды бір тұлға құрған болса, онда оның жарғысында мүліктерді құрау және кірістерді пайдалану тәртібі де белгіленеді.

4. Осы баптың 1-тармағы 4) және 5)-тармақшаларының ережелері қорларға қолданылмайды. Қордың жарғысында осы баптың 1-тармағында көрсетілген мәліметтерден басқа, қор органдары туралы, қордың лауазымды адамдарын тағайындау және оларды қызметінен босату тәртібі туралы, ол таратылған жағдайда қор мүлкінің тағдыры туралы нұсқау болуға тиіс.

5. Тұтыну кооперативінің жарғысында осы баптың 1-тармағында көрсетілген мәліметтерден басқа, кооператив мүшелері пайларының

мөлшері туралы; кооператив мүшелерінің пайларын енгізу құрамы мен тәртібі және пай енгізу жөніндегі міндеттемелерді бұзғандығы үшін олардың жауапкершілігі туралы; кооперативті басқару органдарының құрамы мен құзыреті және олардың шешімдер қабылдау тәртібі туралы, соның ішінде шешімді бірауыздан немесе басым көпшілік дауыспен қабылдау мәселелері туралы; кооператив мүшелерінің оларға келтірілген шығынның орнын толтыру тәртібі туралы шарттар болуға тиіс.

6. Адвокаттар алқасының жарғысында мүшелікті тоқтата тұру тәртібі, заң консультацияларын құрудың және олардың қызметінің тәртібі, мүлікті құрайтын көздер және оларға билік ету тәртібі, мүшелік жарналарды төлеу тәртібі, адвокаттардың тегін заң көмегін көрсету тәртібі және соттың, анықтау және алдын ала тергеу органдарының тағайындауы бойынша адвокаттар арасында заң көмегін реттеп бөлу тәртібі, адвокаттарды аттестациядан өткізу тәртібі, адвокаттар алқасы мүшелері мен тағылымдамадан өтуші адвокаттардың тәртіптік жауапкершілігі және жауапкершілікке тарту тәртібі, адвокатты лицензиясынан айыру туралы өтініш қозғау тәртібі болуға тиіс.

6-1. Республикалық адвокаттар алқасының жарғысы Республикалық адвокаттар алқасының құрылымын, оның органдарының құрылу тәртібі мен құзыретін, мүлкін қалыптастыру көздерін және оған иелік ету тәртібін, адвокаттар алқалары жүзеге асыратын аудырымдар мөлшерін, сондай-ақ Республикалық адвокаттар алқасын қайта ұйымдастыру және тарату тәртібін қамтуға тиіс.

7. Қауымдастықтың (одақтың) құрылтай құжаттарында олардың органдарының құрамы және құзыреті, олардың шешімдер қабылдау тәртібі туралы және қауымдастық (одақ) таратылғаннан кейін қалған мүлікті бөлу тәртібі туралы шарттар да болуға тиіс.

8. Коммерциялық емес ұйымның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар оның жоғары органының (жалпы жиналыс, съезд, конференция, құрылтайшы) шешімі бойынша енгізіледі. Қор жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды, егер қор жарғысында оған осындай құқық берілген болса, қордың басқару органы енгізеді.

9. Коммерциялық емес акционерлік қоғам жарғысында қоғамның коммерциялық емес ұйым екендігі де, дауыс беру рәсімі, дивиденттерді төлемеу туралы ережелер де, Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген басқа талаптар да көрсетілуге тиіс.

23-бап. Құрылтай шарты

1. Құрылтай шарты – коммерциялық емес ұйым құру туралы құрылтайшылардың келісімі, мұнда оны құру жөніндегі бірлескен қызмет тәртібі, оның меншігіне (жедел басқару) өз мүлкін беру және оның қызметіне қатысу шарттары айқындалады. Мұнда, егер коммерциялық емес ұйымдардың жекелеген түрлері туралы заң актілерінде өзгеше көзделмесе, коммерциялық емес ұйымның қызметін басқару, құрыл-

тайшылардың оның құрамынан шығу шарты мен тәртібі де белгіленеді.

Құрылтай шартына құрылтайшылардың келісімі бойынша Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына қайшы келмейтін басқа да ережелер енгізілуі мүмкін.

2. Құрылтай шартына барлық құрылтайшылар немесе олар уәкілеттік берген адамдар қол қояды.

3. Қорды, жеке меншік мекемені, дербес білім беру ұйымын бір адам құрған жағдайда құрылтай шарты жасалмайды.

24-бап. Коммерциялық емес ұйымның филиалдары мен өкілдіктері

1. Коммерциялық емес ұйым Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында филиалдар құрып, өкілдіктер аша алады.

Қоғамдық және діни бірлестіктер, мекемелер осы ұйымдар туралы заң актілеріне сәйкес өздерінің құрылымдық бөлімшелерін құра алады.

2. Коммерциялық емес ұйымның филиалы оның тұрған жерінен тыс орналасқан және оның міндеттерінің бәрін немесе бір бөлігін, соның ішінде өкілдіктің міндетін жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйымның оқшауланған бөлімшесі болып табылады.

3. Коммерциялық емес ұйымның өкілдігі оның тұрған жерінен тыс орналасқан және коммерциялық емес ұйымның мүдделерін қорғауды және оның өкілдігін жүзеге асыратын, оның атынан мәмілелер және өзге де құқықтық іс-әрекеттер жасайтын коммерциялық емес ұйымның оқшауланған бөлімшесі болып табылады.

4. Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлғалар болып табылмайды. Олар өздерін құрған коммерциялық емес ұйымның мүлкін иемденеді және ол бекіткен ереже негізінде әрекет етеді. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі жеке баланста және оларды құрған коммерциялық емес ұйымның балансында ескеріледі.

5. Коммерциялық емес ұйымның филиалдары мен өкілдіктерінің (қоғамдық және діни бірлестіктерді қоспағанда) басшыларын коммерциялық емес ұйымның уәкілетті органы тағайындайды және оның сенімхаты негізінде әрекет етеді. Қоғамдық бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдар мен өкілдіктер) басшылары қоғамдық бірлестіктің жарғысында және оның филиалы немесе өкілдігі туралы ережеде көзделген тәртіппен сайланады.

Діни бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдар мен өкілдіктер) басшылары діни бірлестіктің жарғысында және оның филиалы мен өкілдігі туралы ережеде көзделген тәртіппен сайланады не тағайындалады.

6. Филиал және өкілдік өздерін құрған коммерциялық емес ұйымның атынан қызметін жүзеге асырады. Өз филиалының не өкілдігінің қызметі үшін оларды құрған коммерциялық емес ұйым жауапкершілікте болады.

6-1. Коммерциялық емес ұйымның филиалы мен өкілдігінің атауы өздерін құрған коммерциялық емес ұйымның атауын көрсетуді қамтуға тиіс.

7. Коммерциялық емес ұйымның филиалдары мен өкілдіктері есептік тіркелуге, ал атауын өзгерткен жағдайда – қайта тіркелуге жатады.

Есептік тіркеудің (қайта тіркеудің) тәртібі мен мерзімдері Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасында айқындалады.

25-бап. Коммерциялық емес ұйымды қайта ұйымдастыру

1. Коммерциялық емес ұйым Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы заңда, басқа да заң актілерінде көзделген тәртіппен қайта ұйымдастырылуы мүмкін.

2. Коммерциялық емес ұйымды қайта ұйымдастыру қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру нысанында және заңдарда көзделген басқа да нысандарда жүргізілуі мүмкін.

3. Коммерциялық емес ұйым, біріктіру нысанындағы қайта ұйымдастыру жағдайларын қоспағанда, жаңадан пайда болған ұйымның (ұйымдардың) мемлекеттік тіркеуден өткен кезінен бастап қайта ұйымдастырылған болып есептеледі.

Коммерциялық емес ұйым оған екінші бір ұйымның қосылуы нысанында қайта ұйымдастырылған кезде қосылған ұйым қызметінің тоқтатылғаны туралы мәліметтер Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген кезден бастап олардың біріншісі қайта ұйымдастырылды деп есептеледі.

4. Қайта ұйымдастыру нәтижесінде жаңадан пайда болған ұйымды (ұйымдарды) мемлекеттік тіркеу және қайта ұйымдастырылған ұйым (ұйымдар) қызметінің тоқтатылғаны туралы мәліметтерді Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізу Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

26-бап. Коммерциялық емес ұйымды тарату

1. Коммерциялық емес ұйым Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы Заңда және басқа да заң актілерінде көзделген негізде және тәртіппен ерікті түрде (оның мүлкін иеленушінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның шешімі бойынша, сондай-ақ бұған құрылтай құжаттарында уәкілеттік берілген заңды тұлға органының шешімі бойынша) және мәжбүрлеп (сот шешімі бойынша) таратылуы мүмкін.

2. Коммерциялық емес ұйымды тарату туралы шешім қабылдаған коммерциялық емес ұйымның құрылтайшылары (қатысушылары)

немесе орган бұл туралы заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге асырған әділет органына дереу жазбаша хабарлауға міндетті.

Коммерциялық емес ұйымды тарату туралы шешім қабылдаған құрылтайшылар немесе орган тарату комиссиясын тағайындайды және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, осы Заңға сәйкес коммерциялық емес ұйымды таратудың тәртібі мен мерзімін белгілейді.

3. Тарату комиссиясы тағайындалған кезден бастап оған коммерциялық емес ұйымның мүлкін және ісін басқару жөніндегі өкілеттік көшеді. Тарату комиссиясы таратылатын коммерциялық емес ұйымның атынан сотта әрекет етеді.

27-бап. Коммерциялық емес ұйымды тарату тәртібі

1. Тарату комиссиясы орталық әділет органының ресми басылымдарында заңды тұлғаның таратылуы туралы, сондай-ақ оның кредит берушілерінің талаптарын мәлімдеудің тәртібі мен мерзімі туралы ақпарат жариялайды. Талаптарды мәлімдеудің мерзімі коммерциялық емес ұйымды тарату туралы жарияланған кезден бастап екі айдан кем болмауға тиіс.

Тарату комиссиясы кредит берушілерді айқындауға және берешектерін алуға, филиалдар мен өкілдіктерді есептен шығаруға шара қолданады, сондай-ақ кредит берушілерді коммерциялық емес ұйымның таратылғандығы туралы жазбаша хабардар етеді.

2. Кредит берушілердің талаптар қоюына арналған мерзім аяқталған соң тарату комиссиясы аралық тарату балансын жасайды, мұнда таратылатын коммерциялық емес ұйымның мүлік құрамы туралы мәліметтер, кредит берушілер мәлімдеген талаптардың тізбесі, сондай-ақ олардың қаралу нәтижелері туралы мәліметтер болады.

Аралық тарату балансын коммерциялық емес ұйымның мүлкін иеленуші немесе коммерциялық емес ұйымды тарату туралы шешім қабылдаған орган бекітеді.

3. Егер таратылған коммерциялық емес ұйымның (мемлекеттік мекемелерден басқа) ақшасы кредит берушілердің талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болса, тарату комиссиясы сот шешімдерін орындау үшін белгіленген тәртіппен, коммерциялық емес ұйымның мүлкін ашық сауда арқылы сатуды жүзеге асырады.

4. Таратылатын коммерциялық емес ұйымның кредит берушілеріне ақша төлеуді Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 51-бабында белгіленген кезектілік тәртібімен, аралық тарату балансына сәйкес, ол бекітілген күннен бастап тарату комиссиясы жүргізеді.

5. Кредит берушілермен есеп айырысу аяқталған соң тарату комиссиясы тарату балансын жасайды, оны коммерциялық емес ұйымның мүлкін меншіктенуші немесе коммерциялық емес ұйымды тарату туралы шешім қабылдаған орган бекітеді.

6. Таратылатын мекеменің ақшасы кредит берушілердің талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған жағдайда, соңғысы талаптардың қалған бөлігін осы мекеменің мүлкін меншіктенушінің есебінен қанағаттандыру туралы шағыммен сотқа жүгінуге құқылы.

28-бап. Таратылатын коммерциялық емес ұйымның мүлкі

1. Коммерциялық емес ұйымның таратылған кезде кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкі, егер заң актілерінде өзгеше тәртіп көзделмесе, құрылтай құжаттарында көрсетілген мақсаттарға жұмсалады.

Коммерциялық емес ұйым салық жеңілдіктерін және басқа да жеңілдіктерді пайдаланған және мүшелерінің және (немесе) құрылтайшыларының жарналары мен өз қызметінен түскен кірістері, жұртшылықтың қайырмалдықтары есебінен жұмыс жасаған, мемлекеттен немесе мемлекеттік емес ұйымдардан гранттар алған жағдайда, таратылған кезде кредит берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүлікті ұйымның мүшелері, құрылтайшылары, лауазымды адамдары немесе жалдамалы қызметкерлері арасында қайта бөлуге болмайды, ол ұйымның жарғысына сәйкес оның жарғылық мақсаттарына пайдаланылуға тиіс. Егер ұйымның жарғысында мұндай тәртіп көзделмесе, тарату туралы шешім қабылдаған органның ұйғаруы бойынша қалған мүлік таратылатын ұйымдікі сияқты мақсаттарды немесе оларға жақын мақсаттарды ұстанатын коммерциялық емес ұйымға берілуі мүмкін.

2. Тұтыну кооперативі таратылған немесе кооператив мүшесі одан шыққан жағдайда оның тұтыну кооперативінің мүлкінен үлесін өз пайына бара-бар бөліп алуға құқығы бар.

Селолық тұтыну кооперативінен шыққан жағдайда оның мүшесі селолық кооперативтің мүлкіндегі өзінің үлесін бөлісуге және оның құнын немесе кооперативтің барлық мүшелерінің келісімі бойынша өз пайына барабар заттай мүлік алуға құқылы.

Тұтыну кооперативінің мүшесі қайтыс болған жағдайда, егер заң актілерінде және кооператив жарғысында өзгеше көзделмесе, оның мұрагерлерінің кооператив мүшелігіне қабылдануға бірінші кезекте құқығы болады. Заң актілерінде және кооператив жарғысында өзгеше көзделген жағдайда кооператив мұрагерлерге тұтыну кооперативі мүлкінен оның пайына бара-бар үлесін төлейді.

3. Құрылтайшылар мекеменің мүлкіне меншік құқығын сақтайды.

4. Коммерциялық емес акционерлік қоғамның кредит берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүлкі барлық акционерлер арасында оларға тиесілі акциялардың санына бара-бар бөлінеді.

29-бап. Коммерциялық емес ұйымды таратудың аяқталуы

Коммерциялық емес ұйымның таратылуы аяқталды, ал коммерциялық емес ұйым өз қызметін тоқтатты деп бұл жөнінде мәліметтер

Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілгеннен кейін есептеледі.

31-бап. Коммерциялық емес ұйымды мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу

Коммерциялық емес ұйымды мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4-ТАРАУ. КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

32-бап. Коммерциялық емес ұйымның қызмет түрлері

1. Коммерциялық емес ұйым Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған және коммерциялық емес ұйымның мақсаттарына сәйкес келетін, оның құрылтай құжаттарында көзделген бір немесе бірнеше қызмет түрін жүзеге асыра алады.

2. Жекелеген ұйымдық-құқықтық нысандағы коммерциялық емес ұйымдар айналысуға құқылы қызмет түрлеріне Қазақстан Республикасының заң актілерінде шектеулер қойылуы мүмкін.

3. Коммерциялық емес ұйымдар заң актілеріне сәйкес жекелеген қызмет түрлерін лицензиялар негізінде ғана жүзеге асыра алады.

33-бап. Коммерциялық емес ұйымның кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқығы

1. Коммерциялық емес ұйым өзінің жарғылық мақсаттарына сәйкес келетіндей ғана кәсіпкерлік қызметпен айналыса алады.

2. Жекелеген ұйымдық-құқықтық нысандағы коммерциялық емес ұйымдардың кәсіпкерлік қызметіне Қазақстан Республикасының заң актілерінде шектеулер қойылуы мүмкін.

3. Коммерциялық емес ұйым кәсіпкерлік қызметі бойынша кірістер мен шығыстардың есебін жүргізеді.

4. Коммерциялық емес ұйымдардың кәсіпкерлік қызметіне салық салу Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Коммерциялық емес ұйымдардың кәсіпкерлік қызметінен алынатын кірістерді коммерциялық емес ұйымдардың мүшелері (қатысушылары) арасында бөлісуге болмайды, ол жарғылық мақсаттарға жұмсалады. Қоғамдық және діни бірлестіктердің, қорлардың өз қаражаттарын қайырымдылық мақсаттарға пайдалануына жол беріледі.

34-бап. Коммерциялық емес ұйымның мүлкі

1. Коммерциялық емес ұйымның меншігінде немесе оралымды басқаруында оның жарғысында көзделген қызметін материалдық жағынан

қамтамасыз етуге қажетті, заң актілеріне сәйкес коммерциялық емес ұйымдардың меншігінде болуға болмайтын мүліктің жекелеген түрлерін қоспағанда, объектілер, мүлік, сондай-ақ өзінің қаражаты есебінен құрылған ұйымдар болуы мүмкін.

Діни бірлестіктердің өз қаражаты есебінен иемденіп алған немесе өздері құрған, азаматтар, ұйымдар қайырмалдық ретінде берген, немесе мемлекет берген және заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да негіздер бойынша иемденіп алынған мүлікке меншік құқығы болады.

Мекеменің өзіне бекітіліп берілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше иеліктен айыруға немесе өзгеше әдіспен оған билік етуге құқығы жоқ.

2. Коммерциялық емес ұйым (мекемелерді қоспағанда) өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен жауап береді.

35-бап. Коммерциялық емес ұйымның мүлкін құрау көздері

1. Мыналар:

1) құрылтайшылардан (қатысушылардан, мүшелерден) түскен түсімдер;

2) ерікті мүліктік жарналар мен қайырмалдықтар;

3) заңдарда белгіленген жағдайларда тауарлар сатудан, жұмыстардан, қызмет көрсетуден түскен түсімдер (кіріс);

4) акциялар, облигациялар, басқа да бағалы қағаздар және салымдар (депозиттер) бойынша алынған дивидендтер (кірістер, сыйақы (мүдде);

5) заңмен тыйым салынбаған басқа да түсімдер, заң актілеріне сәйкес, коммерциялық емес ұйымның мүлкін ақшалай және өзге де нысандардағы құрау көздері болып табылады.

2. Коммерциялық емес ұйымдардың жекелеген түрлерінің кіріс көздеріне заң актілерімен шектеулер қойылуы мүмкін.

3. Құрылтайшылардан (қатысушылардан, мүшелерден) түсетін қаржы және өзге де қаражат түсімдерінің тәртібі коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарында белгіленеді.

4. Коммерциялық емес ұйымның мүлкін, ақшалай нысаннан басқа, заттай және өзге нысандарда құрауға құрылтайшылардың салымдары барлық құрылтайшылардың келісімі бойынша ақшалай нысанда бағаланады. Егер мұндай салымның құны жиырма мың айлық есептік көрсеткішке тең сомадан асып кетсе, оны бағалауды аудиторлық ұйым растауға тиіс.

36-бап. Мүдделер қайшылығы

1. Коммерциялық емес ұйым мен мүдделі адамдардың арасындағы ұйымның мүлкін пайдалануға байланысты мәмілелер мүдделер қайшылығы орын алуын ұйғарымдайды.

2. Коммерциялық емес ұйымның басқару органының (басшылық етуші органының) мүшелері, сондай-ақ осы өз ұйымымен жеке өзі немесе өкілі арқылы мәмілелер жасасатын, ұйыммен қатынастарына орай өз мүлкімен ұйымға билік етуге ықпал ете алатын адамдар мүдделі адамдар деп танылады.

3. Коммерциялық емес ұйым мүдделі адамдардың туыстарымен, сондай-ақ олардың кредит берушілерімен мәмілелер жасаса да мүдделер қайшылығы ұйғарымдалады.

37-бап. Мүдделер қайшылығын шешу

Мүдделер қайшылығы ұйғарымдалған мәмілені коммерциялық емес ұйымның уәкілетті органы бекітуге тиіс. Мүдделі адам осындай мәміле жасасудың ұйғарымдалғаны туралы ұйымның уәкілетті органын хабардар етуге тиіс.

Егер мәмілені уәкілетті органдар бекітпеген болса, мүдделер қайшылығы орын алған мұндай мәміленің жасалуы нәтижесінде коммерциялық емес ұйымға келтірілген шығындардың орнын толтыруға мүдделі адам жауап береді.

Шығындардың орнын толтыруға қоса, осындай мүдделі адам осындай мәмілені жасау нәтижесінде алған сол адамның бүкіл кірісін коммерциялық емес ұйымға қайтаруға тиіс.

Егер шығындар бірнеше мүдделі адамның іс-қимылдары нәтижесінде туындаған болса, олар коммерциялық емес ұйымның алдында ортақ жауап беруі тиіс.

5-ТАРАУ. КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДЫ БАСҚАРУ

38-бап. Коммерциялық емес ұйымды басқару негіздері

Коммерциялық емес ұйымның басқару органдарының құрылымы, құзыреті, құрылу тәртібі мен өкілеттіктерінің мерзімі, олардың шешімдер қабылдау мен коммерциялық емес ұйымның атынан әрекет жасау тәртібі заңдарда және коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарында белгіленеді.

39-бап. Коммерциялық емес ұйымның басқару органдары

1. Коммерциялық емес ұйымдардың, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, құрылтай құжаттарына сәйкес олардың басқару органдары мыналар болып табылады:

1) жоғары басқару органы (жалпы жиналыс, съезд, конференция, құрылтайшы) – коммерциялық емес ұйым қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы;

2) басқарудың атқарушы органы (алқалы немесе дара басқару) коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарымен жоғары басқару органының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда,

коммерциялық емес ұйымның қызметін ағымдағы басқаруды жүзеге асырады, жоғары басқару органына есеп береді;

3) коммерциялық емес ұйымның басқару органдары сайлайтын немесе тағайындайтын тексеру органы (тексеру комиссиясы, тексеруші);

4) коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарына сәйкес басқа да органдар.

2. Коммерциялық емес ұйымның жоғары басқару органының ерекше құзыретіне:

1) коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарын қабылдау, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2) коммерциялық емес ұйымды ерікті түрде қайта ұйымдастыру және тарату;

3) коммерциялық емес ұйымның басқару органдарының құзыретін, ұйымдық құрылымын, оларды құру және өкілеттіктерін тоқтату тәртібін айқындау;

4) атқарушы органдардың қаржы есептемесін табыс етуінің тәртібі мен мерзімділігін, сондай-ақ бақылау органының тексеру жүргізу тәртібін және олардың нәтижелерін бекітуді айқындау;

5) заң актілерінде белгіленген шекте коммерциялық емес ұйымның басқа заңды тұлғаларды, сондай-ақ өз филиалдары мен өкілдіктерін құруы немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау мәселелері жатады.

Жоғары басқару органының ерекше құзыретіне заң актілеріне сәйкес коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарымен осы ұйым қызметінің басқа да мәселелері жатқызылуы мүмкін.

3. Коммерциялық емес ұйым өзінің жоғары басқару органының мүшелеріне, жоғары басқару органының жұмысына қатысуына тікелей байланысты шығыстардың өтемін қоспағанда, өздеріне жүктелген міндеттерді олардың орындағаны үшін сыйақы төлеуді жүзеге асыруға құқылы емес.

4. Коммерциялық емес ұйымның еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін штаттағы қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы және Қазақстан Республикасының әлеуметтік қамсыздандыру және сақтандыру туралы заңнамасы қолданылады.

5. Осы баптың 1-3-тармақтарының ережелері дербес білім беру ұйымдарына қолданылмайды.

6-ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДАР

40-бап. Мемлекет және коммерциялық емес ұйымдар

1. Мемлекет коммерциялық емес ұйымдарды құруды және олардың белсенді қызмет етуін көтермелейді. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес коммерциялық емес ұйымдарға салық, кеден жеңілдіктері және басқа да жеңілдіктер берілуі мүмкін.

2. Коммерциялық емес ұйымдар өз қызметінің мақсаттарына сәйкес мемлекеттік органдармен келісімдер жасасын, ынтымақтасуы және олар үшін белгілі бір жұмыстарды орындауы мүмкін.

41-бап. Коммерциялық емес ұйымның қызметін бақылау

1. Коммерциялық емес ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен бухгалтерлік есепті жүргізеді және алғашқы статистикалық деректерді мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға береді.

2. Коммерциялық емес ұйым Қазақстан Республикасының заңдарына және коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарына сәйкес мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға және салық органдарына, құрылтайшыларға және өзге де тұлғаларға өз қызметі туралы ақпарат береді.

Шет мемлекеттер, халықаралық және шетелдік ұйымдар, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар өтеусіз негізде беретін қаражат есебінен қызметін жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес салық органдарына осы қаражатты пайдалану туралы есепті ұсынады.

3. Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік және халықаралық коммерциялық емес ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктері (оқшауланған бөлімшелері) баспасөз басылымдарында жыл сайын өз қызметі туралы, оның ішінде өз құрылтайшылары, мүліктің құрамы туралы, ақшаны қалыптастыру көздері мен жұмсау бағыттары туралы ақпарат жариялайды.

4. Коммерциялық емес ұйым кірістердің мөлшері мен құрылымы, сондай-ақ коммерциялық емес ұйым мүлкінің мөлшері мен құрамы туралы, оның шығыстары, қызметкерлерінің саны мен құрамы туралы, олардың еңбегіне ақы төлеу, коммерциялық емес ұйымның қызметінде азаматтардың өтеусіз еңбегін пайдалану туралы мәліметтер коммерциялық құпияның нысаны бола алмайды.

42-бап. Коммерциялық емес ұйымның қызметін тоқтата тұру

1. Коммерциялық емес ұйымның қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын бұзған немесе коммерциялық емес ұйымның жарғысында белгіленген қызметтің мәні мен міндеттері шегінен шығатын әрекеттерді бірнеше рет жасаған жағдайларда прокуратура органдарының ұсынуы негізінде шығарылған сот шешімімен үш айдан алты айға дейінгі мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделгендей, коммерциялық емес ұйымның қызметі тоқтатыла тұрған жағдайда оған құрылтай құжаттарында көзделген қызметпен айналысуға тыйым салынады. Оның банк шоттарын пайдалану құқығы да тоқтатыла тұрады, бұған еңбек шарттары бойынша есеп айырысу, өз қызметі салдарынан келтірілген шығын-

дардың орнын толтыру мен айыппұл төлеу қосылмайды.

Егер коммерциялық емес ұйым өз қызметін тоқтата тұруға негіз болған бұзушылықтарды қызметі тоқтатыла тұруы белгіленген мерзім ішінде жойса, онда аталған мерзім аяқталған соң коммерциялық емес ұйым өз қызметін қайта бастайды. Коммерциялық емес ұйым бұзушылықтарды жоймаған жағдайда прокуратура органдары оны тарату туралы сотқа арыз беріп жолдануға құқылы.

3. Коммерциялық емес ұйымның қызметін тоқтата тұру туралы шешім қабылдаған сот коммерциялық емес ұйымның бұзушылықты жоюына байланысты ұсынысы бойынша осы шектеуді мерзімінен бұрын алып тастауға құқылы.

43-бап. Коммерциялық емес ұйымның, жеке және заңды тұлғалардың жауапкершілігі

1. Заңдарды бұзу коммерциялық емес ұйымның Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен жауапты болуына әкеп соқтырады.

2. Коммерциялық емес ұйымдар туралы заңдарды бұзғандығы үшін бұған кінәлі жеке және заңды тұлғалар, соның ішінде мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары да жауапты болады.

Қазақстан Республикасының
Президенті **Н. Назарбаев**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕР ТУРАЛЫ

Бірлесу бостандығына құқық адам мен азаматтың аса маңызды және конституциялық құқықтарының бірі болып табылады, оның іске асырылуы қоғам мүдделеріне сай келеді және мемлекеттің қорғауында болады.

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1-бап. Осы Заңмен реттелетін мәселелер

Осы Заңмен реттелетін мәселелер – Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлесу бостандығына құқығын іске асыруға, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің құрылуына, қызметіне, қайта ұйымдастырылуына және таратылуына байланысты пайда болатын қоғамдық қатынастар.

2-бап. Қоғамдық бірлестік ұғымы

Қазақстан Республикасында саяси партиялар, кәсіптік одақтар және азаматтардың ортақ мақсаттарға жету үшін ерікті негізде құрылған, заңдарға қайшы келмейтін басқа да бірлестіктері қоғамдық бірлестіктер деп танылады. Қоғамдық бірлестіктер коммерциялық емес ұйымдар болып табылады.

3-бап. Қоғамдық бірлестіктер туралы заңдар

Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктер туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен оған қайшы келмейтін басқа да заң актілерінен тұрады.

Осы Заңның күші азаматтардың бастамасымен құрылған барлық қоғамдық бірлестіктерге қолданылады, бұған діни бірлестіктер, құрылу тәртібі мен қызметі өзге заң актілерімен белгіленетін өзін-өзі басқару органдары мен қоғамдық ынталы органдар кірмейді.

Осы Заңның күші Қазақстан Республикасы аумағында құрылған және жұмыс істейтін шетелдік және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) қызметіне қолданылады, бұған діни бірлестіктер кірмейді.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Саяси партиялардың кәсіптік одақтардың және басқа да жекелеген қоғамдық бірлестіктер түрлерінің құрылуына, қызметіне, қайта ұйымдастырылуына және таратылуына байланысты ерекшеліктер өзге заң актілерімен реттелуі мүмкін. Аталған қоғамдық бірлестіктердің өзге заң актілерімен реттелмеген қызметі осы Заңмен реттеледі.

4-бап. Мемлекет және қоғамдық бірлестіктер

Мемлекет қоғамдық бірлестіктердің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

мемлекеттің қоғамдық бірлестіктер істеріне және қоғамдық бірлестіктердің мемлекет істеріне заңсыз араласуына, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың міндеттерін жүктеуге жол берілмейді.

Қоғамдық бірлестіктер мемлекеттік органдармен ынтымақтасуы және өзара іс-қимыл етуі, олармен келісімдер жасасуы мүмкін, мемлекеттік органдармен шарттар бойынша олар үшін заңдарда көзделген белгілі бір жұмыстар орындауы мүмкін.

Қоғамдық бірлестіктер аппараттарының қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы, Қазақстан Республикасының әлеуметтік қамсыздандыру және сақтандыру туралы заңнамасы қолданылады.

Заң актілерінде көзделген жағдайларда қоғамдық бірлестіктердің мүдделерін қозғайтын мәселелерді қоғамдық бірлестіктермен келісе отырып, мемлекеттік органдар шешуі мүмкін.

5-бап. Қоғамдық бірлестіктер қызметінің негіздері

Қоғамдық бірлестіктер азаматтардың саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары мен бостандықтарын іске асыру мен қорғау, белсенділігі мен ынталылығын дамыту; кәсіби және әуесқойлық мүдделерін қанағаттандыру, ғылыми, техникалық және көркем шығармашылығын дамыту, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау, қоршаған табиғи ортаны қорғау; қайырымдылық қызметке қатысу; мәдениет-ағарту, спорт-сауықтыру жұмыстарын жүргізу; тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау; патриоттық, құқықтық және адамгершілік тәрбие беру; халықаралық ынтымақтастық кеңейту және нығайту; Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де қызметті жүзеге асыру мақсаттарында құрылып, жұмыс істейді.

Экстремистік мақсаттарды көздейтін қоғамдық бірлестіктерді құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген әскерилендірілген құралымдарды құруға тыйым салынады.

Қазақстан Республикасы аумағында әскерилендірілген құрылымы, түрі, арнаулы айырым белгілері, гимндері, жалаулары, вымпельдері, ішкі тәртіп пен басқарудың ерекше ережелері, қаруы, соның ішінде қару іспеттес заттары бар әскерилендірілген құрамалар үлгісіндегі қоғамдық бірлестіктер құруға тыйым салынады.

Басқа мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіптік одақтарының, діни негіздегі партиялардың қызметіне, сондай-ақ саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтардың, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қаржыландыруына жол берілмейді.

Азаматтардың денсаулығы мен адамгершілік негіздеріне қастандық жасайтын қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ тіркелмеген қоғамдық бірлестіктердің қызметіне жол берілмейді.

6-бап. Қоғамдық бірлестіктер құрудың және олардың қызметінің принциптері

Қоғамдық бірлестіктер заң алдында тең. Қоғамдық бірлестіктер қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен өзге де заң актілері шеңберінде жүзеге асырады.

Қоғамдық бірлестіктер өз мүшелерінің (қатысушыларының) еріктілігі, тең құқықтылығы, өзін-өзі басқару, қызметінің заңдылығы, есептілігі мен жариялылығы негізінде құрылып, жұмыс істейді.

Азаматтың қоғамдық бірлестік қызметіне қатысуы немесе қатыспауы оның құқықтары мен бостандықтарын шектеу үшін негіз бола алмайды. Ресми құжаттарда қоғамдық бірлестікке мүшелік (қатысу) туралы көрсетуді талап етуге жол берілмейді.

7-бап. Қоғамдық бірлестіктердің мәртебесі

Қазақстан Республикасында республикалық, аймақтық және жергілікті қоғамдық бірлестіктер құрылып, жұмыс істеуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы облыстарының жартысынан астамының аумағында өздерінің құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) бар бірлестіктер республикалық қоғамдық бірлестіктерге жатады.

Қазақстан Республикасы облыстарының жартысынан азының аумағында өздерінің құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) бар бірлестіктер аймақтық қоғамдық бірлестіктерге жатады.

Жергілікті қоғамдық бірлестіктерге Қазақстан Республикасының бір облысы шегінде жұмыс істейтін бірлестіктер жатады.

Республикалық және аймақтық қоғамдық бірлестіктер өз мәртебесін растау үшін тіркелген күннен бастап бір жыл өткенге дейін осы бірлестікті тіркеген органға құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) аумақтық әділет органдарында есептік тіркеуден өткенін растайтын құжаттардың көшірмелерін табыс етуге міндетті.

8-бап. Қоғамдық бірлестіктер одақтары (қауымдастықтары)

Белгіленген тәртіппен құрылған және тіркелген қоғамдық бірлестіктер, түріне қарамастан, одақтар (қауымдастықтар) қабылдаған құрылтай шарттары мен жарғылары негізінде жаңа заңды тұлға жасай отырып, қоғамдық бірлестіктер одақтарын (қауымдастықтарын) құруға, сондай-ақ халықаралық одақтарға (қауымдастықтарға) қатысушы болуға құқылы.

Қоғамдық бірлестіктер, соның ішінде халықаралық бірлестіктер одақтарының (қауымдастықтарының) қызметі мен мемлекеттік тіркелу тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес белгіленеді.

9-бап. Халықаралық және шетелдік коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің Қазақстан Республикасы аумағындағы қызметі

Қазақстан Республикасы аумағында халықаралық және шетелдік коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) құрылып, жұмыс істей алады.

Халықаралық және шетелдік коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері), егер олар Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін болса, сол бірлестіктердің жарғыларын басшылыққа алады.

2-ТАРАУ. ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРДІ ҚҰРУ, ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ, ТАРАТУ

10-бап. Қоғамдық бірлестікті құру

Қоғамдық бірлестік Қазақстан Республикасы азаматтарының кемінде он адамнан тұратын тобының бастамасы бойынша құрылады.

Азаматтардың қоғамдық бірлестіктерді құру құқығы тікелей жеке тұлғаларды біріктіру жолымен, сондай-ақ саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды қоспағанда, заңды тұлғалар – қоғамдық бірлестіктер арқылы да іске асырылады.

Саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды қоспағанда, құрылтай съезін (конференция, жиналыс) шақыратын, онда жарғы қабылданатын және басшы органдар қалыптастырылатын жеке тұлғалар және (немесе) заңды тұлғалар – қоғамдық бірлестіктер қоғамдық бірлестіктердің құрылтайшылары болып табылады. Қоғамдық бірлестіктердің құрылтайшылары – жеке және (немесе) заңды тұлғалар тең құқықтарға ие болады және бірдей міндеттерді атқарады.

Қоғамдық бірлестіктердің заңды тұлға ретіндегі құқықтық қабілеттілігі ол Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіп бойынша тіркелген кезден бастап пайда болады.

11-бап. Қоғамдық бірлестікке мүшелік (қатысу)

Қазақстан Республикасының азаматтары және (немесе) саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды қоспағанда, заңды тұлғалар – қоғамдық бірлестіктер, қоғамдық бірлестіктердің мүшелері (қатысушылары) бола алады. Саяси партиялардан басқа қоғамдық бірлестіктердің жарғыларымен оларға шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың мүшелігі (қатысуы) көзделуі мүмкін.

Он алты жасқа толған азаматтар саяси партиялар жанындағы жастардың қоғамдық бірлестіктерінің мүшелері (қатысушылары) бола алады. Өзге де қоғамдық жастар және балалар бірлестіктері мүшелерінің жас шамасы солардың жарғыларымен (ережелерімен) белгіленеді.

Мүшелікке ие болу және одан айрылу ережелері мен тәртібі қоғамдық бірлестіктердің жарғыларымен белгіленеді.

Әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері және судьялар партияларда, кәсіптік одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдап әрекет етпеуге тиіс.

12-бап. Қоғамдық бірлестіктің жарғысы

Қоғамдық бірлестіктің жарғысында мыналар көзделуге тиіс:

1) қоғамдық бірлестіктің атауы, қызметінің мәні мен мақсаттары;

2) қоғамдық бірлестікке мүшелік (қатысу), мүшелікке ие болу және одан айырылу ережесі мен тәртібі, мүшелерінің (қатысушылардың) құқықтары мен міндеттері;

3) қоғамдық бірлестіктің ұйымдық құрылымы, құрылымдық бөлімшелердің (филиалдар мен өкілдіктердің) құқықтық жағдайы және шегінде өз қызметін жүзеге асыратын аумақ;

4) басшы органдарды құру тәртібі, олардың құзыреті мен өкілеттік мерзімдері, қоғамдық бірлестіктің тұрақты жұмыс істейтін басшы органы орналасқан орын;

5) қоғамдық бірлестіктің ақша қаражаты мен өзге де мүлкінің қалыптастырылу көздері, қоғамдық бірлестік пен оның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) мүлікті басқару жөніндегі құқықтары;

6) қоғамдық бірлестіктің жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі;

7) қоғамдық бірлестікті қайта ұйымдастыру мен тарату тәртібі, қоғамдық бірлестік таратылған жағдайда оның мүлкінің тағдыры.

Жарғыда қоғамдық бірлестіктің қызметіне қатысты, Қазақстан Республикасы заңдарына қайшы келмейтін өзге де ережелердің көзделуі мүмкін.

Жарғы қабылдау, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу қоғамдық бірлестіктің жоғары органы – съездің (конференцияның, жиналыстың) құзыретіне ғана жатады.

13-бап. Қоғамдық бірлестікті мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу

Республикалық, аймақтық қоғамдық бірлестіктерді, шетелдік және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүзеге асырады.

Жергілікті қоғамдық бірлестіктерді, филиалдар мен өкілдіктерді мемлекеттік тіркеуді аумақтық әділет органдары жүзеге асырады.

Қоғамдық бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу мен қайта тіркеу заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы заңдарда көзделген тәртіп пен мерзімдерде жүргізіледі.

Қоғамдық бірлестікті тіркеу үшін ол құрылған күннен бастап екі ай мерзім ішінде тіркеуші органға өтініш беріледі. Өтінішке жарғы, жарғыны қабылдаған құрылтай съезінің (конференциясының, жиналысының) хаттамасы, бірлестікті құру бастамашылары туралы мәлімет және қоғамдық бірлестіктің тұрған жерін, сондай-ақ заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден өткізгені үшін алымның төленгенін растайтын құжаттар қоса тіркеледі.

Қоғамдық бірлестікті тіркеу туралы өтініш беру үшін белгіленіп, дәлелді себептермен өткізіп алынған мерзімді тіркеуді жүзеге асыратын орган қалпына келтіреді.

Заңдарда көзделген реттерде қоғамдық бірлестік қайта тіркелуге тиіс.

Қоғамдық бірлестіктерді тіркеу және қайта тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден өткізгені үшін алым алынады.

14-бап. Қоғамдық бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу

Қоғамдық бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) есептік тіркелуге тиіс.

Шетелдік және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүргізеді.

Қоғамдық бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) есептік тіркеу аумақтық әділет органдарында жүргізіледі.

Есептік тіркеуден өту тәртібі мен мерзімдері заңды тұлғаларды тіркеу туралы заңдармен реттеледі.

15-бап. Мемлекеттік тіркеу мерзіміндегі үзіліс

Мемлекеттік тіркеу мерзімінде құрылтай құжаттарына сараптама жүргізілген, саяси партиялар мүшелерінің тізімдері тексерілген жағдайларда, сондай-ақ заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы заң актілерінде көрсетілген негіздер бойынша үзіліс жасалады.

16-бап. Мемлекеттік тіркеуден бас тарту

Қоғамдық бірлестікті, оның құрылымдық бөлімшесін (филиалы мен өкілдігін) тіркеуден бас тарту заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы заңдарға сәйкес жүргізіледі.

Тіркеуден бас тартуға сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

17-бап. Қоғамдық бірлестікті қайта ұйымдастыру және тарату

Қоғамдық бірлестікті қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру оның жарғысында және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен қоғамдық бірлестік органының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Қоғамдық бірлестікті тарату Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

18-бап. Қоғамдық бірлестіктің рәмізі

Қоғамдық бірлестіктердің Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өз рәмізі (жалауы, гимні, эмблемасы, вымпелдері, омырау белгілері) болуы мүмкін.

Қоғамдық бірлестіктердің толық және қысқартылған атауы мен оның рәмізі Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің, мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасында тіркелген қоғамдық бірлестіктердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарын бұзушылыққа байланысты таратылған қоғамдық ұйымдардың атауы мен рәмізін толық немесе олардың елеулі бөлігін қайталамауға тиіс.

Қоғамдық бірлестік рәмізінің сипаттамасы мен эскиздері жарғыда бекітіледі

3-ТАРАУ. ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ. ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТІҢ МЕНШІГІ

19-бап. Қоғамдық бірлестіктің құқықтары мен міндеттері

Қоғамдық бірлестіктер жарғыда және Қазақстан Республикасының заңдарында берілген өкілеттік шегінде жұмыс істейтін басшы органдары арқылы құқықтарға ие болып, өздеріне міндеттер алады.

Жарғылық мақсаттарды жүзеге асыру үшін қоғамдық бірлестіктер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен:

- өз қызметі туралы ақпарат таратуға;
- соттар мен басқада мемлекеттік органдарда, өзге де қоғамдық бірлестіктерде өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіруге және қорғауға;
- бұқаралық ақпарат құралдарын құруға;
- жиналыстар, митингілер, демонстрациялар, шерулер мен пикеттер өткізуге;
- баспа қызметін жүзеге асыруға;
- халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктерге кіруге;
- Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де өкілеттікті жүзеге асыруға құқылы.

Қоғамдық бірлестік:

- Қазақстан Республикасының заңдарын, сондай-ақ жарғыда көзделген нормаларды сақтауға;
- өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен және шешімдермен олардың танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;
- ақша қаражатының келіп түсуі мен жұмсалуы туралы өз мүшелерін хабардар етуге;
- тұрақты жұмыс істейтін басшы орган орналасқан жердің және Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілетін мәліметтер көлемінде басшылар туралы деректердің өзгергені туралы тіркеуші органға хабарлап отыруға міндетті.

20-бап. Қоғамдық бірлестіктердің кәсіпкерлік қызметі

Қоғамдық бірлестіктер жарғылық мақсаттарға қол жеткізетіндей кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыра алады. Кәсіпкерлік қызметті қоғамдық бірлестіктер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

Қоғамдық бірлестіктердің кәсіпкерлік қызметінен алынатын табысқа Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес салық салынуға тиіс.

Қоғамдық бірлестіктердің кәсіпкерлік қызметінен алынатын табысты қоғамдық бірлестіктердің мүшелері (қатысушылары) арасында қайта бөлуге болмайды және ол жарғылық мақсаттарға жету үшін пайдаланылуға тиіс. Қоғамдық бірлестіктердің өз қаражатын қайрылымдылық мақсаттарға пайдалануына жол беріледі.

21-бап. Қоғамдық бірлестіктердің меншігі

Қоғамдық бірлестіктің жарғысында көзделген қызметті материалдық жағынан қамтамасыз ету үшін қажетті объектілер оның меншігі болып табылады, бұған Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынған объектілер қосылмайды.

Қоғамдық бірлестіктің ақша қаражаты, егер оларды төлеу жарғыда көзделген болса, кіру жарналары мен мүшелік жарналардан; ерікті жарналар мен жиналған жылудан; жарғыға сәйкес лекциялар, көрмелер, спорттық және басқа шаралар, лотереялар өткізуден түскен түсімдерден; өндірістік және өзге де шаруашылық қызметтен алынған табыстан; заң актілерінде тыйым салынбаған басқа да түсімдерден қалыптасады.

Қоғамдық бірлестіктер мүшелерінің (қатысушыларының) сол бірлестіктерге өздері берген мүлікке, соның ішінде мүшелік жарналарға құқықтары жоқ. Өздері мүшелері (қатысушылары) ретінде қатысатын қоғамдық бірлестіктердің міндеттемелері бойынша олар жауап бермейді, ал аталған бірлестіктер өз мүшелерінің (қатысушыларының) міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Қоғамдық бірлестіктердің меншігі Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалады.

4-ТАРАУ. ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕР ТУРАЛЫ ЗАҢДАРДЫ БҰЗҒАНДЫҚ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

22-бап. Қоғамдық бірлестіктер туралы заңдарды бұзғандық үшін жауапкершілік

Қоғамдық бірлестіктер туралы заңдарды бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп бойынша жауап беруге әкеп соқтырады.

Қоғамдық бірлестіктер туралы заңдарды бұзғандық үшін бұған кінәлі заңды және жеке тұлғалар, соның ішінде мемлекеттік органдар-

дың лауазымды адамдары және қоғамдық бірлестіктердің басшы органдарының құрамына кіретін адамдар жауапты болады.

23-бап. Қоғамдық бірлестіктің қызметін тоқтата тұру

Қоғамдық бірлестіктің қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары бұзылған немесе қоғамдық бірлестік өз жарғысында белгіленген мақсаттар мен міндеттер шегінен шығатын әрекеттері бірнеше рет жасаған жағдайларда прокуратура, ішкі істер органдарының ұсынуы немесе азаматтардың арыздары негізіндегі сот шешімі бойынша үш айдан алты айға дейінгі мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін.

Қоғамдық бірлестіктің қызметі тоқтатыла тұрған жағдайда оған барлық бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануға, үгіт және насихат жүргізуге, митингілер, демонстрациялар және басқа бұқаралық шаралар өткізуге, сайлауға қатысуға тыйым салынады. Оның банк салымдарын пайдалану құқығы да тоқтатыла тұрады, бұған еңбек шарттары бойынша есеп айырысу, өз қызметі нәтижесінде келтірілген шығынның орнын толтыру мен айыппұл төлеу қосылмайды.

Егер қоғамдық бірлестік өз қызметін тоқтата тұруға негіз болған тәртіп бұзушылықты қызметі тоқтатыла тұратын болып белгіленген мерзім ішінде жойса, аталған мерзім аяқталған соң қоғамдық бірлестік өз қызметін қайта бастайды. Қоғамдық бірлестік Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуын жоймаған жағдайда, не оларды қайталап бұзған жағдайда прокуратура, ішкі істер органдары, сондай-ақ азаматтар сотқа оны тарату туралы арызбен жүгінуге құқылы.

5-ТАРАУ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

24-бап. Қоғамдық бірлестіктердің халықаралық байланыстары

Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктері өздерінің жарғыларына сәйкес халықаралық байланыстар орнатып, тиісті келісімдер жасасуы, діни бірлестіктерден басқа халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктерге ұжымдық мүшелер ретінде кіруі мүмкін.

Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктері жалпы жұрт танған принциптер мен халықаралық құқық нормалары, халықаралық шарттар мен тиісті мемлекеттердің заңдары негізінде шет мемлекеттерде өздерінің құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) құра алады.

Қазақстан Республикасының
Президенті **Н. Назарбаев**

1996 жылғы 31 мамырдағы № 3-I

ТҰТЫНУ КООПЕРАТИВІ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2001 Ж. 8 МАМЫРДАҒЫ № 197-II ЗАҢЫ

Осы Заң тұтыну кооперативтерінің құқықтық жағдайын, олардың құрылуының, қызметінің, оларды қайта ұйымдастыру мен таратудың ұйымдық, экономикалық және әлеуметтік жағдайларын, мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін, басқару және бақылау органдарының өкілеттігі мен жауапкершілігін белгілейді.

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

мүліктік (пайлық) жарна – тұтыну кооперативінің мүліктік (пайлық) қорына тұтыну кооперативі мүшелерінің ақшалай, мүлікпен немесе ақшалай бағасы бар мүлік құқығымен қосатын жарнасы;

мүліктік (пайлық) қор – тұтыну кооперативін құру немесе оған кіру кезінде мүшелері енгізетін мүліктік (пайлық) жарналардан тұратын және тұтыну кооперативінің мүлкін қалыптастыру көздерінің бірі болып табылатын қор;

тұтыну кооперативі – қатысушылардың материалдық және өзге де қажеттерін қанағаттандыру үшін өз мүшелерінің мүліктік (пайлық) жарналарын біріктіру арқылы жүзеге асырылатын мүшелік негіздегі ерікті бірлестігі;

резервтік қор – төтенше жағдайлардың салдарынан келтірілген залалдарды жабуға арналған қор, оны қалыптастыру мен пайдалану тәртібі тұтыну кооперативінің жарғысымен белгіленеді;

тұтыну кооперативінің мүшесі – осы Заңның талаптарын қанағаттандыратын, кооперативтің жарғысында белгіленген мөлшерде мүліктік (пайлық) жарна енгізген және кооперативке дауыс беру құқығымен қабылданған азамат және (немесе) заңды тұлға.

2-бап. Тұтыну кооперативі туралы заңдар

1. Қазақстан Республикасының тұтыну кооперативі туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына, Азаматтық кодексе негізделеді және осы Заң мен өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

2. Селолық тұтыну кооперациясының ерекшеліктері жеке заңдармен белгіленеді.

3. Өзара сақтандыруды жүзеге асыратын тұтыну кооперативтері қызметінің ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен айқындалады.

3-бап. Тұтыну кооперативінің құрылуы мен қызметінің негізгі принциптері

Тұтыну кооперативтері:

кіру және шығу еріктілігі;

мүліктік (пайлық) жарна төлеудің міндеттілігі;

басқарудың демократияшылдығы;

өзара көмек және өз мүшелерінің мүдделерін қорғау;

тұтыну кооперативінің қызметі туралы ақпаратты оның барлық мүшелерінің пайдалана алуы принциптері негізінде жұмыс істейді.

4-бап. Тұтыну кооперативі

1. Тұтыну кооперативі коммерциялық емес ұйымдар болып табылады және кәсіпкерлік қызметпен өздерінің жарғылық мақсаттарына сәйкес келетіндей дәрежеде ғана айналыса алады.

2. Тұтыну кооперативі мүліктік (пайлық) жарналар есебінен, өз мүшелерінің мүдделерін қанағаттандыруға байланысты жекелеген міндеттерді орындау үшін құрылады.

3. Егер құрылтай құжаттарында тұтыну кооперативі белгілі бір мерзімге немесе белгілі бір мақсатқа жету үшін құрылатыны көзделмесе, ол белгісіз мерзімге құрылған болып есептеледі.

4. Тұтыну кооперативіндегі еңбек қатынастары осы Заңмен, еңбек заңдарымен және жарғымен реттеледі. Тұтыну кооперативі мүшелерінің оның қызметіне жеке еңбегімен қатысқаны үшін сыйақы мөлшерлері, сондай-ақ еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдардың еңбегіне төленетін ақы мөлшерлері жалпы жиналыстың шешімімен белгіленеді.

5. Тұтыну кооперативі мүшелерінің оның қызметіне жеке еңбегімен қатысуы міндетті болып табылмайды.

6. Қызмет нәтижелерінің (дайындалған не сатып алынған тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі тұтынушылары тұтыну кооперативінің мүшелері болып табылады.

5-бап. Тұтыну кооперативінің атауы және орналасқан жері

1. Тұтыну кооперативінің атауы оның қалай аталатынын және ұйымдық-құқықтық нысанын көрсетуді қамтиды. Ол заңдарда көзделген қосымша мағлұматты қамтуы мүмкін.

2. Тұтыну кооперативінің тұрақты жұмыс істейтін органының орналасқан жері оның орналасқан жері болып танылады.

3. Тұтыну кооперативі орналасқан жерін ауыстырған кезде қажетті өзгерістерді Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізу үшін тұтыну кооперативінің нақты мекенжайы бойынша заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органға бұл жөнінде хабарлауға міндетті.

6-бап. Тұтыну кооперативінің құқық қабілеті

1. Тұтыну кооперативі заңды тұлға болып табылады және оның мыналарға:

1) өз мүшелерінің қажеттерін қанағаттандыруға бағытталған қызметпен айналысуға;

2) жарғылық мақсаттарға қол жеткізуге қызмет етуіне қарай, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында және кооперативтің жарғысында белгіленген тәртіппен өзінің филиалдары мен өкілдіктері болуына;

4) тұтыну кооперативінің құқықтарын бұзатын мемлекеттік органдардың актілеріне, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының актілеріне, олардың лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне сот тәртібімен шағым жасауға;

5) заңды тұлғаның тұтыну кооперативінің жарғысында көзделген мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті өзге де құқықтарын жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Тұтыну кооперативі тізбесі заң актілерімен анықталатын қызметтің жекелеген түрлерімен лицензия негізінде ғана айналыса алады.

3. Тұтыну кооперативі қызметінің мәні мен мақсаттары оның құрылтай құжаттарымен белгіленеді.

7-бап. Тұтыну кооперативінің филиалдары мен өкілдіктері

1. Тұтыну кооперативі өзінің орналасқан жерінен тыс жерде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес филиалдарын құруға және өкілдіктерін ашуға құқылы.

2. Тұтыну кооперативінің филиалдарын құру және өкілдіктерін ашу туралы шешімдерді, егер жарғыда осындай шешімдерді жалпы жиналыс қабылдайтыны көзделмесе, тұтыну кооперативінің атқарушы органы қабылдайды.

8-бап. Мемлекет және тұтыну кооперативі

1. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының тұтыну кооперативінің қызметіне араласуға құқығы жоқ.

2. Тұтыну кооперативінің құқықтарын бұзатын мемлекеттік органдардың актілері немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының актілері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылуы мүмкін.

3. Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының не олардың лауазымды адамдарының заңсыз іс-әрекеті не әрекетсіздігі салдарынан тұтыну кооперативіне келтірілген залал, соның ішінде алынбай қалған пайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өтеледі.

2-ТАРАУ. ТҰТЫНУ КООПЕРАТИВІН ҚҰРУ

9-бап. Тұтыну кооперативін құру тәртібі

1. Тұтыну кооперативін құру құрылтай жиналысын өткізуден басталып, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеумен аяқталады.

2. Азаматтар тұтыну кооперативінің құрылтай жиналысын өткізуді және оның қарауына енгізілетін құжаттардың жобаларын әзірлеу жөнінде бастамашыл топтар құра алады.

10-бап. Тұтыну кооперативінің құрылтай жиналысы

1. Тұтыну кооперативінің құрылтай жиналысы мынадай мәселелерді шешеді:

1) тұтыну кооперативін құру, оның атауы және орналасқан жері туралы шешім қабылдайды;

2) тұтыну кооперативі мүшелерінің арыздары негізінде азаматтар үшін олардың аты-жөні, тұрғылықты жері және жеке басын куәландыратын құжаттың деректері және заңды тұлғалар үшін атауы, орналасқан жері және банктік реквизиттері көрсетілген тізімін бекітеді;

3) қызметтің мәні мен мақсаттарын белгілейді;

4) мүліктік (пайлық) жарналардың құрамын, мөлшерін және оларды енгізу мерзімдерін белгілейді;

5) жарғысын және құрылтай шартын бекітеді;

6) атқарушы, бақылаушы және өзге де органдарды сайлайды;

7) мемлекеттік тіркеу мерзімін және оған жауапты адамдарды белгілейді;

8) тұтыну кооперативін құруға байланысты өзге де мәселелерді шешеді.

2. Құрылтай жиналысының шешімі хаттамамен ресімделеді. Құрылтай жиналысының хаттамасына құрылтай жиналысының төрағасы мен хатшысы қол қояды.

Құрылтай жиналысының төрағасы оған қатысушылардың көпшілік даусымен сайланады.

11-бап. Тұтыну кооперативінің жарғысы

1. Тұтыну кооперативінің жарғысында:

1) атауы мен орналасқан жері;

2) қызметінің мәні мен мақсаттары;

3) тұтыну кооперативіне кіру мен одан шығу, оның ішінде тұтыну кооперативінің мүлкіндегі өз үлесін бөліп алу тәртібі;

4) мүліктік (пайлық) жарналардың құрамы, мөлшері және оларды енгізу тәртібі, мүліктік (пайлық) жарналарды енгізу жөніндегі міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілік;

5) тұтыну кооперативінің атқарушы, бақылаушы және өзге де органдарын құру, сайлау (қайта сайлау) тәртібі мен өкілеттігі, олардың шешім қабылдау тәртібі;

6) тұтыну кооперативі басқару органдарының құрамы мен құзыреті;

7) басқару органдарының шешім, оның ішінде шешімдер бірауыздан немесе білікті көпшілік дауыспен қабылданатын мәселелер туралы шешім қабылдау тәртібі;

8) тұтыну кооперативі мүшелерінің кооперативке келтірілген залалдарды жабу тәртібі;

9) кооперативті қайта ұйымдастыру және оның қызметін тоқтату жағдайлары;

10) филиалдар мен өкілдіктер туралы мәліметтер;

11) тұтыну кооперативі мүшелерінің оның қызметіне жеке еңбек қосып қатысуының сипаты мен тәртібі;

12) тұтыну кооперативі мен оның мүшелері, тұтыну кооперативінің атқарушы органы мен жалдамалы қызметкерлер арасындағы өзара қатынастар болуға тиіс.

2. Тұтыну кооперативінің жарғысына азаматтың тегі, аты, әкесінің аты, тұрғылықты жері және жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, сондай-ақ егер тұтыну кооперативінің мүшесі заңды тұлға болып табылатын болса, ұйымның атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері көрсетілген тұтыну кооперативі мүшелерінің тізімі қоса беріледі.

3. Тұтыну кооперативінің жарғысында Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да ережелер болуы мүмкін.

4. Тұтыну кооперативінің жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды заңда белгіленген тәртіппен уәкілетті мемлекеттік органдар тіркейді.

5. Үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда тұтыну кооперативі мен оның мүшелері жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен олардың тіркелгені туралы мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органға хабарланған кезден бастап не сот шешімінің негізінде Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне тұтыну кооперативі жарғысының өзгергені туралы мәліметтер енгізілген кезден бастап тұтыну кооперативі жарғысындағы өзгерістерге сілтеме жасауға құқылы. Алайда, үшінші тұлғалар аталған мән-жайлар болғанға және мерзімдер басталғанға дейін де бұл өзгерістерді ескере отырып, іс-әрекет жасауға құқылы.

12-бап. Тұтыну кооперативін мемлекеттік тіркеу

1. Тұтыну кооперативі ол мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап құрылған болып есептеледі.

2. Тұтыну кооперативін мемлекеттік тіркеуді әділет органдары Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасында айқындалатын тәртіппен жүзеге асырады.

3-ТАРАУ. ТҰТЫНУ КООПЕРАТИВІНЕ МҮШЕЛІК

13-бап. Тұтыну кооперативіне мүшелік

1. Он сегіз жасқа толған азаматтар және заңды тұлғалар тұтыну кооперативінің мүшелері бола алады.

2. Азаматтар мен заңды тұлғалардың бірнеше тұтыну кооперативтерінің мүшесі бола алады.

3. Тұтыну кооперативі мүшелерінің саны екі азаматтан кем болмауға тиіс. Тұтыну кооперативі мүшелерінің ең көп санына шек қойылмайды.

4. Тұтыну кооперативіне осы Заңның және тұтыну кооперативі жарғысының ережелерін сақтай отырып жүргізілген жаңа мүшелер қабылдау жалпы жиналыстың шешімімен ресімделеді.

5. Тұтыну кооперативіне мүше болғысы келетін азамат немесе заңды тұлға атқарушы органға тұтыну кооперативіне қабылдау туралы жазбаша нысанда арыз береді. Арызда азаматтың аты-жөні, тұрғылықты жері және жеке басын куәландыратын құжаттың деректері немесе заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері және банк реквизиттері көрсетілуге тиіс.

6. Тұтыну кооперативіне қабылдау туралы арызды тұтыну кооперативінің атқарушы органы он күн ішінде қарауға тиіс.

7. Тұтыну кооперативінің мүлкінде ол құрылғаннан кейін үлес құқығын алған үшінші тұлғалардың тұтыну кооперативінің мүшелігіне бірінші кезекте қабылдануға құқығы бар.

8. Тұтыну кооперативінің жарғысында өзгеше көзделмесе, тұтыну кооперативінің мүшесі қайтыс болған жағдайда оның мұрагерлерінің тұтыну кооперативінің мүшелігіне бірінші кезекте қабылдануға құқығы бар. Жарғыда өзгеше көзделген жағдайда мұрагерлеріне кооператив тұтыну кооперативінің мүлкіндегі оның мүліктік (пайлық) жарнасына бара-бар үлесін төлейді.

14-бап. Тұтыну кооперативі мүшелерінің құқықтары

Тұтыну кооперативінің мүшелері:

1) тұтыну кооперативінен белгіленген тәртіппен ерікті түрде шығуға;

2) тұтыну кооперативінің қызметіне қатысуға, басқару органдары мен бақылау органдарын сайлауға және оларға сайлануға, тұтыну кооперативінің қызметін жақсарту, оның органдарының жұмысындағы кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізуге;

3) тұтыну кооперативінің тауарларын (қызмет көрсетуін) басқа азаматтар мен заңды тұлғалардың алдында артықшылықпен сатып алуға (алуға), өз өндірісінің, өзіндік қосалқы шаруашылығының және кәсіпшілігінің бұйымдары мен өнімдерін тұтыну кооперативінің ұйымдары арқылы шарттар негізінде өткізуге, қызмет көрсетуді жүзеге асыруға;

4) тұтыну кооперативі жалпы жиналысының тұтыну кооперативінің мүшелері үшін көзделген жеңілдіктерін пайдалануға;

5) тұтыну кооперативінің атқарушы, бақылаушы және өзге де органдарынан олардың қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде бухгалтерлік есептің, есеп берудің мәліметтерімен және басқа да құжаттамалармен жарғыда белгіленген тәртіппен танысуға;

6) тұтыну кооперативінің атқарушы, бақылаушы және өзге де органдарының заңсыз әрекеттеріне тұтыну кооперативінің жалпы жиналысына шағым жасауға;

7) тұтыну кооперативінің атқарушы, бақылаушы және өзге де органдарының өз мүдделерін қозғайтын шешіміне сот тәртібімен шағым жасауға;

8) тұтыну кооперативі таратылған жағдайда кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігінің құнын немесе тұтыну кооперативі мүшелерінің келісімі бойынша мүліктік (пайлық) жарнасына бара-бар заттай түрде осы мүліктің бір бөлігін алуға;

9) тұтыну кооперативінің мүлкіндегі өз үлесін бөлуге және кооперативтен шыққан жағдайда оның құнын немесе тұтыну кооперативі мүшесінің келісімі бойынша мүлікті өзінің мүліктік (пайлық) жарнасына бара-бар заттай түрде алуға;

10) тұтыну кооперативіндегі өз еңбегі үшін жалақы нысанында немесе жарғыда белгіленген өзге де нысанда сыйақы алуға құқылы.

Тұтыну кооперативінің жарғысымен мүшелерінің Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де құқықтары белгіленуі мүмкін.

15-бап. Тұтыну кооперативі мүшелерінің міндеттері

Тұтыну кооперативінің мүшелері:

1) жарғыны бұзбауға;

2) жалпы жиналыстың, атқарушы, бақылаушы және өзге де органдарының шешімдерін орындауға;

3) тұтыну кооперативі алдындағы оның қызметіне қатысу жөнінде жарғыда белгіленген өз міндеттемелерін орындауға;

4) жарғыда белгіленген мөлшерде, тәртіп пен мерзімде мүліктік (пайлық) жарна төлеуге міндетті.

Тұтыну кооперативінің мүшелері тұтыну кооперативінің жарғысында көзделген, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да міндеттерді атқаруы мүмкін.

16-бап. Тұтыну кооперативіне мүшеліктің тоқтатылуы

1. Тұтыну кооперативіне мүшелік:

1) өз еркімен шыққан;

2) шығарылған;

3) мүліктегі үлесі құқығынан айрылған;

4) тұтыну кооперативінің мүшесі болып табылатын азамат қайтыс болған, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ол өлді деп жарияланған, хабар-ошарсыз кеткен деп танылған;

5) тұтыну кооперативінің мүшесі болып табылатын заңды тұлға таратылған;

6) тұтыну кооперативі таратылған жағдайларда тоқтатылады.

2. Тұтыну кооперативінің мүшесі өз еркімен шыққан жағдайда тұтыну кооперативінің мүлкіндегі енгізген мүліктік (пайлық) жарнасына бара-бар өз үлесін осы Заңда белгіленген тәртіппен бөліп алуға құқығы бар.

3. Тұтыну кооперативінің мүшесі өзінің жарғыда белгіленген міндеттерін дәлелсіз себептермен орындамаған не тұтыну кооперативіне залал келтіретін қасақана әрекеттер жасаған жағдайда жалпы жиналыстың шешімімен тұтыну кооперативінен шығарылуы мүмкін.

Тұтыну кооперативінің атқарушы органы кооперативтің мүшесіне оны тұтыну кооперативінен шығару жөніндегі мәселенің жалпы жиналысқа енгізілу себептері туралы кем дегенде он күн бұрын жазбаша түрде хабарлауға және оны аталған жалпы жиналысқа шақырып, онда оған өз пікірін айтуға құқық берілуге тиіс.

Тұтыну кооперативінің шығарылатын мүшесі тұтыну кооперативінің жалпы жиналысына дәлелді себептерсіз қатыспаған жағдайда жиналыс оны шығару туралы шешімді өзінің қатысуынсыз қабылдауға құқылы. Егер жиналысқа қатысушылардың үштен екісі жақтап дауыс берсе, шешім қабылданған болып есептеледі.

Тұтыну кооперативінен шығарылған мүшеге тұтыну кооперативінің мүлкіндегі үлесі енгізген мүліктік (пайлық) жарнасына бара-бар, осы Заңда белгіленген тәртіппен бөліп беріледі.

Жалпы жиналыстың тұтыну кооперативі мүшесін кооперативтен шығару туралы шешіміне сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

4. Тұтыну кооперативінің мүлкіндегі үлеске құқығынан айрылған тұтыну кооперативінің мүшесі өзінің тұтыну кооперативіне мүшелігін тоқтатады.

Үлестен:

1) сату;

2) сыйға тарту;

3) өзге де түрде иелік ету;

4) сот шешімі негіздерінде айрылады.

Мүліктегі үлес құқығынан айрылған тұтыну кооперативінің мүшесі бұл туралы тұтыну кооперативінің атқарушы органына хабарлайды. Тұтыну кооперативінің атқарушы органына мұндай ақпаратты мүліктегі үлеске құқық алған адамдар табыс ете алады.

Мүше мүліктегі үлес құқығынан айрылған жағдайда тұтыну кооперативіне мүшелікті тоқтату тұтыну кооперативі атқарушы органының шешімімен ресімделеді.

5. Тұтыну кооперативінің мүшесі болып табылатын азамат қайтыс болған, ол белгіленген тәртіппен хабар-ошарсыз кетті деп танылған немесе өлді деп жарияланған жағдайда оның тұтыну кооперативіне мүшелігі тоқтатылады.

Тұтыну кооперативінің атқарушы органы тұтыну кооперативінің қайтыс болған мүшесінің ол қайтыс болған, ол белгіленген тәртіппен хабар-ошарсыз кетті деп танылған немесе өлді деп жарияланған күнгі мүліктегі үлесін мұрагерлеріне төлеу үшін осы Заңда белгіленген тәртіппен оның үлесіне бара-бар бөліп береді.

6. Атқарушы орган тұтыну кооперативіне мүшелік тоқтатылған барлық жағдайлар туралы тұтыну кооперативінің мүшелеріне хабарлайды.

4-ТАРАУ. ТҰТЫНУ КООПЕРАТИВІН БАСҚАРУ

17-бап. Тұтыну кооперативінің басқару органдары

1. Тұтыну кооперативінің органдары мыналар болып табылады:

1) жоғары орган – жалпы жиналыс;

2) атқарушы орган – басқарма (төраға);

3) бақылаушы орган – тексеру комиссиясы (ревизор).

2. Тұтыну кооперативінің жарғысында тұтыну кооперативінің өзге де органдарын құру көзделуі мүмкін.

18-бап. Тұтыну кооперативінің жалпы жиналысы

1. Тұтыну кооперативінің жалпы жиналысы оның жоғары органы болып табылады және оның қызметіне қатысты барлық мәселелерді шешуге құқылы. Осы ретте кезекті немесе кезектен тыс жалпы жиналыстар шақырылуы мүмкін, бұл жиналыстар, егер оларға тұтыну кооперативі барлық мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, заңды деп танылады. Егер жалпы жиналыстың шешімін жиналысқа қатысушы мүшелердің жартысынан астамы жақтап дауыс берсе, ол қабылданған болып есептеледі. Бұл орайда тұтыну кооперативінің әрбір мүшесі, оның тұтыну кооперативі мүлкіндегі үлесінің мөлшеріне қарамастан, жалпы жиналыстың шешімдерін қабылдаған кезде бір дауысқа ие болады.

2. Тұтыну кооперативінің кезекті жалпы жиналысын жарғыда белгіленген мерзімдерде атқарушы орган жылына кемінде бір рет шақырады.

Тұтыну кооперативінің жылдық қаржылық есебін бекітуге арналған жалпы жиналыс есепті қаржы жылы аяқталғаннан кейін үш айдан кешіктірілмей өткізілуге тиіс.

3. Тұтыну кооперативінің кезектен тыс жалпы жиналысы осы Заңда, жарғыда көзделген жағдайларда, сондай-ақ тұтыну кооперативінің мүдделері осындай жиналыс шақыруды керек еткен өзге де кез келген жағдайларда шақырылады.

Тұтыну кооперативінің кезектен тыс жалпы жиналысын атқарушы орган өз бастамасы бойынша, сондай-ақ тексеру комиссиясының (ревизордың) талап етуі бойынша не тұтыну кооперативі мүшелері жалпы санының кемінде оннан бір бөлігінің талап етуі бойынша шақырады.

Егер тексеру комиссиясының немесе тұтыну кооперативі мүшелерінің талап еткеніне қарамастан, атқарушы орган кезектен тыс жалпы жиналыс шақырмаса, оны тексеру комиссиясы (ревизор) немесе тұтыну кооператив мүшелерінің жалпы санының кемінде оннан бір бөлігі дербес шақыруы мүмкін. Таратылу процесі жүріп жатқан тұтыну кооперативінің кезектен тыс жалпы жиналысын тарату комиссиясы да шақыра алады.

4. Жалпы жиналысты өткізу мен осы Заңда, жарғыда және тұтыну кооперативінің ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарда қабылданған шешімдер жүргізу тәртібін бұза отырып қабылданған тұтыну кооперативі жалпы жиналысының шешімін, сол сияқты жалпы жиналыстың осы Заңға не жарғыға қайшы келетін шешімін, оның ішінде тұтыну кооператив мүшелерінің құқығын бұзатын шешімін тұтыну кооперативі мүшелерінің арызы бойынша сот толық немесе ішінара жарамсыз деп тануы мүмкін. Ондай арызды жалпы жиналыс өткізілген күннен бастап алты ай ішінде беруге болады.

5. Шақыру мен өткізу, шешім қабылдау тәртібі тұтыну кооперативінің жарғысымен белгіленеді.

19-бап. Тұтыну кооперативі жалпы жиналысының құзыреті

1. Тұтыну кооперативі жалпы жиналысының құзыреті осы Заңға және тұтыну кооперативінің жарғысына сәйкес белгіленеді.

2. Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне мыналар жатады:

1) тұтыну кооперативінің жарғысына өзгерістер мен толықтырулар, оның ішінде мүліктік (пайлық) жарнаның мөлшері туралы, орналасқан жері мен атауы туралы өзгеріс енгізу немесе жарғыны жаңа редакциясында бекіту;

2) тұтыну кооперативі қызметінің негізгі бағыттарын белгілеу;

3) тұтыну кооперативінің атқарушы, бақылаушы және өзге де органдарының басшысы мен мүшелерін сайлау, олардың өкілеттігін доғару, олардың қызметі туралы есептерді тыңдау, оларды ұстауға арналған қаражаттың мөлшерін анықтау;

4) тұтыну кооперативінің мүшелерін кооперативтен шығару;

5) тұтыну кооперативінің ішкі қызметін реттеп отыратын ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімін және басқа құжаттарды бекіту;

6) тұтыну кооперативтерінің қауымдастығын (одағын) құру, қауымдастыққа (одаққа) кіру және одан шығу туралы мәселелерді шешу;

7) тұтыну кооперативінің жылдық қаржы есептерін, тексеру комиссиясының (ревизордың) есебін бекіту;

8) тұтыну кооперативі шеккен зиянды жабу тәртібі;

9) тұтыну кооперативі қорларының түрлері мен құрылу және жұмсалу тәртібін белгілеу;

10) тұтыну кооперативінің жарғыда белгіленген құннан құны асып түсетін жылжымайтын мүлкін иеліктен айыру;

11) тұтыну кооперативін қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдау;

12) тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелерін сайлау және тарату балансын бекіту.

3. Осы Заңда жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелермен қатар, тұтыну кооперативінің жарғысымен оның айрықша құзыретіне басқа да мәселелер жатқызылуы мүмкін.

4. Егер тұтыну кооперативінің жарғысында өзгеше көзделмесе, жалпы жиналыс өзінің айрықша құзыретіне жатпайтын өкілеттікті тұтыну кооперативінің атқарушы органына беруге құқылы.

5. Тұтыну кооперативі жалпы жиналысының атқарушы, бақылаушы және өзге де органдардың шешімдерін қуаттау немесе олардың күшін жою жөніндегі мәселелерді өз қарауына алуға құқығы бар.

6. Тұтыну кооперативінің жалпы жиналысы тұтыну кооперативінің қызметіне байланысты кез келген мәселені қарау үшін қабылдауға құқылы.

20-бап. Тұтыну кооперативінің атқарушы органы

1. Тұтыну кооперативінің атқарушы органы тұтыну кооперативінің қызметіне ағымдағы басшылық жасау мен оның істерін жүргізуді жүзеге асырады және оның жалпы жиналысына есеп береді.

Тұтыну кооперативі атқарушы органының мүшелері жарғыда белгіленген құрам мен мерзімге сайланады және өз міндеттерін (өкілеттігін) атқарудан жалпы жиналыстың шешімімен кез келген уақытта босатылуы мүмкін.

2. Атқарушы органның жұмысы мен шешімдер қабылдау тәртібі тұтыну кооперативінің жарғысымен белгіленеді.

3. Осы Заңмен және кооператив жарғысымен белгіленген, жалпы жиналыстың құзыретіне жатпайтын тұтыну кооперативінің қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері атқарушы органның құзыретіне жатады.

Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жатпайтын, осы Заңның 19-бабының 4-тармағына сәйкес атқарушы органға берілген өкілеттік те тұтыну кооперативі атқарушы органының құзыретіне жатады.

4. Тұтыну кооперативінің үшінші тұлғалармен қатынастарында атқарушы органның өкілеттігіне өзі белгілеген шектеулерге сілтеме жасауға құқығы жоқ. Алайда тұтыну кооперативі өзінің атқарушы органы үшінші тұлғамен белгіленген шектеулерді бұза отырып жасаған мәмілелерінің жарамдылығына, егер мәміле жасалған кезде үшінші тұлға мұндай шектеулерді білгенін немесе алдын ала білуге тиіс екенін дәлелдесе, дау айтуға құқылы.

5. Тұтыну кооперативі атқарушы органының мүшелеріне:

1) жалпы жиналыстың келісімінсіз тұтыну кооперативімен мүліктік пайда табуға (сыйға тарту, қарыз алу, өтеусіз пайдалану, сатып алу-са-

ту шарттарын және басқаларын қоса алғанда) бағытталған мәмілелер жасасуға;

2) тұтыну кооперативінің үшінші тұлғалармен жасасқан мәмілелері үшін тұтыну кооперативінің өзінен де, үшінші тұлғалардан да комиссиялық сыйақы алуға;

3) тұтыну кооперативімен үшінші тұлғалардың қатынастарында олардың атынан немесе мүдделерін көздеп әрекет жасауға;

4) тұтыну кооперативінің осы қызметімен бәсекелесетін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

6. Осы баптың 5-тармағының 1)-3) тармақшаларында көзделген шектеулер тұтыну кооперативінің атқарушы органы мүшелерінің жақын туыстары мен жекжаттарына да қолданылады.

21-бап. Тұтыну кооперативінің қадағалау кеңесі

1. Егер бұл тұтыну кооперативінің жарғысында көзделсе, оның мүшелері тарапынан тұтыну кооперативі атқарушы органының қызметін бақылау мақсатында тұтыну кооперативінің қадағалау кеңесі құрылуы мүмкін. Қадағалау кеңесінің өкілеттіктері жарғыда айқындалады.

2. Тұтыну кооперативінің қадағалау кеңесі оның кооператив мүшелерінің жалпы жиналысы сайлайтын мүшелерінен тұрады. Қадағалау кеңесі мүшелерінің саны мен олардың шешімдер қабылдау тәртібі тұтыну кооперативінің жарғысымен белгіленеді.

3. Қадағалау кеңесінің мүшесі бір мезгілде тұтыну кооперативі атқарушы органының мүшесі не тұтыну кооперативінің төрағасы бола алмайды.

22-бап. Тұтыну кооперативінің тексеру комиссиясы (ревизоры)

1. Тұтыну кооперативінің қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасауды жүзеге асыру үшін, егер жарғыда өзгеше көзделмесе, тұтыну кооперативі мүшелерінің ішінен тексеру комиссиясы (ревизор) құрылуға тиіс.

Тексеру комиссиясының міндеттерін орындау ревизор ретінде тұтыну кооперативі мүшелерінің біріне тапсырылуы мүмкін.

2. Тұтыну кооперативінің тексеру комиссиясын немесе ревизорын жарғыда белгіленген мерзімге жалпы жиналыс сайлайды.

3. Тұтыну кооперативі атқарушы органы мүшелерінің тексеру комиссиясының мүшесі (ревизор) болуына болмайды.

4. Тұтыну кооперативінің тексеру комиссиясы (ревизор) жалпы жиналысқа есеп береді.

5. Тексеру комиссиясы (ревизор) тұтыну кооперативінің қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқылы. Тексеру комиссиясының (ревизордың) осы мақсат үшін тұтыну кооперативінің барлық құжаттамасын кез келген уақытта сөзсіз пайдалануға құқығы бар. Тексе-

ру комиссиясының (ревизордың) талап етуі бойынша атқарушы орган ауызша немесе жазбаша түрде қажетті түсінік беруге міндетті.

6. Тексеру комиссиясы (ревизор) тұтыну кооперативінің жылдық қаржы есебі жалпы жиналыста бекітілгенге дейін оған міндетті түрде тексеру жүргізеді. Жалпы жиналыстың тексеру комиссиясының (ревизордың) қорытындысынсыз жылдық қаржылық есепті бекітуге құқығы жоқ.

7. Тексеру комиссиясының (ревизордың) жұмыс тәртібі жарғыда, сондай-ақ тұтыну кооперативінің ішкі қызметін реттейтін ережелер мен өзге де құжаттарда белгіленеді.

23-бап. Тұтыну кооперативінің аудиті

1. Тұтыну кооперативінің жылдық қаржы есебін, сондай-ақ оның ағымдағы ісінің жай-күйін тексеру және олардың дұрыстығын растау үшін тұтыну кооперативі өзінің жарғысында көзделген жағдайлар мен тәртіп бойынша тұтыну кооперативімен, оның атқарушы, бақылаушы және өзге де органдарының мүшелерімен немесе тұтыну кооперативінің мүшелерімен байланысты емес аудиторлық ұйымды тартуға құқылы.

2. Тұтыну кооперативінің мүшесі кооперативтік қаржы есебіне өз есебінен аудит жүргізуді талап етуге құқылы.

3. Егер кооперативтің қаржы есебіне аудит жүргізу міндетті болған не оның жүргізілуін кооператив мүшесі талап еткен кезде тұтыну кооперативінің атқарушы органы аудит жүргізуден жалтарса, аудит мүдделі тұлғаның не кооператив мүшесінің арызы бойынша сот қабылдаған шешіммен тағайындалуы мүмкін.

24-бап. Тұтыну кооперативінің атқарушы, бақылаушы және өзге де органдарының шешімдері мен іс-әрекетіне шағымдану

Тұтыну кооперативінің мүшелері тұтыну кооперативінің атқарушы, бақылаушы және өзге де органдарының шешімдері мен іс-әрекетіне жалпы жиналысқа немесе сот тәртібімен шағымдана алады.

Тұтыну кооперативінің атқарушы органы басшысының шешімдері мен іс-әрекетіне тұтыну кооперативінің жалпы жиналысына немесе сотқа шағымдануға болады.

5-ТАРАУ. ТҰТЫНУ КООПЕРАТИВІНІҢ МҮЛКІ

25-бап. Тұтыну кооперативінің мүлкі, оны қалыптастыру көздері

1. Тұтыну кооперативінің балансында тұрған мүліктің меншік иесі заңды тұлға ретіндегі тұтыну кооперативі болып табылады.

Тұтыну кооперативінің мүлкі оның мүшелерінің мүліктік (пайлық) жарналарын біріктіру арқылы жасалады.

Мүліктік (пайлық) және қосымша жарналарды қоспағанда, тұтыну кооперативінің кәсіпкерлік қызметтен алатын кірістері мен Қазақстан

Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де көздер тұтыну кооперативінің мүлкін қалыптастырудың көздері болып табылады.

2. Тұтыну кооперативі алған табысты оның мүшелері арасында бөлуге болмайды және жарғылық мақсаттарға жіберіледі.

3. Тұтыну кооперативінің меншігіндегі мүлікке билік ету жалпы жиналыстың шешімі бойынша жүзеге асырылады.

26-бап. Мүліктік (пайлық) жарна

1. Мүліктік (пайлық) жарна ақшалай, бағалы қағаздармен, заттармен, мүліктік құқықтармен, соның ішінде жерпайдалану құқығымен және интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне құқықпен және өзге де мүлікпен енгізілуі мүмкін. Жарнаны жеке мүліктік құқықтар және өзге де материалдық емес игіліктер түрінде енгізуге жол берілмейді.

2. Заттай нысанда немесе мүліктік құқық түрінде жасалатын жарналар тұтыну кооперативінің барлық мүшелерінің келісімі бойынша немесе тұтыну кооперативі жалпы жиналысының шешімі бойынша ақша түрінде бағаланады.

3. Тұтыну кооперативіне мүлікті салым ретінде пайдалану құқығы берілген жағдайларда бұл салымның мөлшері пайдаланғаны үшін тұтыну кооперативінің жалпы жиналысы белгілеген бүкіл мерзімге есептеліп төленетін ақымен белгіленеді.

Тұтыну кооперативі жалпы жиналысының келісімінсіз пайдалану құқығы мүліктік (пайлық) салым болып табылатын мүлікті мерзімінен бұрын алып қоюға жол берілмейді.

Егер жарғыда өзгеше көзделмесе, тұтыну кооперативінің пайдалануына берілген мүліктің кездейсоқ жойылып кету немесе кездейсоқ бұзылу қаупі мүлік иесіне жүктеледі.

4. Мүліктік (пайлық) жарналарды енгізу мерзімі тұтыну кооперативінің жарғысымен белгіленеді.

27-бап. Тұтыну кооперативінің қорлары

1. Тұтыну кооперативі өз қызметін жүзеге асыру кезінде:

1) мүліктік (пайлық);

2) тұтыну кооперативін дамыту;

3) резервтік;

4) тұтыну кооперативі мүшелерін ынталандыру және әлеуметтік қолдау;

5) жарғысына сәйкес өзге де қорлар құруға құқылы.

2. Мүліктік (пайлық) қор тұтыну кооперативі мүшелерінің мүліктік (пайлық) жарналарынан тұрады және тұтыну кооперативінің мүлкін қалыптастыру көздерінің бірі болып табылады.

3. Тұтыну кооперативі алған табыстар және Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де көздер басқа қорларды қалыптастыру көзі болып табылады.

4. Тұтыну кооперативінің қорларын қалыптастыру мен пайдалану тәртібін, олардың қайта бөлінуін тұтыну кооперативінің жалпы жиналысы белгілейді.

28-бап. Тұтыну кооперативі мүшелерінің мүліктегі үлесі

1. Тұтыну кооперативінің барлық мүшелерінің тұтыну кооперативінің мүлкіндегі (мүлік құнындағы) үлесі олардың тұтыну кооперативінің мүлкіндегі салымына бара-бар анықталады.

2. Тұтыну кооперативінің жарғысы немесе жалпы жиналыс олардың әрқайсысының мүлікті құруға және көбейтуге қосқан үлесіне қарай олардың үлесін анықтау және өзгерту тәртібін белгілеуі мүмкін.

3. Тұтыну кооперативінің әрбір мүшесі өзінің қалауына қарай өз үлесін сатуға, сыйға беруге, мұраға қалдыруға, кепілге салуға не осы Заңда және жарғыда көзделген талаптарды сақтай отырып, оған өзгеше түрде билік етуге құқылы.

4. Мүліктегі өз үлесімен қандай да бір операциялар жасау алдында тұтыну кооперативінің мүшесі тұтыну кооперативінің жарғысында белгіленген мерзімде атқарушы органға ортақ мүліктен өз үлесін бөліп беруді талап етіп арыз беруге міндетті.

29-бап. Тұтыну кооперативі мүшесінің мүліктегі өз үлесіне билік етуі

1. Тұтыну кооперативі мүшесінің тұтыну кооперативі мүлкіндегі үлесі мүліктік (пайлық) жарнаны толық төлегенге дейін жарна төленіп қойған бөлігінде ғана иеліктен алынуы немесе кепілге салынуы мүмкін.

2. Тұтыну кооперативінің мүшесі тұтыну кооперативінің мүлкіндегі өз үлесін немесе оның бір бөлігін өз таңдауы бойынша тұтыну кооперативінің бір немесе бірнеше мүшесіне сатуға немесе өзге де әдіспен беруге құқылы. Дәл солайша тұтыну кооперативінің мүшесі басқа мүше алдындағы өз міндеттемесін қамтамасыз ету үшін үлесін кепілге салуға құқылы. Бұл мәмілелерді жасауға тұтыну кооперативінің келісімі немесе тұтыну кооперативінің басқа да мүшелерінің келісімі талап етілмейді.

3. Тұтыну кооперативі мүшесінің өз үлесін (оның бір бөлігін) үшінші тұлғаға беруіне немесе тұтыну кооперативі мүшесінің үшінші тұлға алдындағы міндеттемесін қамтамасыз ету үшін үлесін (үлестің бір бөлігін) кепілге салуына жол беріледі.

4. Тұтыну кооперативінің жарғысында үлесті үшінші тұлғаға сату белгілі бір талаптарды орындағанда ғана жол берілетін болып көзделуі мүмкін.

30-бап. Иеліктен алынатын үлесті сатып алуға басымдық берілетін құқық

1. Тұтыну кооперативі мүшесінің үлесін немесе тұтыну кооперативі мүшелері біреуінің үлесін немесе оның бір бөлігін сатқан жағдайда оны сатып алуға тұтыну кооперативінің мүшесі үшінші тұл-

ғаларға қарағанда басым құқықты пайдаланады. Мұндай құқықты тұтыну кооперативінің әрбір мүшесі пайдалана алады. Егер сатып алудың басым құқығын пайдаланғысы келетін тұтыну кооперативінің бірнеше мүшелері болса және жарғыда немесе тұтыну кооперативі мүшелерінің өзге де келісімінде өзгеше көзделмесе, үлесті (оның бір бөлігін) сатып алудың басым құқығын тұтыну кооперативінің мүшелері тұтыну кооперативінің мүлкіндегі өз үлесінің мөлшеріне қарай жүзеге асырады.

2. Тұтыну кооперативінің мүшесінен үлесін сатуға ұсынуы туралы хабарлама алған кезден бастап жеті күн ішінде атқарушы орган бұл туралы тұтыну кооперативінің барлық мүшелеріне хабарлайды. Тұтыну кооперативінің сатып алудың басым құқығын жүзеге асырғысы келетін мүшесі жеті күн мерзімде бұл туралы атқарушы органға хабарлап, бұл орайда сатуға ұсынылып отырған үлесті толық немесе оның белгілі бір бөлігін сатып алғысы келетінін көрсетуге тиіс.

3. Егер түскен ұсыныстардың жиынтық көлемі сатылатын үлестің мөлшерінен аспаса, тұтыну кооперативі мүшелерінің әрқайсысы оның өз хабарламасында көрсеткен бөлігін сатып алады. Үлестің қалған бөлігі, егер бұлайша иеліктен айыруға дейін тұтыну кооперативінің мүшелерінен қосымша ұсыныстар келіп түспесе, үшінші тұлғаға иеліктен алынып берілуі мүмкін.

4. Үлес немесе оның бір бөлігі сатып алудың басым құқығын бұза отырып сатылған жағдайда тұтыну кооперативінің кез келген мүшесі үш ай ішінде сот тәртібімен осы құқық бұзушылыққа шағымдана алады.

5. Иеліктен алынатын үлесті сатып алудың басым құқығы үлесті сатудың кез келген әдісі жағдайында, оның ішінде сауда-саттықта жүзеге асырылады.

6. Үлесті сатып алудың басым құқығын басқаға беруге жол берілмейді.

7. Иеліктен алынатын үлесті немесе оның бір бөлігін тұтыну кооперативінің мүшесі (мүшелері) сатып алған жағдайда оның кооператив мүлкіндегі үлесі көбейеді.

8. Осы баптың ережелері үлесті айырбас шарты бойынша иеліктен алу кезінде де қолданылады.

9. Үлесті немесе оның бір бөлігін үшінші тұлғаға сату кезінде тұтыну кооперативінің мүшелері оны сатып алудың басым құқығын пайдаланғысы келмеген жағдайда сатып алудың басым құқығын тұтыну кооперативінің өзі пайдалана алады.

31-бап. Басқа мүшелердің үлесті сатып алудан бас тартқан кезінде тұтыну кооперативі мүшесінің үлесін сату

1. Тұтыну кооперативінің жарғысында тұтыну кооперативі мүшесінің өз үлесін үшінші тұлғаларға сатуына тыйым салу немесе оны шектеу көзделуі мүмкін.

2. Үлесті сатуды сатушыға байланысты емес мән-жайлар бойынша осы баптың 1-тармағында көзделген тыйым салу немесе шектеулер сақтала отырып жүргізу мүмкін болмаған жағдайда тұтыну кооперативінің үлесін сатқысы келетін мүшесі осы үлесті сатып алуды немесе оны үшінші тұлғаға сатуға рұқсат беруді талап етіп, тұтыну кооперативіне жүгінуге құқылы.

Осы нұсқалардың бірін таңдауды тұтыну кооперативі мүшелерінің жалпы жиналысы жүргізеді.

3. Тұтыну кооперативі үлесті сатып алған кезде үлестің бағасы тараптардың келісімімен, ал келісімге келе алмаған жағдайда сот арқылы белгіленеді.

4. Тұтыну кооперативі үлесті үшінші тұлғаға сатуға келіскен жағдайда тұтыну кооперативінің мүшелері үлесті сатып алуға басым құқығын сақтап қалады.

32-бап. Тұтыну кооперативі мүшесінің үлесін тұтыну кооперативі сатып алуының салдары

1. Тұтыну кооперативі мүшелерінің үлесін тұтыну кооперативі сатып алғаннан кейін тұтыну кооперативі тұтыну кооперативінің басқа мүшелеріне осы үлесті жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген баға бойынша сатып алуды ұсынуға міндетті.

2. Үлесті сатып алуға тұтыну кооперативінің бірнеше мүшесі ниет білдірген жағдайда үлес олардың арасында тұтыну кооперативінің мүлкіндегі үлестеріне бара-бар мөлшерде бөлінеді.

Тұтыну кооперативінің мүшесі сатып алған үлес мөлшері осы мүшеге сатып алғанға дейінгі тиесілі үлес мөлшеріне қосылады. Бұл орайда тұтыну кооперативінің бір мүшесіне тиесілі болуы ықтимал үлес мөлшерінің шектелу мүмкіндігі сақталады.

3. Тұтыну кооперативі жалпы жиналыстың шешімімен тұтыну кооперативі атынан сатып алынған үлесті үшінші тұлғаға сатуға құқылы.

33-бап. Тұтыну кооперативінен шығарылуға тиісті тұтыну кооперативі мүшесінің үлесін бөліп беру

1. Тұтыну кооперативінен шығарылуға тиісті тұтыну кооперативі мүшесінің үлесін бөліп беру жалпы жиналыстың шешімі бойынша жүргізіледі.

2. Тұтыну кооперативінің мүшесі тұтыну кооперативіне немесе оның мүшелеріне қасақана зиян келтірген жағдайда олар зиян келтірушіден бөлінген үлесі есебінен келтірілген зиянның толтыруды талап етуге құқылы.

3. Егер тараптар орны толтырылатын зиянның және тұтыну кооперативінің шығарылуға тиісті мүшесіне бөлінетін үлестің мөлшері туралы келісімге келе алмаса, дау сот тәртібімен шешіледі.

34-бап. Тұтыну кооперативі мен оның мүшелерінің мүліктік жауапкершілігі

1. Тұтыну кооперативі өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен жауап береді және тұтыну кооперативі мүшелерінің басқа міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

2. Тұтыну кооперативінің мүшелері қордаланып қалған залалды жыл сайынғы баланс бекітілгеннен кейін қосымша жарналар арқылы үш ай ішінде жабуға міндетті.

3. Тұтыну кооперативі мүшелерінің тұтыну кооперативінің міндеттемелері бойынша субсидиарлық жауапкершілігі Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында көзделген тәртіппен белгіленеді.

6-ТАРАУ. ТҰТЫНУ КООПЕРАТИВІН ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

35-бап. Тұтыну кооперативін қайта ұйымдастыру

1. Тұтыну кооперативін қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару) жалпы жиналыстың шешімі бойынша ерікті түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Тұтыну кооперативі мүшелерінің құрамын үлестен айыру немесе өзге де өзгерту тұтыну кооперативін қайта ұйымдастыру болып табылмайды.

2. Заң актілерінде белгіленген жағдайларда тұтыну кооперативін оны бөлу немесе оның құрамынан бір немесе бірнеше тұтыну кооперативін бөліп шығару нысанында мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру сот шешімі бойынша жүзеге асырылады.

3. Тұтыну кооперативін заңды тұлғалардың басқа түрлері мен нысандарында қайта құруға болмайды.

36-бап. Тұтыну кооперативтерінің қосылуы, бірігуі

1. Екі немесе бірнеше тұтыну кооперативінің қосылуы олардың мүлкін толық біріктіру жолымен жүзеге асырылады. Қосылу нәтижесінде жаңа тұтыну кооперативі пайда болады, ал қосылған тұтыну кооперативтері өз қызметін тоқтатады. Бұл орайда тұтыну кооперативтерінің қосылуына әрбір қатысушының барлық құқықтары мен міндеттері өткізу актісіне сәйкес жаңадан пайда болған тұтыну кооперативіне ауысады.

2. Бір немесе бірнеше тұтыну кооперативінің басқа тұтыну кооперативіне бірігуі бірігетін тұтыну кооперативі мүлкінің біріктіруші тұтыну кооперативтерінің мүлкіне енгізілуі жолымен жүзеге асырылады. Бұл орайда бірігетін кооперативтер өз қызметін тоқтатады, ал олардың барлық құқықтары мен міндеттері өткізу актісіне сәйкес біріктіруші тұтыну кооперативіне ауысады, оның жарғысына қайта ұйымдастыруға байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

3. Қосылуға, бірігуге қатысушы тұтыну кооперативтерінің атқарушы органдары қосылу, бірігу туралы шарттың жобасын әзірлейді жә-

не әрбір тұтыну кооперативінің жалпы жиналысының қарауына қосылу, бірігу жөніндегі және қосылу, бірігу туралы шартты бекіту жөніндегі мәселелерді енгізеді.

Қосылу, бірігу туралы шарттың келісілген мәтініне тұтыну кооперативінің атқарушы органдары уәкілдік берген адамдар қол қояды.

Қосылу, бірігу туралы шартта қосылуға, бірігуге қатысушы әрбір тұтыну кооперативтерінің фирмалық атауы орналасқан жері мен мекен-жайы туралы мәліметтер, олардың баланстарының негізгі деректері болуға, сондай-ақ қосылудың, бірігудің тәртібі мен талаптары көзделуге тиіс.

4. Қосылуға, бірігуге қатысушы тұтыну кооперативінің әрқайсысы жалпы жиналыс қосылу, бірігу туралы шешім қабылдаған күннен бастап екі ай мерзімде өздерінің барлық кредиторларына қосылу, бірігу туралы жазбаша хабарлама жіберуге және ресми баспасөз органдарында тиісті хабарландыру беруге міндетті. Хабарламаға (хабарландыруға) осы баптың 3-тармағында аталған қосылуға, бірігуге қатысатын басқа да тұтыну кооперативтері туралы мәліметтер қоса тіркеледі.

Тұтыну кооперативінің кредиторлары хабарлама алынғаннан немесе хабарландыру жарияланғаннан кейін екі ай мерзімде тұтыну кооперативінен не жұмысын мерзімінен бұрын тоқтатуына немесе тұтыну кооперативінің тиісті міндеттемелерін орындауына және шығындардың орны толтырылуына қосымша кепілдіктер талап етуге құқылы. Талаптар тұтыну кооперативіне жазбаша нысанда жіберіледі.

5. Қосылуға, бірігуге қатысушы тұтыну кооперативінің әрқайсысы жалпы жиналыстың қосылу, бірігу туралы шешімі қабылданған кезден бастап, бұл шешім туралы кредиторларға шешім қабылданғаннан кейін туындайтын міндеттемелер жөнінде хабарлауға міндетті.

Тұтыну кооперативтерінің қосылу, бірігу туралы шарты негізінде қосылушы, бірігуші тұтыну кооперативтерінің мүшелері жалпы жиналыста жаңадан құрылатын тұтыну кооперативінің жарғысын қабылдайды және атқарушы, бақылаушы және өзге де органдарын сайлайды.

37-бап. Тұтыну кооперативін бөлу, бөліп шығару

1. Тұтыну кооперативін бөлу осы тұтыну кооперативінің мүлкін пайда болатын екі немесе бірнеше тұтыну кооперативтерінің арасында бөлу жолымен жүзеге асырылады. Бұл орайда бөлінетін тұтыну кооперативінің құқықтары мен міндеттері бөліну балансына сәйкес жаңадан пайда болатын тұтыну кооперативтеріне ауысады.

2. Тұтыну кооперативінен бір немесе бірнеше тұтыну кооперативтерін бөліп шығару тұтыну кооперативі мүлкінің бір бөлігін бөліп беру және оны жаңадан пайда болатын бір немесе бірнеше тұтыну кооперативіне беру жолымен жүзеге асырылады.

Бұл орайда қайта ұйымдастырылатын тұтыну кооперативінің құқықтары мен міндеттерінің бір бөлігі бөлу балансына сәйкес жаңадан пайда болатын тұтыну кооперативіне ауысады.

3. Қайта ұйымдастырылатын тұтыну кооперативінің атқарушы органы жаңадан пайда болатын тұтыну кооперативтерінің бөліну, бөлініп шығу жоспары мен жарғыларының жобаларын әзірлейді және тұтыну кооперативін бөлу, бөліп шығару, жаңадан пайда болатын тұтыну кооперативтерінің бөліну, бөлініп шығу жоспарын, жарғыларын және бөліну балансын бекіту туралы, сондай-ақ жаңадан пайда болатын тұтыну кооперативтерінің атқарушы, бақылаушы және өзге де органдарын сайлау туралы мәселелерді жалпы жиналыстың қарауына енгізеді.

4. Егер тұтыну кооперативінің жарғысында өзгеше көзделмесе, оны бөлу, бөліп шығару кезінде тұтыну кооперативінің әрбір мүшесі жаңадан пайда болатын тұтыну кооперативтерінің әрқайсысындағы тұтыну кооперативі мүлкіндегі қайта ұйымдастырылатын тұтыну кооперативінің мүлкіндегі өз үлесіне тең үлесін алуға не жаңадан пайда болған тұтыну кооперативтері бірінің мүлкінен бірыңғай үлес алуға құқылы.

5. Жалпы жиналыс бөлу, бөліп шығару туралы шешім қабылдаған кезден бастап, тұтыну кооперативі осы шешім туралы шешім қабылданғаннан кейін туындайтын міндеттемелер жөнінде кредиторларға хабарлауға міндетті.

6. Тұтыну кооперативі жалпы жиналыс бөлу, бөліп шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап екі ай мерзімде өзінің барлық кредиторларына бөлу, бөліп шығару туралы жазбаша хабарлама жіберуге және ресми баспасөз органдарында тиісті хабарландыру беруге міндетті. Хабарламаға (хабарландыруға) бөлу балансы, сондай-ақ жаңадан пайда болатын әрбір тұтыну кооперативінің атауы, орналасқан жері және мекен-жайы туралы мәліметтер қоса тіркеледі.

7. Қайта ұйымдастырылатын тұтыну кооперативінің кредиторлары хабарлама алған (хабарландыру жарияланған) күннен бастап екі ай мерзімде тұтыну кооперативінен жұмысын мерзімінен бұрын тоқтатуын немесе тиісті міндеттемесін орындауын және шығынның орнын толтыруын талап етуге құқылы. Талап тұтыну кооперативіне жазбаша нысанда жіберіледі.

8. Тұтыну кооперативін бөлу, бөліп шығару нәтижесінде пайда болған тұтыну кооперативтері жаңа тұтыну кооперативтері тіркелген кезден бастап бір жыл ішінде оның міндеттемелері бойынша бірлесіп жауапты болады.

38-бап. Тұтыну кооперативін мәжбүрлеп бөлу, бөліп шығару туралы сот шешімін орындамаудың зардаптары

1. Егер тұтыну кооперативінің мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру кезінде сот шешімі бойынша бөлуді, бөліп шығаруды жүргізуге уәкілетті атқарушы органы бөлуді, бөліп шығаруды сот шешімінде белгіленген мерзімде жүзеге асырмаса, сот тұтыну кооперативінің мүлкіне сенімгерлік басқарушы тағайындайды және оған қайта ұйымдасты-

рылатын тұтыну кооперативінің бөлінуін, бөлініп шығарылуын соның мүлкі есебінен жүзеге асыруды тапсырады.

2. Сенімгерлік басқарушы тағайындалған кезден бастап тұтыну кооперативін басқару жөніндегі өкілеттік соған ауысады, тұтыну кооперативінің атқарушы, бақылаушы және өзге де органдары өз қызметін тоқтатады.

3. Сенімгерлік басқарушы сотта тұтыну кооперативінің атынан өкіл болады, бөлу балансын жасайды және оны тұтыну кооперативтерінің бөлу, бөліп шығару нәтижесінде туындайтын құрылтай құжаттарымен бірге соттың бекітуіне береді. Аталған құжаттарды соттың бекітуі жаңадан пайда болатын тұтыну кооперативтерін мемлекеттік тіркеу үшін негіздеме болып табылады.

39-бап. Тұтыну кооперативін қайта ұйымдастыру нәтижесінде пайда болатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу

1. Қайта ұйымдастыру нәтижесінде пайда болатын тұтыну кооперативін мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Тұтыну кооперативтері қосылған жағдайда мемлекеттік тіркеуді жаңадан пайда болатын тұтыну кооперативі орналасқан жердегі тіркеуші орган жүргізеді.

Тұтыну кооперативтері біріккен жағдайда мемлекеттік тіркеуді біріктіруші тұтыну кооперативі орналасқан жердегі тіркеуші орган жүргізеді.

Тұтыну кооперативтері бөлінген, бөліп шығарылған жағдайда мемлекеттік тіркеуді қайта ұйымдастырылушы тұтыну кооперативі орналасқан жердегі тіркеуші орган жүргізеді. Бұл тіркеуші орган жаңа тұтыну кооперативтерін мемлекеттік тіркеу мәліметтері туралы жаңадан пайда болған тұтыну кооперативтері орналасқан жердегі заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органға хабарлайды.

3. Қайта ұйымдастыру нәтижесінде пайда болатын тұтыну кооперативін мемлекеттік тіркеуді заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын орган кредиторларға тұтыну кооперативтерін қайта ұйымдастыруды талап етіп арыз беру үшін берілген мерзім өткен соң жүзеге асырады.

4. Егер бір жыл ішінде, тұтыну кооперативін қайта ұйымдастыруға қатысушылардың соңғысының жалпы жиналысында қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылданған күннен бастап, мемлекеттік тіркеу туралы арыз берілмеген болса не қажетті дәлелдемелер табыс етілмесе (осы баптың 3-тармағы), қайта ұйымдастыру жасалмаған болып есептеледі.

5. Қосылу және бөлініп шығу нысанындағы қайта ұйымдастыру жағдайларын қоспағанда, қайта ұйымдастыруға қатысатын тұтыну коопе-

ративтері жаңадан пайда болған тұтыну кооперативтері мемлекеттік тіркелген кезден бастап өз қызметін тоқтатады және Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен алып тасталады. Қосылатын тұтыну кооперативі оның басқа тұтыну кооперативіне қосылуы тіркелген кезден бастап өз қызметін тоқтатады және Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен алып тасталады.

40-бап. Тұтыну кооперативін тарату

1. Тұтыну кооперативі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жалпы жиналыстың шешімі бойынша немесе сот шешімі бойынша таратылуы мүмкін.

2. Тұтыну кооперативінің оны тарату жөнінде шешім қабылдаған жалпы жиналысы тарату комиссиясын тағайындайды және тұтыну кооперативін таратудың тәртібі мен мерзімін белгілейді.

3. Тұтыну кооперативі таратылған жағдайда кооператив мүшесінің кооператив мүлкіндегі үлесін өзінің мүліктік (пайлық) жарнасына барабар бөліп алуға құқығы бар.

Қазақстан Республикасының
Президенті Н. Назарбаев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢБЕК КОДЕКСІ

ЖАЛПЫ БӨЛІМ

1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тарау. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Осы Кодексте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) азаматтық қызмет – азаматтық қызметшілердің қазыналық кәсіпорындардың, мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын іске асыруға, мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыруға және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді орындау жөніндегі кәсіптік қызметі;

2) азаматтық қызметші – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қазыналық кәсіпорындарда, мемлекеттік мекемелерде ақылы штаттық лауазымда істейтін және олардың міндеттері мен функцияларын іске асыру және мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру мен олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын адам;

3) айлық жалақының ең төменгі мөлшері – біліктілікті қажет етпейтін қарапайым (онша күрделі емес) еңбек қызметкері осы Кодексте белгіленген қалыпты жағдайда және жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы кезінде еңбек нормаларын (еңбек міндеттерін) орындаған кезде бір айда оған төленетін ақшалай төлемдердің кепілдік берілген ең төменгі мөлшері;

4) арнаулы киім – қызметкерді зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардан қорғауға арналған киім, аяқ киім, бас киім, қолғап, өзге де нәрселер;

5) ауыр жұмыстар – қызметкердің ауыр заттарды (он килограмм және одан жоғары) қолмен тұрақты түрде орнынан қозғалтуына, орнын ауыстыруына және тасымалдауына байланысты әрі көп күш-қуатты талап ететін (250 ккал/сағаттан астам күш-қуат жұмсалатын) қызмет түрлері;

6) ауысымдық жұмыс – тәулік ішінде екі не үш немесе төрт жұмыс ауысымындағы жұмыс;

7) әлеуметтік әріптестік – қызметкерлер қызметкерлердің өкілдері, жұмыс берушілер (жұмыс берушілердің өкілдері), мемлекеттік органдар арасындағы еңбек қатынастарын және олармен тікелей байланысты өзге де қатынастарды реттеу мәселелері бойынша олардың мүд-

делерін үйлестіруді қамтамасыз етуге бағытталған өзара қатынастар жүйесі;

8) бас, салалық (тарифтік), өңірлік келісім (бұдан әрі – келісім) – әлеуметтік әріптестік тараптарының арасында жасалатын, келісімнің мазмұнын және республикалық, салалық және өңірлік деңгейлерде қызметкерлер үшін еңбек жағдайларын, жұмыспен қамту және әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу жөніндегі тараптардың міндеттемелерін айқындайтын құқықтық акт;

9) бос тұрып қалу – экономикалық, технологиялық, ұйымдастырушылық, өзге де өндірістік немесе табиғи сипаттағы себептер бойынша жұмыстың уақытша тоқтап тұруы;

10) біліктілік санаты (разряды) – орындалатын жұмыстардың күрделілігін көрсететін, қызметкердің біліктілігіне қойылатын талаптар деңгейі;

11) бітімгерлік комиссиясы – ұжымдық еңбек дауын тараптарды бітімге келтіру жолымен реттеу үшін жұмыс берушілер мен қызметкерлер (олардың өкілдері) арасындағы келісім бойынша құрылатын орган;

12) бітімгерлік рәсімдері – ұжымдық еңбек дауын алғашында – бітімгерлік комиссиясында, ал онда келісімге қол жетпеген кезде еңбек төрелік сотында өз кезегімен қарау;

13) делдал – еңбек қатынастарының тараптары еңбек дауын шешу жөнінде қызмет көрсету үшін тартатын жеке немесе заңды тұлға;

14) демалыс – жұмыс орны (лауазымы) мен осы Кодексте белгіленген жағдайларда орташа жалақысын сақтай отырып, қызметкердің жыл сайынғы тынығуын қамтамасыз ету немесе әлеуметтік мақсаттар үшін қызметкерді белгілі бір кезеңге жұмыстан босату;

15) еңбек – адам мен қоғамның өміріне және қажеттіліктерін қанағаттандыруға қажетті материалдық, рухани және басқа да құндылықтарды жасауға бағытталған адам қызметі;

16) еңбекке ақы төлеу – осы Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ келісімдерге, еңбек шартына, ұжымдық шартқа және жұмыс берушінің актілеріне сәйкес қызметкерге еңбегі үшін берілетін сыйақының міндетті төлемін жұмыс берушінің қамтамасыз етуіне байланысты қатынастар жүйесі;

17) еңбекке ақы төлеудің ең төменгі стандарты (ЕАТС) – ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды), қауіпті жұмыстарда істейтін қызметкердің айлық жалақысының сақталуына кепілдік берілген ең төменгі мөлшері, бұған жұмыс процесінде зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсеріне ұшырайтын қызметкердің өмірлік күші мен қуатын қалпына келтіруге қажетті азық-түлік өнімдерінің, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің ең төменгі жиынтығы кіреді;

18) еңбек гигиенасы – қызметкерлердің денсаулығын сақтау, өндірістік орта мен еңбек процесінің қолайсыз әсерінің алдын алу жөніндегі санитарлық-эпидемиологиялық шаралар мен құралдар кешені;

19) еңбек дауы – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, келісімдердің, еңбек шартының және (немесе) ұжымдық шарттың, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша қызметкер (қызметкерлер) мен жұмыс берушінің (жұмыс берушілердің) арасындағы келіспеушіліктер;

20) еңбек делдалдығы – халықты жұмысқа орналастыруда жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган, сондай-ақ жеке жұмыспен қамту агенттігі көрсететін жәрдем;

21) еңбек жағдайлары – еңбекке ақы төлеу, нормалау, жұмыс уақыты мен тынығу уақытының режимі жағдайлары, кәсіптерді (лауазымдарды) қоса атқару, қызмет көрсету аймағын ұлғайту, уақытша жұмыста болмаған қызметкердің міндеттерін атқару, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау тәртібі, техникалық, өндірістік-тұрмыстық жағдайлар, сондай-ақ тараптардың келісуі бойынша өзге де еңбек жағдайлары;

22) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган – еңбек қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы;

23) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері – еңбек жөніндегі уәкілетті органның тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде еңбек қатынастары саласындағы өкілеттіктерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелері;

24) еңбек қатынастары – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында, еңбек шартында, ұжымдық шартта көзделген құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін қызметкер мен жұмыс берушінің арасында туындайтын қатынастар;

25) еңбек қатынастарына тікелей байланысты қатынастар – осы Кодексте көзделген жағдайларда еңбекті ұйымдастыру мен басқаруға, жұмысқа орналастыруға, кәсіптік даярлауға, қызметкерлерді қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға, әлеуметтік әріптестікке, ұжымдық шарттар мен келісімдер жасасуға, еңбек жағдайларын белгілеуге қызметкерлердің (қызметкерлер өкілдерінің) қатысуына, еңбек дауларын шешуге және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын бақылауға байланысты қалыптасатын қатынастар;

26) еңбек қауіпсіздігі – еңбек қызметі процесінде қызметкерлерге зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерін болғызбайтын іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етілген қызметкерлердің қорғалу жай-күйі;

27) еңбек қауіпсіздігі жағдайлары – қызметкер еңбек міндеттерін орындаған кезде еңбек процесі мен өндірістік ортаның еңбек қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі;

28) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мониторингі – өндірістегі еңбек қауіпсіздігінің және еңбекті қорғаудың жай-күйін қадағалау жүйесі,

сондай-ақ еңбек қауіпсіздігінің және еңбекті қорғаудың жай-күйін бағалау мен болжау;

29) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтер – эргономикалық, санитарлық-эпидемиологиялық, психофизиологиялық және еңбектің қалыпты жағдайларын қамтамасыз ететін өзге де талаптар;

30) еңбек міндеттері – қызметкер мен жұмыс берушінің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, жұмыс берушінің актілерінде, еңбек шартында, ұжымдық шартта келісілген міндеттемелері;

31) еңбек стажы – қызметкер еңбек міндеттерін орындауға жұмсаған, күнтізбемен есептелген уақыт, сондай-ақ осы Кодекске сәйкес еңбек стажына қосылатын өзге де кезеңдер;

32) еңбек тәртібі – жұмыс беруші мен қызметкерлердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, сондай-ақ келісімдерде, еңбек шартында, ұжымдық шартта, жұмыс берушінің актілерінде, құрылтай құжаттарында белгіленген міндеттемелерді тиісінше орындауы;

33) еңбек тәртіптемесі – қызметкерлер мен жұмыс берушінің еңбекті ұйымдастыру жөніндегі қатынастарын реттеу тәртібі;

34) еңбек төрелік соты – бітімгерлік комиссиясында келісімге қол жетпеген кезде еңбек дауын шешу үшін ұжымдық еңбек дауының тараптары уәкілетті адамдарды тарта отырып құратын, уақытша жұмыс істейтін орган;

35) еңбекті қорғау – құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастыру-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық, емдеу-профилактика, оңалту және өзге де іс-шаралар мен құралдарды қамтитын, еңбек қызмет процесінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі;

36) еңбекті қорғау жөніндегі қоғамдық инспектор – еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында қоғамдық бақылауды жүзеге асыратын қызметкерлер өкілі;

37) еңбекті нормалау – нақты ұйымдастыру-техникалық жағдайларында қызметкерлердің жұмысты орындауға (өнім бірлігін дайындауға) арналған қажетті еңбек (уақыт) шығындарын айқындау және осының негізінде еңбек нормаларын белгілеу;

38) еңбектің қауіпсіз жағдайлары – жұмыс берушінің қызметкерге зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсері болмайтындай не олардың әсер ету деңгейі қауіпсіздік нормаларынан аспайтындай етіп жасаған еңбек жағдайлары;

39) еңбек шарты – қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы жазбаша келісім, бұған сәйкес қызметкер белгілі бір жұмысты (еңбек функциясын) жеке өзі орындауға, еңбек тәртіптемесінің ережелерін сақтауға міндеттенеді, ал жұмыс беруші қызметкерге келісілген еңбек

функциясы бойынша жұмыс беруге, осы Кодексте, Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінде, ұжымдық шартта, жұмыс берушінің актілерінде көзделген еңбек жағдайын қамтамасыз етуге, қызметкерге уақтылы және толық мөлшерде жалақы төлеуге міндеттенеді;

40) ереуіл – жұмыс берушімен ұжымдық еңбек дауында өздерінің әлеуметтік-экономикалық және кәсіптік талаптарын қанағаттандыру мақсатында жұмысты толық немесе ішінара тоқтату;

41) жалақы – қызметкердің біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, санына, сапасына және жағдайына байланысты еңбек үшін төленетін сыйақы, сондай-ақ өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдер;

42) жеке қорғану заттары – қызметкерді зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерінен қорғауға арналған құралдар, соның ішінде арнайы киім;

43) жұмыс беруші – қызметкер еңбек қатынастарында болатын жеке немесе заңды тұлға;

44) жұмыс берушілердің өкілдері – құрылтай құжаттары немесе сенімхат негізінде жұмыс берушінің немесе жұмыс берушілер тобының мүдделерін білдіруге уәкілетті жеке және (немесе) заңды тұлғалар;

45) жұмыс берушінің актілері – жұмыс беруші шығаратын бұйрықтар, өкімдер, нұсқаулықтар, ережелер, еңбек тәртіптемесінің ережелері;

46) жұмысқа орналастыру – халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге жәрдемдесуге арналған ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық іс-шаралар кешені;

47) жұмыс орны – қызметкердің еңбек қызметі процесінде еңбек міндеттерін орындауы кезінде тұрақты немесе уақытша болатын орны;

48) жұмысты тарифтеу – орындалатын жұмыстарды Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына және Басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына, жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамаларына және ұйымдар басшыларының, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес белгілі бір күрделілікке жатқызу;

49) жұмыс уақыты – қызметкер жұмыс берушінің актілеріне және еңбек шартының талаптарына сәйкес еңбек міндеттерін орындайтын уақыт, сондай-ақ осы Кодекске сәйкес жұмыс уақытына жатқызылған өзге де уақыт кезеңдері;

50) жұмыс уақытының жиынтық есебі – жұмыс беруші белгілеген, бір жылдан асыруға болмайтын есептік кезеңдегі жұмыс уақытын жинақтау жолымен есептелген жұмыс уақытының есебі;

51) зиянды (ерекше зиянды) еңбек жағдайлары – белгілі бір өндірістік факторлардың әсері қызметкердің еңбекке қабілеттілігінің төмен-

деуіне немесе сырқаттануына не оның ұрпақтарының денсаулығына теріс ықпалы болуына әкеп соқтыратын еңбек жағдайлары;

52) зиянды өндірістік фактор – әсері қызметкердің сырқаттануына немесе еңбекке қабілеттілігінің төмендеуіне және (немесе) оның ұрпақтарының денсаулығына теріс ықпалы болуына әкеп соқтыруы мүмкін өндірістік фактор;

53) кәсіптік ауру – қызметкердің өз еңбек (қызмет) міндеттерін орындауына байланысты оған зиянды өндірістік факторлардың әсер етуінен туындаған созылмалы немесе қатты ауру;

54) кепілдіктер – қызметкерлерге әлеуметтік-еңбек қатынастары саласында берілген құқықтардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге көмектесетін құралдар, тәсілдер мен жағдайлар;

55) қауіпсіздік нормалары – қызметкерлердің еңбек қызметі процесінде олардың өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған ұйымдастырушылық, техникалық, санитарлық-гигиеналық, биологиялық және өзге де нормаларды, ережелерді, рәсімдер мен өлшемдерді қамтамасыз ету тұрғысынан өндіріс жағдайларын, өндірістік және еңбек процесін сипаттайтын сапалық және сандық көрсеткіштер;

56) қауіпті еңбек жағдайлары – еңбекті қорғау ережелері сақталмаған жағдайда белгілі бір өндірістік немесе жоюға болмайтын табиғи факторлардың әсері қызметкердің жарақаттануына, кәсіптік ауруға шалдығуына, денсаулығының кенеттен нашарлауына немесе улануына әкеп соқтыратын, соның салдарынан еңбекке қабілеттілігінен уақытша немесе тұрақты айрылуы, кәсіптік ауруға шалдығуы не өлімі туындайтын еңбек жағдайлары;

57) қауіпті өндірістік фактор – қызметкерге әсер етуі еңбекке қабілеттілігінен уақытша немесе тұрақты айрылуға (өндірістік жарақатқа немесе кәсіптік ауруға) немесе өлімге әкеп соқтыруы мүмкін өндірістік фактор;

58) қоса атқарылатын жұмыс – қызметкердің негізгі жұмысынан бос уақытында еңбек шарты жағдайында тұрақты, ақы төленетін басқа жұмысты орындауы;

59) қызметкер – жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және жеке еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға;

60) қызметкерлердің өкілдері – кәсіптік одақтардың, олардың бірлестіктерінің органдары және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен қызметкерлер уәкілеттік берген (сайлаған) өзге де жеке және (немесе) заңды тұлғалар;

60-1) өндірістік объектілерді аттестаттауды жүргізу жөніндегі мамандандырылған ұйымдар – білікті кадрлары бар және өзінің құрамында өндірістік орта мен еңбек жағдайларының факторларын зертханалық және аспаптық зерттеулер жөніндегі зертханасы бар немесе осындай

зертханалары бар ұйымдармен шарттары бар өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттауды жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар;

61) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

62) негізгі жалақы – жалақының тарифтік ставка, лауазымдық айлықақы, кесімді бағалау бойынша төлемді қамтитын, салыстырмалы түрде тұрақты бөлігі және еңбек заңнамасында, салалық келісімде, ұжымдық шартта және (немесе) еңбек шартында көзделген тұрақты сипаттағы төлемдер;

63) өндірістегі жазатайым оқиға – өзінің еңбек (қызмет) міндеттерін немесе жұмыс берушінің тапсырмаларын орындауы кезінде, қызметкердің өндірістік жарақаттануы, денсаулығының кенеттен нашарлауы немесе улануы салдарынан оның еңбекке қабілеттілігінен уақытша немесе тұрақты айрылуына, кәсіптік ауруға шалдығуына не өліміне әкеп соқтырған зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактордың қызметкерге әсер етуі;

64) өндірістік жабдық – машиналар, тетіктер, құрылғылар, аппараттар, аспаптар және жұмысқа, өндіріске қажетті өзге де техникалық құралдар;

65) өндірістік жарақат – қызметкер еңбек міндеттерін орындау кезінде алған, оның еңбекке қабілеттілігін жоюға әкеп соққан, денсаулығының зақымдануы;

66) өндірістік қажеттілік – дүлей апатты, аварияны болғызбау немесе жою немесе олардың зардаптарын дереу жою мақсатында, жазатайым оқиғаларды, бос тұрып қалуды, мүліктің жойылуын немесе бүлінуін болғызбау үшін және басқа да ерекше жағдайларда, сондай-ақ жоқ қызметкерді алмастыру үшін жұмыстар орындау;

67) өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау – өндірістік объектілерді (өндірістік қызметті жүзеге асыратын цехтарды, учаскелерді, жұмыс орындарын, сондай-ақ жұмыс берушілердің бөлек тұрған өзге де бөлімшелерін) оларда орындалатын жұмыстар қауіпсіздігінің жай-күйін, зияндылығын, ауырлығын, қауырттығын, еңбек гигиенасын айқындау және өндірістік орта жағдайларының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау нормативтеріне сәйкестігін айқындау мақсатында бағалау жөніндегі қызмет;

68) өндірістік санитария – зиянды өндірістік факторлардың қызметкерлерге әсерін болғызбайтын немесе азайтатын санитарлық-гигиеналық, ұйымдастыру іс-шаралары мен техникалық құралдар жүйесі;

69) өтемақы төлемдері – жұмыстың ерекше режимі мен еңбек жағдайларына, жұмысынан айрылуына, қызметкерлердің еңбек міндеттерін немесе Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де міндеттерді орындауына байланысты шеккен шығындарын өтеуге байланысты ақшалай төлемдер;

70) тарифтік жүйе – еңбекке ақы төлеу жүйесінің бір түрі, онда қызметкерлердің жалақысы тарифтік ставкалар (айлықақылар) және тарифтік кестелер негізінде сараланып айқындалады;

71) тарифтік кесте – орындалатын жұмыстардың күрделілік және қызметкерлердің біліктілік белгісі бойынша саралауды көздейтін тарифтік разрядтар мен тарифтік коэффициенттердің жиынтығы;

72) тарифтік разряд – жұмыстың күрделілік деңгейі және осы жұмысты орындау үшін қажетті біліктілік деңгейінің көрсеткіші;

73) тарифтік ставка (айлықақы) – қызметкердің уақыт бірлігі ішінде белгілі бір күрделіліктегі (біліктіліктегі) еңбек нормасын (еңбек міндеттерін) орындағаны үшін еңбегіне ақы төлеудің белгіленген мөлшері;

74) тәртіптік жаза – тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін жұмыс берушінің қызметкерге қолданатын тәртіптік әсер ету шарасы;

75) тәртіптік теріс қылық – қызметкердің еңбек тәртібін бұзуы, сондай-ақ еңбек міндеттерін құқыққа қайшы келетіндей кінәмен орындамауы немесе тиісінше орындамауы;

76) тыныңу уақыты – қызметкердің еңбек міндеттерін орындаудан бос және өз қалауы бойынша пайдалана алатын уақыты;

77) ұжымдық қорғану құралдары – жұмыс істейтін екі немесе одан да көп адамды зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерінен бір мезгілде қорғауға арналған техникалық құралдар;

78) ұжымдық шарт – әзірлеу мен жасасу тәртібі осы Кодекстің 282-бабында белгіленген, ұйымдағы әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейтін, қызметкерлердің уәкілеттік берілген өкілдері арқылы олардың ұжымы мен жұмыс берушінің арасындағы жазбаша келісім нысанындағы құқықтық акт;

79) үстеме жұмыс – қызметкер жұмыс берушінің бастамасы бойынша орындайтын, жұмыс уақытының белгіленген ұзақтығынан тыс жұмыс;

80) хабарлама – қызметкердің немесе жұмыс берушінің жазбаша өтініші не өзге тәсілмен (курьерлік почта, почта байланысы, факсимильді байланыс және электрондық почта арқылы) берілген өтініштер;

81) іссапар – жұмыс берушінің өкімі бойынша қызметкерді тұрақты жұмыс орнынан тыс жерге белгілі бір мерзімге еңбек міндеттерін орындау үшін жіберу, сондай-ақ қызметкерді басқа жерге оқуға, біліктілігін арттыруға немесе қайта даярлауға жіберу.

2. Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының басқа да арнаулы ұғымдары мен терминдері осы Кодекстің тиісті баптарында айқындалатын мағыналарда пайдаланылады.

20-бап. Еңбек қатынастарының туындау негіздері

1. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, еңбек қатынастары қызметкер мен жұмыс берушi-

нің арасында осы Кодексте сәйкес жасалған еңбек шартының негізінде туындайды.

2. Қазақстан Республикасының заңдарында, құрылтай құжаттарында, жұмыс берушінің актілерінде белгіленген жағдайларда және тәртіппен еңбек шартын жасау алдында:

1) лауазымға сайлану (сайлау);

2) тиісті лауазымға орналасуға конкурс бойынша сайлану;

3) лауазымға тағайындау немесе лауазымға бекіту;

4) заңда уәкілеттік берілген органдардың белгіленген квота есебіне жұмысқа жіберуі;

5) еңбек шартын жасасу туралы сот шешімін шығару рәсімдері болуы мүмкін.

22-бап. Қызметкердің негізгі құқықтары мен міндеттері

1. Қызметкердің:

1) осы Кодексте көзделген тәртіппен және жағдайларда еңбек шартын жасасуға, өзгертуге, толықтыруға және бұзуға;

2) жұмыс берушіден еңбек шартының, ұжымдық шарттың талаптарын орындауды талап етуге;

3) еңбек қауіпсіздігіне және еңбекті қорғауға;

4) еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғаудың жай-күйі туралы толық және дәйекті ақпарат алуға;

5) еңбек шартының, ұжымдық шарттың талаптарына сәйкес уақтылы және толық көлемде жалақы төленуіне;

6) бос тұрып қалу үшін осы Кодексте сәйкес ақы алуға;

7) тынығуға, оның ішінде жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына;

8) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, өз еңбек құқықтарының берілуі мен оларды қорғау үшін, кәсіподақ немесе басқа да бірлестіктер құру, сондай-ақ оларға мүшелік құқығын қоса алғанда, бірігуге;

9) өзінің өкілдері арқылы ұжымдық келіссөздерге қатысуға және ұжымдық шарт жобасын әзірлеуге, сондай-ақ қол қойылған ұжымдық шартпен танысуға;

10) осы Кодексте көзделген тәртіппен кәсіптік даярлықтан, қайта даярлықтан өтуге және өзінің біліктілігін арттыруға;

11) еңбек міндеттерін атқаруға байланысты денсаулығына келтірілген зиянды өтетуге;

12) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда міндетті әлеуметтік сақтандырылуға;

13) кепілдіктерге және өтемақы төлемдеріне;

14) өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға;

15) бірдей еңбегі үшін қандай да болмасын кемсітусіз бірдей ақы алуға;

16) еңбек дауын шешу үшін таңдауы бойынша келісім комиссиясына, сотқа жүгінуге;

17) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жабдықталған жұмыс орнына;

18) Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңнамасында, сондай-ақ еңбек шартында, ұжымдық шартта көзделген талаптарға сәйкес жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен, арнаулы киіммен қамтамасыз етілуге;

19) өзінің денсаулығына немесе өміріне қауіп төндіретін жағдай туындаған кезде, бұл туралы тікелей басшы немесе жұмыс берушінің өкілін хабардар ете отырып, жұмысты орындаудан бас тартуға;

20) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарға сәйкес келмеуі себепті ұйымның жұмысы тоқтатыла тұрған уақытта орташа жалақысының сақталуына;

21) еңбек жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшелеріне өзінің жұмыс орнындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайларын тексеру туралы өтініш жасауға, сондай-ақ еңбек жағдайларын, қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды жақсартуға байланысты мәселелерді тексеру мен қарауға өкілдікпен қатысуға;

22) жұмыс берушінің еңбек және сонымен тікелей байланысты қатынастар саласындағы іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасауға;

23) біліктілігіне, еңбектің күрделілігіне, орындалған жұмыстың саны мен сапасына, сондай-ақ еңбек жағдайларына сәйкес еңбегіне ақы төленуіне;

24) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және ұжымдық шартта көзделген нысандарда ұйымды басқаруға қатысуға;

25) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен, ереуілге құқықты қоса алғанда, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешуге құқығы бар.

2. Қызметкер:

1) еңбек міндеттерін еңбек шартына, ұжымдық шартқа, жұмыс берушінің актілеріне сәйкес орындауға;

2) еңбек тәртібін сақтауға;

3) жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі мен өндірістік санитария жөніндегі талаптарды сақтауға;

4) жұмыс берушінің және қызметкерлердің мүлкіне ұқыпты қарауға;

5) адамдардың өмірі мен денсаулығына, жұмыс беруші мен қызметкерлер мүлкінің сақталуына қауіп төндіретін ахуал туындағаны, сондай-ақ бос тұрып қалу туындағаны туралы жұмыс берушіге хабарлауға;

6) еңбек міндеттерін орындауға байланысты өзіне мәлім болған мемлекеттік құпияны, қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын мәліметтерді жария етпеуге;

7) жұмыс берушіге келтірілген зиянды осы Кодексте белгіленген шектерде өтеуге міндетті.

3. Қызметкердің осы Кодексте көзделген өзге де құқықтары болады және ол өзге де міндеттерді атқарады.

23-бап. Жұмыс берушінің негізгі құқықтары мен міндеттері

1. Жұмыс берушінің:

1) жұмысқа қабылдау кезінде таңдау еркіндігіне;

2) қызметкерлермен еңбек шартын осы Кодексте көзделген тәртіппен және негіздер бойынша өзгертуге, толықтыруға және бұзуға;

3) өз өкілеттігі шегінде жұмыс берушінің актілерін шығаруға құқығы бар. Еңбек жағдайларының өзгеруіне байланысты актілер шығару осы Кодекстің 48-бабына сәйкес жүзеге асырылады;

4) өз құқықтары мен мүдделеріне өкілдік ету және оларды қорғау мақсатында бірлестіктер құруға және оларға кіруге;

5) қызметкерлерден еңбек шарты, ұжымдық шарт талаптарының, еңбек тәртіптемесі ережелерінің және жұмыс берушінің басқа да актілерінің орындалуын талап етуге;

6) осы Кодексте көзделген жағдайларда және тәртіппен қызметкерлерді көтермелеуге, оларға тәртіптік жаза қолдануға, қызметкерлерді материалдық жауапкершілікке тартуға;

7) еңбек міндеттерін атқару кезінде қызметкердің келтірген зиянын өтетуге;

8) еңбек саласындағы өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгінуге;

9) қызметкерге сынақ мерзімін белгілеуге;

10) егер жеке еңбек шартының талаптарында ескертілген болса, қызметкерді оқытуға байланысты өз шығындарын өтетуге құқығы бар.

2. Жұмыс беруші:

1) Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының, келісімдердің, ұжымдық шарттың, еңбек шартының, өздері шығарған актілердің талаптарын сақтауға;

2) жұмысқа қабылдаған кезде осы Кодексте белгіленген тәртіппен және жағдайларда қызметкерлермен еңбек шарттарын жасасуға;

3) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыруға;

4) қызметкерге еңбек шартында келісілген жұмысты беруге;

5) қызметкерге Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, еңбек шартында, ұжымдық шартта, жұмыс берушінің актілерінде көзделген жалақы мен өзге де төлемдерді уақтылы және толық мөлшерде төлеуге;

6) қызметкерді ұйымдағы ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен және жұмыс берушінің қызметкердің жұмысына (еңбек функциясына) тікелей қатысы бар өзге де актілерімен және ұжымдық шартпен таныстыруға;

7) қызметкерлердің өкілдеріне ұжымдық келіссөздер жүргізу, ұжымдық шарттар жасасу, сондай-ақ олардың орындалуын бақылау үшін қажетті толық және дәйекті ақпарат беруге;

8) қызметкерлер өкілдерінің ұсыныстарын қарауға, ұжымдық келіссөздер жүргізуге және осы Кодексте белгіленген тәртіппен ұжымдық шарт жасасуға;

9) қызметкерлерді Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына, еңбек шартына, ұжымдық шартқа сәйкес еңбек жағдайларымен қамтамасыз етуге;

10) қызметкерлерді жабдықпен, құралдармен, техникалық құжаттамамен және еңбек міндеттерін атқару үшін қажетті өзге де құралдармен өз қаражаты есебінен қамтамасыз етуге;

11) мемлекеттік еңбек инспекторларының нұсқамаларын орындауға;

12) егер жұмысты жалғастыру қызметкердің және өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына қауіп төндіретін болса, жұмысты тоқтата тұруға;

13) қызметкерлерді міндетті әлеуметтік сақтандыруды жүзеге асыруға;

14) қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыруға;

15) қызметкерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беруге;

16) қызметкерлердің еңбек қызметін растайтын құжаттардың және оларды зейнетақымен қамсыздандыруға арналған ақшаны ұстап қалу мен аудару туралы деректердің сақталуын және мемлекеттік мұрағатқа тапсырылуын қамтамасыз етуге;

17) қызметкерге зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыс жағдайлары мен кәсіптік аурудың болу мүмкіндігі туралы ескертуге;

18) жұмыс орындары мен технологиялық процестерде қауіп-қатерді болғызбау жөнінде шаралар қабылдауға, өндірістік және ғылыми-техникалық прогресті ескере отырып профилактикалық жұмыстар жүргізуге;

19) жұмыс уақытының, оның ішінде әрбір қызметкер орындайтын үстеме жұмыстардың, зиянды (ерекше зиянды), қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмыстардың, ауыр жұмыстардың нақты есебін жүргізуге;

20) қызметкерлердің кәсіби даярлықтан, қайта даярлықтан өтуін және олардың біліктілігін арттыруды осы Кодексте сәйкес қамтамасыз етуге;

21) қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды осы Кодексте және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтеуге;

22) еңбек жөніндегі уәкілетті органның және еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарын, қызметкерлер өкілдерін, еңбекті қорғау жөніндегі қоғамдық инспекторлар-

ды ұйымдардағы еңбек қауіпсіздігінің, еңбек жағдайы және еңбекті қорғаудың жай-күйін және Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңнамасының сақталуын, сондай-ақ өндірістегі жазатайым оқиға мен кәсіптік ауруларды тексеру үшін кедергісіз жіберуге;

23) жұмысқа қабылдау кезінде осы Кодекстің 31-бабына сәйкес еңбек шартын жасасу үшін қажетті құжаттарды талап етуге;

24) жұмыс беруші айқындайтын, он сегіз жасқа дейінгі қызметкерлердің тегі, аты, әкесінің аты (егер жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және туған күні көрсетілетін тізілімдердің немесе басқа да құжаттардың жүргізілуін қамтамасыз етуге міндетті.

3. Жұмыс берушінің осы Кодексте көзделген өзге де құқықтары болады және ол өзге де міндеттерді атқарады.

24-бап. Еңбек шартының нысанасы

Еңбек шарты бойынша қызметкер сыйақы үшін тиісті біліктілігі бойынша жұмысты (еңбек функциясын) атқарады және еңбек тәртіптемесін сақтайды, ал жұмыс беруші еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді, қызметкерге Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында, еңбек шартында, ұжымдық шартта, тараптардың келісімінде көзделген жалақыны уақтылы және толық көлемінде төлейді және өзге де төлемдерді жүзеге асырады.

27-бап. Еңбек шартының шарттардың өзге түрлерінен ерекшелігі

Еңбек шартында мына талаптардың біреуінің болуы:

1) қызметкердің жұмысты (еңбек функциясын) белгілі бір біліктілік, мамандық, кәсіп немесе лауазым бойынша орындауы;

2) міндеттемелердің еңбек тәртіптемесіне бағына отырып жеке орындалуы;

3) қызметкердің еңбегі үшін жалақы алуы еңбек шартының шарттардың өзге түрлерінен ерекшелігі болып табылады.

28-бап. Еңбек шартының мазмұны

1. Еңбек шартында:

1) тараптардың деректемелері:

жұмыс беруші-жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), оның тұрақты тұратын мекенжайы және тұратын жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтер, жеке басын куәландыратын құжаттың атауы, нөмірі, берілген күні, салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

жұмыс беруші-заңды тұлғаның толық атауы мен орналасқан жері, жұмыс беруші-заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу нөмірі мен күні, салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (егер жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), оның тұрақты тұратын жерінің мекенжайы және тұратын жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтер, жеке басын

куәландыратын құжаттың атауы, нөмірі, берілген күні, жеке сәйкестендіру нөмірі және салық төлеушінің тіркеу нөмірі, әлеуметтік жеке коды;

2) белгілі бір мамандық, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмысы (еңбек функциясы);

3) жұмыстың атқарылатын орны;

4) еңбек шартының мерзімі;

5) жұмыстың басталу күні;

6) жұмыс уақыты мен тынығу уақытының режимі;

7) еңбекке ақы төлеу мөлшері мен өзге де шарттары;

8) егер жұмыс ауыр жұмыстарға жататын болса және (немесе) зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жағдайларда орындалатын болса, еңбек жағдайларының сипаттамасы, кепілдіктер мен жеңілдіктер;

9) қызметкердің құқықтары мен міндеттері;

10) жұмыс берушінің құқықтары мен міндеттері;

11) еңбек шартын өзгерту мен тоқтату тәртібі;

12) кепілдіктер мен өтемақы төлемдері, оларды төлеу тәртібі;

13) сақтандыру жөніндегі талаптар;

14) тараптардың жауапкершілігі;

15) жасалу күні мен реттік нөмірі болуға тиіс.

1-1. Тараптардың деректемелері өзгерген кезде еңбек шартына тиісті өзгерістер енгізіледі.

2. Тараптардың келісімі бойынша еңбек шартына Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де талаптар енгізілуі мүмкін.

3. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен салыстырғанда қызметкердің жағдайын нашарлататын еңбек шартының ережелері жарамсыз деп танылады және қолданылмауға тиіс.

29-бап. Еңбек шартының мерзімі

1. Еңбек шарты:

1) белгіленбеген мерзімге;

2) осы баптың 1-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында белгіленген жағдайларды қоспағанда, бір жылдан кем емес белгілі бір мерзімге жасалуы мүмкін.

Еңбек шартының мерзімі ұзартылған кезде, ол белгіленбеген мерзімге жасалған болып есептеледі.

Бір жылдан кем емес белгілі бір мерзімге шарт жасасқан қызметкермен еңбек шарты, ол атқаратын еңбек функциясы бойынша қайтадан жасалған жағдайда, ол да белгіленбеген мерзімге жасалған болып есептеледі.

Осы тармақтың 2) тармақшасының екінші және үшінші бөліктерінің ережесі еңбек қызметін шетелдік жұмысшы күшін тартуға арналған рұқсаттың негізінде жүзеге асыратын тұлғаларға қолданылмайды.

Еңбек шарты белгіленбеген мерзімге жасалған қызметкерлер үшін көзделген кепілдіктер мен өтемақыларды беруден жалтару мақсатында еңбек шарттарын белгілі бір мерзімге жасауға тыйым салынады.

Егер еңбек шартының қолданылу мерзімі аяқталған кезде тараптардың бірде-бірі соңғы жұмыс күні (ауысым) ішінде еңбек қатынастарын тоқтатуды талап етпеген болса, онда ол белгіленбеген мерзімге жасалған болып есептеледі;

3) белгілі бір жұмыстың орындалу уақытына;

4) жұмыста уақытша болмаған қызметкерді ауыстыру уақытына;

5) маусымдық жұмысты орындау уақытына жасалуы мүмкін.

2. Жұмыс беруші-заңды тұлғаның атқарушы органының басшысы лауазымындағы жұмысқа еңбек шарты жұмыс берушінің құрылтай құжаттарында немесе тараптардың келісімінде белгіленген мерзімге жасалады. Мұндай шартқа осы баптың 3-тармағында белгіленген ережелер қолданылмайды.

3. Егер еңбек шартында оның қолданылу мерзімі айтылмаса, онда шарт белгіленбеген мерзімге жасалған деп есептеледі.

31-бап. Еңбек шартын жасасуға қажетті құжаттар

1. Еңбек шартын жасау үшін мынадай құжаттар:

1) жеке куәлігі немесе паспорты (он алты жасқа толмаған адамдар үшін туу туралы куәлігі) қажет.

Оралмандар халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органның аумақтық органдары берген оралман куәлігін ұсынады;

2) ықтиярхаты немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігі (Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін) не босқын куәлігі;

3) тиісті білімді, дағдылар мен машықтарды талап ететін жұмысқа еңбек шартын жасасу кезінде білімі, біліктілігі туралы, арнаулы білімі немесе кәсіптік даярлығының болуы туралы құжат;

4) еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек стажы бар адамдар үшін);

5) әскери есеп құжаты (әскери міндеттілер мен әскери қызметке шақырылуға жататын адамдар үшін);

6) алдын ала медициналық куәландырудан өткені туралы құжат (осы Кодексте және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай куәландырудан өтуге міндетті адамдар үшін);

7) салық төлеушінің тіркеу нөмірін және әлеуметтік жеке код беру туралы куәліктердің көшірмелері;

8) тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

9) кәмелетке толмағандар қатысатын білім беру, тәрбиелеу, демалысты ұйымдастыру және сауықтыру, дене тәрбиесі және спорт, медициналық қамтамасыз ету, әлеуметтік қызметтер көрсету, мәдениет және өнер саласында еңбек шартын жасасқан кезде соттылығының бар не жоқ екендігі туралы анықтама қажет.

2. Жұмыс беруші, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы баптың 1-тармағында көзделмеген құжаттарды талап етуге құқылы емес.

3. Қызметкердің келісімімен құжаттардың түпнұсқалары жұмыс берушіде сақталған не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген рәсімдерді орындау үшін уақытша қалдырылған жағдайда, жұмыс беруші қызметкерге құжаттарды қайтару туралы жазбаша міндеттеме береді.

32-бап. Еңбек шартын жасасу, өзгерту және толықтыру тәртібі

1. Еңбек шарты жазбаша нысанда кемінде екі дана етіп жасалады және оған тараптардың қолдары қойылады. Еңбек шарты бір-бір данадан қызметкер мен жұмыс берушіде сақталады. Қызметкердің еңбек шартының бір данасын алуы жазбаша нысанда расталады.

2. Еңбек шартына, оның ішінде басқа жұмысқа ауыстыру кезінде, өзгерістер мен толықтырулар енгізуді тараптар осы баптың 1-тармағында көзделген тәртіппен жазбаша нысанда жүзеге асырады.

Еңбек шартының талаптарын өзгерту туралы ұсынысты еңбек шарты тараптарының бірі жазбаша нысанда береді және екінші тарап оны берілген күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде қарайды.

3. Ұйымның атқарушы органының лауазымды адамдарымен еңбек шартын ұйым мүлкінің меншік иесі не ол уәкілеттік берген адам немесе орган ұйымның құрылтай құжаттарында белгіленген тәртіппен жасайды.

33-бап. Жұмысқа қабылдауды ресімдеу

1. Жұмысқа қабылдау жасалған еңбек шарты негізінде шығарылатын жұмыс берушінің актісімен ресімделеді.

2. Жұмыс беруші үш жұмыс күні ішінде қызметкерді актімен таныстыруға міндетті. Жұмыс берушінің актісімен танысқаны қызметкердің қол қоюымен куәландырылады.

3. Қызметкердің талап етуі бойынша жұмыс беруші оған актінің жұмыс беруші растаған көшірмесін беруге міндетті.

Жұмысқа қабылдаған кезде жұмыс беруші қызметкерді ұйымдағы ішкі еңбек тәртіптемесі ережелерімен, жұмыс берушінің қызметкердің жұмысына (еңбек функциясына) қатысы бар өзге де актілерімен, ұжымдық шартпен таныстыруға міндетті.

34-бап. Қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттар

Мына құжаттардың кез келгені:

1) еңбек кітапшасы;

2) тоқтату күні мен оны тоқтатудың негізі туралы жұмыс берушінің белгісі бар еңбек шарты;

3) еңбек шартының жасалуы және тоқтатылуы негізінде еңбек қатынастарының туындауын және тоқтатылуын растайтын жұмыс беруші актілерінен үзінді көшірмелер;

4) қызметкерлерге жалақы төлеу ведомосынан үзінді көшірмелер;

5) жұмыс берушінің қолы қойылған, ұйымның мөрімен расталған не нотариат растаған қызмет ету тізімі (қызметкердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);

5-1) аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелер;

5-2) жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтер;

6) қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған мұрағаттық анықтама қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжат болып табылады.

39-бап. Еңбек шартының жарамсыздығы

1. Еңбек шарты:

1) алдау, күш көрсету, қауіп төндіру арқылы ықпал етіп;

2) нақты немесе заңды салдар туғызу ниетінсіз (жалған еңбек шарты);

3) әрекетке қабілетсіз деп танылған адаммен;

4) осы Кодекстің 30-бабы 2-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, он төрт жасқа толмаған адаммен;

5) ата-анасының біреуінің, қамқоршысының, асырап алушысының келісімінсіз, он алты жасқа толмаған адаммен жасалған жағдайларда, сот оны жарамсыз деп таниды.

2. Еңбек шартының жұмыс берушінің кінәсінен жарамсыз деп танылуы бұрынғы қызметкердің еңбегіне ақы алу, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының пайдаланылмаған күндері үшін өтемақы төлемін, өзге де төлемдер мен жеңілдіктер алу құқығынан айрылуына әкеп соқпайды.

3. Еңбек шартының жұмыс берушінің немесе қызметкердің кінәсінен жарамсыз деп танылуы олардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылығына әкеп соғады.

4. Еңбек шартының жекелеген талаптарының жарамсыз деп танылуы еңбек шартының тұтастай жарамсыздығына әкеп соқпайды.

51-бап. Еңбек шартын тоқтату негіздері

Мыналар:

1) тараптардың келісімі бойынша еңбек шартын бұзу;

2) еңбек шарты мерзімінің аяқталуы;

3) жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу;

4) қызметкердің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу;

5) тараптардың еркінен тыс мән-жайлар;

6) қызметкердің еңбек қатынастарын жалғастырудан бас тартуы;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, қызметкердің сайланбалы жұмысқа (лауазымға) ауысуы немесе еңбек қатынастарын жалғастыру мүмкіндігін болғызбайтын лауазымға тағайындалуы;

8) еңбек шартын жасасу талаптарының бұзылуы;

9) жұмыс берушінің атқарушы органы басшысымен жасалған еңбек шартында көзделген негіздер еңбек шартын тоқтату негіздері болып табылады.

52-бап. Тараптардың келісімі бойынша еңбек шартын бұзу

1. Еңбек шарты тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

2. Еңбек шартын тараптардың келісімі бойынша бұзуға тілек білдіруші еңбек шартының бір тарапы екінші тарапына хабарлама жібереді. Хабарлама алған тарап үш жұмыс күні ішінде екінші тарапқа қабылданған шешім туралы жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

3. Тараптардың келісімі бойынша еңбек шартының бұзылу күні қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы келісу бойынша айқындалады.

4. Еңбек шартында қызметкермен келісім бойынша, жұмыс берушінің қызметкерге бір жылғы орташа жалақысынан кем емес мөлшерде өтемақы төлей отырып, осы баптың 2-тармағында белгіленген талаптарды сақтамай-ақ еңбек шартын бұзу құқығы көзделеді.

53-бап. Мерзімінің аяқталуына байланысты еңбек шартын тоқтату

1. Белгілі бір мерзімге жасалған еңбек шарты, мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылады.

2. Еңбек шартында келісілген мерзімге сәйкес, қызметкердің соңғы жұмыс күні белгілі бір мерзімге жасалған еңбек шарты мерзімінің аяқталар күні болып табылады.

3. Жұмыстың аяқталған күні белгілі бір жұмыстың орындалу уақытына жасалған еңбек шарты мерзімінің аяқталар күні болып табылады.

4. Жұмыс орны (лауазымы) сақталған қызметкердің жұмысқа шыққан күнінің алдындағы жұмыс күні уақытша болмаған қызметкердің орнын ауыстыру уақытына жасалған еңбек шарты мерзімінің аяқталар күні болып табылады.

5. Егер еңбек шартының мерзімі аяқталғанда еңбек қатынастары іс жүзінде жалғасып, тараптардың ешқайсысы оның тоқтатылуын талап етпесе, шарттың қолданылуы белгіленбеген мерзімге ұзартылды деп есептеледі.

54-бап. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзудың негіздері

1. Қызметкермен еңбек шарты жұмыс берушінің бастамасы бойынша:

1) жұмыс беруші – заңды тұлға таратылған не жұмыс беруші – жеке тұлғаның қызметі тоқтатылған;

2) қызметкерлер саны немесе штаты қысқартылған;

3) біліктілігінің жетіспеуі салдарынан қызметкер атқарып жүрген лауазымына немесе орындайтын жұмысына сәйкес келмеген;

4) өзінің жұмысын жалғастыруына денсаулық жағдайының кедергі келтіруі салдарынан қызметкер атқаратын лауазымына немесе орындайтын жұмысына сәйкес келмеген;

5) сынақ мерзімі кезеңінде жұмыс нәтижесі дұрыс болмаған;

6) қызметкер бір жұмыс күні (жұмыс ауысымы) ішінде дәлелді себепсіз үш және одан да көп сағат бойы жұмыста болмаған;

7) қызметкер жұмыста алкогольдік, нашақорлық, психотроптық, уытқұмарлық масаңдық (соларға ұқсас) жағдайында болған, оның ішінде жұмыс күні ішінде алкогольдік, нашақорлық, уытқұмарлық масаңдық (соларға ұқсас) жағдай туғызатын заттарды пайдаланған;

7-1) тиісті актімен расталған, алкогольдік, нашақорлық, уытқұмарлық масаңдық күйге түсіретін заттарды пайдалану фактісін анықтау үшін медициналық куәландырудан өтуден бас тартқан;

8) қызметкер, жарақаттар мен авariяларды қоса алғанда, ауыр зардаптарға әкеп соққан немесе соғуы мүмкін, еңбекті қорғау немесе өрт қауіпсіздігі не көліктегі жүру қауіпсіздігі ережелерін бұзған;

9) қызметкердің жұмыс орнында басқаның мүлкін ұрлау (оның ішінде ұсақ ұрлық), оны қасақана жою немесе бүлдіру әрекеті заңды күшіне енген сот үкімімен немесе қаулысымен анықталған;

10) ақшалай немесе тауарлық құндылықтарға қызмет көрсететін қызметкердің кінәлі әрекеттер жасауы немесе әрекетсіздігі, егер бұл әрекеттер немесе әрекетсіздік жұмыс берушінің тарапынан оған деген сенімнің жоғалуына негіз болса;

11) тәрбиелік функциялар атқаратын қызметкер осы жұмысын жалғастырумен сыйыспайтын, адамгершілікке жат қылықтар жасаған;

12) қызметкер еңбек міндеттерін атқаруға байланысты өзіне мәлім болған мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария еткен;

13) егер тәртіптік жазасы бар қызметкер еңбек міндеттерін дәлелді себепсіз қайталап орындамаған немесе қайталап тиісінше орындамаған;

14) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда қызметкердің мемлекеттік құпияларға жіберілу рұқсаты тоқтатылған;

15) еңбек шартын жасасу не басқа жұмысқа ауыстыру кезінде түпнұсқа құжаттар немесе мәліметтер еңбек шартын жасасудан немесе басқа жұмысқа ауысудан бас тартуға негіз болатын жағдайда, қызметкер жұмыс берушіге көрінеу жалған құжаттар немесе мәліметтер ұсынған;

16) жұмыс берушінің атқарушы органы басшысының, оның орынбасарының не жұмыс беруші бөлімшесі басшысының еңбек міндеттерін бұзуы жұмыс берушіге материалдық залал келтіруге әкеп соққан;

17) қызметкер жүктілігі және босануы бойынша демалыста болған, сондай-ақ егер ауру Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін еңбекке қабілетсіздіктің анағұрлым ұзақ мерзімі белгіленген аурулар тізбесіне енгізілген жағдайларды қоспағанда, қызметкер еңбекке уақытша қабілетсіздігі салдарынан қатарынан екі айдан астам уақыт жұмысқа шықпаған жағдайларда бұзылуы мүмкін.

Өндірістік жарақат алуына немесе кәсіптік ауруға шалдығуына байланысты еңбекке қабілеттілігінен айрылған қызметкердің жұмыс орны (лауазымы) еңбекке қабілеттілігі қалпына келгенге дейін немесе мүгедектік белгіленгенге дейін сақталады;

18) қызметкер сот актісіне сәйкес одан әрі жұмыс істеу мүмкіндігін жоятын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

19) соттың ереуілді заңсыз деп тану туралы не ереуілді тоқтата тұру туралы шешімін қызметкердің назарына жеткізгеннен кейін ол ереуілге қатысуды жалғастырған жағдайларда бұзылуы мүмкін.

2. Осы Кодексте қызметкерлердің жекелеген санаттары үшін жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шарттарын бұзудың қосымша негіздері көзделген.

55-бап. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу мүмкіндіктерін шектеу

Осы Кодекстің 54-бабы 1-тармағының 1) және 17) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, қызметкердің уақытша еңбекке қабілетсіздік кезеңінде және жыл сайынғы ақылы еңбек демалысында жүрген кезеңінде еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзуға жол берілмейді.

56-бап. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу тәртібі

1. Егер еңбек шартында, ұжымдық шартта ескертудің анағұрлым ұзақ мерзімі белгіленбесе, жұмыс беруші осы Кодекстің 54-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша еңбек шартын бұзатыны туралы қызметкерге бір ай бұрын жазбаша ескертуге міндетті. Қызметкердің жазбаша келісімімен еңбек шартын бұзу ескерту мерзімі аяқталғанға дейін жүргізілуі мүмкін.

2. Кәсіптік одақтың мүшесі болып табылатын қызметкерлермен осы Кодекстің 54-бабы 1-тармағының 2), 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша еңбек шартын бұзу, сондай-ақ осы Кодекстің 59-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес еңбек шартын тоқтату ұжымдық шартта көзделген тәртіппен, осы ұйымның кәсіптік одағы органының дәлелді пікірін ескере отырып жүргізіледі.

3. Осы Кодекстің 54-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес еңбек шартын бұзу үшін қызметкердің осы жұмысты жалғастыруына кедергі келтіретін денсаулық жағдайы салдарынан атқаратын лауазымына немесе орындайтын жұмысына сәйкес келмеуі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен медициналық қорытындымен расталған болуға тиіс.

4. Еңбек шартын осы Кодекстің 54-бабы 1-тармағының 6) – 13) және 16) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша бұзу осы Кодекстің 73-бабында көзделген тәртіптік жазалар қолдану тәртібі және 74-бабының талаптары сақтала отырып жүргізіледі.

5. Еңбек шарты осы Кодекстің 54-бабы 1-тармағының 2) – 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша бұзылған кезде, қызметкер келіскен жағдайда жұмыс беруші оны басқа жұмысқа ауыстыру шараларын қабылдауға тиіс.

6. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, қызметкер біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан атқаратын лауазымына немесе орындайтын жұмысына сәйкес келмегендіктен, жұмыс берушінің бастамасы бойынша осы Кодекстің 54-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес еңбек шартын бұзу аттестациялық комиссияның шешіміне негізделуге тиіс, оның құрамына қызметкерлер өкілі қатысуға тиіс.

Қызметкерлерді аттестаттау тәртібі, талаптары мен кезеңділігі ұжымдық шартта, ал ол жоқ болған жағдайда қызметкерлердің өкілдерімен келісім бойынша шығарылған жұмыс берушінің актісінде айқындалады.

7. Қызметкердің жұмыста осы Кодекстің 54-бабы 1-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген жай-күйде болуы медициналық қорытындымен расталуға тиіс.

Қызметкерді медициналық куәландыруға жіберу туралы шешімді жұмыс беруші уәкілеттік берген лауазымды тұлға қабылдайды.

Қызметкер медициналық куәландырудан өтуден бас тартқан жағдайда тиісті акт жасалады.

8. Осы Кодекстің 54-бабы 1-тармағының 17) тармақшасына сәйкес еңбек шартын бұзуға, қызметкер еңбекке жарамсыздығы парағын ұсынғаннан кейін жол беріледі.

57-бап. Қызметкердің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу

1. Осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, қызметкер жұмыс берушіге кемінде бір ай бұрын жазбаша ескерте отырып, еңбек шартын өзінің бастамасы бойынша бұзуға құқылы.

2. Еңбек шарты қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы келісім бойынша осы баптың 1-тармағында көзделген ескерту мерзімі аяқталғанға дейін бұзылуы мүмкін.

3. Еңбек шартын бұзу жұмысты жалғастыру мүмкіндігінің болмауына байланысты жағдайларда, қызметкер еңбек шартын өтініште көрсетілген мерзімде бұзу туралы жұмыс берушіге жазбаша ескертеді.

4. Қызметкер жұмыс берушінің еңбек шарты талаптарын орындамағаны туралы оған жазбаша хабарлауға құқылы. Егер жазбаша хабарланған күннен бастап жеті күн мерзім өткен соң жұмыс берушінің еңбек шарты талаптарын орындамауы жалғасқан жағдайда, қызметкер үш жұмыс күнінен кешіктірмей жұмыс берушіге жазбаша ескерте отырып, еңбек шартын бұзуға құқылы.

5. Қызметкер осы бапта көзделген ескерту мерзімі ішінде еңбек шартын бұзу туралы өтінішін жазбаша нысанда қайтарып алуға құқылы.

6. Осы бапта көрсетілген ескерту мерзімі өткен соң қызметкер жұмысты тоқтатуға құқылы, ал жұмыс беруші қызметкерге еңбек қызметіне байланысты құжаттар мен оған тиесілі ақшалай төлемдерді беруге міндетті.

7. Осы Кодексте қызметкерлердің жекелеген санаттары үшін еңбек шартын қызметкердің бастамасы бойынша бұзудың ерекше тәртібі көзделеді.

58-бап. Тараптардың еркінен тыс мән-жайлар бойынша еңбек шартын тоқтату негіздері

1. Еңбек шарты тараптардың еркінен тыс мына мән-жайлар бойынша:

1) қызметкер әскери қызметке шақырылған (кірген) кезде қызметкер тиісті құжатты ұсынған күннен бастап;

2) қызметкер не жұмыс беруші-жеке тұлға еңбек қатынастарын жалғастыру мүмкіндігін болғызбайтын жазамен сотталған сот үкімі заңды күшіне енген кезде;

2-1) жергілікті атқарушы органдар шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты қайтарып алған кезде;

3) қызметкер не жұмыс беруші-жеке тұлға қайтыс болған жағдайда, сондай-ақ сот қызметкерді не жұмыс беруші – жеке тұлғаны қайтыс болды деп жариялаған немесе хабарсыз кетті деп таныған жағдайда;

4) сот қызметкерді әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған, соның салдарынан қызметкердің бұрынғы жұмысын жалғастыруға мүмкіндігі болмайтын жағдайда;

5) бұрын осы жұмысты атқарған қызметкер жұмысына қайта алынған жағдайда тоқтатылуға тиіс.

2. Сот үкімінің, шешімінің заңды күшіне енген күні немесе қызметкердің қайтыс болған күні осы баптың 1-тармағының 2) – 4) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша еңбек шартының тоқтатылған күні болып табылады.

62-бап. Еңбек шартының тоқтатылуын ресімдеу

1. Жұмыс беруші – жеке тұлға қайтыс болған (сот қайтыс болды деп хабарлаған немесе хабарсыз кетті деп таныған) жағдайда еңбек шартының тоқтатылуын және үй қызметкерлерімен еңбек шартының тоқ-

татылуын қоспағанда, еңбек шартының тоқтатылуы жұмыс берушінің актісімен ресімделеді.

2. Жұмыс берушінің актісінде осы Кодекске сәйкес еңбек шартын тоқтатудың негізі көрсетілуге тиіс.

3. Осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, жұмыстың соңғы күні еңбек шартының тоқтатылған күні болып табылады.

4. Жұмыс берушінің еңбек шартын тоқтату туралы актісінің көшірмесі үш күн мерзімде қызметкерге тапсырылады не оған хабарламалы хатпен жіберіледі.

63-бап. Еңбек кітапшасын және еңбек қызметіне байланысты құжаттарды беру

1. Жұмыс беруші еңбек шарты тоқтатылған күні қызметкерге еңбек кітапшасын немесе қызметкердің еңбек қызметін растайтын өзге де құжатты беруге міндетті.

Еңбек шарты тоқтатылған күні еңбек кітапшасын қызметкердің болмауына не оны алудан бас тартуына байланысты беру мүмкін болмаған жағдайда, жұмыс беруші он жұмыс күні ішінде қызметкерге еңбек кітапшасын алуға келуінің қажеттілігі туралы немесе оны поштамен жіберуге оның келісім беруі туралы хабарлама жіберуге міндетті.

2. Жұмыс беруші қызметкердің (оның ішінде бұрынғы қызметкердің) талап етуі бойынша өтініш берілген кезден бастап бес жұмыс күні ішінде оның мамандығын (біліктілігін, лауазымын), жұмыс істеген уақытын және жалақы мөлшерін көрсете отырып, анықтаманы, қызметкердің біліктілігі және оның жұмысқа көзқарасы туралы мәліметтерді қамтитын мінездеме-ұсынымды, сондай-ақ осы Кодексте көзделген басқа да құжаттарды беруге міндетті.

3. Жұмыс беруші – заңды тұлға таратылған, банкроттыққа ұшыраған, жұмыс беруші – жеке тұлға қызметін тоқтатқан кезде жұмыс беруші, қызметкердің алдында берешегі болса, жалақы және өзге де төлемдер бойынша жинақталған берешектің мөлшері туралы тиісті түрде ресімделген анықтама беруге міндетті.

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ЖӘНЕ ФИЛИАЛДАР МЕН ӨКІЛДІКТЕРДІ ЕСЕПТІК ТІРКЕУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 1995 ЖЫЛҒЫ 17 СӘУІРДЕГІ № 2198 ЗАҢЫ

1-бап. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу ұғымы

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мемлекеттік тіркеуге ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін тексеруді, Бизнес-сәйкестендіру нөмірі беріле отырып, оларға мемлекеттік тіркеу туралы анықтама беруді, заңды тұлғалар туралы мәліметтерді Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізуді қамтиды.

Филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу есептік тіркеуге ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкестігін тексеруді, Бизнес-сәйкестендіру нөмірі беріле отырып, оларға есептік тіркеу туралы анықтама беруді, филиалдар мен өкілдіктер туралы мәліметтерді Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізуді қамтиды.

2-бап. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеудің және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеудің мақсаттары

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу:

заңды тұлғаның құрылу, қайта тіркелу, құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың тіркелу, қайта ұйымдастырылу және қызметінің тоқтатылу, сондай-ақ филиалдар мен өкілдіктердің құрылу, есептік қайта тіркелу, құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың тіркелу және қызметінің тоқтатылу фактісін куәландыру;

Қазақстан Республикасының аумағында құрылған, қайта тіркелген, қайта ұйымдастырылған және өз қызметін тоқтатқан заңды тұлғаларды, сондай-ақ құрылған, есептік қайта тіркеуден өткен және өз қызметін тоқтатқан филиалдар мен өкілдіктерді есепке алу;

Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін жүргізу;

заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері туралы жалпыға қолжетімді ақпаратты (қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өткізу мақсатында жүзеге асырылады.

3-бап. Тіркеуге жататын заңды тұлғалар, филиалдар мен өкілдіктер

Өздерінің құрылу мақсатында, өз қызметінің түрі мен сипатына, қатысушылар (мүшелер) құрамына қарамастан, Қазақстан Республикасының аумағында құрылатын барлық заңды тұлғалар мемлекеттік тіркеуге жатады.

Заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан филиалдары мен өкілдіктері, оларға заңды тұлға құқығы берілмей-ақ есептік тіркеуге жатады.

4-бап. Тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді әділет органдары (тіркеуші органдар), заңды тұлғаларды – Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларын мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады.

5-бап. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді жүзеге асыру кезіндегі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің құзыры

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі:

осы Заңға сәйкес заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді;

Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін жүргізуді;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу жөніндегі қызметке әдістемелік басшылық жасауды;

Әділет министрлігі аумақтық органдарының осы Заң талаптарының орындалуын бақылауды;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері жөніндегі өзінің аумақтық органдарының іс-қимылына шағымдарды қарауды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда, бақылау және қадағалау міндеттері жүктелген мемлекеттік органдарға олардың сұратуы бойынша ақпарат беруді жүзеге асырады;

осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

6-бап. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу тәртібі

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін тіркеуші органға Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініш беріледі және осы Заңның 7-бабында көрсетілген, қазақ және орыс

тілдерінде жасалған және үш данада ұсынылатын құрылтай құжаттары қоса беріледі.

Акционерлік қоғамдардың, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің жарғыларын (ережелерін) қоспағанда, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалардың, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің жарғылары (ережелері) мемлекеттік тіркеу кезінде ұсынылмайды.

Шағын кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу осы Заңның 6-1-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығына қатысушы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін тіркеуші органға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) белгілеген нысан бойынша өтініш беріледі. Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығына қатысушы заңды тұлғалар туралы мәліметтерді әділет органдары Ұлттық Банк жолдаған хабарламалар негізінде Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қызмет нысанасы қаржылық қызметтер көрсету болып табылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін Ұлттық Банктің рұқсаты қосымша талап етіледі.

Тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерін, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын, олармен үлестес тұлғаларды, мұндай құру Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік тіркеуді тіркеуші орган монополияға қарсы органның алдын ала келісімімен жүзеге асырады. Монополияға қарсы орган тіркеуші органдарға тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің тізілімін және мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың және монополияға қарсы органның келісімімен құрылған, олармен үлестес тұлғалардың тізбесін ұсынады.

Орта және ірі кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу кезінде өтінішке құрылтайшы немесе құрылтайшылардың біреуі не шетелдік немесе шетелдік заңды тұлға, Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе мемлекеттік органдар не Ұлттық Банк жалғыз құрылтайшы болып табылатын жағдайларда, құрылтайшының уәкілеттік берген адамы қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда нотариаттық тәртіппен куәландырылған құрылтай құжаттарын қоса отырып, оны тіркеуші органға береді.

Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу кезінде өтінішке құрылтайшы (құрылтайшылар) не осыған уәкілеттік берілген адам қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда нотариаттық тәртіппен куәландырылған құрылтай құжаттарын қоса отырып, оны тіркеуші органға береді.

Шетелдік қатысатын орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларын мемлекеттік тіркеу үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, қосымша:

құрылтайшы – шетелдік заңды тұлғаның шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын, нотариат куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге сауда тізілімінің заңдастырылған үзінді көшірмесі немесе басқа да заңдастырылған құжат;

нотариат куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге шетелдік құрылтайшының паспортының көшірмесі немесе жеке басын куәландыратын басқа да құжат ұсынылуға тиіс.

Қоғамдық және діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу «Қоғамдық бірлестіктер туралы», «Саяси партиялар туралы», «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы бапта белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Бір мезгілде тіркеуші органға заңды тұлғаны мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат ұсынылады.

Осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделгендерден басқа қандай да бір құжаттар мен мәліметтерді талап етуге тыйым салынады.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі айқындайтын тәртіппен Интернет желісі арқылы берілген электрондық өтініш негізінде жүргізілуі мүмкін.

6-1-бап. Шағын кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеудің хабарлама тәртібі

Шағын кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін құрылтайшы (құрылтайшылар) тіркеуші органға Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша электрондық құжат нысанында толтыру арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарлама береді және оны «электрондық үкіметтің» веб-порталында толтырады.

Тіркеу алымын төлеу «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады немесе кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың бас-

талғаны туралы хабарламаға заңды тұлғаны мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртектің немесе өзге де құжаттың электрондық көшірмесі қоса беріледі.

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалардың, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің жарғылары (ережелері) мемлекеттік тіркеу процесінде ұсынылмайды.

Шетелдік қатысатын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларын тіркеу үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, қосымша:

құрылтайшы – шетелдік заңды тұлғаның шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын, нотариат куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге сауда тізілімінің заңдастырылған үзінді көшірмесі немесе басқа да заңдастырылған құжат;

нотариат куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге шетелдік құрылтайшының паспортының көшірмесі немесе жеке басын куәландыратын басқа да құжат ұсынылуға тиіс.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманы беру кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың басталғаны жөнінде хабарламаны қабылдау туралы растау болып табылады.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманы беру кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарлама берілген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

6-2-бап. Филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу тәртібі

Филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу үшін тіркеуші органға Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініш беріледі. Өтінішке филиалды (өкілдікті) құратын заңды тұлға уәкілеттік берген адам қол қояды және ол заңды тұлғаның мөрімен бекемделеді.

Өтінішке филиалды (өкілдікті) есептік тіркегені үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат қоса беріледі.

Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғалардың, сондай-ақ акционерлік қоғамдардың филиалдары (өкілдіктері) үшін заңды тұлға бекіткен, қазақ және орыс тілдерінде үш данада филиал (өкілдік) туралы ереже, жарғының (ереженің) көшірмелері және заңды тұлғаның (қоғамдық және діни бірлестіктерді қоспағанда) филиал (өкілдік) басшысына берген сенімхаты қосымша ұсынылады.

Шетелдік заңды тұлғалардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының филиалдарын (өкілдіктерін) есеп-

тік тіркеу үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, осы тәртіппен көзделген құжаттардан басқа, филиалды (өкілдікті) құратын шетелдік заңды тұлғаның шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын растайтын, сауда тізілімінің заңдастырылған үзінді көшірмесі, шетелдік заңды тұлғаның құрылтай құжаттары немесе басқа да заңдастырылған құжаты, сондай-ақ салықтық тіркеу нөмірі (немесе оның аналогы) көрсетіле отырып, шетелдік заңды тұлғаның инкорпорация еліндегі салықтық тіркелуін растайтын құжат қосымша ұсынылуға тиіс. Филиалды (өкілдікті) құратын шетелдік заңды тұлғаның құжаттары нотариат куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге ұсынылады.

Мемлекеттік кәсіпорын филиал (өкілдік) құрған кезде Ұлттық Банктің не мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) филиал (өкілдік) құруға келісімін растайтын құжат қосымша ұсынылады.

6-3-бап. Қайта ұйымдастыру жолымен құрылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу

Қайта ұйымдастыру жолымен құрылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін тіркеуші органға:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініш;

2) заңды тұлға мүлкі меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның, құрылтайшылардың (қатысушылардың) шешімі, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында уәкілеттік берілген органның шешімі немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда сот шешімі;

3) заңды тұлға мүлкінің меншік иесі немесе заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған орган бекіткен, қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша құқықтық мирасқорлық туралы ережелері көрсетіле отырып, бірігу, қосылу, қайта құрылу кезінде – тапсыру актісі, бөліну, бөлініп шығу кезінде – бөліну балансы және заңды тұлға уәкілетті органының тапсыру актісі мен бөліну балансын бекіту туралы шешімі;

4) заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылғаны туралы кредиторлардың жазбаша хабардар етілгенін растайтын құжат;

5) қайта ұйымдастырылған заңды тұлға қызметінің тоқтатылғаны үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат беріледі.

Қосылу нысанындағы қайта ұйымдастыру жағдайларын қоспағанда, жаңадан пайда болған заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеген кезден бастап заңды тұлға қайта ұйымдастырылды деп есептеледі.

Бірігу, бөліну, қайта құрылу кезінде өз қызметін тоқтатқан заңды тұлға Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен алып тасталуға тиіс (Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен алып тастау оған заңды тұлға қызметінің тоқтатылғаны туралы мәліметтер енгізу арқылы жүргізіледі), бұл жөнінде жаңадан құрылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы бұйрықта көрсетіледі.

Қосылу кезінде өз қызметін тоқтатқан заңды тұлға Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен алып тасталуға тиіс (Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен алып тастау оған заңды тұлға қызметінің тоқтатылғаны туралы мәліметтер енгізу арқылы жүргізіледі), бұл жөнінде Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен алып тастау туралы бұйрықта не қайта ұйымдастырылған заңды тұлға қосылған заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу, оның құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу кезінде көрсетіледі.

Табиғи монополиялар субъектілері қайта ұйымдастырылған кезде тіркеуші органға табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның келісімі ұсынылады.

Қайта ұйымдастыру жолымен құрылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу осы Заңның 9-бабында көзделген мерзімдерде жүргізіледі.

7-бап. Заңды тұлғалардың құрылтай құжаттары

Осы Заңда немесе Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, тіркеуші органға жарғы ұсынылады.

Шаруашылық серіктестіктерінің, акционерлік қоғамдардың, өндірістік кооперативтердің және қауымдастықтар (одақтар) нысанындағы заңды тұлғалар бірлестіктерінің құрылтай құжаттары құрылтай шарты және жарғы болып табылады.

Бір адам (бір қатысушы) құратын шаруашылық серіктестіктерінің, акционерлік қоғамдардың және Заңның осы бабының екінші бөлігінде аталғандарды қоспағанда, заңды тұлғалардың басқа түрлерінің құрылтай құжаттары жарғы (ереже) және заңды тұлғаны құру туралы жазбаша түрде ресімделген шешім (жалғыз құрылтайшының шешімі) болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғалар осы түрдегі ұйымдар туралы жалпы ереже негізінде әрекет ете алады.

Шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалар мазмұнын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын үлгілік жарғы негізінде өз қызметін жүзеге асыра алады.

Егер заңды тұлғаның құрылтайшылары өз қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыруға шешім қабылдаған жағдайда, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу процесінде жарғыны ұсыну талап етілмейді.

Бұл ретте, тіркеуші органға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда нотариаттық тәртіппен куәландырылған, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініштің үш данасы ұсынылады.

8-бап. Құрылтай құжаттарының мазмұны

Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанына қарай Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген деректер болуға тиіс.

Филиал (өкілдік) туралы ережеде филиалдың (өкілдіктің) атауы, орналасқан жері (банк филиалының бір облыс, республикалық маңызы бар қала, астана шегінде орналасқан барлық үй-жайларының мекенжайы), қызметінің нысанасы, басқару тәртібі және басшысының құзыреті, сондай-ақ филиалды (өкілдікті) құрушы заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері, қызметінің нысанасы, оны мемлекеттік тіркеу туралы деректер қамтылуға тиіс.

9-бап. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), филиалдарды (өкілдіктерді) есептік тіркеу (қайта тіркеу) және құжаттарды беру мерзімдері

Қызметін үлгілік болып табылмайтын жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамдарды, олардың филиалдарын (өкілдіктерін) қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), олардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу (қайта тіркеу), сондай-ақ Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығына қатысушы заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттарымен қоса өтініш берілген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс.

Саяси партияларды қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғаларды, сондай-ақ қызметін үлгілік болып табылмайтын жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамдарды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу, олардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттарымен қоса өтініш берілген күннен кейінгі он жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс.

Қызметін үлгілік болып табылмайтын жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамдарды, олардың филиалдарын (өкілдіктерін) қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларға, олардың филиалдарына (өкілдіктеріне) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы, филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы беру, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы өтінішті қайтарып беру (қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асырған жағдайда) қажетті құжаттарымен қоса өтініш берілген күннен кейінгі жұмыс күні жүргізіледі.

Саяси партияларды қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғаларға, сондай-ақ қызметін үлгілік болып табылмайтын жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамдарға, олардың филиалдарына (өкілдіктеріне) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы, филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы беру, сондай-ақ жарғыны (ережені) қайтарып беру қажетті құжаттарымен қоса өтініш берілген күннен бастап он төрт жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Саяси партияларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және олардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттарымен қоса өтініш берілген күннен бастап бір айдан кешіктірілмей жүргізілуге тиіс.

Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған, оларда кемшіліктер болған, құрылтай құжаттары бойынша сарапшының (маманның) қорытындысын алу қажет болған жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша заңды тұлғаларды мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу), олардың қызметінің тоқтатылуын тіркеу, филиалдарды (өкілдіктерді) есептік тіркеуден шығару, жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу мерзімі анықталған кемшіліктер жойылғанға немесе тиісті қорытынды (сараптама) алынғанға дейін тоқтатыла тұрады.

10-бап. Тіркеу алымын төлеу

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), олардың қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу, филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу (қайта тіркеу), есептік тіркеуден шығару кезінде «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) (бұдан әрі – Салық кодексі) айқындалатын тәртіппен тіркеу алымы алынады.

11-бап. Заңды тұлғаларды, филиалдарды (өкілдіктерді) мемлекеттік (есептік) тіркеуден және қайта тіркеуден бас тарту

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) бас тарту мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) заңды тұлғаны құрудың, қайта тіркеудің және қайта ұйымдастырудың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртібінің бұзылуы, құрылтай құжаттарының Қазақстан Республикасының заңына сәйкес келмеуі;

2) тапсыру актісін немесе бөліну балансын ұсынбауы не оларда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқықтық мирасқорлығы туралы ережелердің болмауы;

3) егер заңды тұлға немесе заңды тұлғаның жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы) іс-әрекет етпейтін заңды тұлға болып табылса;

4) егер заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) және (немесе) басшысы болып табылатын жеке тұлға іс-әрекет етпейтін заңды тұлғалардың жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы) және (немесе) басшысы болып табылса және (немесе) әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылса, және (немесе) хабарсыз кеткен деп танылса, және (немесе) қайтыс болған деп жарияланса, және (немесе) оның Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 192, 216 және 217-баптары бойынша қылмыстары үшін жойылмаған немесе алынбаған соттылығы бар болса;

5) жеке басты куәландыратын жоғалған және (немесе) жарамсыз құжаттарды ұсынуы;

6) сот актілерінің және сот орындаушылары мен құқық қорғау органдары қаулыларының (тыйым салуларының, қамауға алуларының) болуы.

Діни бірлестікті мемлекеттік тіркеуден және қайта тіркеуден бас тартудың қосымша негіздері «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленеді.

Филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден және қайта тіркеуден бас тарту филиалды (өкілдікті) құрудың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртібі бұзылған, есептік тіркеуге ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмеген жағдайларда жүзеге асырылады.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден немесе қайта тіркеуден, филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден немесе қайта тіркеуден бас тартылған жағдайда, тіркеуші орган оған ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамалық актісінің талаптарына сәйкес келмейтіндігіне сілтеме жасалған жазбаша түрдегі дәлелді бас тартуды осы Заңның 9-бабында көзделген мерзімдерде береді.

Заңды тұлғаларды, олардың филиалдарын (өкілдіктерін) мемлекеттік (есептік) тіркегені немесе қайта тіркегені үшін төленген тіркеу алымын қайтару Салық кодексінде көзделген жағдайларда жүргізіледі.

Мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) бас тартудың осы бапта көзделген негіздері шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларға қолданылмайды.

12-бап. Заңды тұлғаны, филиалды (өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеуді (қайта тіркеуді) растайтын құжат

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нысан бойынша тіркеуші орган беретін анықтама заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін), филиалдың (өкілдіктің) есептік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжат болып табылады.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада оның берілген жылы, айы, күні, тіркеуші орган, бизнес-сәйкестендіру

нөмірі, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) жылы, айы, күні, заңды тұлғаның атауы мен орналасқан жері туралы мәліметтер қамтылады.

Филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада оның берілген жылы, айы, күні, тіркеуші орган, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, есептік тіркеу (қайта тіркеу) жылы, айы, күні, филиалдың (өкілдіктің) атауы мен орналасқан жері, филиалды (өкілдікті) құрған заңды тұлғаның атауы туралы мәліметтер қамтылады.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы немесе филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама ұсынылған кезде ғана банкте шот ашылуы мүмкін.

Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжаттың болуы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лицензия алуды талап ететін қызметті бастау үшін негіз болып табылмайды. Заңды тұлғаның лицензияланатын қызмет саласындағы құқықтық қабілеті тиісті лицензияны алған кезден бастап пайда болады және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен лицензияның қолданысы тоқтатылған немесе ол жарамсыз деп танылған кезден бастап тоқтатылады.

14-бап. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу, филиалды (өкілдікті) есептік қайта тіркеу

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда заңды тұлға, филиал (өкілдік) мемлекеттік (есептік) қайта тіркелуге жатады.

Бұл ретте, тіркеуші органға:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініш;

2) заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына, филиал (өкілдік) туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделетін, мемлекеттік (есептік) қайта тіркеу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының заңды тұлға мөрімен бекемделген шешімі не шешімінен үзінді көшірме;

3) жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары (өкілдіктері) үшін енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен құрылтай құжаттарының (ережелерінің) үш данасы;

4) жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның бұрынғы құрылтай құжаттарының, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелердің түпнұсқалары;

5) заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркегені немесе филиалды (өкілдікті) есептік қайта тіркегені үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат ұсынылады.

Шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың тізілімін жүргізуді бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар нарығына

кәсіби қатысушы жүзеге асыратын шаруашылық серіктестіктерін қоспағанда, қатысушылар құрамының өзгеруі негізі бойынша шаруашылық серіктестіктерін мемлекеттік қайта тіркеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және құрылтай құжаттарына сәйкес шаруашылық серіктестігінің шығатын қатысушысының серіктестік мүлкіндегі (жарғылық капиталындағы) үлесіне немесе оның бір бөлігіне құқығының иеліктен шығарылғанын (біреуге берілгенін) растайтын құжат ұсынылады.

Егер шаруашылық серіктестігінің шығатын қатысушысының серіктестік мүлкіндегі (жарғылық капиталындағы) үлесіне немесе оның бір бөлігіне құқығын иеліктен шығару (біреуге беру) шартының тарапы жеке тұлға болып табылатын жағдайда, жеке тұлға қолының түпнұсқалығын нотариат куәландыруға тиіс.

Табиғи монополия субъектілерін мемлекеттік қайта тіркеу үшін табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның келісімі талап етіледі; тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерін, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын, олармен үлестес тұлғаларды, мұндай құру Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, қайта тіркеу үшін монополияға қарсы органның келісімі талап етіледі.

Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тиісінше Қазақстан Республикасының банк заңнамасында, Қазақстан Республикасының сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында және Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады.

14-1-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу

Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге мемлекеттік (есептік) қайта тіркеуге әкеп соқпайтын өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда заңды тұлға, филиал (өкілдік) тіркеуші органға бұл жөнінде жарғыға (ережеге) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде хабарлайды.

Хабарламаға заңды тұлға мөрімен бекемделген, құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімі не шешімінен үзінді көшірме, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың мәтіні қоса беріледі.

Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу орналасқан жері өзгерген, жарғы (ереже) жаңа редакцияда қабылданған жағдайларда жүргізіледі.

Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген, мемлекеттік (есептік) қайта тіркеуге әкеп соқпайтын өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу үшін тіркеуші органға:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініш;

2) заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына, филиал (өкілдік) туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының заңды тұлға мөрімен бекемделген шешімі не шешімінен үзінді көшірме;

3) заңды тұлға мөрімен бекемделген, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына, филиал (өкілдік) туралы ережеге енгізілген өзгерістер мен толықтырулар мәтінінің үш данасы немесе жаңа редакцияда ресімделген, заңды тұлға құрылтай құжаттарының, филиал (өкілдік) туралы ереженің үш данасы;

4) заңды тұлғаның бұрынғы құрылтай құжаттарының, филиал (өкілдік) туралы ереженің түпнұсқалары;

5) нақты орналасқан жерін (орналасқан жерін өзгерткен жағдайда) растайтын құжат ұсынылады.

Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеуден бас тарту:

1) заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына, филиал (өкілдік) туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі бұзылған, құрылтай құжаттары (ереже) Қазақстан Республикасының заңына сәйкес келмеген;

2) сот актілері және сот орындаушылары мен құқық қорғау органдарының қаулылары (тыйым салулары, қамауға алулары) болған жағдайларда жүзеге асырылады.

Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары

(өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеуден бас тартылған жағдайда, тіркеуші орган оған ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамалық актісінің талаптарына сәйкес келмейтіндігіне сілтеме жасалған жазбаша түрдегі дәлелді бас тартуды осы Заңның 9-бабында көзделген мерзімдерде береді.

Акционерлік қоғамды қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаның, олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) орналасқан жері ауысқан кезде заңды тұлға, филиал (өкілдік) нақты мекенжайы бойынша тіркеуші органға бұл жөнінде орналасқан жерін ауыстыру туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде хабарлайды.

15-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары мен өкілдіктері жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беру

Тіркеуші орган заңды тұлғаның өтініші бойынша үш жұмыс күні ішінде жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары мен өкілдіктері жарғысының (ережесінің) телнұсқасын береді.

Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары мен өкілдіктері жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беру үшін:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініш;

2) жарғының (ереженің) телнұсқасын алу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының заңды тұлға мөрімен бекемделген шешімі не шешімінен үзінді көшірме;

3) жарғы (ереже) түпнұсқасының жоғалғаны туралы ақпараттың мерзімді баспасөз басылымында жарияланғанын растайтын құжат ұсынылады.

16-бап. Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу

Тарату негіздемесі бойынша заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу үшін:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша заңды тұлғаның таратылуын мемлекеттік тіркеу туралы өтініш;

2) заңды тұлға мүлкі меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның не құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берілген заңды тұлға органының заңды тұлға мөрімен бекемделген шешімі;

3) заңды тұлғаның таратылуы, кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі мен мерзімдері туралы ақпараттың Әділет минист-

рлігінің ресми баспасөз басылымдарында жарияланғанын растайтын құжат;

4) кедендік баждар, салықтар және кедендік алымдар бойынша берешегінің жоқ екендігі туралы анықтама;

5) акция шығарылымдарының күшін жою туралы куәлік (акционерлік қоғамдар үшін);

6) заңды тұлғаның мөрін жою туралы құжат;

7) заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат;

8) құрылтай құжаттары ұсынылады.

Заңды тұлғаның таратылуын мемлекеттік тіркеу туралы өтініш тіркеуші органға заңды тұлғаның таратылғаны туралы ақпарат жарияланған күннен бастап кемінде екі ай өткен соң ұсынылады.

Сот шешімімен таратылған заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу сот шешімі және тарату ісін жүргізудің аяқталғаны туралы сот ұйғарымы негізінде жүзеге асырылады.

Мүліктік кешен ретінде жекешелендірілген мемлекеттік кәсіпорын қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу үшін сатып алушы:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің (жергілікті атқарушы органның) мемлекеттік кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде жекешелендіру туралы шешімін;

3) мемлекеттік кәсіпорынның мүліктік кешенін сатып алу-сату шартының көшірмесін;

4) мемлекеттік кәсіпорынның тапсыру актісінің көшірмесін;

5) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркегені немесе филиалды (өкілдікті) есептік тіркегені үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртекті немесе өзге де құжатты ұсынады.

Тіркеуші орган заңды тұлғаны тарату туралы шешімді алғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тарату тәртібінің сақталуын тексереді, заңды тұлғаның таратылғаны туралы мәліметтерді Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізеді.

Салық қызметі органдары Бизнес-сәйкестендіру нөмірлері ұлттық тізілімінің мәліметтері негізінде қызметін тоқтататын заңды тұлға жөнінде салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер береді не мұндай заңды тұлға Салық кодексінде белгіленген тәртіппен салық міндеттемесін орындамаған жағдайда берешегі туралы аталған мәліметтерді беруден бас тартады.

Егер тексеру процесінде тарату тәртібінің бұзылуы анықталмаса, тіркеуші орган қажетті құжаттарымен қоса заңды тұлғаның таратылуын мемлекеттік тіркеу туралы өтініш берілген күннен кейінгі бес жұмыс кү-

ні ішінде заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын тіркейді. Табиғи монополия субъектісі қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуді тіркеуші орган табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның алдын ала келісімімен жүзеге асырады.

Заңды тұлғаны тарату тәртібінің бұзылуы анықталған кезде, сондай-ақ таратылатын заңды тұлғаның есептік тіркеуден шығарылмаған филиалдары (өкілдіктері) болған, салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі болған не мұндай заңды тұлға Салық кодексінде белгіленген тәртіппен салық міндеттемесін орындамаған жағдайда салық қызметі органдары берешегі туралы аталған мәліметтерді беруден бас тартқан жағдайларда, тіркеуші орган заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы шешім шығарады.

Заңды тұлға өз қызметін тоқтатты деп бұл жөнінде мәліметтер Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілгеннен кейін есептеледі.

16-1-бап. Заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеуден шығару

Филиал (өкілдік):

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша филиалдың (өкілдіктің) қызметін тоқтату туралы заңды тұлғаның өтініші;

2) филиал (өкілдік) туралы ереже;

3) филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден шығарғаны үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат негізінде есептік тіркеуден шығарылуға тиіс.

Салық қызметі органдары Бизнес-сәйкестендіру нөмірлері ұлттық тізілімінің мәліметтері негізінде шетелдік заңды тұлғаның қызметін тоқтататын филиалы (өкілдігі) жөнінде салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер береді не шетелдік заңды тұлғаның мұндай филиалы (өкілдігі) Салық кодексінде белгіленген тәртіппен салық міндеттемесін орындамаған жағдайда берешегі туралы аталған мәліметтерді беруден бас тартады.

Мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі шығарылған заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеуден шығару:

1) филиал (өкілдік) туралы ереже;

2) филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден шығарғаны үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат қоса беріле отырып, осындай шешім негізінде жүзеге асырылады.

Заңды тұлға филиалының (өкілдігінің) қызметін тоқтатудың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртібінің

бұзылуы анықталған кезде, сондай-ақ шетелдік заңды тұлға филиалының (өкілдігінің) салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі болған не шетелдік заңды тұлғаның мұндай филиалы (өкілдігі) Салық кодексінде белгіленген тәртіппен салық міндеттемесін орындамаған жағдайда салық қызметі органдары берешегі туралы аталған мәліметтерді беруден бас тартқан жағдайларда, тіркеуші орган филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден шығарудан бас тарту туралы шешім шығарады.

Заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеуден шығару қажетті құжаттарымен қоса филиалдың (өкілдіктің) қызметін тоқтату туралы заңды тұлғаның өтініші берілген күннен кейінгі бес жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

17-бап. Дауларды қарау

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден және филиалдарды (өкілдіктерді) есептік тіркеуден бас тарту, сондай-ақ мұндай тіркеуден жалтару, сол сияқты заңды тұлға құрылтайшылары мен тіркеуші органдар арасындағы өзге де даулар бойынша сотқа шағым жасауға болады.

18-бап. Заңды бұзғаны үшін жауапкершілік

Мемлекеттік тіркеусіз заңды тұлға ретіндегі қызметке жол берілмейді. Мемлекеттік тіркеуден өтпей жасалған қызметтен алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес республикалық бюджеттің кірісіне алынады.

Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік қайта тіркелуге әкеп соғатын заңды тұлға деректерінің өзгергені туралы мәліметтер бір ай мерзімде берілмегені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылық туындайды.

Тіркеуші орган заңды тұлғаларды, филиалдарды (өкілдіктерді) мемлекеттік (есептік) тіркеуден (қайта тіркеуден), заңды тұлғалардың құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеуден заңсыз бас тартқан жағдайда, өтініш беруші өзі шеккен залалдардың орнын толтыруды сот тәртібімен талап етуге құқылы.

Акционерлік қоғам акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге немесе ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін алуға құжаттарды Ұлттық Банкке белгіленген мерзімде табыс етпеген жағдайда, осы қоғам Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен таратылуға немесе қайта құрылуға тиіс.

19-бап. Осы Заңның күшіне ену тәртібі

Осы Заң жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті **Н. Назарбаев**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОДЕКСІ

САЛЫҚ ЖӘНЕ БЮДЖЕТКЕ ТӨЛЕНЕТІН БАСҚА ДА МІНДЕТТІ ТӨЛЕМДЕР ТУРАЛЫ (САЛЫҚ КОДЕКСІ)

12-бап. Осы Кодексте қолданылатын негізгі ұғымдар

1. Салық салу мақсатына орай осы Кодексте қолданылатын негізгі ұғымдар:

…

2) арнаулы салық режимі – салық төлеушілердің жекелеген санаттары үшін белгіленетін және жекелеген салық түрлері мен жер учаскесін пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу мен төлеудің, сондай-ақ олар бойынша салық есептілігін табыс етудің оңайлатылған тәртібін қолдануды көздейтін бюджетпен есеп айырысудың ерекше тәртібі;

…

4) басқа да міндетті төлемдер – осы Кодексте белгіленген мөлшерде және жағдайларда жүргізілетін кедендік төлемдерін қоспағанда, бюджетке төлемақылар, алымдар, баждар түріндегі міндетті ақша аударымдары;

…

11) грант – белгі бір мақсаттарға (міндеттерге) қол жеткізу үшін өтеусіз негізде:

мемлекеттер, мемлекеттердің үкіметтері – Қазақстан Республикасына, Қазақстан Республикасының Үкіметіне, жеке тұлғаларға, сондай-ақ заңды тұлғаларға;

қызметі қайырымдылық және (немесе) халықаралық сипаттағы және Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмейтін, мемлекеттік органдардың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбеге енгізілген халықаралық және мемлекеттік ұйымдар, шетелдік және қазақстандық үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар мен қорлар – Қазақстан Республикасына, Қазақстан Республикасының Үкіметіне, жеке, сондай-ақ заңды тұлғаларға;

шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар – Қазақстан Республикасына және Қазақстан Республикасының Үкіметіне беретін мүлік;

Осы Кодекстің мақсатына орай, Қазақстан Республикасындағы табысы аз азаматтарды қолдауға (көмек көрсетуге) бағытталған, Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын үкіметаралық келісім шеңберінде осындай келісіммен айқындалған мақсаттарға (міндеттерге) қол жеткізу үшін Қазақстанның үкіметтік емес қоғамдық қорлары өтеусіз негізде алған мүлік те грант деп танылады;

12) гуманитарлық көмек - халықтың өмірі мен тұрмыс жағдайларын жақсарту үшін, сондай-ақ соғыс, экологиялық, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою үшін шет елдерден және халықаралық ұйымдардан жіберілген азық-түлік, халық тұтынатын тауарлар, техника, құрал-жарақтар, жабдықтар, медициналық құралдар және дәрі-дәрмектер, өзге де заттар түрінде Қазақстан Республикасына өтеусіз берілетін, Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілетті ұйымдар арқылы бөлетін мүлік;

13) демеушілік көмек – осы көмекті көрсететін тұлға туралы ақпаратты тарату мақсатында өтеусіз негізде:

жеке тұлғаларға жарыстарға, конкурстарға, көрмелерге, байқауларға қатысу үшін және шығармашылық, ғылыми, ғылыми-техникалық, өнертапқыштық қызметтерін дамыту, білім және спорт шеберлігі деңгейін арттыру үшін қаржылық (әлеуметтіктен басқа) қолдау түрінде;

коммерциялық емес ұйымдарға өздерінің жарғылық мақсаттарын іске асыру үшін берілетін мүлік;

14) дивидендтер – акциялар, оның ішінде депозитарлық қолхаттардың базалық активтері болып табылатын акциялар бойынша төленуге жататын табыс; қордың басқарушы компаниясы пайларды сатып алған кезде олар бойынша табысты қоспағанда, пайлық инвестициялық қордың пайлары бойынша төленуге жататын табыс; заңды тұлға өз құрылтайшылары, қатысушылары арасында бөлетін таза табыстың бір бөлігі; заңды тұлғаны тарату кезінде, немесе жарғылық капиталды құрылтайшылар, қатысушылар салымдарының мөлшерін барабар азайту жолымен не құрылтайшылардың, қатысушылардың үлестерін толық немесе ішінара өтеу жолымен азайту кезінде сондай-ақ құрылтайшы, қатысушы заңды тұлғаға қатысу үлесін алып қойған кезде, құрылтайшының, қатысушының жарғылық капиталға салым ретінде енгізген мүлкін қоспағанда, мүлікті бөлуден түсетін табыстар; исламдық қатысу сертификаттары бойынша төлеуге жататын табыстар; акционер, қатысушы, құрылтайшы немесе олардың өзара байланысты тарапы заңды тұлғадан:

тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің нарықтық бағасы мен мұндай тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер акционерге, қатысушыға, құрылтайшыға немесе олардың өзара байланысты тарапына өткізілген баға арасындағы оң айырма;

тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің нарықтық бағасы мен мұндай тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер акционерден, қатысушыдан, құрылтайшыдан немесе олардың өзара байланысты тарапынан сатып алынған баға арасындағы теріс айырма;

үшінші тұлға алдында заңды тұлғаның акционерінде, қатысушысында, құрылтайшысында немесе олардың өзара байланысты тарапында туындайтын, заңды тұлғаның кәсіпкерлік қызметіне байланысты емес, заңды тұлғаға акционері, құрылтайшысы, қатысушысы немесе

олардың өзара байланысты тарапы өтемей, заңды тұлғаның өзі өтейтін шығыстардың немесе міндеттемелердің құны;

осы Кодекстің 163 – 165-баптарында көрсетілген табыстарды және тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер өткізуден түсетін табыстарды қоспағанда, заңды тұлға өзінің акционеріне, қатысушысына, құрылтайшысына немесе олардың өзара байланысты тарапына беретін кез келген мүлік пен материалдық пайда түрінде алатын табыс.

Осы тармақшада көрсетілген оң немесе теріс айырма салық салу объектілерін түзету кезінде айқындалады. Бұл ретте, салық салу объектілерін түзету Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен жүргізіледі. Осы тармақшаның мақсаты үшін өзара байланысты тараптар осы баптың 1-1-тармағына сәйкес айқындалады.

…

19) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі – филиал, өкілдік;

…

23) консультациялық қызметтер көрсету – басқарушылық, экономикалық, қаржылық, инвестициялық мәселелерді, оның ішінде стратегиялық жоспарлау, кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізу, персоналды басқару мәселелерін шешу мақсатында проблемаларды және (немесе) тұлғаның мүмкіндіктерін айқындау мен (немесе) бағалауды қоса алғанда, түсіндірмелер, ұсынымдар, кеңестер және өзге де нысандағы консультациялар беру жөнінде көрсетілетін қызметтер;

24) қайырымдылық көмек – өтеусіз негізде:

жеке тұлғаларға әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында;

коммерциялық емес ұйымдарға жарғылық қызметін қолдау мақсатында;

әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға аталған ұйымдардың осы Кодекстің 135-бабының 2-тармағында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыруы мақсатында;

әлеуметтік салада осы Кодекстің 135-бабының 3-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға берілетін мүлік;

25) қатысу үлесі – акционерлік қоғамдар мен пайлық инвестициялық қорларды қоспағанда, жеке және (немесе) заңды тұлғаның бірлескен қызметке, заңды тұлғаның жарғылық капиталына үлестік қатысуы;

…

29) өткізу – сату, айырбастау, өтеусіз беру мақсатында тауарларды не өзге де мүлікті тиеп жіберу және (немесе) беру, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету, сондай-ақ кепілге салынған тауарларды кепіл ұстаушыға беру;

…

31) салық агенті – осы Кодекске сәйкес төлем көзінен ұсталатын салықты есептеу, ұстау және аудару жөніндегі міндет жүктелетін дара

кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, заңды тұлға, оның ішінде резидент емес заңды тұлға;

32) салық берешегі – бересі сомасы, сондай-ақ өсімпұлдар мен айыппұлдардың төленбеген сомасы. Салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген өсімпұлдар сомасы, сондай-ақ әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалу кезеңінде шағым жасалу бөлігінде көрсетілген айыппұлдар сомасы салық берешегіне қосылмайды;

33) салық режимі – осы Кодексте белгіленген салықты және бюджетке төленетін басқа да міндеті төлемдерді төлеу жөніндегі барлық салық міндеттемелерін есептеу кезінде салық төлеуші қолданатын Қазақстан Республикасының салық заңнамасы нормаларының жиынтығы;

34) салықтар – осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекет біржақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір мөлшерде жүргізілетін, қайтарымсыз және өтеусіз сипатта болатын, бюджетке төленетін міндетті ақшалай төлемдер;

35) салық төлеуші – салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуші болып табылатын тұлға және (немесе) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі;

36) салық төлеушінің (салық агентінің) жеке шоты – салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың есептелген, есепке жазылған (азайтылған), аударылған және төленген (есепке жатқызылғандары және қайтарылғандары ескерілген) сомасын, сондай-ақ өсімпұлдар мен айыппұлдардың сомасын есепке алуға арналған құжат, оның ішінде электрондық нысандағы құжат;

37) салық төлеушінің электрондық құжаты - белгіленген электрондық форматта берілген, қабылданғаннан және бірдейлігі расталғаннан кейін салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат;

38) салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дәйектілігін, оның салық төлеушіге тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық нышандардың реттілігі;

39) сыйақы – мыналарға:

кредиттің (қарыздың, микрокредиттің) алынған (берілген) сомасын, банктердің ақша аударғаны үшін комиссияларды және қарыз алушы үшін қарыз беруші, өзара байланысты тарап болып табылмайтын тұлғаға өзге де төлемдерді қоспағанда, кредитке (қарызға, микрокредитке) байланысты;

кредиттің (қарыздың) алынған (берілген) сомасын, банктердің ақша аударғаны үшін комиссияларды және қарыз беруші қарыз алушы үшін

өзара байланысты тарап болып табылмайтын тұлғаға берілген өзге де төлемдерді қоспағанда, банк талап ету құқығын бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымға берген кредитке (қарызға) байланысты;

кредиттің (қарыздың) алынған (берілген) сомасын, банктердің ақша аударғаны үшін комиссияларды және қарыз алушы үшін қарыз беруші, өзара байланысты тарап болып табылмайтын тұлғаға өзге де төлемдерді қоспағанда, банк талап ету құқығын екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі ұйымға берген кредитке (қарызға) байланысты;

мұндай мүліктің алыну (берілу) құнын, лизинг алушы үшін лизинг беруші, өзара байланысты тарап болып табылмайтын тұлғаға төлемдерді қоспағанда, мүлікті қаржы лизингіне беруге байланысты;

салым (депозит) сомасын, сондай-ақ салымды (депозитті) қабылдап алған тарап үшін салымшы (депозитор), өзара байланысты тарап болып табылмайтын тұлғаға төлемдерді қоспағанда, салымдар (депозиттер) бойынша;

сақтандыру сомасының мөлшерін, сондай-ақ сақтандырушы үшін сақтанушы, өзара байланысты тарап болып табылмайтын тұлғаға төлемдерді қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру шартымен байланысты;

борыштық бағалы қағаздар бойынша дисконт не купон (дисконтты не бастапқы орналастырылу құнынан және (немесе) сатып алыну құнынан алынған сыйлықақыны есепке алып), сыйақы төлейтін тұлға үшін оның борыштық бағалы қағаздарын ұстаушы, өзара байланысты тарап болып табылатын тұлғаға төлем түріндегі;

вексельде көрсетілген соманы, вексель беруші үшін оның вексельдерін ұстаушы, өзара байланысты тарап болып табылмайтын тұлғаға төлемдерді қоспағанда, вексель бойынша;

репо операциялары бойынша – репоны жабу бағасы мен ашу бағасы арасындағы айырма түріндегі;

исламдық жалдау сертификаттары бойынша барлық төлемдер;

Осы тармақшаның мақсаттарында банктік шот шарттары бойынша төленетін сыйақылар да сыйақы деп танылады;

…

41) тұлға - жеке тұлға және заңды тұлға; жеке тұлға – Қазақстан Республикасының азаматы, шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам; заңды тұлға – Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған ұйым (резидент емес заңды тұлға). Шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған компания, ұйым немесе басқа да корпоративтік құралым осы Кодекстің мақсатына орай олар өздері құрылған шет мемлекеттің заңды тұлғасы мәртебесіне ие ме, жоқ па – осыған қарамастан дербес заңды тұлғалар ретінде қарастырылады;

41-1) уәкілетті заңды тұлға – салық төлеушінің (салық агентінің) билік етуі шектелген мүлкін өткізу саласындағы, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлға;

42) уәкілетті мемлекеттік органдар – салық органдарын және жергілікті атқарушы органдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеуді және (немесе) жинауды жүзеге асыруға уәкілеттік берген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде белгіленген өздерінің құзыреті шегінде осы Кодексте сәйкес салық қызметі органдарымен өзара іс-қимыл жасайтын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары;

43) уәкілетті орган – салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

44) ұтыстар – салық төлеушілердің конкурстарда, жарыстарда (олимпиадаларда), фестивальдарда, лотереялар бойынша, салымдар мен борыштық бағалы қағаздарға байланысты ұтыс ойындарын қоса алғанда, ұтыс ойындары бойынша алатын заттай және ақшалай түрдегі табыстардың кез келген түрлері, сондай-ақ құмар ойында және (немесе) бәс тігуде алынған мүліктік пайда түріндегі табыстар;

45) электрондық салық төлеуші – осы Кодексте белгіленген тәртіппен электрондық құжаттармен алмасу кезінде салық қызметі органдарымен жасалған электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану және тану туралы келісімнің негізінде салық қызметі органдарымен электрондық тәсілмен өзара іс-қимыл жасайтын салық төлеуші;

96-бап. Өтеусіз алынған мүлік

Егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, салық төлеуші өтеусіз алған кез келген мүліктің, оның ішінде жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құны оның табысы болып табылады.

Өтеусіз алынған мүліктің, оның ішінде жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құны халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есеп деректері бойынша айқындалады.

Өтеусіз алынған мүлік, оның ішінде жұмыстар, көрсетілетін қызметтер түріндегі табыс осындай мүлік алынған, жұмыстар орындалған, қызметтер көрсетілген салық кезеңінде танылады.

Осы Кодекстің 100-бабының 11-тармағына сәйкес алынған мүліктің, оның ішінде жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны өтеусіз алынған мүлік деп танылмайды.

99-бап. Жылдық жиынтық табысты түзету

1. Салық төлеушілердің жылдық жиынтық табысынан:

1) егер осы тармақтың 1-1) тармақшасында өзгеше белгіленбесе, тәуекелдік инвестициялаудың жабық пайлық инвестициялық қорлары мен тәуекелдік инвестициялаудың акционерлік инвестициялық қорлары төлейтіндерді қоспағанда, дивидендтер;

1-1) мынадай шарттарды бір мезгілде орындаған кезде:

дивидендтерді есептеу күніне салық төлеуші тәуекелдік инвестициялаудың осындай акционерлік инвестициялық қорының акцияларына немесе қатысу үлестеріне үш жылдан астам иелік етсе;

технологиялық дамыту саласындағы ұлттық даму институтының тәуекелдік инвестициялаудың осындай акционерлік инвестициялық қорының жарғылық капиталына қатысуы жиырма бес пайыздан астамды құраса, тәуекелдік инвестициялаудың акционерлік инвестициялық қорлары төлейтін дивидендтер;

2) жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым алған банктердің міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарының сомасы;

3) Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры алған сақтандыру ұйымдарының міндетті, қосымша және төтенше жарналарының сомасы;

4) жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым мен Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры өздерінің өтелген депозиттер мен төленген кепілдікті және өтемақылық төлемдер бойынша талаптарын қанағаттандыру тәртібімен алған ақша сомасы;

5) Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес алынған және жеке зейнетақы шоттарына бағытталған инвестициялық табыстар;

6) Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес алынған және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының активтерін ұлғайтуға бағытталған инвестициялық табыстар;

7) Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлар туралы заңнамасына сәйкес инвестициялық қызметтен акционерлік инвестициялық қорлар алған және акционерлік инвестициялық қордың кастодианы ескерген инвестициялық табыстар;

8) Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес секьюритилендіру мәмілесі бойынша арнайы қаржы компаниясы алған, борышты талап ету құқығын басқаға беруден алынған табыстар;

9) мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы алатын (алынуға жататын), мүлікті сенімгерлікпен басқарудан түсетін таза табыс;

10) мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры мақта өңдеу ұйымдарынан алатын жыл сайынғы міндетті жарналардың сомасы;

11) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қоры астық қабылдау кәсіпорындарынан алатын жыл сайынғы міндетті жарналардың сомасы;

12) мақта (астық) қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры кепілдік төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі талаптарды қанағаттандыру тәртібімен алатын ақша сомасы;

13) инвестициялық депозиттер түрінде алынған ақшаны басқару процесінде ислам банкі алған, осы инвестициялық депозиттер депозиторларының шоттарына арналған және соларда болатын табыстар алып тасталуға жатады. Мұндай табыстарға ислам банкінің сыйақылары қосылмайды;

14) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес құрылған ислам арнайы қаржылық компаниясы алған борышты талап ету құқығын беруден түсетін табыстар;

14-1) банкті қайта құрылымдаудың сот бекіткен жоспарында қамтылған, қайта құрылымданатын активтер мен міндеттемелер тізбесіне енгізілген банктің міндеттемелерін кредитордың есептен шығаруынан түсетін табыстар алып тасталуға жатады.

Осы тармақшаның ережелері дауыс беретін акцияларының 80 пайыздан астамын банк кредиторларының мүдделерін қорғау және Қазақстан Республикасындағы банк жүйесінің орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасына сәйкес ұлттық басқарушы холдинг сатып алған банкке қолданылады;

14-2) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлға акцияларының бақылау пакеті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, ұлттық даму институты болып табылатын банктен кредиттер (қарыздар) бойынша талап ету құқықтарын сатып алуға байланысты алған, талап ету құқықтарын басқаға беруден түсетін табыстар алып тасталуға жатады.

Осы тармақша акцияларының бақылау пакеті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, ұлттық даму институты болып табылатын банктің басқару органының осындай кредит (қарыз) бойынша талап ету құқықтарын басқаға беруді жүргізу туралы шешімі болған кезде қолданылады.

15) Қазақстан Республикасындағы қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлға, Қазақстан Республикасындағы табысы аз азаматтарды қолдауға (көмек көрсетуге) бағытталған, Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын үкіметаралық келісім шеңберіндегі грант қаражаты есебінен алғанды (алуға жататынды) өткізуден түскен табыс алып тасталуға жатады.

Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын банктің еншілес ұйымының жылдық жиынтық табысынан Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асырудан түсетін, мұндай ұйымның жылдық жиынтық табысына енгізілген және мұндай ұйымға күмәнді және үмітсіз активтер бойынша талап ету құқықтарын берген банкке аударылған табыстар алып тасталады.

Бұл ретте, алуға жататын табыстарды Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асырудан түсетін табыстарға жатқызу уәкілетті органның келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

Банктің жылдық жиынтық табысынан талап ету құқықтарын беруден түсетін, екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі, кредиттер (қарыздар) бойынша талап ету құқықтары мұндай ұйымға бұрын берілген ұйымнан сатып алуына байланысты алынған табыстар алып тасталады.

2. Тауарлық-материалдық қорларды бағалаудың салық төлеуші осының алдындағы салық кезеңінде қолданған әдісінен өзге әдіске ауысқан кезде салық төлеушінің жылдық жиынтық табысы бағалаудың жаңа әдісін қолдану нәтижесінде түзілген оң айырма сомасына ұлғайтылуға және теріс айырма сомасына азайтылуға жатады.

Салық төлеуші тауарлық-материалдық қорларды бағалаудың өзге әдісіне ауысуды салық кезеңінің басынан бастап жүргізеді.

133-бап. Салық салынатын табысты азайту

1. Салық төлеушінің салық салынатын табысты мынадай шығыс түрлеріне:

1) салық салынатын табыстың 3 процентінен аспайтын жалпы сомасы мөлшерінде:

нақты шеккен шығыстардың осы Кодекстің 97-бабының 2-тармағында көзделген әлеуметтік сала объектілерін пайдаланған кезде алуға жататын (алынған) табыстардан асып түскен сомасын;

коммерциялық емес ұйымдарға және қызметін әлеуметтік салада жүзеге асыратын ұйымдарға өтеусіз негізде берілген мүліктің құнын. Өтеусіз орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құны осындай жұмыстарды орындаумен, қызметтер көрсетумен байланысты шеккен шығыстар мөлшерінде айқындалады. Өтеусіз берілген өзге де мүліктің құны аталған мүлікті қабылдау-беру актісінде көрсетілген, берілген мүліктің баланстық құны мөлшерінде айқындалады;

көмекті алатын тұлғаның тарапынан өтініш жасалу негізінде салық төлеушінің шешімі болған кездегі демеушілік және қайырымдылық көмекті;

2) мүгедектердің еңбегіне ақы төлеуге жұмсалған шығыстардың 2 еселенген мөлшерін және мүгедектердің жалақысының және басқа да төлемдердің есептелген әлеуметтік салық сомасының 50 процентін;

3) жеке тұлға салық төлеушіде кемінде үш жыл жұмыс істеу міндеттемесі туралы шартты жасасқан жағдайда, салық төлеушімен еңбек қатынастарында тұрмаған жеке тұлғаны оқытуға арналған шығыстарды;

Осы тармақшаның мақсатында оқытуға арналған шығыстар:

оқытуға ақы төлеуге жұмсалған нақты шығыстарды;

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде тұруға жұмсалған нақты шығыстарды;

оқитын адамға салық төлеуші айқындаған мөлшерде, бірақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалардан аспайтын ақша сомасын төлеуге арналған шығыстарды;

оқуға түскен кезде оқу орнына және оқу аяқталғаннан кейін қайту жолына жұмсалған нақты шығыстарды қамтиды.

Осы тармақшаның ережелері:

жеке тұлғаның өзін оқыту аяқталған салық кезеңін, сондай-ақ одан кейінгі салық кезеңін қамтитын уақыт кезеңі ішінде оқыту шығыстарын толық немесе ішінара өтеуі жағдайын қоспағанда, оқыту шығыстары бойынша осы тармақшаның ережелері қолданылған жеке тұлғамен оны оқыту аяқталған күннен бастап үш ай ішінде еңбек шарты жасалмаған жағдайда қолданылмайды. Осындай өтеу жағдайында осы тармақшаның ережелері жеке тұлға өтемеген оқыту шығыстарының сомасы мөлшерінде қолданылмайды;

жеке тұлғаның еңбек шарты бұзылған салық кезеңін, сондай-ақ кейінгі салық кезеңін қамтитын уақыт кезеңі ішінде оқыту шығыстарын толық немесе ішінара өтеуі жағдайын қоспағанда, оқыту шығыстары бойынша осы тармақшаның ережелері қолданылған жеке тұлғамен, мұндай тұлғамен еңбек шартын жасасу күнінен бастап үш жыл өткенге дейін еңбек шартының бұзылуы жағдайында қолданылмайды. Осындай өтеу жағдайында осы тармақшаның ережелері жеке тұлға өтемеген оқыту шығыстарының сомасы мөлшерінде қолданылмайды;

жер қойнауын пайдаланушының оқытудың осындай шығыстарына қатысты осы Кодекстің 112-бабының ережелерін қолдануы жағдайында қолданылмайды;

4) осы Кодекстің 135-1-бабының 1-тармағында айқындалған дербес білім беру ұйымдарына өтеусіз негізде берілген мүліктің құнын;

5) ғылым саласындағы уәкілетті органның қорытындысы бойынша ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық деп танылған жұмыстарды орындауға тиісті салық кезеңдерінде нақты жұмсалған шығыстардың 50 пайызы мөлшерінде азайтуға құқығы бар. Осы тармақша Қазақстан Республикасының аумағында көрсетілген жұмыстардың нәтижесі енгізілген жағдайда, өнертабысты, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді қорғау саласындағы уәкі-

летті мемлекеттік орган салық төлеушіге берген, осындай жұмыстарды жүзеге асыру нәтижесінде алынған өнеркәсіптік меншік объектілеріне арналған қорғау құжаттары болған кезде қолданылады.

Ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жатқызылатын жұмыстардың тізбесін, Қазақстан Республикасының аумағында ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың нәтижесін енгізуді растау тәртібін, сондай-ақ қорытындының нысаны мен оны беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Бұл ретте салық төлеушінің қорғау құжатын алуға арналған шығыстары ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындауға арналған шығыстар деп танылмайды.

2. Салық төлеушінің мынадай табыс түрлеріне салық салынатын табысты:

1) негізгі құралдардың, жылжымайтын мүлікке инвестициялардың, биологиялық активтердің қаржы лизингі бойынша сыйақыны;

2) борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыны есебіне жатқызу күні Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде болатын осындай сыйақыны;

3) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар, агенттік облигациялар бойынша сыйақыны;

3-1) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды өткізуден шеккен залалдарға азайтылған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды өткізу кезінде құн өсімінен түсетін табыстарды;

3-2) агенттік облигацияларды өткізуден туындаған залалдарға азайтылған агенттік облигацияларды өткізу кезінде құн өсімінен түсетін табыстарды;

4) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда гуманитарлық көмек түрінде алынған және мақсатты пайдаланылған мүліктің құнын;

5) республикалық мемлекеттік кәсіпорын мемлекеттік органнан немесе республикалық мемлекеттік кәсіпорыннан Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде өтеусіз негізде алған негізгі құралдардың құнын;

6) заңды тұлғадағы немесе консорциумдағы акцияларды, қатысу үлестерін өткізуден туындаған залалдарға азайтылған, заңды тұлғадағы немесе консорциумдағы акцияларды, қатысу үлестерін өткізу кезінде құн өсімінен түсетін табыстарды азайтуға құқығы бар. Осы тармақша бір мезгілде мынадай:

акцияларды немесе қатысу үлестерін өткізу күніне салық төлеушінің осы акцияларды немесе қатысу үлестерін үш жылдан астам иеленуі;

эмитент заңды тұлғаның немесе онда қатысу үлесі өткізілетін заңды тұлғаның немесе қатысу үлесін консорциумда өткізетін осындай консорциумға қатысушының жер қойнауын пайдаланушы болып табылмауы;

эмитент заңды тұлға немесе өзіндегі қатысу үлесі өткізілетін заңды тұлға активтері құнының немесе өзіндегі қатысу үлесі өткізілетін консорциумға қатысушылар активтері жалпы құнының 50 пайыздан азын осындай өткізу күніне жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылатын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкі құрау талаптары орындалған кезде қолданылады.

Жерасты суларын өз мұқтажы үшін өндіру құқығына ие болғандықтан ғана жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын осындай пайдаланушы осы тармақшаның мақсатында жер қойнауын пайдаланушы болып танылмайды;

7) өткізу күні Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімдерінде болатын бағалы қағаздарды осы қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізуден туындайтын залалдарға азайтылған, өткізу күні Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімдерінде болатын бағалы қағаздарды осы қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізу кезінде құн өсімінен түсетін табыстарға азайтуға құқығы бар.

134-бап. Коммерциялық емес ұйымдарға салық салу

1. Осы Кодекстің мақсаты үшін акционерлік қоғамдарды, мекемелерді және пәтерлер (үй-жайлар) иелері кооперативтерінен басқа тұтыну кооперативтерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында коммерциялық емес ұйым үшін белгіленген нысанда тіркелген ұйым қызметін қоғамдық мүддені көздеп жүзеге асыратын және мынадай талаптарға сай келетін:

1) осындай қызметіне орай табыс алу мақсаты жоқ;

2) алынған таза табысты немесе мүлікті қатысушылар арасында бөлмейтін ұйым коммерциялық емес ұйым деп танылады.

2. Коммерциялық емес ұйымның мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруға арналған шарт бойынша, депозиттер бойынша сыйақы, грант, кіру жарналары және мүшелік жарналар, кондоминиумға қатысушылардың жарналары, қайырымдылық және демеушілік көмек, өтеусіз алынған мүлік, өтеусіз негіздегі аударымдар мен қайырмалдық түріндегі табысы, осы баптың 1-тармағында көрсетілген шарттар сақталған жағдайда, салық салуға жатпайды.

Осы тармақтың мақсаты үшін:

ортақ мүлікті күтіп-ұстау және пайдалану бойынша ортақ шығыстарды жабуға бағытталған үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелерінің міндетті төлемдері;

тұтастай үйді қажетті пайдалануға міндетті және қамтамасыз ету қатарына жатпайтын, үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелеріне олардың келісімімен жүктелген қосымша шығыстарды жабуға бағытталған үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелерінің төлемдері;

үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері міндетті төлемдер мерзімін өткізіп алған кезде ортақ шығыстар шотына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде есептелген өсімпұл кондоминиумға қатысушылардың жарналары болып танылады.

Кондоминиумға қатысушылар жарналарының мөлшері және оларды енгізу тәртібі Қазақстан Республикасының тұрғын үй қатынастары туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелерінің кооперативі мүшелерінің жалпы жиналысында бекітіледі.

3. Осы баптың 1-тармағында аталған шарттар сақталмаған жағдайда, коммерциялық емес ұйымның табыстары жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салуға жатады.

4. Осы баптың 2-тармағында көрсетілмеген табыстар жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салуға жатады.

Бұл ретте коммерциялық емес ұйым осы бапқа сәйкес салық салудан босатылған табыстар бойынша және жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салуға жататын табыстар бойынша бөлек есеп жүргізуге міндетті.

5. Жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салуға жататын табыстарды алған кезде коммерциялық емес ұйым шығыстарының шегерімдерге жатқызылатын сомасы салық төлеушінің таңдауы бойынша барабар немесе бөлек әдіс бойынша айқындалады.

6. Шығыстардың жалпы сомасындағы шегерімге жатқызылатын шығыстар сомасы барабар әдісі бойынша осы баптың 2-тармағында көрсетілмеген табыстардың үлес салмағы негізге алына отырып, коммерциялық емес ұйым табыстарының жалпы сомасында айқындалады.

7. Салық төлеуші бөлек әдіс бойынша осы баптың 2-тармағында көрсетілген табыстарға жатқызылатын шығыстар және жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салуға жататын табыстарға жатқызылатын шығыстар бойынша бөлек есеп жүргізеді.

8. Осы баптың ережелері:

1) осы Кодекстің 135-1-бабына сәйкес дербес білім беру ұйымдары;

2) осы Кодекстің 135-бабына сәйкес әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдар болып танылатын коммерциялық емес ұйымдарға қолданылмайды.

135-бап. Әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу

1. Осы бапта көзделген ұйымдардың табыстарына осы бапта белгіленген талаптар сақталған кезде салық салуға жатпайды.

2. Осы Кодекстің мақсаты үшін қызметін әлеуметтік салада жүзеге асыратын ұйымдарға осы тармақта көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыратын, өтеусіз алынған мүлік түріндегі табыстар және депозиттер бойынша сыйақылар ескеріле отырып, олардан алынатын табыстар

осындай ұйымдардың жылдық жиынтық табысының кемінде 90 процентін құрайтын ұйымдар жатады.

Әлеуметтік саладағы қызметке мынадай қызмет түрлері:

1) косметологиялық, санаторий-курорттық қызметтерді қоспағанда, медициналық қызметтер көрсету;

2) білім беру қызметін жүргізу құқығына тиісті лицензиялар бойынша жүзеге асырылатын бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, сондай-ақ қосымша білім беру, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту жөнінде қызметтер көрсету;

3) ғылым саласындағы уәкілетті орган аккредиттеген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері жүзеге асыратын ғылым (ғылыми зерттеулер жүргізуді, автордың ғылыми зияткерлік меншікті пайдалануын, оның ішінде іске асыруын қоса алғанда), спорт (коммерциялық сипаттағы спорттық ойын-сауық іс-шараларынан басқа), мәдениет (кәсіпкерлік қызметтен басқа), Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тарихи-мәдени игілік объектілерінің тізіліміне немесе Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген тарихи-мәдени мұра мен мәдени құндылықтарды сақтау (ақпарат таратуды және насихатты қоспағанда) бойынша қызметтер көрсету саласындағы, сондай-ақ балаларды, қарттар мен мүгедектерді әлеуметтік қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы қызмет;

4) кітапхана қызметі жатады.

Осы тармақта көзделген ұйымдардың табыстары олар көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыруға жұмсалған кезде салық салуға жатпайды.

3. Осы Кодекстің мақсаты үшін қызметін әлеуметтік салада жүзеге асыратын ұйымдарға мынадай талаптарға сай келетін:

1) салық кезеңінде мүгедектер саны қызметкерлердің жалпы санының кемінде 51 процентін құрайтын;

2) салық кезеңінде мүгедектердің еңбегіне ақы төлеу бойынша шығыстар еңбекке ақы төлеу бойынша жалпы шығыстардың кемінде 51 процентін (есту, сөйлеу, сондай-ақ көру қабілетінен айрылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдарда – кемінде 35 процентін) құрайтын ұйымдар да жатады.

4. Қызметін әлеуметтік салада жүзеге асыратын ұйымдарға акциздеретін тауарлар өндіру мен өткізу жөніндегі қызметтен табыстар алатын ұйымдар жатпайды.

5. Осы бапта көзделген шарттар бұзылған жағдайда, алынған табыстар осы Кодексте белгіленген тәртіппен салық салуға жатады.

135-1-бап. Дербес білім беру ұйымдарына салық салу

1. Осы Кодекстің мақсаттары үшін:

1) осы тармақтың 2)-5) тармақшаларында айқындалған дербес білім беру ұйымдарын қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін Қазақстан

Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының бастамасы бойынша құрылған, жоғары басқару органы Жоғары қамқоршылық кеңес болып табылатын коммерциялық емес ұйым;

2) бір мезгілде мынадай талаптарды сақтаған кезде:

Қазақстан Республикасының Үкіметі құрған;

жоғары басқару органы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған Жоғары қамқоршылық кеңес болып табылатын;

мынадай:

қосымша білім беру;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген:

мектепке дейінгі тәрбие және оқытуды қоса алғанда, бастауыш мектеп;

негізгі мектеп;

жоғары мектеп;

орта білімнен кейінгі білім беру;

жоғары білім беру;

жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейлері бойынша білім беру қызметінің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыратын коммерциялық емес білім беру ұйымы;

3) бір мезгілде мынадай талаптарға сай келетін:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған акционерлік қоғам болып табылатын;

осындай қоғамның дауыс беретін акцияларының 50 және одан да көп пайызы осы тармақтың 2) тармақшасында аталған тұлғаға тиесілі болатын;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

4) осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген ұйымды қоспағанда, егер ұйым бір мезгілде мынадай талаптарға сәйкес келсе:

осындай ұйымның дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50 және одан да көп пайызы осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға тиесілі болса не осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген тұлғалар ғана құрған коммерциялық емес ұйым болып табылса;

осындай ұйымның өтеусіз алынған мүлік және депозиттер бойынша сыйақылары түріндегі табыстарын ескере отырып, жылдық жиынтық табысында алған табыстарының кемінде 90 пайызын мынадай қызмет түрлерінің біреуін немесе бірнешеуін:

медициналық қызметтер көрсетуді (косметологиялық, санаторий-курорттық қызметтерді қоспағанда);

қосымша білім беруді;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген:

мектепке дейінгі тәрбие және оқытуды қоса алғанда, бастауыш мектеп;

негізгі мектеп;

жоғары мектеп;

орта білімнен кейінгі білім беру;

жоғары білім беру;

жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейлері бойынша білім беру қызметін;

ғылым саласындағы қызметті, атап айтқанда:

іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді қоса алғанда, ғылыми-техникалық, инновациялық қызметті, ғылыми-зерттеу жұмыстарын;

осы тармақшада көрсетілген қызмет түрлері бойынша консультациялық қызметтер көрсетуді жүзеге асырудан алынған табыс құраса, ол дербес білім беру ұйымы деп танылады.

Осы тармақшада көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыруға алынған және жұмсалған, құрылтайшыдан түскен түсімдер де осы тармақшаның мақсаттары үшін жоғарыда көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асырудан алынған табыстар деп танылады;

5) осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген ұйымды қоспағанда, егер ұйым бір мезгілде мынадай талаптарға сай келсе:

осындай ұйымның дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50 және одан да көп пайызы осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға тиесілі болса не осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген тұлғалар ғана құрған коммерциялық емес ұйым болып табылса, ол дербес білім беру ұйымы деп танылады;

осындай ұйымның есепті салық кезеңіндегі табысы ол ғылым саласындағы мынадай:

ғылыми-техникалық;

инновациялық;

іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді қоса алғанда, ғылыми-зерттеу қызметі түрлерінің біреуін немесе бірнешеуін жүзеге асырған жағдайда салық салудан босатылады.

Жүзеге асырылатын қызмет түрлерін осы тармақшада көрсетілген ғылым саласындағы қызмет түрлеріне жатқызу ғылым саласындағы уәкілетті органның қорытындысымен расталады.

Егер ұйымдар мынадай қызмет түрлерінің біреуін немесе бірнешеуін:

медициналық қызметтер көрсетуді (косметологиялық, санаторий-курорттық қызметтерді қоспағанда);

қосымша білім беруді;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген:

мектепке дейінгі тәрбие және оқытуды қоса алғанда, бастауыш мектеп;

негізгі мектеп;

жоғары мектеп;

орта білімнен кейінгі білім беру;

жоғары білім беру;

жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейлері бойынша білім беру қызметін;

осы қызмет түрлері бойынша консультациялық қызметтер көрсетуді жүзеге асырса оларға осы тармақша қолданылмайды.

6) егер ұйым бір мезгілде мынадай талаптарға сай келсе:

осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген тұлғалар ғана құрған коммерциялық емес ұйым болып табылса;

тек қана мынадай жұмыстар мен қызметтерді көрсетсе:

кітапханалық қорды уақытша пайдалануға берсе, оның ішінде электрондық түрде берсе;

ақпаратты өңдеу үшін компьютерлерді, бағдарламалық қамтамасыз етілімдер мен жабдықтарды уақытша пайдалануға берсе;

жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді тек қана мынадай ұйымдарға:

осы тармақтың 1) – 5) тармақшаларында айқындалған дербес білім беру ұйымдарына;

өзіне әкімшілік-шаруашылық қызметті қамтамасыз ету мен қызмет етілуін ұйымдастыру жөніндегі жұмыстар мен қызметтердің көрсетілуі мақсатында осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген тұлға 2012 жылғы 1 қаңтарға дейін құрған коммерциялық емес ұйымдарға ғана көрсетсе, ол дербес білім беру ұйымы деп танылады.

2. Дербес білім беру ұйымы бюджетке төленуге жататын корпоративтік табыс салығының сомасын анықтаған кезде осы Кодекстің 139-бабына сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығының сомасы 100 пайызға азайтылады.

Осы баптың 1-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында аталған дербес білім беру ұйымының алған таза табысы немесе мүлкі қатысушылар арасында бөлінген салық кезеңдері бойынша осы тармақтың ережесі қолданылмайды.

156-бап. **Салық салуға жатпайтын табыстар**

1. Жеке тұлғаның салық салынатын табыстарынан табыстардың мынадай түрлері алып тасталады:

1) балаларға және асырауындағы адамдарға алынған алименттер;

2) жеке тұлғалардың лицензия негізінде банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы салымдары бойынша оларға төленетін сыйақылар;

3) борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар;

4) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар, агенттік облигациялар бойынша сыйақылар;

4-1) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды өткізу кезінде құн өсімінен түсетін табыстар;

4-2) агенттік облигацияларды өткізу кезінде құн өсімінен түсетін табыстар;

5) дивидендтер мен сыйақыларды есебіне жазу күніне Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде болатын осындай бағалы қағаздар бойынша дивидендтер мен сыйақылар;

6) пайлық инвестициялық қорларды осы қордың басқарушы компаниясы құнын өтеп сатып алған кездегі пай бойынша табыстар;

7) бір мезгілде мынадай:

дивидендтерді есептеу күніне салық төлеушінің олар бойынша дивидендтер төленетін акцияларды немесе қатысу үлестерін үш жылдан астам иеленуі;

дивидендтер төлейтін заңды тұлғаның дивидендтер төленетін кезең ішінде жер қойнауын пайдаланушы болып табылмауы;

эмитент-заңды тұлға немесе өзіндегі қатысу үлесі өткізілетін заңды тұлға активтері құнының немесе өзіндегі қатысу үлесі өткізілетін консорциумға қатысушылар активтері жалпы құнының 50 пайыздан азын осындай өткізу күніне жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылатын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкі құрау талаптары орындалған кездегі дивидендтер.

Осы тармақшаның ережелері резидент заңды тұлғадан:

акциялар бойынша, оның ішінде депозитарлық қолхаттардың базалық активтері болып табылатын акциялар бойынша төленуге жататын табыс;

заңды тұлға өзінің құрылтайшылары, қатысушылары арасында бөлетін таза табыстың бір бөлігі;

құрылтайшының, қатысушының жарғылық капиталға салым ретінде салған мүлкін қоспағанда, заңды тұлғаны таратқан кезде немесе құрылтайшылар, қатысушылар салымдарының мөлшерін барабар азайту жолымен не құрылтайшылардың, қатысушылардың үлестерін толық немесе ішінара өтеу жолымен жарғылық капиталды азайтқан кезде, сондай-ақ құрылтайшы, қатысушы заңды тұлғадағы қатысу үлесін алып қойған кезде мүлікті бөлуден түсетін табыс түрінде алынған дивидендтер бойынша қолданылады.

Бұл ретте жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылатын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкінің дивидендтер төлейтін заңды тұлға активтерінің құнындағы үлесі осы Кодекстің 197-бабына сәйкес айқындалады;

Жерасты суларын өз мұқтажы үшін өндіру құқығына ие болғандықтан ғана жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын осындай пайдаланушы осы тармақшаның мақсатында жер қойнауын пайдаланушы болып танылмайды;

8) әскери қызметшінің әскери қызмет міндеттерін орындаумен байланысты, құқық қорғау органы қызметкерінің (кеден органының қызметкерін қоспағанда) қызметтік міндеттерін орындаумен байланысты арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерінің, табыстары;

8-2) әскери, арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар қызметтік міндеттерін басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда, құқық қорғау органдарында (кеден органдарын қоспағанда) атқаруына байланысты алатын төлемдердің барлық түрлері;

9) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және мұндай ұтыстарды есептеу күні қолданыста болатын ең төменгі жалақының 50 проценті шегіндегі лотерея бойынша ұтыстар;

10) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және мұндай төлем күні қолданыста болатын ең төменгі жалақы мөлшерінде, қоғамдық жұмыстарды орындауға және кәсіптік оқуға байланысты бюджет және (немесе) гранттар қаражаты есебінен жүзеге асырылатын төлемдер;

11) егер осы тармақтың 11-1) тармақшасында өзгеше белгіленбесе, гранттар қаражаты есебінен төлемдер (еңбекке ақы төлеу түріндегі төлемдерден басқа);

11-1) Қазақстан Республикасындағы табысы аз азаматтарды қолдауға (көмек көрсетуге) бағытталған, Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын үкіметаралық келісім шеңберіндегі грант қаражаты есебінен жасалатын төлемдер;

12) экологиялық апат немесе ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленетін төлемдер;

13) мыналардың:

Ұлы Отан соғысына қатысушылардың және оларға теңестірілген адамдардың;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы ерен еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдардың;

1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде 6 ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы ерен еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдардың;

I, II, III топтардағы мүгедектердің;

мүгедек баланың;

«мүгедек бала» деген санаты бар адам он сегіз жасқа толғанға дейін – мұндай адамның ата-анасының бірінің;

«бала кезінен мүгедек» деген себеппен мүгедек деп танылған адамның өмір бойына – оның ата-анасының бірінің республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының басында қолданыста болатын ең төменгі жалақының 55 еселенген мөлшері шегінде бір жылдағы табыстары;

15) заңды тұлғадағы немесе консорциумдағы акцияларды, қатысу үлестерін өткізу кезінде құн өсімінен түсетін табыстар. Осы тармақша бір мезгілде мынадай:

акцияларды немесе қатысу үлестерін өткізу күніне салық төлеушінің осы акцияларды немесе қатысу үлестерін үш жылдан астам иеленуі;

эмитент заңды тұлғаның немесе қатысу үлесі өткізілетін заңды тұлғаның немесе қатысу үлесін консорциумда өткізетін осындай консорциумға қатысушының жер қойнауын пайдаланушы болып табылмауы;

эмитент заңды тұлға немесе өзіндегі қатысу үлесі өткізілетін заңды тұлға активтері құнының немесе өзіндегі қатысу үлесі өткізілетін консорциумға қатысушылар активтері жалпы құнының 50 пайыздан азын осындай өткізу күніне жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылатын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкі құрау талаптары орындалған кезде қолданылады.

Жерасты суларын өз мұқтажы үшін өндіру құқығына ие болғандықтан ғана жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын осындай пайдаланушы осы тармақшаның мақсатында жер қойнауын пайдаланушы болып танылмайды;

16) өткізу күні Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімдерінде болатын бағалы қағаздарды осы қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін табыстар;

17) бюджет қаражаты есебінен төленетін біржолғы төлемдер (еңбегіне ақы төлеу түріндегі төлемдерден басқа);

18) күнтізбелік жыл ішінде әрбір төлем түрі бойынша республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын ең төменгі жалақының 8 еселенген мөлшері шегінде медициналық қызмет көрсетулерге (косметологиялық қызмет көрсетулерден басқа) ақы төлеу үшін, бала туылған кездегі, жерлеуге арналған төлемдер.

Көрсетілген табыстар медициналық қызмет көрсетулерді (косметологиялық қызмет көрсетулерден басқа) алуды және оларды төлеуге жұмсалған нақты шығыстарды растайтын құжаттар, баланың туу туралы куәлігі, қайтыс болғаны туралы анықтама және қайтыс болғаны туралы куәлік болғанда салық салудан босатылады;

19) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын дипломатиялық немесе консулдық қызметкерлердің ресми табыстары;

20) шет мемлекеттің мемлекеттік қызметіндегі, сол елдегі табысы салық салуға жататын шетелдіктердің ресми табыстары;

21) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын және Қазақстан Республикасының шет елдердегі дипломатиялық және соларға теңестірілген өкілдіктерінде қызмет істейтін жеке тұлғалардың бюджет қаражаты есебінен шетелдік валютамен төленетін ресми табыстары;

22) Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдері;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде бюджет қаражаты есебінен төленетін тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына салымдар бойынша сыйлықақылар (мемлекеттің сыйлықақысы);

23-1) «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мөлшерде бюджет қаражаты есебінен төленетін білім беру жинақтау салымдары бойынша мемлекет сыйлықақылары;

24) жұмыс берушінің өндірістік қызметімен байланысты мамандық бойынша қызметкерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оқытуға, біліктілігін арттыруға немесе қайта даярлауға жіберген кезде жұмыс берушінің мынадай түрдегі шығыстары:

басқа жерге қызметтік іссапарын ресімдеу кезінде – қызметкерді оқыту, оның біліктілігін арттыру немесе қайта даярлау үшін төлеуге нақты жұмсалған шығыстары;

басқа жерге қызметтік іссапарын ресімдемей:

қызметкерді оқыту, оның біліктілігін арттыру немесе қайта даярлау үшін төлеуге нақты жұмсалған шығыстары;

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде қызметкердің тұруына нақты жұмсалған шығыстары;

қызметкер оқуға түскен кезде оқу орнына баруға және оқу, біліктілікті арттыру немесе қайта даярлау аяқталғаннан кейін қайтуына нақты жұмсалған шығыстары жатады;

жұмыс берушінің:

қызметкер Қазақстан Республикасының шегінде оқытудан, біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өткен мерзім ішінде – қызметкердің оқытудан, біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өткен әрбір күнтізбелік күні үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 6 еселенген мөлшері;

қызметкер Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде оқытудан, біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өткен мерзім ішінде – қызметкердің оқытудан, біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өткен әрбір күнтізбелік күні үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 8 еселенген мөлшері шегінде қызметкерге төлеуге тағайындаған ақша сомасы жатады;

25) осы Кодекстің 133-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жұмсалған, оқытуға бағытталған шығыстар;

26) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдер;

27) білім беру ұйымдарында оқитындарға Қазақстан Республикасының заңнамасында мемлекеттік стипендиялар үшін белгіленген мөлшерде төленетін стипендиялар;

27-1) Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын және білім беру ұйымдарында білім алушыларға осындай ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде төлейтін Қазақстан Республикасы Президентінің арнайы стипендиялары мен Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиялары;

27-2) Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын және білім беру ұйымдарында білім алушыларға осындай ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде төлейтін мемлекеттік атаулы стипендиялар;

27-3) Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындауға арналған конкурс жеңімпаздарының оқуын және тағылымдамадан өтуін ұйымдастырумен байланысты шығыстарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде төлеуге арналған төлемдер;

28) жеке тұлға басқа жеке тұлғадан сыйға немесе мұраға алған мүліктің құны. Осы тармақшаның ережелері дара кәсіпкер алған және кәсіпкерлік мақсатта пайдалануға арналған мүлікке, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалған, жинақтаушы зейнетақы қорлары төлейтін зейнетақы жинақтарына қолданылмайды;

29) қайырымдылық және демеушілік көмек түрінде алынған мүліктің құны;

30) он алты жасқа толмаған балалар үшін балалар лагерьлеріне жолдамалардың құны;

31) осы Кодекстің 175-бабында көзделген табыстарды қоспағанда, шарттың қолданылу кезеңінде басталған сақтандыру оқиғасымен байланысты, сақтандырудың кез келген түрі кезінде төленетін сақтандыру төлемдері;

32) жұмыс беруші өз қызметкерлеріне міндетті және (немесе) жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша төлейтін сақтандыру сыйлықақылары;

33) сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша жүзеге асырылатын сақтандыру төлемдері;

34) жинақтаушы зейнетақы қорларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшердегі ерікті кәсіби зейнетақы жарналары;

36) сенімгерлікпен басқарушы болып табылатын резидент жеке тұлғадан алынған, сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының сенімгерлікпен басқарудан түсетін таза табысы;

37) банк пен клиент арасында жасалған шартта белгіленген проценттсіз кезең ішінде төлем карточкасын ұстаушыға банктік қарыз берілген кезде алынған, сыйақыны үнемдеуден түсетін материалдық пайда;

38) эмитент банк төлем карточкасын пайдалана отырып, қолма-қол жасалмайтын ақша төлемдерін жүзеге асырған кезде эмитент банктің қаражаты есебінен төлем карточкасын ұстаушының есебіне жатқызылатын сома;

39) осы Кодекстің 224-бабының 1-тармағында көрсетілген резидент емес заңды тұлғадан алынған, пайдадан немесе оның бір бөлігінен бөлінген, осы Кодекстің 224-бабына сәйкес Қазақстан Республикасындағы жеке табыс салығы салынған дивидендтер.

40) ислам банкінде орналастырылған инвестициялық депозит бойынша табыс;

41) осы Кодекстің 135-1-бабының 1-тармағында көрсетілген дербес білім беру ұйымы тұруға, медициналық сақтандыруға, Қазақстан Республикасынан тысқары жердегі тұрғылықты жерінен Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын жерге дейін және қайтар жолында әуе көлігімен ұшуға жұмсаған шығыстарды төлеу (өтеу) түрінде іс жүзінде жүргізген:

осындай дербес білім беру ұйымының қызметкері;

осындай дербес білім беру ұйымының жұмыстарын орындау, қызметін көрсету бойынша Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын;

осындай дербес білім беру ұйымының жұмыстарын орындайтын, қызметін көрсететін резидент емес заңды тұлғаның қызметкері және осындай жұмыстарды тікелей орындайтын және осындай қызмет көрсететін қызметкер болып табылатын резидент шетелдік тұлға алған материалдық пайда;

42) осы Кодекстің 135-1 бабы 1-тармағының 1) – 5) тармақшаларында айқындалған дербес білім беру ұйымымен еңбек қатынастарында тұрмаған, алайда осындай шығыстарды жүзеге асыратын дербес білім беру ұйымының шешімімен айқындалған мамандық бойынша осы Кодекстің 135-1 бабы 1-тармағының 1) – 5) тармақшаларында айқындалған басқа дербес білім беру ұйымымен еңбек қатынастарында тұрған жеке тұлғаны оқытуға, біліктілігін арттыруға немесе қайта даярлауға жіберген кезде осы дербес білім беру ұйымының шығыстары:

жеке тұлғаны оқытуға, біліктілігін арттыруға немесе қайта даярлауға іс жүзінде жүргізілген шығыстар;

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалардың шегінде оқытылатын тұлғаның тұруына іс жүзінде жүргізілген шығыстар;

қызметкер оқуға түскен кезде оқу орнына дейін баруға және оқуды, біліктілігін арттыруды немесе қайта даярлауды аяқтағаннан кейін қайтар жолына арналған жолақыға іс жүзінде жүргізілген шығыстар;

дербес білім беру ұйымының мыналардың шегінде:

оқытылатын адамның Қазақстан Республикасының шегінде оқытудан, біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өткен мерзімі ішінде – қызметкер оқытудан, біліктілігін арттырудан немесе қайта

даярлаудан өткен әрбір күнтізбелік күн үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 6 еселенген мөлшерінде;

оқытылатын адамның Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде оқытудан, біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өткен мерзімі ішінде – қызметкер оқытудан, біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өткен әрбір күнтізбелік күн үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 8 еселенген мөлшерінде жеке тұлғаға төлеуге белгілеген ақша сомасы.

Егер шығыстар осы Кодекстің 135-1 бабы 1-тармағының 1) – 5) тармақшаларында айқындалған, осындай шығыстарды жүзеге асырған дербес білім беру ұйымының оқыту, біліктілікті арттыру немесе қайта даярлау мақсатында алған өтеусіз көмек есебінен және соның шегінде жүзеге асырылса, осы тармақшаның ережелері қолданылады.

2. Осы баптың 1-тармағының 12) және 13) тармақшаларында көзделген табыстарды салық салудан босату мұндай босатуды қолдану үшін негіздер болатын салық кезеңдері үшін беріледі.

Салық төлеуші (салық агенті) табыс төлеу күнінен бұрын түзету қолдану үшін негіз туындаған күні растау құжаттарын табыс еткен жағдайда, осы баптың 1-тармағының 12) және 13) тармақшаларында көзделген түзетулерді мұндай түзетулерді қолдану үшін негіз болатын салық кезеңіндегі табысқа қолдануға құқылы.

3. Осы баптың 1-тармағының 12) және 13) тармақшаларында көзделген табыстар:

жеке тұлғаның осы бапта белгіленген шектерде осындай түзетудің мөлшерін көрсете отырып, салық салынуға жататын табыстарға түзетулерді қолдануға берген өтінішінің;

растайтын құжаттар көшірмелерінің негізінде салық салуға жататын табыстардан алып тасталады.

252-бап. Коммерциялық емес ұйымдар көрсететін қызметтер

Қосылған құн салығынан:

1) осы Кодекстің 134-бабының 1-тармағында көрсетілген коммерциялық емес ұйымдар жүзеге асыратын балаларды, қарттарды, соғыс және еңбек ардагерлерін, мүгедектерді қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру бойынша көрсетілетін қызметтерді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес діни бірлестіктердің діни жоралар мен рәсімдер өткізуі бойынша көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымдар босатылады.

255-бап. Қосылған құн салығынан босатылатын импорт

1. Мынадай тауарлар:

1) ұлттық және шетелдік валюта банкноттары мен монеталары (мәдени-тарихи құндылығы бар банкноттар мен монеталардан басқа), сондай-ақ бағалы қағаздар;

2) Кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес бекітілген тауарларды бажсыз әкелу нормалары бойынша жеке тұлғалар жүзеге асыратын тауарлар;

3) акцизделетін тауарларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен гуманитарлық көмек ретінде әкелінетін тауарлар;

4) акцизделетін тауарларды қоспағанда, мемлекет, мемлекеттердің үкіметтері, халықаралық ұйымдар желілері бойынша, техникалық жәрдем көрсетуді қоса алғанда, қайырымдылық көмек мақсатында әкелінетін тауарлар;

5) шет мемлекеттің Қазақстан Республикасында акредиттелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерінің, шет мемлекеттің консулдық мекемелерінің ресми пайдалануы үшін, сондай-ақ олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, осы өкілдіктердің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық персоналына жататын адамдардың, олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, консулдық лауазымды адамдардың, консулдық қызметшілердің жеке пайдалануы үшін әкелінетін және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес салықтан босатылатын тауарлар;

6) салық төлеуден босатуды белгілейтін кедендік рәсімінде Кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кедендік декларациялануға жататын тауарлар;

6-1) тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған ғарыш қызметіне қатысушылар әкелетін ғарыш объектілерінің, жербеті ғарыш инфрақұрылымының объектілері жабдықтарының импорты қосылған құн салығынан босатылады. Осы тармақшаның ережелері нысанын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін, ғарыш қызметінің мақсаттары үшін осындай ғарыш объектілері мен жабдықтарын әкелу туралы ғарыш қызметі саласындағы уәкілетті органның растауы негізінде қолданылады;

7) кез келген нысандағы дәрілік заттар, оның ішінде дәрілік субстанциялар; протездік-ортопедиялық бұйымдарды, сурдотифлотехниканы және медициналық (ветеринариялық) техниканы қоса алғанда, медициналық (ветеринариялық) мақсаттағы бұйымдар; кез келген нысандағы дәрілік заттарды шығаруға арналған материалдар, жабдықтар және жинақтаушы материалдар, оның ішінде дәрілік субстанциялар, протездік-ортопедиялық бұйымдарды және медициналық (ветеринариялық) техниканы қоса алғанда, медициналық (ветеринариялық) мақсаттағы бұйымдар импорты қосылған құн салығынан босатылады;

Осы тармақшада көрсетілген тауарлардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді;

8) почта маркалары (коллекциялық маркалардан басқа);

9) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және оның ұйымдары жүзеге асыратын, ақша белгілерін шығаруға арналған шикізат;

10) мемлекеттердің, мемлекеттердің үкіметтері мен халықаралық ұйымдардың желісі бойынша берілген гранттар қаражаты есебінен жүзеге асырылатын тауарлар;

11) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі импорттайтыннан басқа, бір мезгілде мынадай талаптарға сәйкес болған:

қосылған құн салығы бойынша салық кезеңі ішінде импортталған инвестициялық алтынның жалпы салмағы 32 троя унциясынан аспайтын;

қосылған құн салығы бойынша салық кезеңі ішінде импортталған инвестициялық алтынның жалпы құны мынадай:

импортталған инвестициялық алтынның салмағын

өткізу күніне Лондон қымбат бағалы металдар нарығы қауымдастығы белгілеген алтынның таңертеңгі фиксингіне (бағаның бағамдалуы)

көбейту

өткізу күніне белгіленген валюта айырбастаудың нарықтық бағамына

көбейту

тәртібімен есептелген сомаларды жинақтау жолымен қалыптасқан сомадан аспайтын кезде инвестициялық алтын импорты қосылған құн салығынан босатылады.

Осы тармақшаның ережелері инвестициялық алтынды:

құймалар;

пластиналар;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған алтын монеталар нысанында өткізу кезінде қолданылады.

12) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі импорттайтын инвестициялық алтын импорты қосылған құн салығынан босатылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тауарлар импортын қосылған құн салығынан босату тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

272-бап. **Қосылған құн салығын қайтару**

1. Егер осы тарауда өзгеше белгіленбесе, мыналар:

1) есепке жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының осы Кодекстің 273, 274-баптарында белгіленген тәртіппен есепті салық кезеңінің аяғында декларация бойынша өсу қорытындысымен қалыптасқан есептелген салық сомасынан асып түсуі (бұдан әрі – қосылған құн салығы бойынша асып түсуі);

2) грант қаражаты есебінен сатып алынған тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді ұсынушыларға осы Кодекстің 275-бабында белгіленген тәртіппен төленген қосылған құн салығы;

3) Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық және оларға теңестірілген шет мемлекеттердің өкілдіктері, шет мемлекеттердің консулдық мекемелері, дипломатиялық және осы өкілдіктердің әкімшілік-техникалық персоналына жататын адамдар, олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, консулдық лауазымды адамдар, консулдық қызметшілер – олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аумағында сатып алған тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді ұсынушыларға осы Кодекстің 276-бабында белгіленген тәртіппен төлеген қосылған құн салығы;

4) бюджетке артық төленген қосылған құн салығының сомасы осы Кодекстің 599 және 602-баптарында белгіленген тәртіппен салық төлеушіге бюджеттен қайтарылуға жатады.

2. 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша қалыптасқан, осы баптың 1-тармағы 1) тармақшасының бірінші бөлігінде көрсетілген қосылған құн салығының асып кетуі, нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар мақсатында пайдаланылған немесе пайдаланылатын тауарларға, жұмыстарға, қызмет көрсетулерге байланысты қалыптасқан асып түсуді қоспағанда, бюджеттен қайтарылуға жатпайды.

Осы тармаққа сәйкес бюджеттен қайтарылуға жатпайтын қосылған құн салығының асып түсуі қосылған құн салығы бойынша алдағы төлем шотына есептеледі. Импорт кезінде төлеуге жататын, сондай-ақ осы Кодекстің 241-бабында көзделген қосылған құн салығын төлеу шотының есебіне жатқызу жүргізілмейді.

3. Есепті салық кезеңінің соңында өсетін қорытындылар декларациясы бойынша қалыптасқан, есептелген салық сомасынан есепке жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының асып кетуі нөлдік ставка бойынша салынатын айналымдар бойынша, егер бір мезгілде мынадай талаптар орындалса:

1) қосылған құн салығын төлеуші нөлдік ставка бойынша салық салынатын тауарлар өткізуді, жұмыстар орындауды, қызмет көрсетулерді тұрақты жүзеге асырса;

2) нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар жасалған және декларацияда ол бойынша қосылған құн салығының асып кеткенін қайтару туралы талап көрсетілген салық кезеңі ішінде нөлдік ставка бойынша салық салынатын өткізу бойынша айналым өткізу бойынша жалпы салық салынатын айналымда кемінде 70 процент құрайтын болса, қайтарылуға жатады.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы баптың 3-тармағының 1) тармақшасында көзделген нөлдік ставка бойынша салық салынатын тауарлар өткізуді, жұмыстар орындауды, қызмет көрсетулерді тұрақты өткізуге жатқызу өлшемдерін белгілеуді және мынадай:

1) осы баптың 3-тармағында белгіленген талаптар орындалмаған жағдайда, нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымға байланысты;

2) осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасының екінші бөлігінде көзделген қайтарылуға жататын қосылған құн салығының асып кеткен сомасын айқындау тәртібін белгілейді.

355-бап. Төлеушілер

1. Мыналар:

1) дара кәсіпкерлер;

2) жекеше нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар;

3) егер осы баптың 2-тармағында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары;

4) Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекемелер арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар;

5) қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шартқа сәйкес тұрақты мекеме құруға әкеп соқпайтын, филиал немесе өкілдік арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар әлеуметтік салық төлеушілер болып табылады.

2. Резидент заңды тұлға өз шешімімен өзінің құрылымдық бөлімшесін осындай құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлеріне табыстар түрінде төленетін (төленуге жататын) жұмыс берушінің шығыстары бойынша әлеуметтік салық төлеуші деп тануға құқылы.

Бұл ретте резидент заңды тұлғаның шешімі немесе осындай шешімнің күшін жою осындай шешім қабылданған тоқсаннан кейінгі тоқсанның басынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Егер жаңадан құрылған құрылымдық бөлімше әлеуметтік салық төлеуші деп танылса, резидент заңды тұлғаның осындай тану туралы шешімі осы құрылымдық бөлімшенің құрылған күнінен бастап немесе осы құрылымдық бөлімшенің құрылған тоқсаннан кейінгі тоқсанның басынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Резидент заңды тұлғаның шешімі бойынша дербес әлеуметтік салық төлеуші деп танылған құрылымдық бөлімшелер осы Кодекстің 19-тарауының мақсаты үшін жеке табыс салығы бойынша салық агенттері болып танылады.

3. Мемлекеттік органның шешімі бойынша оның құрылымдық бөлімшелері және (немесе) аумақтық органдары өздеріне бағыныста мемлекеттік мекемелер үшін төленуге жататын әлеуметтік салықты төлеушілер ретінде қарастырылуы мүмкін.

Жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша оның құрылымдық бөлімшелері және (немесе) аумақтық (төмен тұрған) органдары өздеріне бағыныста мемлекеттік мекемелер үшін әлеуметтік салықты төлеушілер ретінде қарастырылуы мүмкін.

Осы бапта белгіленген тәртіппен әлеуметтік салық төлеушілер деп танылған мемлекеттік мекемелер осы Кодекстің 19-тарауының мақсаттары үшін жеке табыс салығы бойынша салық агенттері болып танылады.

357-бап. Салық салу объектісі

1. Осы Кодекстің 355-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында аталған төлеушілер үшін, төлеушілердің өздерін қоса алғанда, қызметкерлер саны әлеуметтік салық салу объектісі болып табылады.

2. Осы Кодекстің 355-бабы 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында және 2-тармағында көрсетілген төлеушілер үшін жұмыс берушінің осы Кодекстің 163-бабының 2-тармағында айқындалған табыстар түрінде резидент қызметкерлерге, осы Кодекстің 192-бабы 1-тармағының 18) 19), 20) және 21) тармақшаларында айқындалған табыстар түрінде резидент емес қызметкерлерге төлейтін шығыстары, сондай-ақ егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, осы Кодекстің 191-бабының 7-тармағында көрсетілген шетел персоналының табыстары салық салу объектісі болып табылады.

Осы Кодекстің 156-бабы 1-тармағының 8), 10), 12), 17), 18), 24), 26), 27), 29) – 32), 34), 41) тармақшаларында және 200-1-бабының 1-тармағының 13) тармақшасында белгіленген табыстар, сондай-ақ:

1) гранттар қаражаты есебінен жасалатын төлемдер;

2) Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын мемлекеттік сыйлықтар, стипендиялар;

3) спорт жарыстарында, байқауларда, конкурстарда жүлделі орындар үшін берілетін ақшалай наградалар;

4) жұмыс беруші жеке тұлғаның қызметі тоқтатылған не жұмыс беруші заңды тұлға таратылған, қызметкерлердің саны немесе штаты қысқартылған жағдайларда еңбек шарты бұзылған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде төленетін өтемақы төлемдері;

5) жұмыс берушінің қызметкерлерге пайдаланылмаған ақысы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы үшін төлейтін өтемақы төлемдері;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларына қызметкерлердің міндетті зейнетақы жарналары салық салу объектісі болып табылмайды.

3. Егер осы баптың 2-тармағына сәйкес күнтізбелік ай үшін айқындалған салық салу объектісі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және осы күнтізбелік айдың бірінші күніне қолданыста болатын ең төменгі жалақы мөлшерінен кем болған жағдайда, әлеуметтік салық салу объектісі осындай ең төменгі жалақы мөлшерін негізге ала отырып айқындалады.

4. Егер төлемдер грант алушымен не грант мақсаттарын (міндеттерін) жүзеге асыру үшін грант алушы тағайындаған орындаушымен жасалған шартқа (келісімшартқа) сәйкес жүргізілсе, осы баптың 2-тармағы екінші бөлігінің 1) тармақшасының ережелері қолданылады.

358-бап. Салық ставкалары

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, әлеуметтік салық 11 процентттік ставка бойынша есептеледі.

2. Арнаулы салық режимдерін қолданатындарды қоспағанда, дара кәсіпкерлер, жекеше нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар өзі үшін Республикалық Бюджет туралы Заңда белгіленген және төленетін күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің екі еселенген мөлшерінде және әрбір қызметкер үшін айлық есептік көрсеткіштің бір еселенген мөлшерінде әлеуметтік салықты есептейді.

Осы тараудың ережесі салық төлеушілер осы Кодекстің 73-бабына сәйкес салық есептілігін табыс етуді уақытша тоқтата тұру кезеңінде оларға қолданылмайды.

3. Тірек-қимыл мүшесі бұзылған, есту, сөйлеу, көру қабілетінен айрылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдар осы Кодекстің 135-бабы 3-тармағының шарттарына сәйкес 4,5 процент ставка бойынша әлеуметтік салықты есептейді.

4. Шаруа және фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер үшін әлеуметтік салық ставкалары осы Кодекстің 445-бабында белгіленген.

5. Патент немесе оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын төлеушілер үшін әлеуметтік салық ставкалары осы Кодекстің 61-тарауында белгіленген.

373-бап. **Төлеушілер**

1. Мынадай:

1) жеке меншік құқығындағы;

2) тұрақты жер пайдалану құқығындағы;

3) бастапқы өтеусіз уақытша жер пайдалану құқығындағы салық салу объектілері бар жеке және заңды тұлғалар жер салығын төлеушілер болып табылады.

2. Заңды тұлға өз шешімімен өзінің құрылымдық бөлімшесінің орналасқан жерінде салық салынатын объектілер бойынша осындай құрылымдық бөлімшесін жер салығын дербес төлеуші деп тануға құқылы.

Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, заңды тұлғаның осындай тану немесе осындай тануды тоқтату туралы шешімі осындай шешім қабылданған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Егер жаңадан құрылған құрылымдық бөлімше жер салығын дербес төлеуші деп танылған жағдайда, заңды тұлғаның осындай тану туралы шешімі осы құрылымдық бөлімшенің құрылған күнінен бастап немесе осы құрылымдық бөлімше құрылған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе мыналар:

1) шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі қолданылатын қызметте пайдаланылатын жер учаскелері бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілер;

2) мемлекеттік мекемелер;

3) уәкілетті мемлекеттік органның қылмыстық жазаларды атқару саласындағы түзеу мекемелерінің мемлекеттік кәсіпорындары;

4) Ұлы Отан соғысына қатысушылар және соларға теңестірілген адамдар, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағы ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағы ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, мүгедектер, сондайақ бала жасынан мүгедектің ата-анасының біреуі:

тұрғын-үй қоры, соның ішінде, оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жер учаскелері;

үй маңындағы жер учаскелері;

өзіндік (қосалқы) үй шаруашылығын жүргізу, бағбандық үшін берілген және құрылыс алып жатқан жерлерді қоса алғанда, саяжай құрылысына арналған жер учаскелері;

гаражға арналған жер учаскелері бойынша;

5) «Ардақты ана» атағына ие болған, «Алтын алқа» алқасымен наградталған көп балалы аналар:

тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жер учаскелері бойынша;

үй маңындағы жер учаскелері бойынша;

6) жеке тұратын зейнеткерлер:

тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жер учаскелері бойынша;

үй маңындағы жер учаскелері бойынша;

7) діни бірлестіктер жер салығын төлеушілер болып табылмайды.

4. Осы баптың 3-тармағының 3)-7) тармақшаларында аталған салық төлеушілер пайдалануға, сенімгерлікпен басқаруға немесе жалға берілген жер учаскелері бойынша салық төлеушілер болып табылады.

387-бап. **Базалық салық ставкаларын түзету**

1. Жергілікті өкілді органдардың Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жүргізілетін жерлерді өңірлерге бөлу жобалары (схемалары) негізінде жер салығының ставкаларын осы Кодекстің 378, 379, 381, 383-баптарында белгіленген, автотұраққа, (паркингке) автомобильге май құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) және казино орналасқан жерлерді қоспағанда, жер салығының базалық ставкаларының 50 процентінен аспайтындай етіп төмендетуге немесе жоғарылатуға құқығы бар.

Бұл ретте жекелеген салық төлеушілер үшін жер салығының ставкаларын жеке-дара төмендетуге немесе жоғарылатуға тыйым салынады.

2. Мынадай төлеушілер салықты есептеген кезде тиісті ставкаларға 0,1 коэффициентті қолданады:

1) балаларды сауықтыру мекемелері;

2) діни бірлестіктерді қоспағанда, осы Кодекстің 134-бабында айқындалған заңды тұлғалар;

3) осы Кодекстің 135-бабының 2-тармағында айқындалған заңды тұлғалар;

4) қызметінің негізгі түрі ормандарда өртке қарсы жұмысты ұйымдастыру, өртке, орман зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес, табиғи биологиялық ресурстарды ұдайы молайту және ормандардың экологиялық әлеуетін арттыру жөніндегі жұмыстарды орындау болып табылатын мемлекеттік кәсіпорындар;

5) балықты ұдайы молайту мақсатындағы мемлекеттік кәсіпорындар;

6) ғылыми кадрларды мемлекеттік аттестаттау саласындағы функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорын;

7) психоневрологиялық және туберкулез мекемелері жанындағы емдеу-өндірістік кәсіпорындар.

3. Осы Кодекстің 135-бабының 3-тармағында және 135-1-бабының 1-тармағында айқындалған заңды тұлғалар салықты есептеу кезінде тиісті ставкаларға 0 коэффициентін қолданады.

3-1. Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамалық актісіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен инвестициялық стратегиялық жобалар тізбесінде көзделген инвестициялық стратегиялық жобаны іске асыруды Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамалық актісіне сәйкес жасалған келісімшарт негізінде жүзеге асыратын заңды тұлғалар инвестициялық стратегиялық жобаны іске асыру үшін пайдаланылатын жер учаскелері бойынша жер салығын есептеу кезінде жер салығының тиісті мөлшерлемелеріне 0 коэффициентін қолданады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелері жер учаскесін немесе оның бір бөлігін (ондағы үйлермен, құрылыстармен, ғимараттармен бірге не оларсыз) жалға, өзге де негіздерде пайдалануға беру жағдайларында қолданылмайды.

Осы тармақтың ережелері келісімшарт жасалған айдың алғашқы күнінен бастап қолданылады және оның қолданысы келісімшарт жасалған күннен бастап жеті жылдан аспайды.

3-2. Технологиялық парктер Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы заңнамалық актісінде көзделген қызметтің негізгі түрін жүзеге асыру үшін бөлінген жер учаскелері бойынша жер салығын есептеу кезінде жер салығының тиісті мөлшерлемелеріне 0,1 коэффициентін қолданады.

Осы тармақтың ережелерін бір мезгілде мынадай талаптарға сәйкес келетін:

1) Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы заңнамасына сәйкес құрылған;

2) осындай технологиялық парктердің жарғылық капиталы немесе акциялары (қатысу үлестері) құнының елу немесе одан астам пайызы технологиялық дамыту саласындағы ұлттық даму институтына тиесілі технологиялық парктер қолдануға құқылы.

4. Осы баптың 2-тармағында аталған жер салығын төлеушілер жер учаскесін немесе оның бір бөлігін (ондағы үйлермен, құрылыстармен, ғимараттармен бірге не оларсыз) жалға, өзге де негіздерде пайдалануға беру немесе коммерциялық мақсаттарда пайдалану кезінде салықты 0,1 коэффициентті қолданбай, осы Кодекстің 55-тарауында белгіленген тәртіппен есептейді.

5. Арнаулы экономикалық аймақтардың аумақтарында қызметін жүзеге асыратын ұйымдар жер салығын осы Кодекстің 151-бабының 3-тармағының 1) тармақшасында белгіленген ережелерді ескере отырып есептейді.

394-бап. **Салық төлеушілер**

1. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының аумағында меншік, шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығында салық салу объектісі бар заңды тұлғалар;

2) Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында салық салу объектісі бар дара кәсіпкерлер;

3) концессия шартына сәйкес концессия объектісі болып табылатын салық салу объектісін иеленуге, пайдалануға құқығы бар концессионер мүлік салығын төлеушілер болып табылады.

2. Заңды тұлға өз шешімімен өзінің құрылымдық бөлімшесінің орналасқан жерінде салық салынатын объектілер бойынша осындай құрылымдық бөлімшесін мүлік салығын дербес төлеуші деп тануға құқылы.

Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, заңды тұлғаның осындай тану немесе осындай тануды тоқтату туралы шешімі осындай шешім қабылданған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Егер жаңадан құрылған құрылымдық бөлімше мүлік салығын дербес төлеуші деп танылған жағдайда, заңды тұлғаның осындай тану туралы шешімі осы құрылымдық бөлімшенің құрылған күнінен бастап немесе осы құрылымдық бөлімше құрылған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Осы баптың 2-тармағында аталған салық төлеушілер мүлік салығын осы тарауда заңды тұлғалар үшін белгіленген тәртіппен есептейді және төлейді.

4. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, мыналар мүлік салығын төлеушілер болып табылмайды:

1) өз ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, сақтау және қайта өңдеу процесінде тікелей пайдаланатын, меншік құқығында бар салық салу объектілері бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілер.

Өз ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, сақтау және қайта өңдеу процесінде тікелей пайдаланбайтын салық салу объектілері бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілер мүлік салығын осы бөлімде белгіленген тәртіппен төлейді;

2) мемлекеттік мекемелер;

3) уәкілетті мемлекеттік органның қылмыстық жазаларды атқару саласындағы түзеу мекемелерінің мемлекеттік кәсіпорындары;

4) діни бірлестіктер.

Осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында аталған заңды тұлғалар пайдалануға, сенімгерлікпен басқаруға немесе жалға берілген салық салу объектілері бойынша салық төлеушілер болып табылады.

398-бап. Салық ставкалары

1. Заңды тұлғалар (осы баптың 2, 3, 3-1-тармақтарында аталғандарды қоспағанда) мүлік салығын салық базасының 1,5 процент ставкасы бойынша есептейді.

2. Мүлік салығын салық базасының 0,5 процент ставкасы бойынша мына салық төлеушілер:

1) дара кәсіпкерлер;

2) оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын заңды тұлғалар есептейді.

3. Төменде аталған заңды тұлғалар мүлік салығын салық базасының 0,1 процент ставкасы бойынша есептейді:

1) діни бірлестіктерді қоспағанда, осы Кодекстің 134-бабында айқындалған заңды тұлғалар;

2) осы Кодекстің 135-бабында айқындалған заңды тұлғалар;

3) негізгі қызмет түрі кітапханалық қызмет көрсету саласындағы жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) болып табылатын ұйымдар;

4) ғылыми кадрларды мемлекеттік аттестаттау саласындағы функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындар;

5) мемлекеттік меншіктегі және бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын су қоймаларының, су тораптарының және табиғат қорғау мақсатындағы басқа да су шаруашылығы құрылыстарының объектілері бойынша заңды тұлғалар;

6) ауыл шаруашылығы тауарларын өндіруші заңды тұлғалардың және шаруа немесе фермер қожалықтарының жерін суландыру үшін пайдаланылатын гидромелиорациялық құрылыс объектілері бойынша заңды тұлғалар;

7) ауыз сумен қамту объектілері бойынша заңды тұлғалар.

3-1. Осы Кодекстің 135-1-бабының 1-тармағында айқындалған заңды тұлғалар мүлік салығын салық базасына 0 пайыздық ставка бойынша есептейді.

4. Осы Кодекстің 135-бабының 3-тармағында айқындалған тұлғаларды қоспағанда, осы баптың 3-тармағында аталған заңды тұлғалар

пайдалануға, сенімгерлікпен басқаруға немесе жалға берілген салық салу объектілері бойынша мүлік салығын осы баптың 1-тармағында белгіленген салық ставкасы бойынша есептейді және төлейді.

5. Арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында қызметін жүзеге асыратын ұйымдар мүлік салығын осы Кодекстің 17-тарауында белгіленген ережелерді ескере отырып есептейді.

6. Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамалық актісіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен инвестициялық стратегиялық жобалар тізбесінде көзделген инвестициялық стратегиялық жобаны іске асыруды жүзеге асыратын заңды тұлғалар пайдалануға алғаш берілген объектілер бойынша Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамалық актісіне сәйкес жасалған келісімшарт негізінде салық базасына 0 пайыз мөлшерлеме бойынша мүлік салығын есептейді.

Осы тармақтың бірінші абзацының ережелері салық салу объектілерін пайдалануға, сенімгерлікпен басқаруға немесе жалға беру жағдайларында қолданылмайды.

Осы тармақтың ережелері объектілерді пайдалануға беру жүзеге асырылған айдың 1-ші күнінен бастап, бірақ келісімшарт жасалған күннен кейін қолданылады және ол келісімшарт жасалған күннен бастап жеті жылдан аспайды.

7. Технологиялық парктер индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы заңнамалық актіде көзделген қызметтің негізгі түрін жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын объектілер бойынша салық базасына 0,1 пайыз мөлшерлеме бойынша мүлік салығын есептейді.

Осы тармақтың ережелерін бір мезгілде мынадай талаптарға сәйкес келетін:

1) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы заңнамаға сәйкес құрылған;

2) осындай технологиялық парктердің жарғылық капиталы немесе акциялары (қатысу үлестері) құнының елу немесе одан астам пайызы технологиялық дамыту саласындағы ұлттық даму институтына тиесілі технологиялық парктер қолдануға құқылы.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2009 жылғы 20 наурыздағы
№ 376 қаулысымен
бекітілген

ГРАНТТАР БЕРЕТІН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ, ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖӘНЕ ҚОРЛАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

Халықаралық ұйымдар

1. Азия Даму Банкі (АДБ/ADB)
2. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ/WHO)
3. Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы
4. Дүниежүзілік почта одағы
5. Дүниежүзілік туристік ұйым
6. Дүниежүзілік Табиғат Қоры (WWF)
7. Ғаламдық экологиялық қор (ҒЭҚ/GEF)
8. БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ/UNICEF)
9. Еуропа Қайта құру және Даму Банкі (ЕҚДБ/EBRD)
10. Еуропа Комиссиясы (ЕК/EC)
11. Еуропа Одағы (ЕО/EU)
12. Ислам Даму Банкі (ИДБ/IDB)
13. Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік (АЭХА/IAEA)
14. Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі (ХҚДБ/IBRD))
15. Инвестицияларды кепілдендіру жөніндегі көптарапты агенттік (ИККА/MIGA)
16. Халықаралық даму қауымдастығы (ХДҚ/IDA)
17. Жаңа Тәуелсіз Мемлекеттердің ғалымдарымен ынтымақтастықты дамыту жөніндегі халықаралық қауымдастығы (INTAS)
18. Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ/ILO)
19. Халықаралық азаматтық қорғаныс ұйымы (ХАҚҰ)
20. Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (ISO)
21. Заңнамалық метрология жөніндегі халықаралық ұйым
22. Халықаралық полиция (ИНТЕРПОЛ)
23. Халықаралық көрмелер бюросы
24. «Mercy Corps International» халықаралық мейірбандық корпусы
25. Халықаралық армия спорты одағы
26. Халықаралық электр байланысы одағы
27. Халықаралық статистика институты
28. Халықаралық қаржы корпорациясы (ХҚК/IFC)
29. Халықаралық Қызыл Крест федерациясы (IFRC)

30. Халықаралық ауыл шаруашылығын дамыту қоры (ІҒAD)

31. Ислам Конференциясы Ұйымы (ИКҰ)

32. Мәдениет және білім саласындағы ынтымақтастық ұйымы (ЮНЕСКО/UNESCO)

33. Біріккен Ұлттар Ұйымының Хатшылығы (БҰҰ/UN)

34. БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО/ҒАО)

35. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ/OSCE)

36. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ/OECD)

37. Халықаралық эпизоотиялық бюро

38. БҰҰ-ның Өнеркәсіптік даму ұйымы (ЮНИДО/UNIDO)

39. БҰҰ-ның Еріктілер бағдарламасы (БҰҰЕБ/UNV)

40. БҰҰ-ның ЖҚТБ жөніндегі бағдарламасы (БҰҰ/ЖҚТБ/UNAIDS)

41. БҰҰ-ның Даму бағдарламасы (БҰҰ ДБ/UNDP)

42. БҰҰ-ның Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы (ЮНЕП/UNEP)

43. ТМД елдеріне арналған Еуропа Одағының Техникалық көмек бағдарламасы – ТАСИС (TACIS) Бағдарламасы

44. Орталық Азия экономикасы үшін арнайы бағдарлама (ОАЭАБ/SPECA)

45. БҰҰ-ның Босқындар істері жөніндегі Жоғарғы Комиссары Басқармасы (БҰҰ ЖКББ/UNHCR)

46. БҰҰ-ның Есірткіні бақылау және қылмыстың алдын алу жөніндегі басқармасы (ЕБҚАБ/UNDCP)

47. БҰҰ-ның Халықтың қоныстануы саласындағы қызметке арналған қоры (ЮНФПА/UNFPA)

48. Орталық Азия менеджментті дамыту қоры

49. Азия және Тынық мұхиты өңірі елдеріне арналған Экономикалық және әлеуметтік комиссия (АТӨЭАЭК/ESCAP)

50. «Халықаралық түрме реформасы» (PRI) халықаралық қоғамдық бірлестігі

51. Халықаралық ғылыми-техникалық орталық (ХҒТО)

52. Ядролық сынақтарға жалпыға бірдей тыйым салу туралы шарт ұйымы (ЯСЖТШҰ)

53. ЖҚТБ-ға, туберкулезге және безгекке қарсы күрес жөніндегі жаһандық қор

Мемлекеттік ұйымдар

54. Америка халықаралық даму агенттігі (ЮСАИД/USAID)

55. «British Council» Британ кеңесі (БК/BC)

56. Германия техникалық ынтымақтастық қоғамы (GTZ)

57. Дания халықаралық даму агенттігі (DANIDA)

58. Ұлыбритания халықаралық даму департаменті (DFID)

59. Египеттің ТМД елдерімен ынтымақтастық жөніндегі қоры (ЕТМДЕТЫҚ/ЕҒТССІS)

60. АҚШ Ақпарат агенттігі (ЮСИС/USIS)
61. «AECI» Испания халықаралық ынтымақтастық агенттігі
62. Канада халықаралық даму агенттігі (CIDA)
63. Канада қоры (Canada Fund)
64. Корея халықаралық ынтымақтастық агенттігі (KOICA)
65. Қалпына келтіру жөніндегі кредиттік ведомство (KfW)
66. Кувейт араб экономикалық даму қоры (КАЭДҚ/KFAED)
67. Малайзия техникалық ынтымақтастық бағдарламасы (MTCP)
68. НАТО-ның ғылыми комитеті
69. Даму жөніндегі неміс қоғамы (DEG)
70. нидерландының Орталық, Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдерімен ынтымақтастық жөніндегі бағдарламасы – PSO Бағдарламасы
71. нидерланды экономика институты (NEI)
72. Сауд даму қоры (СДҚ/SDF)
73. «Senter» – нидерланды Экономикалық істер министрлігінің агенттігі
74. Үндістан Сыртқы істер министрлігінің экономикалық және техникалық ынтымақтастық жөніндегі бағдарламасы (ITEC)
75. Түркия халықаралық ынтымақтастық агенттігі (TICA)
76. Ұлыбританияның «Konw How Fund» қоры (КНҒ)
77. Израиль Сыртқы істер министрлігі жанындағы Халықаралық ынтымақтастық орталығы (МАШАВ Бағдарламасы)
78. Швеция даму агенттігі (SIDA)
79. Швейцария инвестицияларға жәрдемдесу ұйымы (SOFI)
80. Жапония халықаралық ынтымақтастық агенттігі (ЖСА)
81. Жапония халықаралық ынтымақтастық банкі (JBIC)
82. «Ядролық қатерді азайту жөніндегі бастама» (NTI) америка қоры
83. Америка азаматтық зерттеулерді дамыту қоры (CDRF)
84. Абу Даби муниципалитеті

Шетелдік және қазақстандық үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар және қорлар

85. Азияның Дүлей зілзалаларды азайту орталығы (ADRS)
86. «Үміт тізбегі» Франция кардиохирургтерінің қауымдастығы
87. «Voluntary Services Overseas» Британ қоры (VSO)
88. «British Executive Services Overseas» Британ қоры (BESO)
89. Германия Қызыл Кресі (DRK)
90. «Каритас» Германия қоғамы
91. Германия академиялық алмасулар қоғамы
92. Карл Дуйсберг атындағы Германия қоғамы
93. «Баршаға арналған нан» Германия мейірбандық қоғамы
94. Германия алапестер қоғамы
95. Германия халық мектептері бірлестігі

96. Германия ашыққандарға көмек көрсету қоғамы
97. Германия дамуға көмектің ортақ ынтымақтастығы қоғамы
98. Германия өзара көмек серіктестіктері мен кассаларының бірлестігі
99. Германия дамуға көмек көрсетудің еңбек қауымы
100. «Дамуға көмек көрсету Мизереор/Орталығы» Германия қоры
101. «Koplingwerк» Германия үкіметтік емес ұйымы
102. «Medico International» Германия үкіметтік емес ұйымы
103. «Terre des Hommes» Германия үкіметтік емес ұйымы
104. «INKOTA – қолөнер» Германия үкіметтік емес ұйымы
105. Германия халықаралық ынтымақтастыққа арналған жинақ кассалары қоры
106. «САГЕ Deutschland» Германия үкіметтік емес ұйымы
107. «SOS Kinderdorf e.V. Deutschland, Renatastr» Германия қоры
108. «Hermann-Gmeiner-Fonds e.V. Deutschland» Германия қоры
109. «Aguila» Германия қоғамы
110. «Christliche Brudergemeinede Fulda» Германия қоры
111. «DAHW» Германия үкіметтік емес ұйымы
112. Германия педагогикалық алмасулар қызметі
113. Германия академиялық алмасулар қызметі
114. «Internationaler Hilfsfonds e.V.» Германия қоры
115. ГФР Евангелие дамуға көмек орталығы
116. Түрме қызметтері халықаралық қауымдастығының Еуропа бюросы (Prison Fellowship Internarional)
117. Ашық қоғам институты
118. Сервантес институты (Institito Cervantes)
119. Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ислам ұйымы (ИСЕСКО)
120. «Интер Национес» Испания институты
121. «Мәдениет бейбітшілік үшін» Испания қоры (Fundacion «Cultura de Paz»)
122. Испания Қызыл Кресі (CRE)
123. Канада жергілікті бастамалар бағдарламасы (Local Initiative Program)
124. Канада климаттың өзгеруі жөніндегі бастамаларды қолдау қоры
125. «U.S. Peace Corps» АҚШ бейбітшілік корпусы
126. «Таза су» Корея халықаралық клубы
127. Шетелдегі шығыс медицинасының корей қызметі
128. «Қазақстан – Корея» Корея достық қоғамы
129. Халықаралық сауда орталығы
130. «International NGO Training and Research Center (INTRAC)» Ұлыбритания үкіметтік емес ұйымы
131. «Әлеуметтік ынтыматастық» Испанияның үкіметтік емес ұйымы (ONG Cooperacion Social)

132. «Қазақстандағы Миссиялар қауымдастығы» Испанияның үкіметтік емес ұйымы (Asociacion Mision Kazakhstan ONG)

133. «Адали» Испанияның үкіметтік емес ұйымы (ONG «Адали»)

134. «NUFFIC» Жоғары білім саласындағы ынтымақтастық жөніндегі нидерланды ұйымы

135. «HIVOS» дамушы елдермен ынтымақтастықтың нидерланды гуманитарлық институты

136. «IAC» нидерланды халықаралық ауыл шаруашылығы орталығы

137. Иран Ислам Республикасы Қызыл жарты ай қоғамы

138. «Аралды құтқарудың халықаралық қоры» қоғамдық қоры (IFAS)

139. Түрік мәдениеті мен өнері мәселелері жөніндегі біріккен комитет (ТМӨБК)

140. «Әлеуметтік реформалар қоғамы» қайырымдылық ұйымының қоғамдық қоры

141. Біріккен Араб Әмірліктерінің Қызыл жарты ай қоғамы

142. ГФР мәдениет және білім министрлері тұрақты конференциясы

143. «CARITAS POLSKA» Польша қоры

144. Ислам жастары дүниежүзілік ассамблеясының өкілдігі

145. АҚШ Үкіметінің гуманитарлық көмек бағдарламасы (CHAP)

146. Саскачеван сауда және экспорт серіктестігі (STEP, Канада)

147. «Франция – Қазақстан» достық федерациясы

148. Александр Гумбольдт атындағы қор

149. Конрад Аденауэр атындағы қор

150. Фридрих Науманн атындағы қор

151. Ганс Зайдель атындағы қор

152. Генрих Белль атындағы қор

153. Дамуды азаматтық зерттеулерді қолдау қоры (CDRF)

154. Абу Даби даму қоры

155. Әйелдердің даму қоры

156. «Сорос – Қазақстан» қоры

157. Фридрих Эберт қоры (Германия) (ФЭҚ/FES)

158. ГФР Халықаралық көші-қон және даму орталығы

159. «HILKA (HILF Kazakhstan)» Швейцария қоры

160. «United Way International» корпоративтік қоры

161. «ICCO» нидерланды қоры (Дамушы елдермен ынтымақтастыққа арналған шіркеуаралық ұйым)

162. Заид бен Сұлтан Әл Нахаян атындағы қайырымдылық-ізгілік ұйымы

163. «Бота» қоғамдық қоры.

164. Шейх Халиф Бен Заид Әл Нахаян қоры.

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОДЕКСІ

53-бап. Жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұру не оған тыйым салу

1. Жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) өтініші бойынша тек сот тәртібімен ғана жүргізіледі.

2. Жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы талап қою өтініші Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен және негіздерде сотқа жіберіледі. Өтінішті сот он күн мерзімде қарайды.

3. Жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұру түріндегі әкімшілік жазалау шарасы бұзушылықты жою үшін сот белгілеген мерзімде қажетті іс-әрекеттер (іс-шаралар) жүргізу арқылы оны жоюға болатын жағдайларда қолданылады.

4. Жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұруға немесе оған тыйым салуға, сот шешімінсіз ерекше жағдайларда, талап қою өтінішін сотқа белгіленген мерзімде міндетті түрде табыс ету арқылы үш күннен аспайтын мерзімге жол беріледі. Бұл орайда қызметке тыйым салу немесе оны тоқтата тұру актісі сот шешімі шығарылғанға дейін қолданылады.

6. Жеке меншік тауарларын сақтау қоймасы иесінің қызметін тоқтата тұруды Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен кеден ісі саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

373-бап. Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, тосқауылдар мен демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізудің тәртібі туралы заңдарды бұзу

1. Жиналыстар, митингілер, шерулер, тосқауылдар, демонстрациялар не өзге де көпшілік іс-шараларын ұйымдастыру немесе өткізу тәртібі туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзу не оларды ұйымдастыруға немесе өткізуге кедергі жасау, сол сияқты заңсыз жиналыстарға, митингілерге, шерулерге, демонстрацияларға не өзге де көпшілікке арналған іс-шараларға қатысу, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, –

жеке тұлғаларға – ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, лауазымды адамдарға – айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Рұқсат етілмеген жиналысқа, митингке, тосқауылға, демонстрацияға не өзге де көпшілік іс-шараларына қатысушыларға ұйымның басшыларының және басқа да лауазымды адамдарының үй-жай не өзге де мүліктер (байланыс құралдарын, көбейту техникасын, жабдықтар, көлік) беруі немесе осындай іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу үшін өзге де жағдайлар туғызуы, –

айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Әкімшілік жаза шаралары қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде жиналысты, митингті, шеруді, демонстрацияны ұйымдастырушы қайталап жасаған нақ сол іс-әрекеттер, –

айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

374-бап. Қоғамдық бірлестіктер туралы заңдарды бұзу

1. Қоғамдық бірлестік басшыларының, мүшелерінің не қоғамдық бірлестіктің осы қоғамдық бірлестіктердің жарғыларында белгіленген мақсаттары мен міндеттерінің шегінен тыс іс-әрекеттер жасауы, -

қоғамдық бірлестіктің басшыларына – ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, қоғамдық бірлестіктің мүшелеріне – айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, қоғамдық бірлестікке айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Қоғамдық бірлестік басшыларының, мүшелерінің не қоғамдық бірлестіктің Қазақстан Республикасының заңдарын бұзатын іс-әрекеттер жасауы, -

қоғамдық бірлестіктің қызметін үш айдан алты айға дейінгі мерзімге тоқтата отырып, қоғамдық бірлестіктің басшыларына – айлық есептік көрсеткіштің жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, қоғамдық бірлестіктің мүшелеріне айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -

қоғамдық бірлестіктің қызметін үш айдан алты айға дейінгі мерзімге тоқтата отырып, қоғамдық бірлестіктің басшыларына – айлық есептік көрсеткіштің жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, қоғамдық бірлестіктің мүшелеріне айлық есептік көрсеткіштің жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, сол сияқты осы баптың үшінші бөлігінде көзделген бұзушылықтарды жоймау, -

қоғамдық бірлестіктің қызметіне тыйым сала отырып, қоғамдық бірлестіктің басшыларына – айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден төрт

жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, қоғамдық бірлестіктің мүшелеріне айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың, шет ел қатысатын заңды тұлғалардың, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, қайырымдылық ұйымдарының саяси партияларды қаржыландыруы -

заңсыз қайырмалдықтар тәркілене отырып, лауазымды адамдарға – төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңсыз қайырмалдықтар тәркілене отырып, шетелдік заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың саяси партияларды қаржыландыруы, -

заңсыз қайырымдылықтар тәркілене отырып және Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жібере отырып, екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Саяси партиялардың заңсыз қайырмалдықтарды қабылдауы, -

заңсыз қайырмалдықтар тәркілене отырып және он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға ала отырып не онсыз саяси партияның қызметіне тыйым сала отырып, саяси партияның басшысына төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Саяси партиялардың қаржылық қызметі туралы жылдық есептікті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім мен көлемде жарияламау, -

саяси партияның қызметін алты айға дейінгі мерзімге тоқтата отырып, партияның басшысына айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

9. Саяси партияның, оның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қызметті қайта тіркеусіз жүзеге асыруы, -

саяси партияның қызметіне тыйым сала отырып, партияның басшысына айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

374-1-бап. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген қоғамдық, діни бірлестіктердің қызметіне басшылық жасау, қатысу, сондай-ақ олардың қызметін қаржыландыру

1. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген, сол сияқты қызметі тоқтатылған немесе тыйым салынған қоғамдық, діни бірлестіктердің қызметіне басшылық жасау, -

жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген, сол сияқты қызметі тоқтатылған немесе тыйым салынған қоғамдық, діни бірлестіктердің қызметіне қатысу, -

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген, сол сияқты қызметі тоқтатылған немесе тыйым салынған қоғамдық, діни бірлестіктердің қызметін қаржыландыру, -

екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

375-бап. Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнаманы бұзу

1. Мыналарға:

діни жораларды, рәсімдерді және (немесе) жиналыстарды өткізуге;

қайырымдылық қызметті жүзеге асыруға;

діни әдебиетті және діни мазмұндағы (мақсаттағы) өзге де материалдарды, діни мақсаттағы заттарды әкелуге, шығаруға, басып шығаруға және (немесе) таратуға;

ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салуға, үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеуге (функционалдық мақсатын өзгертуге) қойылатын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзу -

жеке тұлғаларға – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, лауазымды адамдарға және діни бірлестіктердің басшыларына – жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға қызметін үш ай мерзімге тоқтата тұрып, екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Заңды діни қызметке кедергі жасау, сол сияқты дінге көзқарасы себебі бойынша жеке тұлғалардың азаматтық құқықтарын бұзу немесе олардың діни сезімдерін қорлау не қайсыбір дінді ұстанушылар тәу ететін заттарды, құрылыстар мен орындарды бүлдіру, егер жоғарыда баяндалған барлық іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

жеке тұлғаларға – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, лауазымды адамдарға – жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың тіркеусіз (қайта тіркеусіз) миссионерлік қызметті жүзеге асыруы, сол сияқты миссионерлердің дінтану сараптамасының оң қорытындысы жоқ діни әдебиетті, діни мазмұндағы ақпараттық материалдарды және діни мақсаттағы заттарды пайдалануы -

Қазақстан Республикасының азаматтарына – жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жібере отырып, жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Діни бірлестіктің өз жарғысында (ережесінде) көзделмеген қызметті жүзеге асыруы -

лауазымды адамдарға және діни бірлестіктердің басшыларына – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға қызметін үш ай мерзімге тоқтата тұрып, үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Діни бірлестіктің саяси қызметпен айналысуы, сол сияқты саяси партиялардың қызметіне қатысуы және (немесе) оларға қаржылық қолдау көрсетуі, мемлекеттік органдардың қызметіне араласуы не мемлекеттік органдардың немесе олардың лауазымды адамдарының функцияларын діни бірлестіктер мүшелерінің иемденіп алуы -

жеке тұлғаларға – жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, діни бірлестіктердің басшыларына – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға қызметін үш ай мерзімге тоқтата тұрып, үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Мемлекеттік органдарда, ұйымдар мен мекемелерде, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарында діни бірлестіктердің ұйымдық құрылымдарын құру -

лауазымды адамдарға – жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен мекемелердің басшыларына екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Уәкілетті органның келісуінсіз шетелдік діни орталық тағайындаған адамның діни бірлестікті басқаруы, сол сияқты діни бірлестік басшысының кәмелетке толмағанның ата-анасының біреуі немесе оның өзге де заңды өкілдері қарсылық білдірген кезде діни бірлестіктің қызметіне кәмелетке толмағандарды тартуға және (немесе) қатыстыруға жол бермейтін шаралар қолданбауы -

Қазақстан Республикасының азаматтарына – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Республиканың шегінен әкімшілік жолмен шығарып жібере отырып, елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Діни бірлестіктің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынған қызметті жүзеге асыруы, сол сияқты діни бірлестіктің өз қызметін тоқтата тұруға негіз болған бұзушылықтарды белгіленген мерзімде жоймауы -

лауазымды адамдарға және діни бірлестіктердің басшыларына – үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға олардың қызметіне тыйым сала отырып, бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

9. Осы баптың бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші және жетінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік) -

жеке тұлғаларға – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, діни бірлестіктердің басшыларына – үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлше-

рінде, заңды тұлғаларға олардың қызметіне тыйым сала отырып, бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

539-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдар (лауазымды адамдар) құзыретінің ара жігін ажырату

1. Судьялар осы Кодекспен өздерінің қарауына жатқызылған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары, осы Кодекстің 541-бабында көрсетілген істерді қоспағанда, істерді қарайды және әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолданады.

3. Әкімшілік жаза түрлерінің бірі ретінде шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу, әкімшілік қамауға алу, әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың құралы не нысанасы болған заттарды өтемін төлеп алып қою, не осы заттарды тәркілеу, сол сияқты әкімшілік құқық бұзушылық жасау арқылы алынған табыстарды (дивидендтерді), ақшаны және бағалы қағаздарды тәркілеу, нақты тұлғаға берілген арнайы құқықтан айыру (соның ішінде көлік құралдарын басқару құқығынан айыру), қызметтің белгілі бір түріне не белгілі бір әрекеттер жасауға лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәлігінен) айыру, өз бетінше тұрғызылып жатқан немесе тұрғызылған құрылысты еріксіз бұзу, жеке кәсіпкердің қызметін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді судья қарайды.

5. Осы Кодекстің 27-бабына сәйкес өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан адамның арызы бойынша осы Кодекстің 2-бөлімінің Ерекше бөлігінде көзделген кез келген құқық бұзушылық туралы істі судья қарайды.

541-бап. Соттар

1. Мамандандырылған аудандық және соларға теңестірілген әкімшілік соттардың судьялары, осы баптың үшінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 79-1, 79-3, 79-4, 79-5, 79-6, 80 – 84, 85 (төртінші және бесінші бөліктерінде), 85-1 (екінші бөлігінде), 85-2 (екінші бөлігінде), 85-3, 86, 86-1, 87-2, 87-3, 87-4, 87-5, 95 – 110-1, 124 (бірінші бөлігінде), 127, 129, 130, 135-1, 136 – 136-2, 140 (екінші бөлігінде), 141-1, 143, 143-1, 143-2, 144-1, 145, 146-1, 147, 147-1 (екінші бөлігінде), 147-6 (2-1-бөлігінде), 147-10 (екінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші бөліктерінде), 147-11, 147-12, 147-13 (үшінші, бесінші және алтыншы бөліктерінде), 151, 151-1, 153, 154, 154-1, 155, 155-1 (төртінші бөлігінде), 155-2, 156, 157, 157-1, 158, 158-3, 158-4, 158-5, 159, 161 (бірінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 162, 163 (үшінші, төртінші,

алтыншы, жетінші және тоғызыншы бөліктерінде), 163-2, 163-3, 163-4, 163-6, 165, 167-1 (екінші және үшінші бөліктерінде), 168-1, 168-3, 168-5, 168-8, 175 (екінші бөлігінде) (жекеше нотариустар, жеке сот орындаушылары, аудиторлар және аудиторлық ұйымдар жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде), 176 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 177-3, 177-4, 177-5, 179 (бірінші және екінші бөліктерінде), 179-1, 183, 184, 184-1, 185, 187, 188 (екінші бөлігінде), 190, 192, 200, 202, 203, 208-1, 209, 213 (төртінші – алтыншы бөліктерінде), 214, 218-1 (жетінші бөлігінде), 219-6, 219-8 (екінші және үшінші бөліктерінде), 222 – 226, 228-229, 230-1, 230-2, 231 (екінші бөлігінде), 232, 233, 234-1, 235 (екінші бөлігінде), 235-1 (төртінші бөлігінде), 237, 237-1, 240-2, 246 (екінші бөлігінде), 275-1, 278 (бірінші бөлігінде), 283 (бірінші, үшінші бөліктерінде), 298 (екінші, үшінші бөліктерінде), 298-1 (екінші бөлігінде), 302 (үшінші бөлігінде), 303 (екінші бөлігінде), 304 (екінші бөлігінде), 305 (екінші бөлігінде), 306 (екінші бөлігінде), 306-1 (үшінші бөлігінде), 306-2, 306-3 (екінші және үшінші бөліктерінде), 308, 309-1 (жетінші, сегізінші бөліктерінде), 309-2 (төртінші бөлігінде), 309-4 (сегізінші, тоғызыншы бөліктерінде), 309-5, 310-1 (1-1 және екінші бөліктерінде), 311-1 (жетінші бөлігінде), 312-1, 314, 315, 316, 317 (екінші және үшінші бөліктерінде), 317-1, 317-2, 317-4 (екінші және үшінші бөліктерінде), 318, 319, 319-1, 320 (бірінші және 1-1-бөліктерінде), 321, 322 (үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 323 (екінші бөлігінде), 324 (екінші және үшінші бөліктерінде), 324-1, 324-2, 326, 327 (бірінші бөлігінде), 328, 330, 330-1 (екінші бөлігінде), 332 (бірінші, екінші, төртінші бөліктерінде), 335, 336 (үшінші бөлігінде), 336-1 (үшінші бөлігінде), 336-2 (үшінші бөлігінде), 338 (бірінші бөлігінде), 338-1, 339, 340, 342 – 344, 346 – 357, 357-1, 357-2 (екінші бөлігінде), 357-3, 357-4, 357-5, 357-6, 357-7 (екінші бөлігінде), 359, 361, 362, 362-1, 363, 365, 366, 367, 368, 368-1, 369 (екінші бөлігінде), 370 (екінші бөлігінде), 371 (екінші бөлігінде), 372 – 376, 380 (екінші бөлігінде), 380-2, 381-1, 386 (үшінші бөлігінде), 388, 389-1, 390 (екінші бөлігінде), 391 (екінші бөлігінде), 391-1 (екінші және үшінші бөліктерінде), 393, 394 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 394-1, 396 (төртінші бөлігінде), 400-1, 400-2, 405 (бірінші бөлігінде), 409, 410, 413, 413-1, 413-2, 414, 415, 417, 417-1, 418, 421, 423, 424, 425-1, 426 – 430, 433, 442, 443 (бесінші бөлігінде), 445, 446 (екінші бөлігінде), 446-1, 453 (екінші бөлігінде), 454 (бірінші – үшінші бөліктерінде), 461 (3-1-бөлігінде), 463-3 (бесінші бөлігінде), 464-1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 465 (екінші бөлігінде), 466 (екінші бөлігінде), 467, 468 (бірінші және екінші бөліктерінде), 468-1, 468-2, 469, 471 (1-1, 1-2 және екінші бөліктерінде), 473 (үшінші бөлігінде), 474-1, 477 (үшінші бөлігінде), 484, 492 (екінші бөлігінде), 494 (екінші бөлігінде), 494-1 (үшінші және бесінші бөліктерінде), 496 (екінші бөлігінде), 501, 512-1 – 512-5, 513 – 518, 520 – 537-1-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

1-1. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың судьялары:

1) кәмелетке толмағандар жасаған, осы Кодекстің 320 (екінші бөлігінде), 331, 332 (үшінші бөлігінде), 334 (үшінші бөлігінде), 341 (екінші бөлігінде), 500-баптарында (екінші бөлігінде) көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы;

2) осы Кодекстің 111, 111-1, 112, 112-1, 114, 115, 115-1, 116, 117, 327 (екінші бөлігінде), 336 (1-1-бөлігінде), 336-3 (екінші бөлігінде), 336-4 (екінші бөлігінде), 519-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.

2. Судьялар, істің қайда қаралуға жататындығына қарамастан, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілгендерден басқа, әкімшілік жаза түрлерінің бірі ретінде шетелдік азаматтарды не азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу, әкімшілік қамауға алу, лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәлігінен), арнаулы құқығынан айыру, әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың құралы не нысанасы болған заттарды өтемін төлеп алып қою не тәркілеу, сондай-ақ құрылыстарды еріксіз бұзу, белгілі бір қызметпен айналысуға тыйым салу көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

3. Жоғарғы Соттың, облыстық, аудандық және оларға теңестірілген соттардың судьялары сот талқылауы барысында анықталған процеске қатысушы адамның тарапынан осы Кодекстің 513-бабында көзделген сотқа құрметтемеушілік білдіру фактілері туралы істерді қарайды.

723-бап. Жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы қаулыны орындау

1. Заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің қызметін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны судья шығарады және оны шешімнің заңды күшіне енуі бойынша заңды тұлғаның құрылтайшысы немесе жеке кәсіпкер жедел орындауға тиіс.

2. Еңбек шарттары бойынша есеп айырысуды, өз қызметі нәтижесінде келтірілген шығындардың орнын толтыруды және айыппұлдарды төлеуді қоспағанда, заңды тұлғаның және жеке кәсіпкердің қызметін тоқтата тұру кезеңінде олардың банктік салымдарды пайдалану құқығы тоқтатыла тұрады. Қоғамдық бірлестіктің қызметін тоқтата тұру кезеңінде оған бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануға, үгіт және насихат жүргізуге, митингілер, демонстрациялар және басқа да көпшілікке арналған шараларды өткізуге, сайлауға қатысуға тыйым салынады. Егер қызметін тоқтата тұру белгіленген мерзім ішінде қоғамдық бірлестік тәртіп бұзушылықты жойса, қаулыда аталған мерзім біткеннен кейін қоғамдық бірлестік өз қызметін қайта жалғастырады.

3. Заңды тұлға құрылтайшысының (басқарушы органының, лауазымды адамының) немесе жеке кәсіпкердің қызметін тоқтата тұру не оған тыйым салу түріндегі судья қолданған әкімшілік жаза өз еркімен орындалмаған жағдайда қаулы уәкілетті органның атқарушылық іс жүргізу тәртібімен орындалады.

724-бап. Жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін тоқтата тұру не оған тыйым салу туралы қаулыны орындау тәртібі

1. Уәкілетті лауазымды адам ұйымдардың, жекелеген өндірістердің жұмысын ішінара немесе толық тоқтата тұрады, үйлерді, ғимараттарды, жекелеген үй-жайларды, қоймаларды, электр желілерін, жылыту аспаптарын пайдалануға тыйым салады.

2. Заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге асыратын орган заңды тұлғаның қызметіне тыйым салу (оны тарату) туралы шешімді алған соң, заңдарда көзделген қызметке тыйым салу (оны тарату) тәртібінің сақталуын тексереді және он күн ішінде заңды тұлға қызметінің тоқтатылғанын тіркейді, бұл туралы мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға хабарланады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІ

141-бап. Азаматтардың тең құқықтылығын бұзу

1. Адамның (азаматтың) құқықтары мен бостандықтарын тегіне, әлеуметтік, лауазымдық немесе мүліктік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, дінге көзқарасына сенімі, тұрғылықты жері, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына себептерімен немесе өзге кез келген жағдайлар бойынша тікелей немесе жанама шектеу –

айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып не қоғамдық бірлестіктің жетекшісі жасаған дәл сол әрекет –

айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

164-бап. Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыру

1. Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, діни араздықты немесе алауыздықты қоздыруға, азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиетін не діни сезімдерін қорлауға бағытталған қасақана іс-әрекеттер, сол сияқты азаматтардың дінге көзқарасына, тектік-топтық, ұлттық, рулық немесе нәсілдік қатыстылығы белгілері бойынша олардың айрықшалығын, артықшылығын немесе кемдігін насихаттау, егер осы әрекеттер көпшілік алдында немесе бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, сол сияқты әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни араздықты немесе алауыздықты насихаттайтын әдебиет пен өзге ақпарат жеткізгіштерді тарату жолымен жасалса –

бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына не жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Адамдар тобымен немесе бірнеше рет жасалған, немесе күш көрсетумен не оны қолданамын деп қорқытумен ұштасқан, сол сияқты өзінің қызмет бабын пайдалана отырып, адам не қоғамдық бірлестіктің жетекшісі жасаған нақ сол іс-әрекеттер –

бес жүзден үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару

немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, ауыр зардаптарға әкеп соққан іс-әрекеттер –

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

233-1-бап. Терроризмді не экстремизмді насихаттау немесе терроризм не экстремизм актісін жасауға жария түрде шақыру

1. Терроризмді не экстремизмді насихаттау немесе терроризм не экстремизм актісін жасауға жария түрде шақыру, сондай-ақ көрсетілген мазмұндағы материалдарды тарату, –

үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Адам өзінің қызметтік жағдайын пайдаланып не қоғамдық бірлестіктің басшысы бола отырып не бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланып жасаған не бір топ адам жасаған нақ сол әрекеттер, –

бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

233-2-бап. Террористік топ құру, оған басшылық ету және оның қызметіне қатысу

1. Террористік мақсатты көздейтін қылмыстарды жасау үшін топ құру (террористік топ), сондай-ақ оған басшылық ету, –

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз сегіз жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Террористік топтың қызметіне немесе ол жасаған терроризм актілеріне қатысу, –

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз алты жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Адам өзінің қызметтік жағдайын пайдаланып не қоғамдық бірлестіктің басшысы бола отырып жасаған, осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, –

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

334-бап. Жиналыстарды, митингтерді, пикеттерді, көше шерулерін және демонстрацияларды ұйымдастыру мен өткізу тәртібін бұзу

1. Жиналыс, митинг, пикет, көше шеруін немесе демонстрация ұйымдастырушының жиналыстарды, митингтерді, пикеттерді, көше шерулерін және демонстрацияларды ұйымдастыру мен өткізу тәртібін бұзуы, егер бұл әрекет көлік жұмысының бұзылуына алып келсе,

азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі түрде зиян келтірсе –

жүз айлық есептік көрсеткіштен сегіз жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз жиырма сағаттан жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Жиналысты, митингті, пикетті, көше шеруін немесе демонстрацияны ұйымдастырушы жасаған заңсыз жиналыстарды, митингілерді, пикеттерді, көше шерулерін, және демонстрацияларды ұйымдастыру мен өткізу, сол сияқты заңсыз жиналыстарға, митингтерге, пикеттерге, көше шерулеріне немесе демонстрацияларға белсене қатысу, егер бұл әрекеттер осы баптың бірінші бөлігінде көзделген зардаптарға алып келсе –

екі жүз айлық есептік көрсеткіштен мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

336-бап. Қоғамдық бірлестік мүшелерінің мемлекеттік органдардың қызметіне заңсыз араласуы

1. Қоғамдық бірлестік мүшелерінің мемлекеттік органдардың заңды қызметіне кедергі жасауы немесе мемлекеттік органдардың немесе олардың лауазымды адамдардың функцияларын иемденуі, сол сияқты мемлекеттік органдарды саяси партиялар ұйымдарын құру, егер бұл әрекеттер азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса, –

екі жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Қоғамдық бірлестіктің басшысы жасаған дәл сол әрекеттер –

бес жүз айлық есептік көрсеткіштен жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

337-бап. Заңсыз қоғамдық және басқа да бірлестіктер құру немесе олардың қызметіне қатысу

1. Қызметі азаматтарға зорлық жасаумен немесе олардың денсаулығына өзге де зиян келтірумен ұштасқан не азаматтардың азамат-

тық міндеттерін орындаудан бас тартуға немесе құқыққа қарсы өзге де әрекеттер жасауға түрткі болған діни немесе қоғамдық бірлестіктер құру немесе оған басшылық жасау, сол сияқты діни негіздегі партия, не Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған көздерден қаржыландырылатын саяси партиялар немесе кәсіптік одақтар құру немесе оған басшылық жасау –

екі жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не алты жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Нәсілдік, ұлттық, рулық, әлеуметтік, таптық немесе діни төзбеушілікті немесе артықшылықты уағыздайтын немесе оны іс жүзінде жүзеге асыратын, конституциялық құрылысты күштеп құлатуға, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге немесе Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығына қол сұғушылыққа шақыратын қоғамдық бірлестік құру, сол сияқты осындай бірлестікке басшылық жасау –

екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде аталған бірлестіктердің қызметіне белсене қатысу –

жүз айлық есептік көрсеткіштен үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не алты жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

338-бап. Шет мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіптік одақтарына жәрдем көрсету

Басқа мемлекеттердің саяси партияларын немесе кәсіптік одақтарын қаржыландыру, үй-жай немесе мүлік беру, сол сияқты өзге де жәрдем көрсету, егер бұл әрекеттер азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің, не қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерінің елеулі түрде бұзылуына әкеп соқса –

үш жүз айлық есептік көрсеткіштен мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Подписано в печать 28.06.2013.
Формат 60x84 1/16. Бумага офсетная. Гарнитура «Times».
Объем 19,75 печ. л. Тираж 100 экз. Заказ № 822.

Отпечатано в ТОО «Издательство LEM»
050008, г. Алматы, ул. Мынбаева, 47, тел./факс 375-51-33, 390-21-75.